



**QARATAL
AÝDANY**

90
jyl



**Айналайын атыңынан,
Жаратамылым**





«Тағылымды тарихты еске алып отыру - өсөр елдің белгісі. «Өткеннің өнегесі - ұрпаққа ұлағат» дегендей, жақсының игілікті істерін үлгі етуіміз керек.

Біздің тарихымыздың жасампаз парагы Тәуелсіздікпен бірге ашылды».

Нұрсұлтан Назарбаев

Аýнапайын атыңынан, Қараталым



Тарихи-тәнімдүк деректі кітап

Алматы 2018
“Алматы-Болашақ” АҚ

УДК 908
ББК 26.89
Қ 41

Қ.Қараман, А.Әмірбаев.
Қ 41 *Айналайын атыңнан, Қараталым.* Тарихи – танымдық кітап.
Алматы, 2018. “Алматы-Болашақ” АҚ баспасы. - 264 б.

ISBN 978-601-7461-41-6

Жас үрпақтың танымдық кеюжиегін көңейтетін, зерделі оқырманның ойын толықтыратын бұл танымдық кітап жер жанатты Жетісудағы байырғы Қаратал ауданының шаңырақ көтеріп, тоғыз белесті кейінге қалдырыған іргелі де өрісті еңірге айналу кезеңінің арғы – бергі сан қатпарлы тарихына арналып отыр. Тарихи-танымдық еңбек бұған дейін әр жылдары ауданның белесті кезеңдеріне (70,80 ж.) арналып жарық көрген «Қаратал - күндіз күміс, түнде алтын» (1999 ж.) және «Қасиетті Қаратал» (2008 ж.) кітабының зандау жалғасы болып саналады.

УДК 908
ББК 26.89

ISBN 978-601-7461-41-6

© Қараман Қ. 2018.
© Әмірбаев А. 2018.
© Алматы-Болашақ” АҚ 2018.

Аýнапаýын атыңынан, Қараталым



Тарихи-танымдық деректі кітап



Сөз басы

Аса қадірменді оқырман! Өркениет атаулының Отаны саналған шырайлы шығыстың дүлдүл ақыны Хорезмидің мына бір сынаптай сырғыған уақытқа «Дүние желдей зулайды» деп берген бағасы әркез өміршеңділігі және дөп басын айтқан нақтылығымен ерекшеленеді. Расында да жыл деп ат басын бұрганша, ай деп аунап тұрганша жұмыр жердің халқы үшін дүрбелеңді дүрмекке толы жиырма бірінші гасырдың екінші он жылдығы да аяқталуға таяды. Ал ежелден құт береке дарыған, көпшілігімізге дерлік алтын бесік саналатын қасиетті Қаратал өнірінің өткен күнге шүкір деп ризашылықпен, келер күнге үкілі үмітпен қарайтын жұртшылығы үшін биылғы жеті қазынаның бірі саналатын қазақы маңтөбет жылды жеке отау құрган кезеңнен бергі (1928 ж.) тогыз белесті бағындыра білгенімен ерекшеленеді. Ия, күні кешегі даңқты атапар мен аналардың күш қайратымен, ынта жігерімен, ерен еңбегімен, білім қабілетімен өз алдына шаңырақ көтерген, сәби кезеңнен бастап, бүгінгі тоқсанга толған атапы жасқа жеткенге дейінгі кезеңнің ауыз толтырып айттар, өнеге тұтып, улғі етер тарихы қадау – қадаулығымен жетіп артылады десек, асыра айтқанымыз емес. Асу-асу белеске, небір айтулы оқигага, жағымды жаналыққа толы тоқсан жылдықты еңсесі биік, ынтымагы жарапты ел-жұрт болып өз деңгейінде атап өту тұсында өткен жолымызға байыппен көз тастап, шыққан биігімізді саралau ганибет саналса керек. Неге десеніз, ғұламалардың айтқанына жүргінsek, бүгінгі күн-кешегі күннің шәкірті. Бүгінгісіз – келешек жоқ.

Ағымыздан ақтарылар болсақ, соңғы уи-төрт жылдың бедерінде бір ғана бізді емес әлемді теңселткен қаржылық дағдарыстың құйынды жепті тарап, бет қаратпас аязы әлсіреген тұста өткен күннен қашық жоқ, алдагы күннен жақын жоқ деп сыныққа сылтау іздең қол қусырып қарап отыруды намыс көріп, ар санаган аудан



басшылары мен ел агалары, жалынды жастар болып хал-қадірінше, шама-шарқынша ел өміріндегі, аудан тарихындағы осы бір айтулы оқиғаны (мерейлі мереке, торқалы той десе жарасады) өз дәрежесінде атап өттүді үйгарды. Ал оның құнды дүниесі, бағалы байлығы, рухани қазынасы тарихи дерекке негізделіп жазылған танымдық кітап болып табылары бесенеден белгілі.

Расында да өткенді еске алмасаң, өмір сәнді болмайды деп жастады үлкендер. Демек өткендерін ескерген өскендейтің белгісі, өткендерін ұмытқан өшкендейтің белгісі. Біздер осы қагиданы қатаң басшылыққа ала отырып Сіздердің назарларыңызға бұған дейін ауданың жетпіс және сексен жылдығына арналып, республикалық «Дәуір» баспасында басылып, шығарылған «Қаратал – күндіз күміс, түнде алтын» (1999 ж.) және «Қасиетті Қаратал» (2008 ж.) тарихи-танымдық кітабын жалғастырып, толықтыратын «Айналайын атыңнан, Қараталым» туындысын ұсынып отырмыз. Мүмкіндігінше осының алдындағы басылымдағы деректерді қайталамауга тырыстық. Көзі қарақты оқырман уш кітаптың мазмұнына терең бойлай отырып, өрісті өлкениң арғы-бергі тарихы мен оның жайсаң азаматтарының жасампаз істерінен кеңінен хабардар болады деген ойдамыз. Бұл жолы гылым мен білім, мәдениет пен спорт, бизнес пен кәсіпкерлік саласындағы жаңа есімдерге, сондай-ақ қазына кеуде, тау мұсін қарттарымызға, батыр ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарга, тарихи ескерткіштер мен табиғат көріністеріне көбірек орын беріледі. Эйтсе де, заманында Талдықорған өңіріндегі ірі өнеркәсібі мен сансалалы ауыл шаруашылығы қатар өркендереген ауданың сан қаттарлы тарихын түгелдей қағаз бетіне түсірдік деген пікірден мүлдем аулақтыз. Алдагы уақытта ізденімпаз жас ұрпақтың көмегімен оның әлі де толықтырыла, жетілдіріле түсериіне титтей де күмәніміз жоқ. Біздікі агалық жолмен ізашар болып, жән жоба көрсету, бағыт бағдар беру.

Жән білетін азаматтармен ақылдаса келіп, кітап атына есімі Жетісудың жасампаз ақындары: Қалқа және Артықпен қатар атала-тын халық ақыны Темірғали Рустембековтің (1906-1976 ж.) «Атыңнан айналайын, Қараталым» атты өлең жолын алуды жән деп таптық. Ұзын аққан Қараталдың бас жағындағы өңірде өскен, сөз өнерін серік



еткен, артына өшпес мұра қалдырган ақын Жетісудың жеті өзенінің бірін «Атыңнан айналайын, Қараталым, жағаңда ну бол өскен қайың, талың. Рауандап келе жатқан таңғы шақта, гажайып табигаттың қара сәнін», - деп асқан сүйіспеншіліктен жырға қосады. Біздің де ойга алып, мақсат тұтқанымыз – бүгінгі және келер зерделі жас үрпақ тұган топырағы Қараталының атын әрдайым мақтан тұтып, ардақтаса, қастерлей білсе деген ниет ғана. Халқымыздың ақының ақыны Жұбан Молдагалиевтің «Керуен жылдар көшеді, үрпақтар өніп, өседі», - дегеніндей уақыт пен заманга сай үрпақ ауысып, өзгерері бар. Бұл ұғымды дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің: «Өмір деген ұлы көш, алды-арты біз емес», - деген қагидасымен толықтырымызың келеді.

Сонымен қос автор (жарасты ага мен іні) болып тогыз белеске көтерілген, гасырға аяқ басқалы отырган қабырғалы ауданың ежелгі тарихы мен кейінгі он жыл бедеріндегі өркендер, өрге басуынан хабардар ететін тарихи-тәнімдық еңбегімізді Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз. Діттеген ойымызға, көздеген мақсатымызға қаншалықты дәрежеде жете білгеніміздің бағасын беретін де өздеріңіzsіздер. Торқалы той жылындағы біздің бұл қарекетіміз аса көрнекті қогам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев ағамыз айқындан айтқан «Бірінші би – халық, екінші би - тарих» деген қанатты сөзіне сай ел мен жер алдындағы перзенттік парызымызың өтеу ғана еди.

Күрметпен: Қараталдың Қараашасы.
04.07.2018 ж.





Ежелгі Қаратал өнірі

Әлқисса

Жасыратын несі бар, өткен ғасырда билік құрған Кеңестік дәуірде жариялылық желі ескенге (1986 ж.) дейін етек-жеңі кең Қаратал өнірінің де арғы тарихы тұқыртылып, түмшаланып келді. Көбіне-көп Октябрь революциясына (1917 ж.) дейін бұл өлке қу мекен далалық болған, жергілікті халық жылдың төрт мезгілінде көшіп қонып жүрген, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, сауаты төмен, өнері тапшы, өркениеттен бейхабар дегенге сайды. Жаңа өмірді, жарқын тұрмысты, білім-ғылымды, отырықшылдықты, әйел тенденгін тек Кеңес өкіметі ғана әкелді. Түркістан – Сібір темір жолының арқасында Үштөбе қаласы бой көтерді. Барлық жасампаздыққа Коммунистік партияның сара басшылығы арқасында қол жетті дегенге түйінгелді. Қазақстан тарихы қойыртпаққа айналып, ежелден құдайы көрші саналған көрші мемлекеттің отаршылдық пиғылдағы іс-әрекеті жақауратып көрсетілді. Тіпті ол саясаттың прогрессивтік сипаты басым болды деп суыртпақтатты.

«Бақсақ, бақа екен», - дегендей мызғымас Одақ тараардың алдындағы қайта құрумен келген жариялылық, бүркемелі актаңдақтар бетінің ашылуы, демократиялық үрдістердің кең етек алуы, ізінше қол жеткен Тәуелсіздік игілігі «Мың өліп, мың тірілген» ұлттымыздың тарихына жаңаша көзқараспен қарасты, оның тамырын терендете түсуге, мазмұнын байытуға данғыл жол ашты. Осы қағиданы берік ұстанған бізде де өткен ғасырдың аяқы жылынан бастап байырғы бақ, береке дарыған, бабаларымызға құтты қоныс болған Қараталдың сан қатпарлы тарихына теренцірек бойлауға, қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен, көш бастаған көсем бабалардың есімдерін жаңғыртып, оларға халықтың құрмет көрсетіп (олардың кесенесін көтеріп, кітабын шығарып т.б.), есімдерін мәнгі есте қалдыру игі шаралары қызу қолға алынды. Елбасыздың бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасынан соң бұл бағыттағы жұмыстардың көкжиегі кеңіп, ауқымы зорайып, тағылымы арта түсті. Осылайша тақыр жерге шөп өспейтіндігі, көлдің орны құрғамайтыны, ең бастысы қай заманда да




елдің иесі, жердің киесі болатынына айқын көз жетті. Іргелі ауданымыз асулы тоғыз белеске көтеріліп, алдағы ғасырлық мерекеге сау саламат жетейік деп аманат артып, қадам басар тұста қабырғалы Қараталдың ежелгі тарихына хал-қадірімізше тоқталып, сыр бөлісүді ұйғардық. Сонымен...

Сырға бай «Суреттас кешені»

Жаңалық ашқанымыз емес, етек-жені далиған, сырға бай «Суреттас кешені», тау десен тауы, құм десен құмы, су десен өзен, көлі, көгілдір толқынды Көкше теңізі бар Қаратал өңірі жалпақ жатқан Жетісу өлкесі халқының ерте дәуірдегі жайлаған құтты қонысы болған. Бұл уәжімізге бүгінгі таңда ауданың құншығысына белдеулей орналасқан Сарықамыс сайнының оң жақ қапталындағы жакпар-жақпар жартастағы, 35,4 метр биіктікегі сурет тастағы бейнеленген, сақ дәуірінен бергі кезенде сақталған, археологиялық зерттеу енбектерінде «Суреттас кешені» деп аталатын петроглифтік таңбалары нақтылы мысал. Етектегі таста ба-балар қолымен қашалған тау ешкісі, ал жоғарыдағы жалпақ таста қос мүйізді ешкі мен бұғы, садақ тартқан адам, екі аяғын салбырата отырып сәби мінген жылқы, (т.б. жан-жануарлар) бейнеленген. Таңқаларлығы адам қиялы және оның қолымен қашалып, эспеттелген суреттер солдан онға қарай орналасқан. Алайда арада өткен мындаған жылдардың, жауған жаңбыр мен қардың, соққан жел мен дауылдың, ыстық пен суықтың бұл суреттасқа өз деген әсерін тигізгені, кейбір тұсының көміскіленіп, тозғаны байқалады. Таңбалы тастың кейбір тұстарының жарықшақтанғаны анғарылады.

Кеңестік дәуірде бұл өнір бұрынғы «Новый мир» қой совхозының «Талды» деген участкесіне қараған. Қой баққан қойшы мен жергілікті тұрғындар жартастағы таңбалы тастардан хабардар болған. Ал бертінде өткен ғасырдың соны мен жаңа ғасырдың басында аталған тарихи ескерткішті ғалымдар тарапынан зерттеуге, оның құнды деректерін ғылыми айналымға қосуға ұйытқы болған сол тұстағы «Новый мир» (қазіргі Жылдың ғалымы) орта мектебінің директоры Б.Тәжібаев пен оку ісінің менгерушісі Ф.Диқанбаев еді. Олар Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бас қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты (қазір доктор) З.Самашев пен И.Жансүгіров атындағы Талдықорған мемлекеттік университетінің ғалым ұстазы Е.Тоқпановты арнайы шақырады. Ғалымдардың көмегімен суреттас кешені мен оның



төңірегіндегі тарихи орындар (Тасқора т.б.) мен сұлу көркі мен мұндалап тұратын Ақылбай мен Дауылбайдың шоқысы, көрікті Сұлушоқы фотоға түсіріледі. Жылыбұлақ пен М.Горький атындағы ОМ өлкетанушы мұғалімдердің (У.Смағұлова ж.б) жетекшілігімен бір топ зерделі шәкірттер аталған нысанды зерттеуге арналған шығармашылық кішіғылыми жобалар енбектерін әзірлеп, республикалық және облыстық байқау, конкурстарға ұсынып, жүлдегер атанды. Жас та болса олар атақты Дауылбай мен Сарыбұлақ тауларының тарихи-археологиялық және табиғи ескерткіштері аясында облыстық (тіпті республикалық) деңгейде туризмді дамытудың мүмкіндіктерін жалпак жұртқа жайып салды. Сөз болып отырған кешенниң аудан тарихында қаншалықты дәрежеде орын алатынын өткен жылдың күздінде аудан әкімінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылған «Туған жер» атты экспедиция барысында тағы да айқын көз жетті. Байқалып отырғандай, болашақта Мәңгілік ел болуды мақсат тұтқан халқымыздың байыргы мекені ұлы даланың бір белшегі болып табылатын қасиетті Қаратал өнірінің тарихи тамыры теренде, өркениет бастауында жатқанын айғақтаса керек.

Қаратал обалары

Қалай десек те, Ұлы дала төсіндегі ескерткіштер атаулысы тарихи-мәдени қазына әрі байлық. Кезінде Талдықорған өңірі бойынша облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекцияның бастығы болған Е.Далбағаев ағамыз сонау 1993 жылдың көктемінде Талдықорған аймағындағы ескерткіштердің жалпы тізімін жасап, оны облыстық «Жерүйік» газетінде жариялаған (№30 11.04.1993ж.) болатын. Тарих пен мәдениеттің білгір маманы сол топтастырылған тізімде ескерткіштерді халықаралық, республикалық және жергілікті дәрежедегі деп бөле келіп, біздің өткен дәуіріміз бен мәдениетіміз, тұрмыс-салтыймыздан кеңінен хабардар ететін археологиялық ескерткіштерге айрықша көніл бөлген еді. Құптарлығы сол, ауданымыз бойынша археологиялық ескерткіштерге тоғыз бірдей нысан енді. Олар: тас және топырақтан үйілген зират. Орналасқан жері – Балқаш көлінің жағалауы, Ұйыққұм құмы. Жоғарыда біз сөз еткен тас кескінді бейнелері, орналасқан жері – Сарықамыс сайы. Тас және топырақтан үйілген 11 қорғанды зират. Үштөбе қаласынан 18 шақырымда, Үштөбе-Талдықорған автожолының бойына орналасқан. Нақ осындаидай 32 қорғанның автожолдың 20,8



және 22,8 шақырымында орналасқаны айтылады. Бертінде облыстық құзырлы мекемелерге Сарыбұлақ пен Ескелді ауылы маңайындағы обаның фотосуреті мен мәліметі жолданды. Аталған археологиялық ескерткіштердің алдағы уақытта дін аман сақталу жай-күйі басты назарға алынғаны жөн.

Сонау бағзы заманның көзіндегі, тарихтың өзіндегі болып бізге жеткен Қаратал обалары өткен ғасырдың ортасынан бастап мемлекеттік тұрғыда көніл бөліне бастады. Бұл айтқанымызға «Жетісу» энциклопедиясындағы (А. «Арыс», 2004 ж. 399-бет. Бас редакторы академик Ә.Қайдар) «Қаратал обалары» атты дерек нақтылы дәлел. Онда: «Қ-ал обалары – тарихи ескерткіштер тобы. Үштөбе т.ж. ст-на барап жолдың бойында. Қаратал өзенінен өтетін көпірдің қасында орналасқан. 1956 ж. Жетісу археол. экспедициясы (Е.А.Агеева) 44 обаны ашып, зерттеу жұмысын жүргізді. Обалардың биіктігі 0,50 м-ден 1 м-ге дейін. Зерттеу барысында аршылған обалардан басын солтустік-батысқа немесе онт.-шығысқа беріп, шалқасынан жатқызып жерлеғен адамдар сүйегі, көзелер, темір пышактар, қола сақина, темір сауыт пластикалары табылды. Ғалымдардың болжауынша, обалар б.з 1 ғ-да және 4-5 ғ-ларда Жетісуда өмір сүрген тайпалардың зираттары делінген. Демек сылдыраған суы, жайқалған нұы, шұрайлы өрісімен тұрмыс тіршілікке ежелден-ақ қолайлы саналған Қаратал өнірі осыдан мындаған жылдар бұрын өмір сүрген бабалардың құтты қонысы бола білген.

Асан қайғы желмаясының ізі қалған

Халқымыз әдетте «Жақсының ісі өлмейді, шешеннің сөзі өлмейді», - деп артына із қалдырған жақсы адам мен кейінгі ұрпағына ұлағатты сөзін қалдырған сұңғыла шешен әрі көреген жандардың мәртебесін асқақтатып жатады. Сондай көреген де ділмар жанның бірі – Асан қайғы бабамыз. Ес біліп, елдің қамын жеп, оның келешегін ойлаған данагей бабамыз жеден жүйрік желмаясына мініп алып, ұлы даланың түкпір-түкпіріне дейін аралап, әрбір өзен мен көлге, жер мен тауға табиғи ерекшелігіне орай ұтымды баға беріп отырған. Бір өрістің шөбінің шүйгіндігін, тіршілікке жайлышығын дөп басып айтса, ал екінші өнірдің суының кермектігін, жазы мен қысының жайсыздығын айтқан. Ел жүрттың біріне ақыл кеңесін берсе, ал екінші бір ағайынды табиғаттың қытымырлығынан, жерінің сортандығынан сактандырған.




Әйтеуір не керек, жақын және алыс болашақты болжай білетін данышпандығымен ерекшеленген.

Байырғы Қараталдың қазіргі көзі тірі қазыналы, шежірелі қарты Балтабай Фалиев қарияның айтқанына сүйенсек, Асан қайғы бабамыздың желмаясының ізі қабырғалы Қаратал өнірінде де қалған. Халқының қамы үшін жар құлағы жастыққа тимей адамға да, малға да аса жайлы қоныс – жер үйегін шарқ ұрып іздеген сапарында жер жаннаты Жетісудың ол шеті мен бұл шетін түгел аралап, көнілі тойған ризашылық сезімін: «Жетісудың жері түгел ағаш екен, ағашы толған жеміс екен», - деп баға берсе керек. Желмаясымен құм ішіндегі Желдіқара өнірін Кекше теңізben байланыстыратын, бір тармағы атақты Жібек жолына келіп қосылатын, кезінде аталарымыз құмның сексеуілін өртеп, оның күйген күлін қапқа салып, белгі ретінде шашқан Күйіктің жолы атанған танымал жолмен жүріп өткен деген ескіден қалған әңгіме бар. Осы ойды өлкетанушы қаламгер, тарихшы Жұмахан Кожамқұл өзінің «Жетісу, жерім-ай!» шалқымасында («Жетісу» газеті, 25.06.2016 ж.) «Ата-бабаларымыз ежелден жайлаған Еділ, Жайық, Жем, Сағыздан бері ысырылып көшкен елдің басында тұрған Асан қайғы жер үйегі Жетісуға келіп, жеті өзеннің бойын шаршамай, талмай шарласа керек (Жеті судың бірі Қаратал). Тіпті осы құтты өнірге қыстаса керек. Бірде көріпкел баба атымен (кейде желмаяның орнына мінген) Ілден қарғып өтпек болғанда құлашы кең садақтай серпілген тұлпардың артқы тұяғы сырғып аққан суды кесіп өткен дейді. Сонда ешқашан артына қарамайтын Асан қайғы мойнын кері бұрып: «Бұл бір өзі ескере жүретін өзен екен», - деп пайымдапты. Көпшілікке мәлім, қай заманда да Іле мен Қаратал қатар аталады. Екі аралығы да пәлендей алшақ емес. Іздестірген жанға Асан қайғы бабамыздың ұзын аққан Қараталға берген сипаттамасы табылып қалуы әбден мүмкін. Эйтсе де тіршілік нәрі саналған Қараталға көрегенділігімен көш бастаған Ескелді бабамыздың: «Міне, қоныс деп осыны айт, қара талы жайқалған, балығы шулаған, шенғелі үйдей, қояны қойдай! Өзеннің арнасы күндіз күлтедей, түнде меруерттей ағады екен. Аты Қаратал болсын! Жесір әйел мың қой айдайтын жер екен. Жетім бала ат - ойнайтын жер екен», - деп берген бағасы бәрінен де шоқтықтанып тұрады.

Қасым ханның ордасы тігілген

Осыдан үш жыл бұрын, яғни 2015 жылы мемлекетіміздің өркендер, даму жолында, ел өмірінде аса айтулы оқиға болды. Елбасымыздың тікелей қолдауымен тарлан тарихымызға берекелі бетбұрыс жасалды. Жер жерде, шартарапта қазақ хандығының 550 жылдығы (1465ж.) жоғары өрлеу жағдайында кең сипатта аталып өтті. Осы бір саяси мәні зор оқиғадан Қараталдықтар да қалыс қалмады. Бұл игі шараға саяси мән беруіміздің себебі – тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі өркендеуі мен жарқын болашағына қызығана қарап, көре алмаушылық танытқандардың: «Қазақ жерінде бұрын – соңды мемлекеттің нышаны, өз шекарасы болмаған. Хандық дәуірді басынан өткізбеген», - деңген қисынсыз пікірлеріне үзілді-кесілді тойтарыс берілді. Тарихшы ғалымдар, ізгі ниетті саясаткерлер, зиялды қауым өкілдері бүгінгі өркениетті мемлекетіміздің бастауы қазақ хандығының билік құрған ғасырдан басталатынын, оның негізі де сол дәуірде қаланғанын нақтылы тарихи деректермен дәлелдеп, ел еңсесін бір көтеріп тастады.

Тарихи ақиқатқа жүгінсек, қазақ ордасының негізін салушы ханымыз – Керей мен Жәнібек. Ұлттық ордамыз құрылғанда жасы үлкен Керейді ел-жұрты ақ киізге отырғызып, хан көтеріпти. Оның іргелі ісін Жәнібек хан (тарихта әз- Жәнібек аталады) жалғастырады. Орданың астанасы барша түркі әлеміне ортақ Түркістан шаһары болады. Жәнібек хан дүниеден өткеннен соң біршама уақыт салып билік тізгінін әз-Жәнібектің екінші ұлы Қасым ұстайды. Атақты тарихшы Мұхамед Хайдардың дерегіне сүйенсек: «Қасым хан бүкіл дешті-қыпшакқа билік жүргізген. Оның қарулы халқының саны миллионнан асқан». Куатты қарулы күшке ие болған ол тәнірегіндегі елдермен бейбіт өмір сүру саясатын ұстанады. Өз дәуірінде қазақ Ордасының мемлекеттік негіздерін нығайтуға игі әсерін тигізетін жаңа низамдық жүйе – «Қасым ханның қасқа жолы» аталатын Жарғыны өмірге әкеліп, оның жүзеге асырылуына күш салады. Қарымды қаламгер, әдебиетші ғалым, тарихшы М.Мағаун «Қазақ тарихының әліппесі» атты ғылыми байыптау еңбегінде (А. «Қазақстан», 1995 ж. 22-бет): «Қасым хан тұсында Хан ордасы бірде Жетісуда, Қаратал өнірінде, Шу бойында, енді бірде Арқада, Ұлытау етегінде, кейде батыста Жайық жағасында болады», - тайға таңба басқандай етіп көрсетеді. Заманында Жетісуге келіп ат басын тіреген Қасым ханның тұрмысқа да, малға да жайлы шөбі шүйгін, суы бал, ризығы мол Қаратал өнірін тандауы тектен тек емес.



Уакытта тоқтам болған ба тәйірі?! Замана көші ілгері баса береді. Қазақ ордасының күш қуат алуы мен қанатының жаюы, көршілес мемлекеттердің оны танып ғана қоймай, санаса білуіне Қасым ханнан соң өлшеусіз ұлес қосқан – хақ – Назар, Шағай, Тәуекел – баһадүр, еңсегейлі бойлы ер Есім хан, салқам Жәңгір, әз-Тәуке, Уәли сұлтанның ұлы, үш жүздің басын біріктірген, даңқты Абылай хан (Әбілмансұр) мен оның жүрек жүтқан батыр немересі Кенесары ханның т.б. есімдерін ерекше ілтипатпен атап өткен жөн.


Бір кездегі шағын Москва княздігінен қуатты мемлекетке айналған Ресей патшалығы әп дегеннен-ақ төнірегін жаулап алыш, отарына айналдыратын, ұstemдігін жүргізетін, аз ұлтты билеп төстейтін басқыншылық саясатын ұстанады. Қазақ жеріне, оның қисапсыз байлығына көз алартқан Ресей империясы ұлы даламызға ендей еніп, бекіністерін салып, ұstemдік ете бастаған тұста (1822-1824 ж.) арнайы пәрмен шығарып, Орта және Кіші жүздегі хандық өкімет жойылды деп жариялады. Міне, сонау 1500 жылдары қазақ ордасына билік еткен Қасым хан қазақтың ең соңғы ханы Кенесарыға дейінгі аралықта Қаратал өнірі мен оның бойын ен жайлаған ел жұртты небір дүрбеленді тар жол, тайғақ кешуді де бастан өткереді. Жасыратыны түгі жоқ, ер Есім хан тұсында жерімізге, малымызға көзін алартқан ойрат пен жонғар (қалмақ) еki арадағы қактығысты соғыс аздаған үзіліспен білдей екі жүз жылға (1520-1758 ж.) созылады. Әсіреле 1723 жылғы бет қаратпас жойқын жонғар шапқыншылығы қазақ халқының Шығысты, Арқаны, Жетісуды жайлаған бір бөлігінің Атажұрттын амалсыздан тастап, босқынға ұшырауы, оның тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған тұсында басқыншы дүшпан өзге аймақтар сияқты Қаратал өнірін де жаулап алыш, біраз уақыт ұstemдік құрғанын айтпасқа болмайды. Көне көз қариялардың айтқанына сүйенсек, Жасталап ауылынан әрі қарай басталатын қалың құмның ішінде, Кентбай қыстауына таяу тұста Қалмақ тоганының ізі әліге дейін сақталған. Оның аяғы Балқашқа дейін созылады. Кіші төбеден сәл әріректе басталатын Миқайнар мал жайылымында жақын төніректегі қалмақтардың жылда бас қосып, тай қазанға ет асатын тас үйіндісінің орны күні бүгінге дейін сақталынған. Мұнымен бірге Қаратал өнірінде қалмақ батырларының атымен аталған жер мен төбе атаулары: Бұрхан төбе, Бұрхан бұлак, Бақалы, Қарақой, Сарықой, жайлаудағы Шажа өзені, Сарыбұлак тұсындағы қалмақ төбелер т.б. ұшырасады. Біз бұл деректерді жаңалық ашу үшін емес кейінгі көзі қарақты жастар жер мен ел тарихын біле жүрсін, көкейіне тоқи жүрсін деген ниетпен келтіріп отырмыз.



Енді әңгімеміздің негізгі желісіне көшейікші. Осыдан жеті жыл бұрын баспа бетін көрген «Тағылымды Қаратал» атты тарихи танымдық кітаптың (А. «Құс жолы», 2011 ж. 4-бет) Алғы сөзінде «Қаратал-орыс отаршылдығына қасқая қарсы тұрған Кенесары хан қалың қолының қатарын жаужүрек сарбаздармен толықтырған жері», - деген жолдар бар. Тарихи деректерге сүйенсек, Абылай ханның немересі Кенесары султан 1830 жылдары орыс отаршылдарына қарсы ашық шайқасқа шығады. Алайда оның бұл қозғалысына қарсы тұрғандар өз халқымыздың ішінен де шығады. Екі жақты соққы алған Кенесары хан қанды жорығының аяғына таман қыста Балқаштың қылта тұсындағы мұз үстімен өтіп, Қараталды келіп жайлайды. Осы өнірдегі аузы дуалы ел ағаларымен танысады. Алматы арқылы Қордай асуына бет алатын болашақ жорығына азық-түлік қамдайды. Жасақтары мен мініс аттарының қатарын толықтырады. Бүгінгі таңда Ескелді ауданының Бақтыбай ауылында тұратын, тоқсаннан асқан жасы бар Эбен қарияның айтуына жүгінсек, Кәлпе аталығының ел намысын бәрінен де жоғары қойған бір топ сен тұра тұр, мен атайын дейтін жігіттері өз еріктерімен Кенесары әскерінің қатарына еніп, бірнеше шайқастарға қатысып, ерлік көрсетсе керек. Осы деректің өзінен-ақ ежелгі Қаратал жұртшылығы ерлікті ту етіп желбірете отырып, небір жасампаздық істердің басы-қасында болған.

Жібек жолымен жасарлас жатқан

Адам атаулының сана сезіміне еріксіз тықпаланатын тарих пен ұлтқа қатысты отаршылдық сана арада бірнеше ғасыр өтсе де өшпейтін із қалдыратынына, жаны сірі болатынына өзге емес өз басымыз жанды күәгерміз. Сөзіміздің әлқисасында айтып өткеніміздей, бір ұлтты ұлы, ал екіншісін қатардағы жай ғана ұлт, бірін аға, өзгелерді кіші халық деп жікке бөлген, олардың тарихтағы орнын да ала-құла етіп белгілеген патшалық Ресейдің, оның мұратын жалғастырған Кеңестік империяның қазақ халқының тарихын тұқыртып көрсетудегі неше түрлі қитұрқы айла-тәсілдерге барғандығы белгілі. Осындай іліммен қаруланған, отаршылдықтың сөзін сөйлеп, сойылын соққан бәзбір замандастарымыз күні кеше десе болады мың жылдық тарихы бар (тіпті одан да әрі) Алматыға (бұрынғы Алмалы) 150, бүгінгі облыс орталығы Талдықорғанға (бұрынғы Талды) 2012 жылы небәрі 143 жыл толды деген үстірт пікірлерді баспасөз беті арқылы жария етті. Бұл топтағы, бұл пиғылдағылардың ниетінің өзі сол қазақ халқының мындаған



жылғы тарихы мен мәдениетін, әдебиетін көзге ілмеу, тіпті елеп, ескермеу, әріге терең бойламау, тек бар жақсылықты әлдеқашан күні өткен патшалық Ресейге әкеліп тану, сол заманда жергілікті казактардың көмегімен орыс солдаттарының қолымен салынған Верный мен Гавриловка әскери бекінісіне келіп телу болатын. Ұлттық ұстанымды ұстанған тарихшыларымыз бен археологтарымыз ертеде Жетісу өлкесінде қуатты Үйсін мемлекетінің ұstemдік құрғанын, мың жасаған Алмалы шаһарының өмірдің күре жолы саналған, дүние жүзілік маңызы бар, шығыстағы Үндістан мен Қытай сынды мемлекеттерді сауда саттық арқылы батыспен байланыстырған Жібек жолы бойына орналасқанын, оның іргесіндегі Есік қорғанында Алтын адамның табылғанын, Таңбалы тастағы ерте дәуірде бейнеленген петроглифтік жазбаларды көзге де ілмеді, қаперге де алмады. Сол замандағы билеуші топтың нақ осындағы әділетсіз саясатына жаны төзбеген ақ берен ақынымыз Олжас Сүлейменовтің «Тауларды асқақтатамын деп, даланы алсартпайықшы», - деген өлең жолы қанатты сөзге айналғаны белгілі.

Біз орайы келгесін сонау он үшінші ғасырдың басында (1229ж.) ұлы Жібек жолының әлемдік деңгейдегі маңызы артып, даңқы асқақтаған тұстағы шетел саясатшыларының жазбасына тұскен тұста Қаратал өнірінің жиі аталуына тоқталмақшымыз. Шыңғыс хан жорығы саябырсыған соң қазақ даласында да тыныштық орнайды. Осы қолайлы кезеңді сәтті пайдаланған франция королі IX Людовиктің 1253 жылы ұйымдастыруымен білімді монах Г.Рубрук басшылығымен құрылған елшілік топ бүкіл Орта Азияны қақ жарып өтетін Жібек жолы бойымен Қытайға дейін барып, 1256 жылы еліне қайтып оралады. Ол сапар кезінде көріп, байқағанын күнделік жазбасына тұсіреді. Негізінен атақты ғалым М.Қашқаридың XI ғасырда құрастырған картасына жүгінген. Жетісудың өзендер өрнектеген өлкесіне табан тірегенде күнделігіне: «...Өзеннен өткеннен соң бір жазыққа шықтық. Ол жerde бір қираған қамал көрдік. Оның қабырғалары тек саз балшықтан соғылған. Жан жағындағы жерлері өндөлген. Содан кейін біз бір Эквиус деп аталатын қалаға кезіктік», - деген жазба тұсіреді. Жол инженері, тарихшы М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» атты ғылыми еңбегінде аталған қала ұғымына «Рубруктың айтып кеткен «Эквиус» қаласы түріктің «Екі бас» яғни «Егі оғыз» деген сөзінің бүрмалануынан шығуы мүмкін», - деген түсініктеме береді. Ал жоғарыда сөз еткен М.Қашқаридың картасында Екі Оғыз деп аталатын қала VIII-XIII ғасыр аралығында Қаратал өзенінің оң жағалауында қоныс тепкені көрсетілген. Сол атақты Екі оғыз бері келе Талды елді мекеніне, со-



сын барып Талдықорған қаласына айналғаны тарихшы ғалымдар мен зерттеуші журналистер тарапынан дәлелденіп отыр. Байқалып отырғандай, тамыры терен, тарихы кенен деген бейнелі сипатқа әбден ие Қаратал өңірінде орналасқан (кейінгі жылдары оның көбісі Көксу ауданы қарамағына көшті) көне қалалар, керуен жолдары мен ортағасырдағы тарихи ескерткіштер көптеп саналады.

Ел мен жер тарихын тереңірек біле түсsem екен деген зерделі жасқа ұлттымыздың мактан тұтар ұлы, Алаш жанды, ыстық қанды білікті азамат Мұхамеджан Тынышбаев жазбасының алар орны тіпті бөлек-ақ. Оның 1926 жылы Қазақстанды танып білу қоғамының тарих секциясында жасаған «Көксу үйінділері және Қайлақ (Қойлық) қаласы туралы» баяндамасы мен ата-тек тарату кестесіне жүгінсек, көп жайтқа қанығарымыз бар. /М.Тынышбаев «Великие бедствия...» - Ақтабан шұбырынды /А.»Жалын» 1992 ж. 119-бет/: «Қазақ ғылыми комиссиясының Жетісу облысына қатысты материалдарымен танысу барысында Таулы Жалайыр болысының қазағы Керімқұл Назаровтың қазіргі Дүнгене поселкісі орнындағы үйінділер жайлы қызықты хабарын жолықтырды... Оның атасы Тәттібай батыр Жалайырдың қалмаққа қарсы күресіндегі қол бастаушысы, жас жағынан кіші болса да Абылай ханның замандасы (он сегізінші ғасырдың ортасында қалмақтарға қарсы ұрыстарға қатысқан). Тәттібай батырдың баласы Қарымбай би өз заманының атақты адамының бірі. Керімқұлдың экесі Назар Қапал уезін орыстар жаулап алған тұста өмір сүрген. Ол орыс патшалығының жергілікті жерге бекіткен сұлтан-басқарушы Әділұлы Тезек төреге де мойынсұнбаған. Әлденеше рет сұлтанның ауылына ат ойнатып, шабуға дейін барған. Ата-бабасының ізгі қасиеттерін бойына сіңірген Керімқұл би, болыс дәрежесіне көтерілген, ел-жұртты алдында үлкен беделге ие», - дейді.

Осы жазбасында М.Тынышбаев қазақ жеріне көзін сұзғен сыртқы жаулардың жойқын шабуылынан қирап, үйіндісі сақталған Қайлақ (Қойлық) қаласының арғы-бергі тарихы жайлы сыр шерткен Керімқұлдың зерделілігі мен зеректігіне тәнті бола келіп: «... Керімқұлдың тарихы әдебиеттен хабарсыз болса да, оның берген мәліметтері өте дәл келеді», - деп ризашылығын білдіреді.

Тарихшы ғалымның жоғарыдағы ғылыми еңбегіндегі тарих қатпарында сақталған, ел аузында жатталған атақты Тастөбеге қатысты жазба дерегі де аса құнды. Онда: «Қапал уезінде Талдықорғанның батысында (Гавриловка) Дүнгене деген жерде ертедегі бір қаланың үйіндісі бар. Оның аумағы 200 шақырым (верст). Үйіндінің жеке-



леген бөлігі көзге айқын байқалады. Аңыз бойынша қаланы бәз бір тайпалар мекендепті және олар осында қалмақтар келгенге дейін өмір сүрсе керек. Ескі әңгімеге сүйенсек, қала халқы бірде жау жүрттың жақындағанын естісе керек. Алтын, күмістері мен басқадай қымбат дүниелерін қоржынға салған олар таңертеңгілік әйелдері мен балаларын ертіп қаладан шығады да, Қаратал өзенінің жағасындағы Күркіреуге жақын тұстағы Тастане жотасына көтеріледі. Алып шыққан бағалы бүйімдарын жаудың қолына түспесін деп өзенге тастайды. Ізінше қала тұрғындары дүшпан кеткеннен соң тізбектесіп, бірінің қолынан бірі ұстап, судағы алтын-күмістерін алмақшы болады. Алайда буырқанған өзенінің көкжал толқындарына жұтылып кете барады. Мұнан кейін қала 200 жыл шамасында қанырап бос жатады. Сайып келгенде, шежіреші Керімқұлдың айтуды бойынша қылышын жалаңдатып келген қалмақтар Кексу мен Қаратал өзенінің алабында 1660 жылдары болғандығы рас-талады», - делінген.

Тастане Қараталдың осы бір иінінде ерекшеленіп-ак тұрады. Неге десеніз, көз жетер жақын төніректе табиғаттың мұндай таңғажайып құбылысын жолықтыра алмайсыз. Қыраулы қыстың беті қайтып, көктемнің жылымық желі ескен тұста ұзын аққан Қаратал өзенінің арнасымен сен жүре бастайды. Сала құлаш мұз қабыршығынан тұратын лайсаңды ағынды судың екпінінен күш алып, бірінен-бірі озғысы келіп, жанталасатын сол сендердің жиынтығы Тастаненің тұра жанына келгенде тасқа мандайын соғып, кептеліп, мұз қоршауына айналатынын қайтерсің! Ізінше тасқындал келіп жеткен қызыл су енді амалсыздан сол жақ қапталдағы Айдынбайдың сазына қарай лап қойып, оның алды әудем жердегі Бесағашқа дейін жеткен сәтін ауыл қариясы Нұрсұлтан аға бір сапарымызда әсерлі етіп айтып бергені бар.

Осы топырактың төл тумасы, жергілікті ақын Мұрат Нұрмұхамбетов «Тастане Қараталдың жағасында, тіл жетпес Тастаненің бағасына. Тастане көк қатипа оранғандай, көкорай, көк шалғынның арасында», - деп перзенттік тебіреніспен жырға қосқан. Тастане өнірі атақты тарихи тұлғаларымен де танымал.

Жерінің асты да, үсті де қазына байлыққа толы қазақ жеріне, кеңбайтақ даланы мекендеген, өзін-өзі қорғаған, өзін-өзі асыраған халықтың өмір сүру ерекшелігі мен салт дәстүрі, өнері мен мәдениетіне қызықкан батыс елдерінің әрідегі саяхатшылары: Марко Поло, Адольф Янушкевич, Густав Зелинский, берідегі ағылшындық Тамас Аткинсон (1848 жылы Қапалдың Тамшыбұлағын тамашалаған), қазақтың біртуар ұлы, саяхатшы, ғалым Шоқан Уәлиханов және басқалардың күнделік



жазбалары мен сызған карталары арқылы Жетісу өлкесін сөз еткенде Қаратал атауы да қатар аталып жататыны көнілге мақтаныш сезімін үялатады.

Қаратал қырғыны

Адам өмірі алма кезектесіп, қуаныш пен қайғыдан тұратыны іспеттес, тарлан тарихтың да жеңісті де сәтті және қайғы да қасіретке толы кезендері де аз ұшыраспайды. Біз де ақиқаттан аттап кетпей, ежелден еркіндік аңсаған Қаратал өңірі жұртшылығының он сегізінші ғасырда басынан еткізген қыын қыстаулы сәттері жайлы, яғни тарихта «Қаратал қырғыны» деген атқа ие болған оқиғаны азды-көпті сөз етпекпіз. Бұл орайда жерлесіміз, ұзак жылдар комсомол, партия, әкімдік саласында басшылық қызмет атқарған, кейінгі жылдары шежіре мен тарихқа терең ден қойған, қаламы жүйрік, ойы ұшқыр Наурыз Қылышбаев ағамыздың «Тәттібай мерген» атты ой толғауға толы кітабын (А. «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2018 ж. 252-273 бет) басшылыққа алғанды құп көрдік. Автор: «Қаратал қырғынының туындауына себеп болған жағдайдың бірі Дабашы мен Әмірсананың бірде жонғар жағына, бірде қазақ жағына шығып, екіжүзділік танытуынан деген сөз шындыққа бір табан жақын болса керек», - деген тұжырым жасай келіп, екеуінің де мақсаты күш біріктіріп Лама Доржыны тақтан тайдыру болатын дейді. Бұл кезде Сыр өңірі мен Арқа тазарғанымен Ұлы жүз бен Тарбағатай толығымен жау қолында еді. Арқа төсінен екі мың жасағымен келіп, Ақсу бойында Қабанбай мен Наурызбай батыр қолымен бірігіп, Ұлы жүзді жау қолынан тазартпақшы болған Абылай хан әскері Дауылбай сазында күші басым Добашының он мың қолымен қиян-кескі шайқасқа түсіп, әжептәуір жасағынан айырылады. Жер азаттығы үшін деп атқа қонған біраз боздақтың өмірі қыллады. Жайық бойындағы қандас қалмақтарға қосылууды мақтан тұтқан Дабашы өр Қаратал бойын, Ешкіөлмес пен Қызылауыз арасын қыстап қалады.

Ата жаудан кек қайтаруды мақсат тұтқан Абылай хан әскерімен Қаратал мен Ақсудың арасындағы Лұккүмға бекінеді. Талай жорықта ерлігімен көзге түскен Өтенай батыр, Тәттібай мерген, Малайсары, Түрке мен Саурық, Бағай, Жайнақ батырдың басшылығымен қазақ жауынгерлері жергілікті жұрттан қысым көріп, Жаркенттен бері қарай жылыстал, Қаратал мен Көксу өзені аралығындағы кең ойпатқа тұрақтаған Дабашы әскеріне ойсырата соққы берудің әзірлігіне кіріседі. Оларды тіпті қоршауға алады. Атамекенді қос дұшпаннның тепкісінен



азат ету жолында жан пида деп аянбаған қазақ сардарлары мен сарбаздарының жанкештілігі арқасында Қаратал-Көксу аралығындағы кең жазықта жеті күнге созылған соғыста жеңіске жетеді. Убашы батырдың өзі қолға тұседі, көп ұзамай жан тапсырады. Туган жерді толықтай тазарту одан әрі жалғасады. Түйіндегі айтқанда, бір жыл бұрынғы Дауылбай сазындағы жеңілістен кейінгі қайта тұтанған қазақ-қалмақ соғысы өр Қаратал мен Көксу аралығында жалғасады, Текелінің өріндегі Қызылауыз, Ойсаз, Жамбас, Қарағайлы жайлауында аяқталады. Бір қайғының бір қуанышы, бір жеңілістің бір жеңісі болады деген осы болса керек.

Түркे мен Саурық ерен ер

Наурыз ағамыздың жоғарыда аталған кітабының 269-бетінде екі жақтың шайқасына қатысты мынандай: «...Қаны қарайған қалмақтар кері серпілген жасакты тұра қып келеді. Майдан алаңының ортасына жеткен тұста: «Қабыландап!» атой салған Түркे мен Саурық жуздіктері жаудың екі бүйірінен келіп наиза салды», - деген суреттеме бар. Ел ағалары Ескелді би, Балпық батырмен қатар аталатын; есімдері құні бүгінге дейін ел жүргегінде сақталған, олардың ерен ерліктері кейінгі жасқа үлгі етілетін, тізе қоса жауға шапқан Түрке мен Саурық батырдың төмендегі үш ерлігіне айрықша тоқталғанды құп көрдік. Андас аталығының Қалқасынан, оның Қайдауылынан тарайтын ержүрек қос батыр Қаратал өнірі түгелдей қалмақтардан тазартылып, Сыр бойынан ата жүртқа үдіре көшіп келген ағайынды ата жолымен жер-жерге орналастырудың ұшырасқан қындықты жеңе білуі мен адам өміріне қауіпті жыртқыштардың көзін жоюдағы үш бірдей ерлігі ұрпаққа ұран болып келеді.

Оның біріншісі ұзын аққан Қараталдың иіні Тассуаттың бойын ұзындығы қырық кез (қазіргі өлшеммен 32 метрге таяу), адамға да, малға да аса қауіпті айдаһар жылан жайласа керек. Ел жүрттың: «Бізді тажалдан құтқара көр!», - деген өтінішіне құлақ асқан Саурық батыр бес каруын сайланып, әлгі аузынан от шашқан, ыскырығымен құйынды жел түрғызатын макұлықты өлтіруге аттанады. Жорғалап жүрген жерін андып, қапысын тауып, жиекке шыққан айдаһарды алдымен садағының сұр жебесімен жанды жерінен атады. Қарағай сапты найза-сын сұққылайды. Мұнан соң барып айбалтасымен әлденеше жерінен шабады. Қылышымен кескілейді. Жан тәсілім болған жыртқыштың



кейінгілерге куә болсын деген үйғарыммен оның құлағын кесіп алады. Бір қызығы, тірі жәдігер саналған осы ескерткіш белгі батырдың Көкпекті ауылын мекендерген ұрпақтарында кейінгі күнге дейін сақталыпты. Төңірегіне ажал шашқан қауіпті жыртқыштың көзін жойған Саурық батырдың ерлігі арамыздан бертінде өткен шежірепі Сейдахмет Қосжанов атанды «Жиған, терген қазынам» атты кітабына енген жазба дерегінде де ұшырасады.

Төңірегіндегі ел жұрттың шырқын бұзған жалмауыз кемпір кейпіндегі жезтырнақ қазіргі Есеттің белі төңірегін мекендерсе керек. Есет батыр онда небәрі он үш жаста екен. Бірыңғай Саурық ағасының жанында жүріп, батырлық, мергендік айла тәсілдерін үйреніпті. Әлі дерлік қабырғасы қатып, бұғанасы беки қоймаған жас батыр қауіпті жезтырнақты жер қаптыру турасындағы ойын Саурық ағасына білдіреді. Ақылдаса келіп, айлаға жүгінген олар құм ішіндегі биік өсken, діңі мықты томардың бірін таңдал, ескі – құскы киім кешекпен жауып, тымақ кигізіп, оны адам бейнесіне келтіреді. Өздері сол төңіректе бой тасалап, тығылып жатады. Тамақ іздел, кезекті жорыққа шықкан жезтырнақ кісі бейнесіндегі қарайған томарға қос бүйірінен жезді тырнағын аямай салып, батырады. Осы қолайлы сәтті асыға күтіп жатқан Саурық батыр әлгі тажал пәлекетті қақ жауырынан сұр жебесімен атып, сұлатады. Осылайша ел жұртты қауіп қатерден құтқарады.


Саурық батырдың ел аузында күні бүгінге дейін анызға бергісіз ендігі ерлігі Дауылбай шоқысы маңайындағы Тасқораны мекендерген жалғыз көзді дәуді ажал құштыруы. Дүлей құш иесі атанған дәу бағымындағы мың қойдың біреуін күн сайын отқа қақтап жеп, тіршілік етеді екен. Одан құтылудың жолын қарастырған Саурық батыр есебін тауып Тасқораға кіріп, жасырынып жатады. Күнделікті дағдысы бойынша әлгі дәу қолына түскен бір қойды ұрып жығып, істегіне шаншып, отқа қақтап жейді де, маужырап қалың үйқыға кетеді. Осы сәтті тағатсыздана күтіп жатқан батыр орнынан тұрып, оның жанына еп-теп басып келеді де қойды қақтаған істегімен жалғыз көзінен ұрып, әрлі-берлі шүкіп, ойып тастайды. Қапылыста қатерге тап болып жаны қиналған дәудің зар қаққан даусы алысқа естіліп жатады. Ауыр соққының нақ адамнан келгенін сезініп, білген ол ышқынып тұрып: «Кім болсаң да бұл үнгірден тірі шықпайсың. Ажалың менен болады», - деп шығар есіктің аузына кесе көлденен жатып алады. Тәйірі адамнан құлық ауысқан ба?! Жан сақтау үшін айла тәсілге барған Сурық батыр қой арасындағы топ бастар серкенің бірін сойып, оның терісін жамы-



лып үңгірден сыйылыш шығады. Амалы таусылған дәу оған: «Ақылыңа жүгініп, аман қалдың. Сен енді мені азапты қорлықта өмір кештірмей, өз қолыңмен өлтіріп кет», - деп өтінеді әрі жалынады. Ойға алған ісін аяқтағанша байыз таппайтын Саурық батыр адам өмірі үшін аса қауіпті жалғыз көз дәуді өзі мекен еткен үңгірде қылыштаң өлтіріп, көзін біржолата жояды. Бертінде бұзылып, қиратылған Тасқораның орны күні бүтінге дейін сакталынған. Ал заманында ел қорғаны бола білген Тұркес мен Саурық батырдың Кекпекті ауылындағы шежіреші қария Балтабай ағаның айтуы бойынша қағазға түсірілген үш ерлігі есімі қазақ оқырмандарына кеңінен танымал жазушы Бек Тоғысбаевтың әдеби туындыларында суреттеледі. Бақтыбай, Мәулімбай, Қалқа ақындардың жырына арқау болған. Қалай десек те, ерте замандарда ғұмыр кешкен батыр бабалардың ерен ерлік істерінен алар тағылым зор. Біз сөз еткен қос батырдың ерлігі бәз біреулерге қиялдан туған, ойдан шығарылған ертегі аңыздай болып көрінуі әбден мүмкін. Эйтсе де аңызға бергісіз әпсананың түп тамырында ақиқат пен шындық жатқаны даусыз. Болашақта тас түскен жеріне ауыр дегендей, Қаратал өнірінде даңқты батырлар: Тәттібай мерген, Тұркес, Саурық, Жайнақ, Кәшке т.б. батырлар есімін есте қалдыру жағына көңіл бөлінсе құба-құп болар еді.

Жолбарыс соққан Сәдуақас

Әдетте тектіліктің де тұқым қуалайтыны іспеттес, батырлық та ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Ерлік жасау үшін қан майданың тұтануы міндетті емес. Оған бейбіт заманда да орын бар. Бұл уәжімізге еткен ғасырдың отызыншы жылдары Қаратал бойын жайланаған Балқаштың қалың нуының ең соңғы жыртқыш жолбарысын жалаң қолымен соғып алған, атакты Тілеуғұл батырдың немересі Сәдуақас Отарбайұлының ерен ерлігі нақтылы мысал. Аңшылықты жастайынан серік еткен ол Сарыесік-Атырау өнірінде сайран салған, мал мен жанға қауіп төндірген азулы жыртқышты орман мен тауды жайлайтын аюға арналған қосбасты қақпанмен алмақшы болады. Бұл әрекеті айтарлықтай нәтиже бермегесін бабалар дәстүрімен жолбарысқа шаңырақ тігіп, жанына жанашыр ағайынын алып, қос көтеріп барады. Алғашында қолындағы мылтығымен үш рет атса да ызалы шеріні сұлата алмайды. Құла биесімен қосқа жақындалап келіп, жаралы жолбарысты жүзі лыптылдаған айбалтамен соғып сұлатады. Оның бұл ерлігінен хабардар болған іргедегі Балқаш қаласы аңшылар қоғамының



қызметкерлері арнайы іздеп келіп, Балқаш шұбарының сипаттамасын қағазға түсіреді. Оның тірідей салмағы 210 кг., тұмсығынан құйрығына дейінгі ұзындығы 4 метр, 12 см. құраса керек. Олар Сәдуақас ағаға арнайы сыйлық тапсырады, өзі соққан жолбарысының жанында фотосуретке түсіреді. Кейінде сол фотосурет мерзімді басылымдарда жарияланды, тарихи кітапқа енді. Жүрек жұтқан ерлігімен Қараталдың атақ даңқын асқақтатқан Сәдуақас батырмен қатар өткен ғасырдың отызыншы жылдары белең алған ашаршылық жылдары тарыққан бір қауым елді саятшылық жолмен аулаған аң-құсының етімен асыраған Дембосын құсбегіні де қосса, пәлендей сөкеттігі болmas. Нақ осындай құрметке атқан оғы құр кетпеген, заманында Жетісуда ойран салған ақ гвардияшыл атаман Анненков пен Дутовтың баскесерлеріне тайсалмай қарсы тұрган сұрмерген Шэймерден Бейісов те әбден лайықты.

Түйін

Қадірменді оқырман! Ұлан ғайыр Ұлы даланың шағын бір жакұт көзі саналатын, көріпкел әулиелер мен ержүрек батырлар мекені деп мақтанышпен айтылатын, арнасымен күндіз күміс, тұнде алтын ақсан ризықты Қаратал өзенінің қос қапталын жайлаған, төрт тулік малын мыңғыртқан, ақ күріші мен бал тамырлы қызылшасын өсірген, өткені тағылымды, келешегі нұрлы Қаратал өнірінің ежелгі тарихына хал-қадірімізше тоқталдық. Әйтсе де бәрін түгелдей қамтып, моншақтай тізіп шықтық деген астамшылық пікірден әсте аулақпыз. Біздікі жол көрсетіп, бағыт сілтеу ғана болатын. Бір өлкенің ғасырлар бойғы қатпарланып жиналған ендігі тарихын жаңа дерек көздерімен толықтыру, одан алар сабак, оның тәлімді тәрбиелік мәні туралы толғану тарих пен әдебиетке ден қойған зерделі де білімпаз жастың абзал борышы, ел мен жер алдындағы азаматтық парызы деп ұйғарсақ ешбір сөкеттігі болмайды. Өткен ғасырдың екінші онжылдығының соңына таяу әкімшілік-аумақтық негізде бүгінгі Алматы облысының бір ауданы болып өз алдына жеке шаңырақ көтерген өнірдің тоғыз белесті кейінге қалдырған тұстағы бар білгеніміз бен көңілге тоқығанымызды ағымыздан актарыла отырып ортаға салудамыз. Кекжиегің кең, болашағың жарқын бола түссін қасиетінен айналайын, киелі құт мекенім! Біз сенің тілекші әрі жанашырың бола берейік, дәйім де!

Қарааша Қараман



Асқаралы тоғызынышы белес

**Қаратал ауданының әкімі Рауан Рақымбековтің
мерекелік құттықтауы**

Біздің өңір ықылым заманнан бері Қаратал өзенімен әйгілі болған. Өзендер өрнектеген өлкенің бойындагы таңғажайып тамаша табигат талайларды тамсандырып, ақындарга шабыт бітірген, әр азаматтың бойында туган жер мен елге деген ыстық ықыласын, сағынышы мен сүйіспеншілігін тудырган тарихының тамыры тым тереңде жастыр. Жетісудың күнгей Алатауының мұзарт шыңдарынан бастау алып, балығы тайдай тұлаган көгілдір Көкше теңізге құйып, ерке Қаратал өзені әдетте күндіз алтын балықтай жылтырап, түнде ай сәулесімен күміспен күптеленіп жастады. Қазақ елінің ұлан-байтақ жеріндегі атам заманнан бері тайпа, ұлыс, қаганат, бертіндегі қазақ елінің сүттей ұйыған бүтіндігі мен бірлігін сақтауда, көршилес алып мемлекеттердің табанына иленбей, жаһандануына жұтылмай, иық тіресе куресе білуінде осынау киелі мекен - Қараталдың қадір-қасиетін тебірентіп айтпау елдікке сын.

Сонау қыын-қыстау заманда ұлтарақтай жерін жау қолына бермей, ақ наизаның ұшымен, ақ білектің күшімен қол бастаған батырлары мен әділдігі мен төрелігі алты Алашқа мәшіүр болған әулие, биелері жайлы құмбыл зерттеп, зерделеген сайын қасиетті Қаратал өңірінің қазақтың ұлт ретінде ұйысып, қалыптасуына айрықша рөл атқарғанын аңғаруга болады.

Әріден қозғамай-ақ, осыдан уш-төрт гасыр бұрын осынау сайын даға төсінде билігін жүргізген, ақыл-оїы мен шешенендік шеберлігін паши





етіп, қара қылды қақ жарып, татулықтың дәнекері болған Ескелді, Балтық, Қарымбай би, әулие, егегулі наиза қолга алып, ел мен жерді қорғап, ерен ерлік көрсете жауды жасырган Жолбарыс, Мықтыбек, Қәшке, Бақай батырлар, орақ тілді, от ауызды шешендер Айту мен Жәлменде, әниші-сазгер Пышан секілді өңірге ғана емес, бүкіл қазақ да-ласына танымал тұлғалар айтулы із қалдырган. Сондай-ақ, бертінгі жиырмасының гасырда өмір кешкен қазақ өнерінің мақтанышы, Қазақстанның халық әртістері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Қанабек Байсейітов мен Бикен Римова, жерлесіміз, Мәскеудің Үлкен театрының күміс көмей әнишісі Людмила Нам, Республикалық «Дарын» сыйлығының иегері, ақын Қайрат Әлімбек, танымал суретші Анарбек Нақысбеков пен қарымды қаламгер, детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаев пен жазушы Жанат Елшібек, жазушы-журналист Несін Жұнісбайұлы, ақын, журналист, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Әміре Әрін, қылқалам шебері Нұрлан Қылышбаевпен әйгілене түспек. Осы айтулы тұлғалардың қатарын көрнекті қогам және мемлекет қайраткерлері, танымал ғалымдар, Олимпиада ойындарына, әлем біріншиліктеріне қатысып, жүлдегер атанған спортшылар мен тасы өрге домалаган бизнесмендер мен кәсіпкерлер толықтырады.

Өңіріміз шыбық қадасаңыз шынар бой көтеретін, топырагы құйқалы, бұта түбі бір асым ет болған, ырыс-береке қонған, бабадан қалған бақ мекен. Ауданың жаз жайлалауда таудың қоңыр аюы мен кекілікті де көруге болады. Қырда елік пен қоян, қасқыр мен тулкі кездеседі. Даласында дуадақ, қаз, үйрек, бірқазан, Қаратал өзені бойынdagы сыңсыған орман-тогайды қыргауыл мекендейді. Өлкеміздің жері сазды әрі құмды болғандықтан көкпек, жусан, изен, бидайық, қызыл мия, ерек шөп, теріскен, жантак, адыраспан секілді өсімдіктер өседі. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген тораңғы мен сексеуіл даланың көркі.

Қаратал – тағдыр талайы біріктірген 30-дан астам ұлт пен ұлыстың жаразты Отаны. Сонау зұлмат пен зобалаң, нәубет пен қасірет жылдары өлкемізге қүштеп қоныстандырылған орыс, кәріс, неміс, үйгыр, чешен, күрді секілді этнос өкілдері бүгінде бір атандың баласындаі, бір қолдың саласындаі тату-тәтті, бақуатты ғұмыр кешіп жатқан жайы бар.



Былгы жеті қызынаның бірі саналатын ит жылы қабыргалы Қаратал ауданының жеке отау құрып, щаңырақ көтергеніне (17. 01. 1928 ж.) табаны күректей тоқсан жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде ауданының сан-салалы экономикасы мен мәдениетінің, алеуметтік саласының дамып, қарышты өркендерген, ізінше жаңа қогамдық формацияга көшер кезеңде шатқаяқтаған құлдырауды да бастан өткерген сәттердің ұшырасқанын жасырмаймыз. Ал ауданың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен аяқ алысы, болашаққа беталысы құптарлық, берекелі десе жарасады.

Асу-асу кезеңдерден тосырқамай, тапжылмай өтіп, асқаралы тогызынышы белесті багындырган, бүгінгіден ертеңім жақсы болгай деп аманат артқан гажайып гасырға көш түзеп, бет алғалы тұрган бірлігі бекем, бақ-дәүлет қонған Қаратал өңірі жүртшылығын осы бір торқалы тоймен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасымыздың жөн-жоба көрсетіп, айқындаған берген «Қазақстан-2050» және мәңгілік ел болу, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына жарқын іспен жауап беруге ұмтылған достығы дархан, татулықпен терезесі теңескен Қаратал жүртшының алдына қойған мақсаты айқын, келешегі кемел. Лайым, ауызбіршілігіміз мықты, тұтініміз түзу шығып, тірлігіміз оңды болгай, қадірлі ағайын!






Аудан туралы аз дерек

Қаратаң ауданы Алматы облысының онтүстік-шығыс өңірін алғып жатыр. Тарихқа жүгінсек, Қазақстанда 1927 жылдың аяқы тұсы мен 1928 жылдың басында әкімшілік-аумактық құрылымға өзгеріс енуіне байланысты бұрынғы уездер таратылып, округтер мен аудандар құрылған еді. Ал 1928 жылдың 17 қаңтарында бұрынғы Ескелді, Күшік, төменгі Қаратаң және Онтүстік Балқаш болыстары негізінде Қаратаң ауданы жеке-дара отау құрып, сол тұстағы Алматы округінің қарамағына қарады. Қаратаң ауданының орталығы Қарашенғел елді мекені болатын. Ізінше ВЦИК-тің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысы негізінде 1930 жылдың 17 желтоқсанында Алматы округі таратылды да, оған қарасты аудандар құрылымдық жағынан ұлғая түсті. Сейтіп, Қаратаң ауданының бір бөлігі Талдықорған, қалғаны Малайсары мен Қаратаңдың құрамына өтті..

Бір айта кетерлігі, 1932 жылдың 20 ақпанында Алматы облысының құрылуына байланысты Қаратаң ауданы аталған облыстың құрамына кірді. Орталығы Үштөбе қаласы болды. Көп ұзамай 1944 жылдың 10 наурызында ауданымыз жаңадан құрылған Талдықорған облысының құрамына енді. Алайда 1959 жылдың 6 маусымында Талдықорған облысы таратылды да, Қаратаң ауданы Алматы облысының қол астына өтті. Дегенмен, 1967 жылдың 23 желтоқсанында Талдықорған облысымен қайта қауышады. Араға отыз жыл өткенде 1997 жылдың 22 сәуірінде Алматы облысының құрамына енеді. Қаратаң ауданы партия комитетінің тұңғыш хатшысы Баймұхамбет Шағыров болған. Ауданың мекеме ғимараты бұрынғы «Қаратаңстрой» мекемесі тұрған жерге (қазіргі Үштөбе қалалық әкімдігінің Фрунзе участесі аймағы) орналасыпты. Қала орталығына бертін келе қоныс тепкен.

Осы тұста ауыл шаруашылығы артельдерін ұйыстырып, жаппай колективтендіруге көшкен кезде іргелі ауданда ірлі-ұсақты 74 колхоз болған. Ауданың бір бөлігі қазіргі Көксу (бұрынғы Киров) ауданының бір кездегі Куйбышев колхозына дейін жайылып жатқан екен. Көксу ауданы өз алдына енші алғып (1944 ж.), бөлініп шыққан уақытта, сол 74 колхоздың 32-і Қаратаңда қалып, 42-і аталған ауданға өткен.

Ауданың қазіргі таңдағы жер көлемі 24,2 мың шақырым метр, яғни облыс территориясының 10,8 пайызын құрайды. Аудан халқының саны



2014 жылғы статистикалық мәлімет бойынша 48000 адам, олардың 24,7 мыңы қала, 23,3 мыңы ауыл тұрғыны. Өнірде 30-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Жері Балқаш көлі бойындағы ойыста орналасқан. Оның оңтүстік және оңтүстік шығысы Күнгей Алатауының жоталарына ұласады. Аудан аумағында ауылдық сипаттағы ірілі-ұсакты 35 елді мекен бар. Оның басты - бастылары: Жаңаталап, Оян, Ұмтыл, Қекпекті, Жасталап, Қожбан, Айту, Қәлпе, Қанабек, Айдар, Қарашенгел, Тастөбе, Бесағаш, Құмарал, Қаражиде, Сарыбұлак, Бастөбе, Жылдызбұлак, Ортатөбе, Кішітөбе, Ақжар, Дөңши, Алмалы, Қөпбірлік, Қарақұм, Ескелді, Қызылжар, Қекдала, Үшкемей, Ойсаз тағы басқа елді мекендер Үштөбе қаласы мен тоғыз ауыл округінің құрамына енеді. Аудан жазық, жартылай шөлейт өнірде орналасқан. Климаты күрт құбылмалы: қысы - сұық, жазы - ыстық. Жауын-шашынның жылдық мөлшері тапшылау келеді. Жаз жайлауы Күнгей Алатауының көрікті жерлерін алып жатыр. Төрт түлік мал қыста құмның ішін жайлайды.

Ауданның көркі Жетісудың жеті өзенінің бірі - арнасымен күндіз күміс, түнде алтын ағатын Қаратал өзені. Оған бастауын қарлы шындардан алатын Қора мен Тал және етектегі Тентек /Көксу/ өзені құйылып жатады. Көлінің үлкені - Көкше теңіз атанған Балқаш. Мұнымен бірге Үшкөл, Қаңбақты, Қаңгай, Сарықөл т. б. үлкендікішілі көлдері бар. Сарыбұлак, Бақалы, Бастөбе, Ақтасты, Қайрақты, Ақылбайдың шоқысы мен тауының көлемі және биіктігі әркелкі болып келеді. Ауданың жаз жайлауын таудың қоңыр аюынан бастап, кекілікке дейін мекендейді. Қырында елік пен қоян, қасқыр мен түлкі жортады. Қамысты тоғайын жабайы шошқа кезеді. Даласында қоян мен дуадақ, өзені мен көлінде - қаз, үйрек, бірқазан жүзіп Қараталдың қара орманында, жиделі тоғайында қыргауыл мекендейді. Кезінде Балқаш көлінің ну қамысында жолбарыс жортып, жон терісін алдырған. Ауданың жері сазды және құмды болып келгендейді. Ауданда 9 ауылдық жағдайлардың 1 қалалық округке қарасты 35 елді мекен бар. Шағын кәсіпкерлік саласында тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 2152 бірлікті құрады, оның ішінде 55 занды тұлға, 1238 жеңе кәсіпкер мен 859 шаруа қожалығы бар. Осы салада 5411 адам жұмыспен қамтылуда. Ауданда 1097 шаруа қожалығы,



олардың қарамағында 10279 га егістік, 196119 гектар жайылымдық жер бар.

Бүгінде ауданда жаңалық жаршысы болып саналатын 85 жылдық тарихы бар «Қаратаал» (редакторы А. Өмірбаев) және 20 жылдықты бағындырығалы тұрған «Бастау» (редакторы С. Дәркенбаева) газеті жарық көруде.


Ауданда 32 штат бірлігімен 11 Мәдениет үйі және 22 штат бірлігімен 10 кітапхана тұрғындарға тұрақты түрде мәдени қызмет көрсетеді. Кітапханалардағы кітап қоры 184908 дананы құрайды.

Білім беру саласында 23 орта, 4 толық емес, 4 бастауыш және сервистік колледж, балалар шығармашылығы орталығы және бала-лар мен жасөспірімдер спорт мектебі, оқу-өндірістік комбинаты бар. Сондай-ақ, 3 мемлекеттік, 5 жекеменшік балабақша жұмыс жасайды. Ауданда 1 орталық және 1 ауылдық аурухана, 5 ауылдық емхана және 29 медициналық пункт деңсаулық сақтау ісінде мінсіз қызмет атқарып келеді.

Спорт саласында 13 Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 40 спорт шебері және 80 спорт шеберлігіне үміткерлер бар. Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен бергі кезеңде өткен 4 бірдей Олимпиадалық ойындарға қараталдық 8 спортшы қатысты. Солардың қатарындағы ауыр атлетші С. Филимонов Афина Олимпиадасында күміс медальдың иегері атанды. Еркін курестен ҚР еңбек сінірген спорт шебері, ҚР бірнеше дүркін чемпионы, бірнеше лұркін Азия чемпионы Мәулен Мамыров Атланта олимпиадасында қола медальға қол жеткізді. Жерлесіміз, зілтемірші В. Седов 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында жүлделі төргінші орынды иеленді. Ал 2009 жылды әлем чемпионы атанса, 2013 жылды қола және 2014 жылды Алматыда өткен Әлем чемпионатында күміспен құптелді. Сондай-ақ, бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР бірнеше дүркін чемпионы, Бүкілодақтық Жастар ойындарының жейімпазы Михаил Юрченко, ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, Азия және ҚР бірнеше дүркін чемпиондары, жастар арасындағы әлем чемпионы болған Дмитрий Ломакин, Олег Эм Атланта Олимпиадасына қатысты.

Ал 2016 жылды Бразилияның Рио-де-Жанейрода өткен жазғы Олимпиадаға жерлесіміз, зілтемірші қызымыз Маргарита Елисеева мен жеңіл атлетші диск пен ядро лақтырушы Иван Иванов қатысып, жастыққа тән жалын танытты.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, таэквондадан дүниежүзілік фестивалінің чемпионы Марғұлан Адай, кикбоксингтен әлемнің



үш дүркін чемпионы, бокстан спорт шебері Данияр Сағымбаев, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Джин-джитсудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, қоян-қолтық ұрыстан Азия және Қазақстан чемпионы Назарбек Зәбиевтің есімін ерекше айтуға болады.

Жастар арасындағы Әлем біріншілігін бес рет үтқан Надежда Ноғайды да жерлестеріміз мақтан тұтады. Зілтемірші Маргарита Елисеева 2014 жылы Корея мемлекетінде өткен Азия ойындарының жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, Ертуған Зейнулинов Тайланд мемлекетінде бокстан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында биік тұғырдан көрінді.

Аудан аумағындағы облыстық маңыздағы автомобиль жолының жалпы ұзындығы 371 шақырым құрайды. Үштөбе қаласы мен аудан елді мекендері жолының ұзындығы 382,9 шақырым, оның басым бөлігі асфальтталынған, қатқыл табанды саналады. Тоғыз жолдың торабы саналатын Үштөбе қаласы: Үштөбе – Талдықорған - Алматы, Үштөбе - Көксу, Үштөбе - Көпбірлік автотрассасымен жалғасып жатады. Данқты Түрксібтің бел баласы саналатын Үштөбе станциясы арқылы тартылған болат жол Орта Азия мемлекеттерімен, көршілес Ресейдің Шығыс Сібір өлкесімен және Қытай Халық Республикасымен байланыстырып жатыр. Достық және өмір жолына айналған шойын жолдың көлік және байланысқа қатысты іргелі оннан астам темір жол кәсіпорны қалтқысыз жұмыс жасауда.





Қаратал – ел ардақтылары мекені

*Мәңгілік мекенін тапқан әулие, би, батыр мен
көріпкел қасиетті жандар:*

- 1. Ескелді әулие, би, батыр.** Кесенесі 1992 жылы тұрғызылды.
- 2. Балпық әулие, би, батыр.** Кесенесі 1994 жылы тұрғызылды.
- 3. Жолбарыс әулие, би, батыр.** Кесенесі 1996 жылы тұрғызылды.
- 4. Айту би.** Кесенесі 1996 жылы салынды.
- 5. Мықтыбек батыр.** Кесенесі 1995 жылы тұрғызылды Ақжар елді мекеніне таяу жерде.
- 6. Қарымбай әулие, би.** Кесенесі 2003 жылы салынды.
- 7. Қоғыл көріпкел (Көріпкел Қоғыл)**
- 8. Тілеуғұл батыр.** Бейіті Дөңши мен Көпбірлік ауылдының екі ортасында.
- 9. Бақай батыр** бейіті Қараталдың төменгі сағасында.
- 10. Құлжабай батыр.**
- 11. Құланбай батыр.**
- 12. Кәшке батыр.**
- 13. Тарап би.**
- 14. Арқабай әулие.** Бейіті Қараталдың төменгі сағасында орналасқан.
- 15. Аманбай әулие.** Бейіті Қараталдың төменгі бойында.
- 16. Майлыйбай би-бала би атанған.** Бейіті Миқайнар мен Үшкөл төңірегінде.
- 17. Дарабоз ана** – аналық қамқорлығымен танылған. Бейіті Көксу өнірінде.
- 18. Қарашолақ би, көріпкел, жасампаз.**

Бұл топқа сондай-ақ есімдері елге танымал Түркे мен Саурық, Жайнақ пен Шопабай батырды, қызыл ауыз Оразбай шешенді жатқызуға болады.

Ескертпе: Сары есік-Атырау бойындағы есімдері елге танымал Жәлменде би мен Пышан болысқа (баласы) ескерткіш белгі орнатылған. Пышанның зираты ауданнан тысқары жерде, Талдықорғанның Шайқорған бейітінде орналасқан. Ал Жәлменде би Меккеге қажылыққа барып, қайтар жолда көз жұмған.



Қаратал десек:

Қаратал - өткен ғасырдың 1948-1988 жылдары ауданның егіншілігі мен мал шаруашылығы саласында енбекті ерен үлгісін танытқан 31 Социалистік Еңбек Ерінің Отаны. Олар:

Күнжарық Құлшықбаев

Тұтінбай Дәuletiaров

Ұмынай Шорабаева

Рен Цай

Ен Хва Тен

Гым Сен Пак

Елена Пак

Дя Хен Мун

Хон Сик Пак

Чан Бем Ким

Моисей Андреевич Цой

Зя Ир Цой

Владимир Егорович Медин

Михаил Исаевич Панкин

Ольга Семеновна Цой

Шин Хен Мун

Филипп Иванович Ли

Ден Дык Ким

Хон Себ Ким

Михаил Иванович Ан

Татьяна Ли

Цой Фир Му

Капитолина Ивановна Мун

Петр Семенович Ким

Кан Тю Хон

Ким Ен Сук

Надежда Ли

Надежда Пак

Николай Васильевич Пак

Цой Чан Гин

Төлеген Құлахметов.



Сол 31-дің бірегейі саналатын **Төлеген Құлахметов** ағамыз әлі де арамызда. Осы топтың қатарын жоғарғы өндірістік көрсеткіші үшін Ленин орденін омырауына жарқырата таққан шопан ата Тілеужан Әтімов, шаруашылық басшысы Сергей Юн, пияз өсіруші Вера Шин, шопан Нұрғазы Сейдахметов, теміржолшы Тұрғантай Досбаев т.б. толықтырады.

Қаратаң - екінші дүние жүзілік соғыста ортақ Отан үшін қан төккен, жанын пида еткен, батырлықтың жарқын үлгісін көрсеткен бес бірдей Кеңес Одағы батырының мекені. Олар:

Никита Митченко - Москванды қорғаған 28 Панфиловшы батырдың бірі.

Сергей Морозов - Н. Гастеллоның ерлігін қайталаған, әскери үшқыш.

Николай Шевелев – артиллерист, атыс батареясының командирі.

Иван Косенков – Днепрді кесіп өтіп, бекінген шепті қорғауда ерекше көзге түскен артиллерист.

Үш дәрежелі «Данқ» орденінің иегері:

Иван Мартынов – ұрыс даласында ерен ерлік көрсеткен. Бертінде Үштөбе киіз үй фабрикасында еңбек еткен.


Бейбіт заманның батыры:

Азамат Жұмаділов – Қазақстанның «Халық қаһарманы».

Қаратаң – театр мен кино саласында кесек бейнелерді сомдаған, сахна саңлағы атанған үш бірдей Қазақстанның халық әртісінің Ата жұрты. Олар:

- **Қанабек Байсейітов** (1905-1979 ж.),
- **Бикен Римова** (1923-2000 ж.),
- **Шолпан Бекірова** (1924-2002 ж.)

- 1936 жылы осы топыракта республикада алғашқылардың бірі болып Қаратаң колхоз театры құрылған. Оның директоры әнші, актер Сайланбай Манасбаев болған. Аталған өнер ұжымы бертунде Ақсу (1949 ж.) және Еңбекшіқазақ ауданы өнерпаздарымен бірігіп, колхозсовхоз театры атанған. Бүгінгі Талдықорған облыстық театрының ізашары болған. Қаратаң колхоз театры артистері шеберлігін жетілдіру



үшін Алматыдан танымал актер Қанабек Бейсейітов пен жазушы, драматург Ғабит Мұсірепов арнайы келіп, ақыл-кенестерін берген.

- Соғыстың қызған шағында 1942 жылы Үштөбе корей театры ашылады. Араға 17 жыл салып, 1959 жылы бұл ұжым Қызылорда қаласына көшіріледі. Алматы қаласындағы республикалық Корей театрының негізі Қаратал топырағында қаланған.

Мемлекеттік және жастар сыйлығының лауреаты:

Қаратал данқы бір топ мемлекеттік және жастар сыйлығы иегерлерімен асқақтайды. Олар:

Ербала (Ертай Берікбаланов) – ұзақ жыл Текелі қорғасын-мырыш комбинатының директоры қызметін атқарған. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Анатолий Муравлев – көп жылдар бойы № 104 құрылыш колоннасында экскаватор машинисі болған. Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Эраст Алексеевич Ким – бұрынғы «Үштөбе» совхозы күрішшілер звеносының жетекшісі. Ол 1988 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Анарбек Нақысбеков – Абай атындағы Мемлекеттік Үлттық университетінің кафедра менгерушісі, профессор. Кезінде Қазақстан Ленин комсомолы (Жастар одағы) сыйлығының лауреаты атанды.

Қайрат Элімбек – ақын, журналист. Оған 1994 жылы Қазақстан Жастар Одағының тұңғыш сыйлығы табысталды.

Нұрлан Қылышбаев - Абай атындағы Мемлекеттік Үлттық университетінің ұстазы, суретші. Республикалық «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты.

Республика академиктері:

Ғалиолла Мейірманов – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА академигі.

Афанасий Дмитревич Ли – педагогика және психология кафедрасының профессоры, академик.

Орденбек Мазбаев – география ғылымдарының докторы, профессор. Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі.



Қаратал - жазғы Олимпиада ойындары мен Әлем және Азия біріншілігіне қатысқан, жүлдегер атанған сайыпқыран спортшыларымен даңқты. Олар:

Михаил Юрченко – бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол 1996 жылы Атлантада өткен Олимпиадаға қатысып, ел намысын қорғады.

Мәулен Мамыров – еркін күрестен ҚР еңбек сіңірген спорт шебері. Атланта Олимпиадасының (1996 ж.) қола жүлдегері, Азия біріншілігінің чемпионы.

Сергей Филимонов – ауыр атлетикадан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері. 1995 жылы өткен Европа чемпионатында серпе көтеруден 77 кг. салмақ дәрежесінде әлем рекордшысы. Ол алдымен Атланта Олимпиадасына қатысады. Бабы келісіп, бағы жаңып, XXVIII Олимпиада ойындарында (Афина, 2004 ж.) күміс медальды жеңіп алды.

Владимир Седов – ауыр атлетикадан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері. Ол 2008 жылы Бейжінде өткен Олимпиадаға қатысып, жүлделі төртінші орынды иеленді. Ізінше 2009 жылғы Әлем біріншілігінде чемпион атанып, алтыннан алқа тақты.

Дмитрий Ломакин - ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол 1996 жылы Атлантада өткен XXVI Олимпиада ойындарына қатысып, ел намысын қорғады.

Олег Эм – ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Бір топ санлақ жерлестерімен бірге Қазақстан құрама командасы атынан Атлантада өткен (1996 ж.) жазғы XXVI Олимпиада ойындарына қатысып, білек күшін танытты.

Маргарита Елисеева – ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол 2014 жылы Оңтүстік Корея мемлекетінде өткен Азия ойындарының жеңімпазы. Араға екі жыл салып Бразилияның Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиада ойындарында (2016 ж.) өз қатарынан оза шауып, жүлделі бесінші орынды иеленді.

Иван Иванов – Үштөбенің алыбы деген атақта ие болған Иван ауыр атлетикадан спорт шебері. Ол 2016 жылы мұхиттың арғы бетінде Рио-де-Жанейрода өткен жазғы Олимпиадаға жеңіл атлетиканың диск лақтыру түрінен қатысып, әріптестерімен күш сынасты. Иван ұлымыз 2018 жылдың тамыз айында өткен Азиада ойындарында қола медальді иеленді.

Надежда Ногай – ауыр атлетикадан ҚР-на еңбек сіңірген спорт шебері. Жастар арасында өткен Әлем біріншілігінің бес дүркін чемпионы.



Данияр Сағымбаев – бокстан спорт шебері. Бокстан ел намысының қорғаған, республиканың бірнеше дүркін женімпазы. Кикбоксингтен Әлемнің үш дүркін чемпионы. Сайыстың қаратә түрін де (бірінші дан қара белбеу иесі) мендерген.

Назарбек Зәбиев – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Джиджитсудан ҚР бірнеше дүркін чемпионы. Қоян-қолтық ұрыстан Азия мен Қазақстан біріншілігінің чемпионы.

Аудан аумағын мекендейтін «Қызыл кітапқа» енген аң мен құстарын және өсетін ағаштардың түрлері:

- **Қызыл қасқыр** – құйрығы үлпілдек және құлағы дөңгеленген аса үлкен емес қасқыр. Қысқы жүні үлкен және қалың, ашық сарғыш-қызыл түсті, жазда қысқа, түкті және күңгірттеу;
- **Қарақүйрық** – орташа денелі ғазел. Дене құрылсызы жеңіл, аяқтары биік және сымбатты. Лиrat тәрізді оралған мүйізі тек текелерінде ғана болады;
- **Қылқүйрық бұлдырық** (саджа) – мөлшері кептердей, салмағы 200-370 және қанат қулашы 60-80 см. болатын әсем құс. Дене пішіні созыңқы, құйрығы сына сияқты және орталық руль қауырсындары ұзын;
- **Қызылт бірқазан** – өте үлкен, тұмсығы ұзын әрі массивті, үлкен тері тамақ қапшығы бар құс. Мойны ұзын, аяғы қысқа;
- **Бұйра бірқазан** – Қазақстанның фаунасындағы өте ірі құстардың бірі, тұмсығы ұзын әрі массивті, үлкен тері тамақ қапшығы бар құс. Мойны ұзын, аяғы салыстырмалы түрде қысқа.
- **Ақбас тырна** – сұр тырнаға ұқсас, бірақ одан кішірек және ақшылдау. Мандайында және төбесінде қызыл түс жоқ, ал ақ қауырсындар шоғы көз артында ұзын тұлым түзейді.
- **Дуадақ** (дрофа) – ірі дала құсы, денесі мығым, салыстырмалы түрде аяғы ұзын. Рені – қостусті.
- **Көкқұс** – қара сайрауықтан үлкендеу, бірақ одан ерекшелігі түсі қара емес, ал қара-көк, күн көзі түскенде күлгін түстей құбылады.
- **Тораңғы** – құрғақшылыққа, ыстыққа және тұзға төзімді де шыдамды, діні қатты, берік, мықты.




Халық сенімінен шығу – басты міндет

Тәуелсіз еліміздегі алғашқы мәслихат сайлауы 1994 жылы өткізіліп, әр деңгейдегі мәслихаттар органдары құрылған болатын. Содан бері 24 жыл уақыт өтіп, талай істер атқарылып келеді. Мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын бақылайды. Бірінші шақырылымда 21 депутаттан құрылған Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатында бүгінгі күні 13 депутат белсенді қызмет атқаруда. Олардың 12-сі «Нұр Отан» партиясының мүшесі болса, бір депутат «Ауыл» партиясының мүшесі болып табылады.

Осы өткен 24 жыл ішінде мәслихатқа өндіріс, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларының таңдаулы өкілдері депутат болып сайланып келеді. Олардың басым көпшілігі өздерін халықтың мұн-мұқтажын, талап - тілектерін іске асыра алатын абырайлы халық қалаулысы ретінде көрсете алды. Солардың қатарында Алматы облыстық мәслихатының бірінші шақырылымының депутаты, Қаратал аудандық мәслихатының үшінші шақырылымынан бері депутат болып сайланып, қазіргі таңда мәслихат хатшысының қызметін абыраймен атқарып келе жатқан, «Құрмет» орденінің иегері, «Нұр Отан» партиясының бірнеше съезінің делегаты, ауданның құрметті азаматы атағының иегері Бақыт Смаилов, сондай-ақ ауыл шаруашылығы ғылыминың кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан корейлері қауымдастырының Талдықорған филиалының төрағасы Владимир Ли, үшінші шақырылымнан аудандық мәслихат, ал бүгінде Алматы облыстық мәслихатының депутаты, «Құрмет» орденінің иегері, ауданның құрметті азаматы, белгілі кәсіпкер Базархан Байтаев сынды азаматтар бар.

Сонымен қатар бірінші шақырылымның депутаттары К.Жазықбаев, Г.Косжанова, О. Ниязбеков, Н.Пак, Р.Өтегенов, Т.Сәрсембекова, екінші шақырылымның мәслихат хатшысы қызметін белсенділікпен атқарған, тіл жанашыры Ж.Теберіков, сол шақырылым депутаттары Р.Жұмашев, Қ.Рымжанов, Ж.Саржанова, В.Спиридонова, үшінші шақырылымның депутаттары Қ.Әміренов, М.Жебегенов, Р.Тәпенов, төртінші шақырылым депутаттары Л.Котова сияқты азаматтар өз кәсіптерімен қоса депутаттық мандаттарын да абыраймен атқарды. Сондай-ақ, төртінші шақырылымда халықтың сенімінен шығып, бесінші шақырылымға қайта сайланған С.Дәркенбаева, Ұ.Досмолданова, М.Тілеубай, Ю.Мальгин, И.Молжігітов сынды халық қалаулыларының атын ерекше атауға болады.



Ең алғаш құрылған мәслихаттың тізгінін ұстап, бірінші шақырылымның мәслихат хатшысы, ал екінші және үшінші шақырылымдарда мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болған, ауданның құрметті азаматы атағын иеленген Болат Байтілеуов пен үшінші және төртінші шақырылымдардың мәслихат хатшысы болған, Алматы облысы мен Қаратал ауданының құрметті азаматы атағының иегері Мақсат Рақымбаев есімдерін мәслихатпен тығыз байланыстыруға болады. Сонымен қатар үлкен құрметке ие болып, депутаттық мандатын абыраймен атқара білген, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып, қоғамдық өмірге белсene атсалысқан, өмірден озған Асылбек Пұсырманов, Афанасий Эм, Қайрат Рыскұлов, Юрий Мальгин, Истатай Молжігітов сынды азаматтар да халық сенімінен шыға білген еді.

Кейінгі жылдары депутаттар корпузына білікті мекеме басшылары мен білімді жастар: Біржан Құмаров, Әміржан Андасбаев, Алтай Смаилов, Асқар Пұсырманов, Жандос Тенелбаев, Гүлшәкира Құйқалақова, Саят Төлеубеков есебінен толықты.

Мәслихат депутаттарын аудан аумағында өткізілетін барлық ішшаралардың басы-қасынан көрінеді. Атап айтсақ, республикалық «Мектепке жол» акциясы кезінде жыл сайын белсендердік танытып, тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға қамқорлық көрсетіп отырады. Оқушылардың жыл бойындағы үлгерімін, тәртібін, мектептердің жылу жүйесін бақылауда ұстайды. Сондай-ак, Елбасының Жолдауындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамнан тыңқары қалып қоймауы, оларға қолдан келгенше жағдай жасау керектігі туралы мәселесі де мәслихат назарынан тыс қалмауда.

Алғашқы қалыптасқан жылдарына қарағанда соңғы заңнамалық өзгерістерге сай ရөлі біршама күштейтілген жергілікті мәслихат, ел иғілігі үшін атқарылар мәнді де мазмұнды жұмыстар күтуде. Сол жұмыстарды жүзеге асыруға көмек көрсету мақсатында құрылған мәслихат аппараты басында мәслихат хатшысы, тексеру комиссиясының төрағасы мен бір ғана бас маманнан тұrsa, 2005 жылы штаттық саны ұлғайып, осы уақытта мәслихат хатшысы, аппарат басшысы, 3 бас маман және 1 жетекші маманнан құрылды. Мәслихат аппаратының алғашқы басшысы болып Нұрман Желдібаев, одан кейінгі ізбасарлары Қанабек Есботанов, Роза Әбдіқалықова (марқұм) сияқты білікті мамандар тағайындалып, депутаттармен қоян-қолтық жұмыс атқарды. Мәслихат құрылған уақыттан бастап, оның төрт шақырылымының депутаттарымен белсенді қызмет атқарған бас мамандар, қазіргі уақытта құрметті зейнеткерлер Амантай Бөстекбаев пен есеп-қисаптың білгірі Шолпан Нұркешеваның орны ерекше деуге болады. Сол сияқты Әлия



Досымбаева, Ермек Нұрғалиев, Талғат Уәлиев, Ақжан Досмолданова сияқты жас мамандар мәслихат аппаратында депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға, сессия мен тұрақты комиссиялардың отырыстарын әзірлеуге, сайлаушылармен кездесулер өткізуге және тағы өзге де басқадай көмек көрсетіп келеді.

Мәслихаттың тағы бір ерекшелігі - мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес егемен еліміздің тарихында алғаш рет 2013 жылдың тамыз айында өткен аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауы. Бұл әкімдер сайлауының басты мақсаты елдегі мемлекеттік басқарудың ең онтайлы, айқын және тиімді моделін қалыптастыру және жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқарудың мүмкіндігін арттыру болып табылады. Бекітілген жоспарға сәйкес Қаратал ауданының әкімшілік құрылымына кіретін қала және ауылдық округтер әкімдерінің алғашқы сайлауы 2013 жылдың 7 тамызы күні өткізілді.

Бүгінде алтыншы шақырылған аудандық мәслихат өз өкілеттігі шеңберінде жалпы мемлекеттік мұдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілең, олардың жүзеге асырылуына лайықты үлесін қосып келеді. 2016 жылдың наурызында сайланған мәслихат осы жылдар аралығында 38 сессия өткізіп, онда ауданының дамуына байланысты 154 мәселені зерделеп, тиісті шешімдер шығарды. Оның ішінде «Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қантардағы №19 Жарлығына сәйкес әкімдердің есепті мерзімде атқарған жұмыстарының есебі, аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есептері, «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламасының аудан аумағында іске асырылуы туралы және тағы да басқа көптеген маңызды мәселелер қаралды.

Бүгінгі күні аудандық депутаттар Елбасының «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауына байланысты осынау стратегиялық бағдарламаны жүзеге асыруға қызу атсалысада. Өйткені, бұл Жолдау біздің кемел болашағымыздың данғыл жолдарының арналарын айқындал беріп отыр. Мәңгілік ел болу мұраты қазақ елін әлемдік өркениеттің биік бір белесіне қадам бастырады.

Халық қалаулылары алдағы уақытта да Елбасымыздың саясатын жүзеге асыру жолында өздеріне жүктелген қандай да міндетті үлкен абыраймен атқара алатындығына сенімді. Себебі, депутаттардың ең басты міндеті – халықтың сенімінен шығу, мемлекетімізді одан әрі нығайтып, Қазақстанды «Мәңгілік ел» ету.



Беделі биік «Нұр Отан»

Қашан да жасампаз еңбектің мекеніне айналған Қаратал өнірі бүгіндері тәуелсіз қазақ мемлекетінің гүлденуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Тілеуғұл бабамыз «Әр бұттаның түбінде бір асым ет», - деп осы біздің Қараталымызды айтса, айтқандай. Шынында қай заманда болса да бұл өнірде ешқашан аштық, жалаңаштық болмаған. Қаратал өзенінен күндіз күміс, түнде алтын аққан, елі бай, енбегі ерен; тұтастыры мен берекесі мол, қызыр дарыған, халқының бірлігі мен ынтымағы жарасқан, ауыл шаруашылығы мен өндірісі катар өрбіген, мәденеиеті мен өнері өркендеген өлке.

Кыншылық кезде үдерे көшкен сан ұлттың баласын кең даланың бауырына сыйдырып, баспанасын ұсынып, бір үзім нанымен бөліскен Қаратал өнірі жұртшылығының кешегі өткені – бүгінгі күннің белесті баспалдақтары келешектің алтын арқауы болып табылады. Туған елін, халқын бір тудың астына жиып, өнегелі өмір кешуіне жағдай тудырып отырған Елбасымыздың сындарлы саясаты мен көрегендігіне айтар алғыс шексіз.

Бүгінде Елбасымыз Н.Назарбаев жариялаған жаңа стратегиялық реформаларды жүзеге асыруда, экономикалық жаңа сатыға көтерілуде, қоғам өмірін жалпы жаңғыртуда қараталдықтар бір жағадан бас, бір жеңін қол шығара жүдірықтай жұмыла еңбек етуде.

Өршіл мақсатты ұстанып, әлемдік кеңестікте лайық орнын алуға ұмтылып отырған, қайсар рухты елімізben бірге Қаратал ауданы да биік белестерге қадам басуда. Елбасымыз, тәжірибелі, бірлігіміз болашаққа ұмтылысымыз бар және ең бастысы бізде перспективамыздың анық көрінісі «Қазақстан - 2050» президенттік стратегиясы бар. Бұл – президенттік «Стратегия - 2050» бағдарламасын іске асырудың қоғамдық жоспары.


«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы 1999 жылы құрылды, сол жылы партия қатарында 1242 мүшесі болса, қазіргі



танды партия қатарында 3888 адам бар. Барлығы 11 бастауыш партия үйімінә топтасқан. Биыл «Нұр Отан» партиясының құрылғанына 19 жыл толды. Осы тарих үшін қас-қағым мезет саналатын аз ғана уақыт ішінде партия еліміздегі ең ірі қозғаушы саяси күш ретінде танылып, өз қатарына ең көп жақтастар тартқан еңселі үйімға, салмақты саяси күшке айналып отыр. Сол жылдары партия қатарына алғашқы болып мүшелікке өткен Жекен Теберіков, Валентина Ин, Серік Амандосов, Күлия Сүлейменова, Рысхан Тәпенов, Бақыт Смаилов, тағы көптеген партия ардагерлері бүгінде саптан қалмай, партия саясатын жүргізуге өздерінің сүбелі үлестерін қосып келеді.

Қазакта «Бейнетіңе қарай – зейнеті» деген атаулы сез бар. Елбасымыздың сарабдал саясаты арқасында «Нұр Отан» партиясы 19 жыл ішінде аз іс тындырған жоқ. Соның бәрі Қазақстан халқының жақсы өмір сүруі үшін, жас үрпақтың баянды болашағы үшін жасалып жатқан шаруалар. Алдымызда алар асу да көп. Ең бастысы, ел - жұрттың басын біріктіріп, бүгінгі мақсат – міндеттерді бірлесіп шешуге, көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың үнемі тірегі болуға тиіспіз. Бүгінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасы қызметін аудан әкімі Рауан Ракымбеков абыраймен атқаруда. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жандос Тенелбаев партияластар қатарының өсуіне, партия жұмысының жақсаруына қажырлы күш жұмсауда. Сонымен бірге партияның қоғамдық қабылдаудында елдің мұн-мұқтажына құлақ асып, халықтың әл-ауқатының артуына үлес қосуда.

Байлығымыз да, бақыттымыз да болған тәу етер Тәуелсіздігімізді көздің қараңызындағы сақтай білуіміз керек. Мәңгілік ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін біз үнемі алға ұмтылуымыз керек. «Терін төксө жеріне, жер тілеуін береді, елін сүйген еріне, ел тілеуін береді» демекші, осы жетістіктер «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Тұрғындардың алдында берген уәделерін сез жүзінде емес, іс жүзінде тиянактауды дәстүрге айналдырған «Нұр Отан» партиясы бүгінгі танды жетекші партия мәртебесіне ие болып отыр. «Нұр Отан» партиясының жұмысын атқаратын негізгі бағыттарының бірі -жауаптылық пен жауапкершілік болып табылады. Аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция партияның аудандық филиалымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарады. Партия санға емес, сапаға көніл бөлуде. Беделді партияның аудандық филиалы төрағасының орынбасары болып әр жылдары Ж.Теберіков, Ф.С.Юсупов, Қ.Әміренов, Б.Абақов атқарды.



Он округ – он отау

Ескелді ауылдық округі

Ескелді ауылдық округінің арғы тарихы 1937 жылы Ресейдің Қызыр Шығыс өлкесінен еріксіз көшірілген корей ұлттының ұжымдасуымен бұрынғы Достижение ауылында алғашқы артель құрылудан басталады. Оның тұңғыш төрағасы - ауыл шаруашылығы өндірісінде шындалған, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, қандастары сияқты жер аударылып, қындық шеккен Шин Хен-Мун болды. Айналдырған бір-екі жылдың ішінде аянбай еңбек етіп, жаңа жерлерді игеріп, ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алып, егіншілік молшылығын жасағаны үшін «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен алғашқылардың бірі болып марапатталады. Агротехникалық шараларды жете менгеріп, білікті басшы дәрежесіне көтерілген Шин Хен-Мун басқарған колхоздың 1947 жылғы кірісі жоғары дәрежені көрсетеді. Ұжымның ерелі еңбектерін бағалап, 1948 жылы 28 наурызында СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Шин Хен-Мунға Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі. Колхоз төрағасы Шин Хен-Мунның бастамасымен клуб, мектеп пен көптеген тұрғын үйлер салына бастайды. Колхоз өндірісін өркендету, ауылды гүлдендіру және колхозшыларға қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайын тудыра білген, ел үшін аянбай тер төккен білікті басшы құрметіне 2008 жылдың мамырында аудан әкімі жанындағы ономастикалық Кеңестің ұйғарымымен Ескелді ауылындағы бұрынғы Новая көшесіне оның есімі берілді.

1938 жылы Калинин селолық Советі құрылған, оған 1938-1941 жылдары Ким Ян-Дық төрағалық еткен. Аталған ауылдық Совет 1953 жылдан 1966 жылға дейін Елтай, ал 1966 жылдан 1992 жылға дейін Тельман ауылдық Советі болып құрылды. Кейіннен Талдықорған облысы әкімінің 1995 жылдың 6 қазанындағы №1-6-ө әкімі негізінде



Ескелді ауылдық округі болып құрылды. Орталығы Ескелді ауылы. Ескелді ауылы аудан орталығы - Үштөбе қаласынан 12 шақырым, облыс орталығы Талдықорған қаласынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан.

Ескелді ауылының іргесінде ел-жүртты әулие деп таныған, үш ғасыр бойы есімін ардақтап, рухына сыйынып келе жатқан, жонғар шапқыншылығына қарсы соғысқан батыр, би, әулие, көріпкел болған Ескелді би Жылкелдіұлының зәулім кесенесі асқақтайды.

1992-2009 жылдары аралығында бұрынғы ауылдық Кеңестің төрағасы, көзіргі ауылдық округ әкімінің міндетін Елизавета Шин абыраймен атқарса, 2009-2014 жылдары аралығында Александр Огай (марқұм) басқарды. 2014 жылдары Қанат Байғабұлов, 2014-2016 жылдары Рұстем Бекбосынов округ әкімі болып еңбек етті. Ал 2016 жылдан бастап Қанабек Есботанов басшылық жасауда.

Округ аумағына Ескелді, Қызылжар, Көкдала, Қайнар ауылдары кіреді. Халық саны – 3128 адам, оның ішінде еңбекке жарамды адам саны – 2020, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны – 1928, экономика саласында жұмыс істейтіндер саны – 1887. Барлығы 22 ұлттың өкілі мекен етеді. Округте ұйғыр, корей ұлттық орталықтары ұлттық мәдени мұраларын дамытуда. Сондай ақ округте 3 орта мектеп, 3 фельшерлік пункт, Мәдениет үйі, балабақша, екі пошта бөлімшесі, «Үштөбе» ЖШС, 121 шаруа қожалығы бар.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Занының 29 - бабына сәйкес 29 көп балалы ана, оның ішінде «Алтын алқамен» 16-ы, «Күміс алқамен» 14-і наградталды.

Ауылшаруашылығы – ауылдың негізгі тіршілік көзі. Ауыл көлемінде -3654,97 га егістік, 9808,61 га жайылым жері бар. Еліміз егемендік алдып, жекешелендіру кезеңінде 121 шаруа қожалығы құрылдып, еңбек етуде. Елбасы тапсырмасы негізінде округте қант қызылшасын өсіру қолға алдынып, былтыр тәтті түбір 20 гектарға егілсе, биыл қызылша алқабы 30 гектарға жетті. Атап айтсақ, «Нұр.А.А» шаруа қожалығына қарасты 2 га қант қызылшасынан жақсы өнім алады деп жоспарлауда.

«Малдың жайын баққан біледі» демекші, төрт түлігін төлдетіп, ризығын селдегіп отырғандардың қатарында «Смайилов А.Ж», «Жұнісбаев Б», «Қакпақты», «Мәди», «Хасханов Р», «Жұмашев Р», «Байсымбаев М» шаруа қожалықтары бар. Бүгінгі күнге ауылдық округте ірі қара - 4300 бас, оның ішінде сиыр-2242, ұсақ мал-14015, жылқы-861, шошқа – 50 басқа жетті. Ал түгін тартса майы шыққан



жерді игеріп, егіншіліктің көрігін қыздырып, жоңышқа, соя егіп, қант қызылшасын қолға алып, бақша дақылдарын баптап, көкеністің тұртүрін өсіріп, аудан халқын қамтамасыз етіп отырған шаруашылықтар: Флора Те, Анатолий Аксенов, Айқын Мұқаш, Александр Скирда, Сергей Рем, Павел Рябых, Қабыл Абай, Руслан Хасханов, Нұрман Желдібаев, Жанат Мұсабаев тағы басқалары. Сол шаруашылықтардың ең ірісі-күріш өсіретін «Үштөбе» жауапкершілігі шектеулі серікtestікгі. Шаруашылықта Флора Васильевна Те басшылық жасайды. Ал қазіргі басшысы Арман Ахметбаев. Округте жалпы 861 гектар күріш өсірілсе, соның 558 гектары осы шаруашылықтың үлесінде.

2016 жылы салынған «Рем Сергей» шаруа қожалығының жылжайы қысы, жазы бір қалыпты ауаны сақтайды. және заманауи технологиялардың көмегімен, өсіресе сұық кездерде халықты жаңа піскен көкеністермен қамтамасыз етеді. Жалпы көлемі 89 шаршы метр аумаққа салынған 5 жылжайдан жылына 80 тонна көкеніс алынады.

Пайдасын тек өз басына ғана емес, ауыл аймағына тигізіп жүрген еңбеккор азамат Ақан Смаиловтың шаруа қожалығы 2006 жылы құрылған. 2015 жылдан бастап Ескелді ауылдық округіне қоныс аударып, бүгінде қанатын кенге жайған іргелінің бірі. Қожалықта 74 жылқы, 360 бас асыл тұқымды етті бағыттағы ірі қара өсіріледі. Сонымен қатар болашақта 60 бас сауын сиыр алуды жоспарлауда. Қоражайы заман талабына сай, аса ұқыптылықпен салынып, жабдықталған, үш адамды жұмыспен қамтып отыр. Қожалықтың иелігіндегі 143 га суармалы жердің 50 гектарына жоңышқа, 70 гектарына соя, 4 гектарына көкеністің барлық түрі өсіріледі.

Ауылдық округте кәсіпкерлікпен жүйелі айналысып, шағын және орта бизнесті дамытып, тек ауылдың ғана емес ауданның экономикалық дамуына айырықша үлес қосып, ауылда алғаш дүкен ашқан Равиль Тактаров(марқұм) болған. Бүгінде жұбайы Галина, ұлы Дмитрий, келіні Анна Тактаровтар кәсіпкер азаматтың ісін әрі қарай дөңгелетіп, бизнесің көрігін қыздырып отыр. Олардың иелігінде «Радуга» дүкені, кафе мен жаздық алаң, «Тамаша» мейрамханасы, ТЖО (СТО), шаруа қожалығымен қатар егіс алқабы бар. Әрдайым жүзіне нұр төгілген, жаны жомарт Галина Владимировна ауылдың мәдени, қоғамдық өміріне белсене араласып, үнемі демеушілік жасайды. Жалпы округте 8 саудасаттық дүкені болса, соның үшеуі округ орталығында орналасқан.

«Адека» дүкені 2017 жылдың желтоқсан айында ашылды. Айналасына заманауи, өрнекті төсөніштер төсөлгөн, әсем гүлзар көмкерген. Кәсіпкер Ләзат Желқобаеваның қаражатымен салынды. Жоба құны 25



млн. тенге. Екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Дүкенде азық-тұлік, жеміс-жидек, көкеністерден бөлек, тұрмыстық заттар да саудаланады. Жағдайы төмен, аз қамтылған және көп балалы отбасыларына арналған әлеуметтік бүрышы бар. Ал кәсіпкер Хасан Магамедовтың «Иман» дүкенінен тұтынушылар ет, сүт өнімдерін ала алады. Мұнда олар өздері өсіріп отырған ірі қараның сүті мен етін, яғни табиғи өнімді саудалауда.

Қызылжар ауылындағы Шоссейная көшесіне 11.033 тенгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргіzlді. Ескелді би ауылының I.Жансүгіров көшесінің екі жағына 2017 жылды қоршаулар орнатылды. Көкдала ауылы тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылды сумен жабдықтау жүйесі орнатылды.

Кәсіпкер Виктор Скирда 2018 жылдың ақпан айында жеке қаражат есебінен Қызылжар ауылында аптека, шаштараз, кафе ашып, халыққа қызмет көрсетуде. Округте заман талабына сай жабдықталған өз дәріханасы бар. Оның менгерушісі Екатерина Тян тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпкер Фалия Желқобаеваның «Диана» азық- тұлік дүкені бүгінгі күні ауылдастарын керекті азық-тұлікпен қамтамасыз етіп отыр.

Ел тыныштығын сақтау жолында күндіз-түні аянбай еңбек етіп келе жатқан тәртіп сақшыларына қолайлы жағдай жасау мақсатында Тәуелсіздік мерекесіне орай 2017 жылдың желтоқсанында Ескелді ауылдық округінің орталығында участекілік полиция пункті ашылды. Кішкентай балғындарға заманауи тәрбие мен білім беру жолында жуырдаған ашылған елу орындық «Айым» бебекжай - балабақшасында 17 адам еңбек етеді.

Ауыл мәдениетінің тізгінің ұстаған Айгүл Үркімбекова мен музыка жетекшісі Бақтинур Тохтахунова және Людмила Тен жетекшілік ететін кәріс әжелерінің вокалды және бишілер тобы ауыл мен аудандық мәдени шаралардың әрдайым басы-қасынан табылады.

Ескелді ауылының тұрғыны, саусағынан өнер тамған шебер Құләшхан Сәмет таза былғарыдан аяқ киімдер тігеді. Жасаған дүниелерін аудандық, облыстық, республикалық көрмелерге қойып, көшілік назарына ұсынып жүр. Былтырған Астана төрінде өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне қатысып, ауданның атын асқақтатып, мерейін тасытып қайтты.

Ескелді ауылдық кітапханасы 2007 жылы ашылған. Оқырман саны -615, кітап қоры-21212 дана. Кітапхананың іші заманауи құралдармен жабықталған. Кітапханашы Майра Әтібекованың ұйымдастыруымен



көптеген іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар кітапхана жанынан ашылған «Атамекен» потриоттық клуб мүшелерінің қатысуымен көрмелер, еске алу кештері, әдеби-сазды кештер, кездесулер, пікір таластар жиі өткізіледі.

Ескелді ауылының 21 орынға арналған фельдшерлік – акушерлік пункті 2017 жылы салынды. Жаңа әлеуметтік маңызы бар нысан заманауи құралдармен жабдықталған. Мұнда фельдшердік кабинет, екпе бөлмесі және акушерлік кабинет орналасқан. Кабинеттердің бәрі де толықтай жаңа аппараттармен жабдықталған. Білікті мамандар Татьяна Исакова, Сәулө Ахметова, Ольга Цой ауыл тұрғындарына қажетті медициналық көмек көрсетуде.

Р. Қошқарбаев атындағы орта мектебі 1937 жылы күзде «Дальний Восток» ауылында ашылды. Бірінші педагогикалық үжым 8 адамнан тұрды, мектеп директоры Цой Ден-Нен болды. 1968 жылы жаңа 3 қабатты мектеп қолданысқа беріліп, қазіргі күнде 229 оқушы білім алуша. Мұғалімдер саны-32. Мектептің қазіргі директоры – С.Жұнісова. Білім мекемесі республика, облыс, аудан бойынша бірегей корей тілін 1-11 сыныптарда міндепті пән реттінде оқытатын жалғыз мектеп болған. 1992 - 2009 жылдар аралығында мектепте Кореядан келген мұғалімдер жұмыс істеді. Корей мәдени орталығының қолдауымен Кореяға 11 мұғалім, 20 оқушы барып қайтты. Оның қабырғасынан 1875 түлек болашаққа жолдама алды. Мектептің әр жылдағы тұлектері арасында белгілі тұлғага айналғандар көптеп саналады.

Гурий Борисович Хан – философия ғылымының докторы, академик, Қазақ мемелекеттік заң академиясы кафедрасының менгерушісі, Қазақстан Республикасы президенттің жоғарғы тәртіп кеңесінің мүшесі. 1997 жылы Республикалық АҚК президенті. Табиғат және қоғам Халықаралық академияның академигі, «Достық» орденімен марапатталған.

Афанасий Дмитриевич Ли – профессор, Халықаралық Балтық педагогикалық Академияның академигі, I. Жансүгіров атындағы Талдықорған Мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры.

Юрий Алексеевич Ким - заңгер, Қазақстан Республикасы әділет министрі орынбасары қызметін атқарған.

Анатолий Андреевич Ким – мектепте 1947-1948 жылдары оқыған, жазушы, Москва қаласының Горький атындағы әдебиет институтын бітірген. Ресей Жазушылар одағының мүшесі. Оның шығармалары мектеп және институт бағдарламаларына енгізілген, Кітаптары 24



елде шығарылған. Корей, АҚШ, Жапония, Германия, Қазақстан, Ресей әдеби наградаларымен марапатталған. Осы топқа Михаил Пак, Валерий Шин, Нұсіп Сағадиевті жатқызуға болады. Күзде - 2018/2019 оқу жылында мектептің 80 жылдық мерейтойын тойлау жоспарланып отыр.

Лермонтов атындағы орта мектебінің жаңа ғимараты 2014 жылы салынды. Онда 148 бала білім алды. Білім ордасында 28 ұстаз енбек етеді. Мектепке Людмила Индюновна Котова басшылық жасайды. Мектепті бітірушілер арасында танымал ғалымдар, қоғам белсенділері, дәрігерлер, инженерлер және жұмысшылар бар. Олар: физика-математика ғылыминың докторы В.Н.Демидов, биология ғылыминың кандидаты Н.П. Иванов, медицина ғылыминың докторы И.В.Туляков, физика-математика ғылыминың кандидаты Б.А.Завалишин, т.б.

Балпық ауылдық округі

Балпық ауылдық округінің халық саны - 2442 адам, онда 404 отбасы тұрады. «Қаратал аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2014 жылғы 19 наурыздағы № 28-121 шешіміне сәйкес, округте жергілікті қоғамдастық бірлестігі құрылды. Жергілікті қоғамдастық 12 адамнан құралған. Округте сонымен қатар ақсақалдар, әйелдер Кенестері жұмыс жасайды.

Қасиетті Балпық әулие, Айту би бабалар мәңгілік тұрағын тапқан жерде орналасқан Балпық ауылдық округінен Тұтінбай Даулетияров, Ұмсынай Шорбаева, Төлеген Құлахметов есімді Социалистік Еңбек Ерлері шыққан. Аталарының халыққа, туған жеріне деңген сүйіспеншілігін еңбегімен жалғастыруши Қажымұрат Усенов, Нау-рыз Қылышбаев, Бақыт Смаилов сынды азаматтары бар. Округ аумағында ауданның Құрметті азаматы атағын иеленген - «Шапағат» медалінің иегері, дәрігер Мейіз Нұрқасымова, Михаил Тлеубаев, Қажымұрат Усенов, Раис Мұздыбаев, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Бақыт Смаилов, ақын жерлесіміз Сатыбалды Қазтаев (марқұм) округ мақтаныштары.

Округі тұрғындары мал және егін шаруашылығымен айналысады. Бұрынғы дүрілдеген қой совхозы тараپ, жеке шаруа қожалықтары мен шаруашылық серіктестіктеріне айналды. Округ аумағында төмендегідей ауыл шаруашылық субъектілері орналасқан: 19 жеке шаруа қожалығы, барлық алып жатқан жер көлемі - 8797га, оның ішінде



суармалы жер - 66 га, жеке шаруа қожалықтарының ішінде 5 шаруа қожалығы егістікпен, қалған 14-і мал шаруашылығымен айналысады. «Бақыт-Қаратал» шаруашылық серіктестігі асыл тұқымды (миронос) қой өсіреді. Оған 2012 жылдан бастап Серіжан Жексембиев басшылық жасауда. Серіжан Бақытұлы ауылымыздың экономикалық, әлеуметтік жағдайын көтерудегі өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі. «Қаратал» АҚ 2015 жылы республикалық сараптау рейтингісі бойынша «Жылдың кәсіпорны» атағы мен «Жыл кәсіпқойы» орденімен марапатталды, «2015 жылдың ең үздік басшысы» атты Ұлттық сертификат алды. «ТекеліАгроСервис» ЖШС негізінен егіншілікпен және көкеніс өсірумен шұғылданады.

Округ бойынша ірі қара малы -5176, жылқы -545, қой және ешкі -17224, құс - 6620 бас құрайды. «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 2015 жылы «Бұлан» шаруа қожалығы, «Жұнісов» шаруа қожалығы бағымындағы мал басын көбейту үшін қажетті мөлшерде субсидия алды.

Округте 2 орта мектеп және бір бастауыш мектеп бар. Оян ауылындағы жаңа 120 орынды мектеп 2013 жылы қолдануға берілді. Биылғы жылы Оян орталau мектебіне орта мектеп деп атақ берілді. Жаңаталап орта мектебінде бүгінгі таңда 228 оқушы оқып, 40 мұғалім қызмет атқаруда. Жаңаталап, Оян мектептерінде шағын балабақша орталықтары жұмыс жасайды.

Денсаулық саласына келсек, округте бір ауылдық дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік пункт бар. Жаңаталап ауылында 2014 жылы жаңадан дәрігерлік амбулатория қолданысқа берілді. Дәрігерлік амбулаторияда 2 дәрігер, 7 медбике халыққа қызмет көрсетеді. 7 кіслік күндізгі стационар жұмыс істейді. Есепте тұрған гипертония, демікпе т.б. ауруымен ауыратын адамдар профилактикалық тексеруден өткізіліп, тиісті дәрі - дәрмектерді алып отырады. Ауыл тұрғындарына жыл сайын жылжымалы рентген - флюорография мен «Денсаулық» автопоезды келіп, медициналық көмек көрсетіп отырады. Халықтың тұрмыстық жағдайы жақсарды, демографиялық өсім де жыл сайын ұлғаю үстінде.

Округ бойынша 2009 жылы Оян ауылындағы Асықбаев көшесі мен Жаңаталап ауылына кіре-беріс және Жамбыл көшесіне жарық шамдары орнатылды. Жаңаталап ауылындағы ашық стадионда футболдан спорт жарысы өтіп отырады. Спортты серік еткен жандар көп-ақ.

Алматы облысы әкімінің жыл сайынғы «Облыстың елді мекендерде көктемгі-кузгі санитарлық тазарту, көркейту, көгалдандыру айлығын



өткізу туралы» қаулысын орындау мақсатында ауылдық округтің елді мекендерінде көктем-күз айларында санитарлық тазалық сенбіліктері өткізіледі.

Округ бойынша сыртқы көрнекі үтіг құралдарын жаңарту немесе ауыстыруға (билбордтар мен аркалар) және ілу жұмыстарына жылда қаражат бөлініп отырды. Биылғы жылды «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жол жөндеу және шұңқырларды тегістеу жұмыстарына біршама қаржы бөлінді.

Округ аумағында Балпық әулие мен Айту би бабамыздың кесенесі, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған мемориалдық обелискі, Жаңаталап ауылында Балпық әулие мен Айту би мұсіндері орналасқан. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және қайта оралған жерлестерге арналып 2006 жылды салынған мемориалдық обелиск ескерткішіне 162 соғыс ардагерінің есімі жазылған. Демеушісі - Жаңаталап ауылының азаматы Қажымұрат Үсенов. «Мешіті жоқ ауыл-жетім» дегендей, екі ауылда да мешіт бар. Ауылда 2007 жылдан бері 16201 кітап қорынан тұратын кітапхана және ауыл клубы бар. Кітапхана мен ауыл клубында барлығы 4 қызметкөр жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерейтойына орай Жаңаталап ауылындағы мемориалдық - обелискеге бюджеттен қаржы бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2015 жылды Қазақ хандығына 550 жыл толуы аталаған өтті. Наурыз айында аудандық волейболдан өткен чемпионатта округ командасы 15 команда арасынан жүлделі бірінші орынды иеленді. Футболдан жасақталған екі команда аудан көлеміндегі жарыстарда жүлделі орындарды иеленуде. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы жоғары деңгейде өтті. Оян мен Жаңаталап ауылы тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Кейінгі ширек ағсырдың бедерінде ауыл әкімшілігі басшысы, мұнан соң ауыл әкімі міндетін Қ.Былшанов, Б.Жұманов, Ғ.Уәлиев атқарды. Ауылдық округтің қазіргі әкімі Р.Тасыбаев.

Округ бойынша 19 адам жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Әр ауылдың өз дүкені бар. Сыртқы және ішкі инвестиция бойынша «Қаратал» акционерлік қоғамы мен «Үсенов» шаруа қожалығы өздеріне қажетті техника сатып алды.

Жаңаталап ауылында 2012 жылды пошта бөлімі үшін жаңа ғимарат салынды. Бөлімшеде 3 адам қызмет етеді. Елді мекен тұрғындары байланыстың барлық түрімен қамтамасыз етілген. Округ аумағындағы отбасыларының жұз пайызы үй және ұялы телефонмен, интернетпен қамтамасыз етілген.



Жолбарыс батыр ауылдық округі

Ауданымыз киелі мекен болып танылғандығын бүгінде көшілік мойындаған, екі бірдей киелі де, ардақты әулие бабаларымыз Жолбарыс батыр мен Қарымбай әулие кесенелері Жолбарыс батыр ауылдық округінің аумағында орналаскан. Құтты мекенімізде соңғы он жыл көлемінде ауыз толтырып айтартықтай шараптар атқарылып, көптеген нысан бой көтерді. Елбасымыздың 2007 жылғы халыққа арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «100 емхана, 100 мектеп» салуды жоспарлағандығы айтылды. Бұл игі бағдарлама бойынша Кәлпе ауылында заман талабына сай емхана салынып, халық игілігіне берілді. 2013-2015 жылдар аралығында «Ақ бұлак» бағдарламасы негізінде Кәлпе, Қанабек, Қаращенген, Айдар ауылдарына орталық су құбыры тартылып, тұрғындар таза ауыз сумен қамтылды.

Кәлпе орта мектебіне күрделі, спорттық ойын алаңына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектеп ауласы абаттандырылып, білім ошағының сырты талапқа сай қоршалды. Кеңестік кезеңнен бері тозығы жеткен Қаращенген бағытындағы 8 шақырымдық тас жолы ағымды жөндеуден өтті. Шеткери жатқан Қаращенген ауылында 180 шаршы метрлік қос пәтерлі үй салынып, ауыл тұрғындардың өтініші бойынша жаңа нысан мектеп ғимаратына айналды. Қазір бұл білім ошағында ауыл балалары білім алуда. Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қанабек Байсейітов атындағы орта мектебінің спорт залына және мектептің шатырына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жасөспірімдердің алансыз білім алуына, спортпен шұғылдануына жағдай жасалды. Сонымен қатар, сахна тарланы Қанабек Байсейітов атындағы Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп ауыл тұрғындарының игілігіне берілді. Округке қарасты төрт ауылдың ушеуінде имандылық үйі - мешіттер бой көтерді. Кәлпе, Қанабек ауылындағы имандылық ошағын салған ауданымызға белгілі жомарт жандар Смаиловтар әuletі. Ал Қаращенген ауылындағы «Омар» мешітін салуға демеушілік жасаған осы ауылдың тұмасы Бауыржан Ахметов пен Жайлау Бласов. Мешітпен бірге құдайылық ас берілетін қатымхана да халық көnlінен шығатындей сапалы салынды. Кәлпе ауылында участекелік полиция инспекторына арналған қызметтік ғимарат бой көтерді.

Кәлпе ауылында қарымды қаламгер есімімен аталатын Кемел Тоқаев көшесіне күрделі жөндеу жүргізіліп, асфальт төселді және аббаттандыру жұмыстары жүргізілді.



Алматы облысы бойынша 2014 жылдан бері ерекші көңіл бөлініп, қолға алынып жатқан ауыл шаруашылық өнімдерінің бірі - қант қызылшасы. Кеңестік кезеңде қызылша өсіруден жоғары марапатқа ие болған азаматардың жолын құған, сол кісілерден өнеге, тәрбие алған азаматтар барышылық. Олар бүгінде зейнет жасына жетіп, өзінен кейінгілерге атаулы дақылдың қырсын менгерткендер: А.Бопышев, А.Байкөжеков, Т.Бұйрекбаев, Ж.Тезекбаев, С.Бұзаубақов және т.б. Қант қызылшасының көлемін өсіріп, сапасын артыру мақсатында 2015-2016 жылдары «Алға» сервистік және «Қаратал Агро» сервистік қызмет көрсету орталығы ашылды. Мемлекет тарапынан ұзақ мерзімге техникалар берілді. Соның нәтижесінде «Алға» сервистік орталығының басшысы, аудандық мәслихаттың депутаты болған марқұм Истатай Молжігітов кезінде мұндай қолдауды ұтымды пайдалана білді. Қатардағы шаруа қожалықтарына уақытылы егіс техникасымен көмек көрсетті. Қызылша дәні жерге уақытылы себіліп, мол өнім алуға мүмкіндік туды. Молжігітовтің шаруашылығы тәтті түбір көлемін 40 гектардан 100 га. көлеміне жеткізіп, әр гектарынан 600-700 ц. өнім алды. Облыс басшылығы тарапынан бұл азаматтың қажырлы еңбегі лайықты бағаланды.

Ол 2016 жылы ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаев пен Алматы облысы әкімі А.Баталовтың Құрмет грамотасымен марапатталды. Еңбекте озат атанған жан 2017 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденінің иегері болды. Шаруашылық тізгінің бүгінде зайыбы Гүлжан Молжігітова ұстап отыр. Әке тәрбиесімен шындалған қос ұлы Саят пен Ринат анасының қос қанатындей болып, әке атына кір келтірмей шаруашылықты қалыпты түрде жүргізіп отыр. Тектіден текті туады демекші, аудан бойынша кезінде алғашқылардың бірі болып кеудесіне Алтын жүлдіз таққан Күнжарық Құлшықбаев атамыздың немересі Талғат Күнжарықов ҚР Ауыл шаруашылығы министрі тарапынан Алғыс хатын иеленді. Бақыт Иманбаев облыс әкімі А. Баталовтың қолынан Алғыс хатпен марапатталды. Ал Бақытжан Асанов Қаратал ауданы әкімі тарапынан үздік қызылша өсіруші деген марапатты иеленді.

Жолбарыс батыр ауылдық округіндегі орталық шаруашылық Кеңестік кезеңде тәтті түбір дақылын 2000 гектарға егіп, облыс деңгейінде үздіктер қатарында болған. Осы дәстүрді ұстанған ауыл еңбеккерлері бүгінде аудан көлемінде қант қызылшасы бойынша алдынғы қатарда. Ауыл диқандары қант қызылшасын өсіруді Көксу қант зауытының жағдайы тұралап тұрған жылдары да тастамаған



болатын. Тәтті түбір осы аймақтың төл дақылы. Соңғы бес жылда қант қызылшасының көлемі 220 гектардан 780 гектарға артты. Бұл ауылдағы шаруа қожалықтары мен дикандардың қажырлы еңбектерінің арқасы деп бағалауымыз қажет. 2014 -2018 жылдар аралығында сервистік қызмет көрсете орталықтарының техникаларын есептемегендеге, жеке шаруа қожалықтары өз тараптарынан 13 МТЗ тракторын және 9 тіркеме техникасын алды. Бұл біздің дикандардың жерді жете қадірлей білгендігінің белгісі. Округ еңбеккерлері 2016 жылы қажырлы енбегі үшін аудан бойынша ең үздік округ деп танылды. Округ әкімі Сержан Андасбаев бұл жетістік округ тұрғындары мен еңбеккерлерінің ауызбірлігі және еңбексүйгіштігінің нәтижесі деп бағалайды. Диқаншылықпен қатар Ж.Тезекбаев, Д.Құлдыбаев, Ш.Ідірісова, Ж.Тасыбаев, Н.Жолдыбаев мал шаруашылығын өрбітіп отыр.. Аталған шаруа қожалығы жетекшілері 2013-2017 жылдар аралығында «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары бойынша етті бағыттағы асыл тұқымды мал өсіріп, ортақ игілікке өз үлестерін қосып отырған еңбеккерлер.

Карты бар үй - қазыналы үй деп бекер айтылмаса керек. Кәлпе ауылшының тұрғыны, 102 жасқа аяқ басқан Зәуре Баева әжеміз бүгін де тың. Сәлем беруге барған жандарға қашанда жаңылмай-ақ батасын беріп отырады. Тұрғындар арасындағы көптеген мәселелерді ақсақалдар мен әйелдер Кеңесі және қоғамдық Кеңес арқылы шешіп отыру бүгінде қалыптасқан жағдай. Ақсақалдар алқасының төрағасы болған Құлән Нұрқашев /2007-2015 жылдар/ ауылшызыныңabyz ақсақалы. Бүгінде ақсақалдар Кеңесіне Жанәділ Бейсембаев төрағалық етеді. Қанабек ауылшындағы қоғамдық Кеңес мүшесі Тілеуғали Бұйрекбаев қария қашан да қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін белсенді азаматтың бірі. Округіміздегі сыйлы қариясы Сүлеймен Андасбаев 2018 жылы Республикалық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, облыс әкімінің Алғыс хаты мен бағалы сыйлығының иегері болды.

Округ аумағында екі орта, бір орталу мектепте талапты оқушылар білім алуда. Ұстаздық шеберлігімен көптің құрметіне ие болып талай балауса жастарды білім нәрімен сузыннатқан ұстаздар: Мартай Өтегұлова, Қалила Қапезқызы, Сәуле Малайсаринова, Айгүл Азбаева, Қайшекен Дәуталінова, Құләнда Өнгенбаева, Сырғабала Медетбекова, Әзина Қожантаева мектеп түлектеріне өмірден өз жолдарын табуға бағыт бағдар бере білген жандар. Білім саласында қырық жылға жуық еңбек еткен «Ы.Алтынсарин» атындағы төс белгісінің иегері



Тілеуken Шаймұқанов ағаның орны тіпті бөлек болатын. Жоғарыда аталған ұстаздар бүгінде құрметті зейнет демалысында. Алдыңғы толқын ағалар мен апайлардың ізін басып, қажырлы еңбек етіп, аудан, облыс, республикалық деңгейлерінде өткізіліп жүрген білім сыйистарында шәкірттері жүлделі орындарға кол жеткізіп жүрген ұстаздар қатарынан Алмахан Шәкиева, Алма Бұтінбаева, Мейменхан Жұмаділова, Фалия Бұханова, Ұлтуған Қоңырбаева, Шолпан Сқанова көрінуде. Сондай-ақ жауапты істі қажырлылықпен атқарып жүрген МДШО бар Кәлпе орта мектебінің директоры Айгүл Нұрасылова, МДШО бар Қанабек Байсейітов орта мектебінің директоры Элия Тұрлыбекова және Қаращенген орталу мектебінің директоры Раушан Кенебаева есімін мақтанышпен айтқан жөн.

Кәлпе ауылындағы 2010 жылды заман талабына сай салынған дәрігерлік амбулатория округтегі шапағатты орынның бірі. Бүгінде бұл емханада 12 адам халыққа қызмет көрсетіп, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуде. Ұзақ жылдар медицина саласында үздіксіз еңбек етіп, бүгінде құрметті демалысқа шыққан ақ халатты абзал жандар: Қаби Молдабайұлы, Тамара Есханина, Сара Есқалиева, Зәуре Асанова, Текен Құрмансейітова, Рысбала Садықова, Роза Кожабергенова, Баян Сегізбаева әркез құрметке лайықты жандар.

Округіміз бойынша өнер мен ғылымда айтарлықтай жетістікке кол жеткізіп жүрген жерлестеріміз баршылық. Қаращенген ауылының тумасы, генерал майор, «Айбын» орденінің иегері, Қаратал ауданының құрметті азаматы Тимур Дандыбаев бүгінде Қазақстан Республикасының қорғаныс саласында басшылық қызмет атқарады. Сонымен қатар «Әскери зангерлер» бірлестігіне терағалық етеді.

Округте дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын ғибратты шаралар жеткілікті. Байтақ еліміз үшін ерекше мейрам Наурыз мерекесіне орай Қанабек ауылында жыл сайын 3-5 наурыз аралығында өткізілетін концерттік бағдарлама. Ауданымыздың құрметті азаматы, осы ауылдың тұлегі Мәрлен Көлбаевтың үйітқы болуымен қолға алынған Аналар мерекесіне арналған бұл мәдени кеш биылғы жылы қатарынан он үшінші рет өтті. Аталған шараның ұрпақ сабактастығын жалғастырудағы, туған жерге туын тігудегі маңызы жоғары.

Әр жылдың мамыр айында округіміздегі жас спортшылардың басын қосатын футбол, волейбол турнирі өтеді. Ауылдың перзенті Серік Абдықазыровтың демеушілігімен өтетін дәстүрлі дода салауатты өмір салтын насиҳаттауға бағытталған. Абдықазыровтар әuletі осы Қанабек ауылында ұстаз болып, көпке үлгі бола білген



ардақты әкелері Қажымұқан Абдықазырұлын еске алу мақсатында тұрақты түрде ұйымдастырылады. Оған аудан көлеміндегі ауылдар мен көршілес Көксу ауданы іргелес ауылның жастары қатысады. Отбасының қазіргі ұйытқысы болып отырған батыр анамыз Мағрипа Баймұханбетова апамыз дәстүрлі түрде өтізіліп отырған спорттық жаистарда жастарға қашанда ақ батасын беріп отырады.

Бұқаралық спортты дәріптеуге арналған тағы бір бәсекенің бірі-еркін күрестен «Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы» атағының иегері болған – Қанат Арынбаевты еске алуға арналған еркін күрес сайысы. Бірнеше жыл жоғары деңгейде өткізілген жарыс болашақта талай өреннің бағын ашатын аламанға айналады деген сенім мол. Жарыс Қанат Арынбаевтың кезінде шындалап тәрбиелеген шәкірттері мен ұлдарының ұйымдастыруымен өткізіліп отыр. Ат тұяғын тай басар демекші, қазіргі танда Қанаттың үлкен ұлы Төлеген әке жолын қызметтеді, балауса жаистарды еркін күреске баулып жүр. Төлегеннің тәрбиелеген шәкірттері аудан, облыс, республика деңгейінде өткізілген сайистарда жүлделі орындарға қол жеткізуде. Сондай шәкірттерінің бірі Бекзат Әмірханов спорт шебері атанды.

Биыл Кәлпе аулының ұланы Қайрат Рыскұловты еске алуға арналған желаяқтар жарысы ұйымдастырылды. Жұғіруден өткен сайысқа жаистар мен ардагер спортшылар қатысты. Салауатты өмір салтын дәріптеуде маңызы зор саналатын бұл сайыс та дәстүрлі түрде өткізілетін болады. Сауда және өндірісті қатар алып жүрген білікті кәсіпкердің бірі - Жайлаубек Бласов қазіргі танда ауданымыздағы белсенділердің қатарында. Қолға алған кәсібін ұқыпты жүргізіп, біраз азаматты жұмыспен қамтып отыр. Ол 2016 жылы республика деңгейінде кәсіпкерлер арасында ұйымдастырылған байқауда «Ұздік ұйымдастырушы» номинациясы бойынша марапат иегері атанды.

Ерлан Аңдасбаев - Кәлпе орта мектебінің тұлегі. Техника ғылымдарының докторы, профессор, «Халықаралық ақпараттандыру Академиясының» академигі, Ресей жаратылыстану Академиясының «Еңбек және білім саласындағы үздігі» орденінің, «Вильгельм Лейбниц» медалінің иегері. Физика саласындағы алты оқулықтың, 110-нан астам монографиялық еңбектің авторы. Қаратал ауданының құрметті азаматы.

Мәрлен Көлбаев - Қанабек орта мектебінің тұлегі. Қаратал ауданының құрметті азаматы, экономика ғылымдарының доценті, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры. Ілияс Жансүгіров атындағы білім ордасында басшылық қызметтер атқарған Мәрлен



Қапашұлы сонымен қатар, құқық қорғау органдарында да өнімді еңбек етіп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай тер текті. Бүгіндегі Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып отыр.

Владимир Елисеевич Ким - 1927 жылы Ресей Федерациясына қарасты Приморье өлкесінде дүниеге келген. 1937 жылы Қеңестік саясат салдарынан Қаратақ өңіріне, қазіргі Ескелді ауылдық округіне жер аударылған. Осында орталau білім алыш, шаруашылықта малшы болып еңбек етеді. 1942-1952 ж бүгіндегі Еңбекшіқазак ауданы Қаракемер елді мекенінде ауыл шаруашылық техникумында білім алған. Бойындағы қабілетіне сай «Достижение ауылы клубына жетекшілік» етіп, сонымен қатар мектепте ән - күй сабағынан жеткіншектерге білім береді. 1962-1983 жылдар аралығында Қазақстан мектебінде музика пәнінен сабак беріп, талай жасты музика өнеріне баулыды. Аудан көлемінде алғаш болып үрмелі аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Одақ деңгейіндегі бірнеше өнер байқауларында бақ сынап, жүлделі орындарды иеленген. Ол «Еңбек ардагері», Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған мерекелік медаль, «Қаз ССР-нің білім беру үздігі» төс белгісінің иегері атанды. 1990 жылы Пхеньян қаласында өткен Халықаралық фестивальға қатысып, бағалы сыйлықтарға ие болған. Сеул қаласында 2007 жылы өткен салтанатты жиында «Мэдениет пен білім саласындағы жетістіктері» атты марапатты иеленген. Құрамында 10 адамнан тұратын отбасылық ансамбль шетелдерге барып, өнер көрсетіп, жүлделі орындарға қол жеткізді. Жерлесімізге 2003 жылы Жезқазған қаласының құрметті азаматы атағы берілген. Қазір Жезқазған қаласындағы кәріс фольклорлық ансамблінің жетекшісі.

Талғат Сембаев – өнердегі тағы бір дарынды жерлесіміз. Қазір оның аудында дүние есігін ашқан. Өнердегі ұстазы Ким Владимирдың ізін жалғап, ансамбль құрды. Негізі 2007 жылы қаланған «Сембаевтар отбасылық ансамблі» ауданымызға ғана емес, облысымызға да кеңінен танымал. Бес адамнан тұратын өнер ұжымы «Отбасы – алтын діңгек» секілді көптеген байқауларда үздік деп танылған. Аталған өнер ұжымына «Халықтық» атағы берілді. «Сембаевтар халықтық ансамблі» бүгін де өнер сүйер қауымның құлак құрышын қандырып, көрермен көзайымы болып жур. Композитор деңгейіне көтерілген Талғат Сембаев бүгіндегі күнде қырыққа тарта әсем әннің авторы.

Мұратхан Тұраев – 2006 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде білім алыш, 2010 жылы аталған оқу ордасының магистратурасына түсken. Философия ғылымдарының магистрі. Оқуын



тәмамдағаннан кейін жүз жылдық тарихы бар өңірлік «Жетісу» газетінде еңбек жолын бастады. 2015 жылдан аймағымыздың басты телеарнасы саналатын «Жетісу» ұжымында спорт тілшісі қызметін атқарып келеді. «Жетісу» телеарнасындағы «Спорт-Тайм» бағдарламасының редакторы. 2017 жылы Алматы қаласында студенттер арасындағы Халықаралық универсиададан, Алматы қаласында су добынан өткен және тағы да басқа сайыстардан репортаждар жүргізді.

Округіміздің ендігі бір мақтанышы, аға буын өкілі «Жетісу» телеарнасының бас редакторы қызметін атқаратын, «Жәдігер», «Иманашар», «Шаңырақ», «Талқы» бағдарлама жобасының авторы, беделді тележурналист, имандылық пен адамгершілік тақырыбында бірыңғай қалам тербел келе жатқан көсемсөзші, «КР мәдениет қайраткері» Жұмахмет Жайлаубаев. Облыстық Б.Римова атындағы драма театрының сахна сәнін келтіріп жүрген актриса Ақмарал Төлеуова мен күміс көмей дәстүрлі әнші Құралай Шаяхметова да өнерлі қыздарымыздың бірі.

Тәуелсіздігімізге қол жеткізген бергі кезенде ауыл әкімшілігі басшысы, ізінше ауыл әкімі қызметін әр жылдары Қ.Қалдарбекова, Ж.Тасыбаев, С.Арғымбаев атқарды. Ауылдың қазіргі әкімі С.Андасбаев.

Айту би ауылдық округі

Ауасы таза, сұы тұнық, даласы кілем, аспаны көк, алтын бесік – ауылдың ел руханиятында алар орны ерекше ғой қашан да. «Ауылым – алтын бесігім» деп тегіннен айтылмаған. Қазақтың занғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Естеліктер арқылы елдің ардагер ұлдары өз халқымен бірге өмір сүреді», - деген екен. Соңғы он жыл ішінде округ аумағында біршама іс-шаралар атқарылды. Айту би ауылдық округі 1995 жылы құрылған. Округте 4 елді мекен, 279 тұрғын үй бар. Ауылдық округ 1982 жылы «Бірінші май» ауылдық Кеңесі болып, Жаңаталап ауылдық Кеңесінен бөлініп шықты. Алғашқы төрағасы Төлеген Шәріпбаев /1982-1985 ж./ болды. Мунан кейінгі жылдары Нұржан Сәмбетов /1986-2003ж./, Жекен Теберіков /2004-2005ж./, Берік Абаков /2005-2014ж/, 2014 жылдан бастап Бопы Батырбаев басшылық етуде.

Ауылдық округ аумағында 4 елді мекен: Қекпекті, Жасталап, Айту, Қожбан ауылдары бар. Халқының саны - 1578 адам. Округте 3 мектеп, 4 дәрігерлік пункт, Мәдениет үйі, 2 кітапхана жұмыс істейді. Жердің жалпы көлемі 47 992 гектар, 1820 гектар жер мемлекеттік орман аумағына жатады. Округ бойынша 156 шаруа қожалығы және 2 ЖШС «Агрокомплекс Нұрлы» және «АгроЭнергетика» жұмыс жасайды.



Ауыл шаруашылық бөліміне 52-ШҚ субсидияға құжаттарын жинап, өткізді. Округ бойынша барлық ірі қара малдың саны - 3 800; қой-ешкі – 12900; жылқы – 965; құс – 9960, төрт мал дәрігері қызмет атқарады. Мал басын электронды базаға енгізу жұмыстары уақытында жүргізіледі.

Айту би ауылдық округі әкім аппаратында штат кестесіне сай 10 адам жұмыс істейді, оның 5-і мемлекеттік қызметкер. Оның ішінде Айнур Рысбекова мен Гүлнар Ошақбаева 10-15 жыл абыраймен қызмет атқарып, ел құрметіне бөлленген мамандар деп айтуға болады.

Береке, ырыс, бақыттың көзі – еңбекте. Ауыл шаруашылығы саласында егіншілікпен айналысатын шаруа қожалықтары берілген жоспар бойынша қант қызылшасын, жаздық бидай, көкөніс, бақша дақылдары, күнбағыс, арпа, май бүршақ егіп отыр. Округ бойынша 18 шаруа қожалығы соңғы жылдары қант қызылшасын егумен айналысып жүр. Олар Көксу қант зауытымен келісім шарт жасасып, күзде алған өнімдерін өткізеді. Үкімет тарапынан оларға арзандатылған бағамен тұқым және минералдық тынайтқыштар беріледі.

Округте биылғы жылды мал басының өз төлі есебінен өсімі байқалды. Мал басы 2008-2018 жылдары 20-30 пайызға өсіп отыр. «Аяжана» шаруа қожалығы иесі Әбдірасіл Меркулов «Құлан» бағдарламасымен 46 бас жылқы алды. «Жалдыбаев» шаруа қожалығының иесі Оразғали Жалдыбаев мал басын асылдандыру үшін «Сыбаға» бағдарламасымен субсидияға алған қаражатқа 40 бас сиыр, 2 бұқа алып және мемлекеттік бағдарлама бойынша бір құдыққа тапсырыс беріп, іске қосты. «Нұсіпқожанов» ШҚ-ның иесі Ақаділ Нұсіпқожанов 4 млн теңгеге «Алтын асық» бағдарламасы бойынша тапсырыс беріп, 150 бас саулық және 6 асыл тұқымды қошқар алды. «Көдек» шаруа қожалығы «Құлан бағдарламасы» бойынша құжаттарын өткізіп, 20 бас жылқы алып отыр. «Өмірбаев С» шаруа қожалығы иесі Өмірбаев Сыдық бауырларымен бірігіп, асыл тұқымды 50 бас ірі қара алып, мал басын асылдандыруда. Қожбан ауылдың тұрғыны «Асқабыл Айбек» шаруа қожалығы басшысының мал шаруашылығымен айналысқанына бірнеше жыл болды.

Ауылдық округте 2018 жылды «Ұлан Қаратал» ЖШС – сервистік дайындау орталығы ашылды. Оның иесі М.Көпенов арнайы қант қызылшасын өндейтін технологиялық комплекс алу үшін әлеуметтік-ұлттық «Жетісү» компаниясы арқылы ауданға 110 млн теңге инвестиция тартып, 14 ауыл шаруашылық техникасын алды. Қант қызылшасын



жинайтын «Кляин» комбайнына тапсырыс берілді.

«Ремкапстрой» ЖСШ-і, «КазАгро – Инвест Қаратал» ЖСШ-нің аумағында жоспар бойынша электр желілерін, су және көріз жүйесін тарту жұмыстарын жүргізді. Қазіргі кезде әрқайсысы 10 квт КИП – 3 ұзындығы 4,3 шақырымды құрайтын екі желі тартылды.

Ал, Алмас Өрісбаев болса сүт бағытындағы «Көкпекті май-сүт» ауыл шаруашығы кооперативін ашып, тұрғындарға қызмет көрсетіп отыр. «Агробизнес -2020» бағдарламасымен аясында «Агроинвест Қаратал» ЖШС 3 000 басқа арналған мал бордақылау комплексі және ет өндіру цехы жобасын іске асыруда. Аталған комплекс толығымен іске қосылығанда 120 адам жұмыс орнымен қамтылады деп жоспарлануда.

Оругте егін, мал шаруашылығымен айналысып, ортақ игілікке өз үлестерін қосып жүрген тұрғындар: Томтанов Сейтжан, Тоқтарбаев Ринат, Жексенбаев Өміртай, Камалов Төлеуғали, Тұрсын Қажы, Мұсахан Парыда, Қылышбаев Женіс, Жанысбаев Бабай, Қабдырхман Шорман, Өрісбаев Алмас, Нұркешов Ерлан, Тұсіпхан Қанат, Әлішева Құнсұлу, Қамза Бөденбек, Ақыметқали Елубай, Бейсенбаев Талғат, Молдабаев Мұхтар, Қашқынбай Женіс, Еренғайып Қайрат, Ғалиев Рысбек, Ұзақов Құдайберген, Омаров Қажынұр, Рысбеков Оразхан, Байболатов Бейқұтменде, Қызырбаев Жұматай т.б.

Әлеуметің шешілсе – әлеуетің өседі. Жасталап ауылдының ауыз су жүйесінің құрылышына 2015 жылы 60 млн.тенге бөлініп, 56 тұрғын үйге ауыз су кіргізілді. Көкпекті мен Қожбан ауылдары да таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Жасталап ауылды маңындағы Үштөбе-Көпбірлік автомобиль жолының бойындағы апатты жағдайдағы көпірдің орнына жаңа көпір салынды. Сондай-ақ, Айту ауылдына ауыз су жүйесін кіргізу жұмыстары басталып кетті. Оған 227 млн тенге бөлінді.

Елді мекен тұрғындарының жұз пайызы телефонмен, интернет-пен қамтамасыз етілген. Округтің демографиялық жағдайы да көңіл куантарлықтай. Ауылдың 50 шақты алтын құрсақты анасы Елбасы Жарлығымен «Алтын алқа» және «Құміс алқамен» наградталған. «Қариясы бар елдің – қазынасы бар», - деп дана халқымыз айтқандай, аядай ғана ауылдың баға жетпес қазынасында болып отырған абыз ақсақалымыз Балтабай Ғалиев. Тек ауылдың ғана емес, күллі ауданның жанды шежіресі болған Балтабай атаны ауданның түкпір-түкпірінен іздел келіп, тағылымға толы риясыз әңгімесін ықыластана тындал, рухани азық алып кететіндер аз емес.



Ауыл тұрғындарының рухани әлемін байытып, әсіресе жастарды теріс қылыштардан сақтандырып отыратын Қоғамдық кенес мүшелері, ақсақалдар алқасы (төрағасы Р.Өтегенов), Аналар кенесі (төрайымы Г.Дүйсекенова) тұрақты жұмыс істейді.

Округте Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған мемориалдық обелиск пен екі мешіт бар. Қожбан ауылының азаматы Исатай Рамазанов Астана қаласына көшіп барып, Елорданың көркейуіне үлесін қосып, цемент, кірпіш зауытын салып, туып өскен ауылына өз қаражатына мешіт салып берді.

Ауылдың қалталы азаматтарының жеке қаражатымен салынған Көкпектідегі сәулеті ерекше үлкен мешіт алыстан мен мұндалап ауыл ажарын айшықтаپ тұр. Бұған қоса, аядай ғана ауылда бой котерген, заман ағымына сай, хан сарайында болып жарқырап тұрған коттедж үйлердің өзі округ жұртшылығының еңбекқорлығын және әлеуметтік жағдайының едәуір ілгерілегенінің бұлжытпас дәлелі іспетті. Жұмыла котерген жүк женіл дегендей, 2018 жылы 25 мамыр күні «Ауылым – алтын бесігім», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Тұған жерге туынды тік» жобасы аясында ауыл әкімдігінің жанында орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналып жасалған ескерткішке округ әкімі, ауыл тұрғындары мен жастардың қолдауы арқасында (800 мың теңге көлемінде) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аудан әкімінің орынбасары Қ.Қасымовтың қатысуымен ашылу салтанаты болды. Оған мұрындық болып, атқарылған жұмыстардың басы-қасында болған: Ермек Ахметшенов, Женіс Жанысбаев, Арай Дүйсекенов, Абзал Өтегенов, Самат Тайбаев, Әлішер Зәкірұлы, Есбол Қадіrbай, Сұраубай Қайратұлы, Ілияс Имашев, Омарбек Еркін, Ақмерген Ғалым, Өмірзак Солтанбектерге халық ризашылығын білдірді. Көкпекті ауылдың тұрғыны Рақымғали Өтегенов болса өзінің жеке кітапханасынан аудандық кітапхана қорына 200 кітап сыйлады.

Тек ауданға емес облысқа танымал кәсіпкер, «Дәубай» ШК, «Агро-комплекс Нұрлы» ЖШС-нің басшысы Қанат Зорбаев облыс, аудан әкімдігінің Алғыс хаттарымен, «Астана қаласының 20 жылдығы», Ауган соғысының ардагері - Берік Сәбір «Ерлігі үшін», мемлекеттік қызметті мінсіз атқарғаны үшін Рақымғали Өтегенов «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

Ғылым мен білімнің қайнар бұлағы, даналықтың бастауы – кітап десек, Айту би округінде 3000 кітап қоры бар кітапхана жұмыс істеп тұр.



Біліктілік – білімнен басталады. «Қазіргі таңда окушылардың білім деңгейлері мектеп бағдарламасымен шектелмей, окушы жанжақты жаңа технологияны менгерген, жаңа заман талабына сай адам болуына міндеттелген ...» - деп Елбасы Н.Назарбаевтың жаңа Жолдауында білім беру саласына аса үлкен назар аударылды. Мектеп ұстаздары мен окушылары Елбасы Жолдауынан туындастырылған тапсырмаларды жүзеге асыруға бір кісідегі жұмылып, шығармашылық мақсаттағы ізденісті істерін сенімді түрде жалғастырып, айтулы табыстарға қол жеткізіп келеді. Соның дәлелі ретінде ұстаздарымыз берілген окушыларымыз түрлі өнер, білім байқауларына қатысып, өздерінің бәсекеге қабілетті екендіктерін көрсетуі.

Айту би ауылдық округінде бір орта, бір орталу, бір бастауыш мектеп бар. Онда 174 бала білім нәрімен сусындауда. Ж.Молдағалиев атындағы білім ордасында мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс жасап, оған бүтінде 25 бала қамтылып отыр. Ағымдағы жылды атальмыш білім шаңырағы спорт залының едені жаңартылды. Атальған білім мекемесі (Мектеп директоры Сәуле Үсенова) биылғы жылды ҰБТ-ден 82,8 балл (аудан бойынша орташа балл 72,0) жинап, аудан мектептерінің көшін бастады. Қожбан ауылында мемлекет пен жеке меншік әріптестігі жобасы аясында заман талабына сай 20 орындық бастауыш мектептің іргетасы қаланды.

Округте саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған, біліктілігі жоғары, білім беру саласында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан ұлағатты ұстаздар қауымы аз емес. Солардың бірі физика пәнінің мұғалімі Ольга Ни 2015 жылды Елбасының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ізінше «Қаратал ауданының жыл мұғалімі – 2015» атағын да женіп алды. Жас буынның математикалық сауатын ашып, есептің қыр-сырын үйреткен М.Ақпанбаева «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі М.Нұртаева КР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен марапатталды. Округ ұстаздарының бұдан өзге де ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері, жағымды жаңалықтары жетерлік. Бала бойындағы қабілетті ұштап, шәкірттердің сүйікті ұстазына айналған жас ұстаздарымыздың бірі-география пәнінің мұғалімі Е.Дандыбаев облыстық «Педагогикалық дебют – 2016» байқауында жүлделі II – орынды иеленді. Шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты, ой өрісі биік, парасатты, өзіндік авторлық жаңашыл идеясы бар ұстаздарды анықтау мақсатында жылда дәстүрге айналған аудандық «Жылдың үздік мұғалімі-2018» байқауында бас жүлдені женіп алды.



Оқушылар да жыл сайын аудандық, облыстық, республикалық өнер, білім байқауларында жүлдегерлер қатарынан табылуда. Соңғы 10 жылдың көлемінде 3 мектеп бітіруші «Алтын белгі», 2 түлек ерекше үлгідегі «Үздік аттестат» иегерлері атанып, ауыл мақтаныштарына айналып үлгерді.

Дені саудың – жаны сау. Округ бойынша бір ФАП, 3 ФП жұмыс істейді. Қызметкерлер саны – 8. Жылына екі рет жылжымалы амбулатория келіп, округ тұрғындарына қызмет көрсетеді. Медицинаның әр саласы бойынша мамандар тұрғындарды қабылдап, ем қолданып, ақыл-кеңестерін айтЫп, УЗИ мен флюорографиялық түсірімдер жасалынып отырады. Осы салада Айнажан Теміргалиева, Төкен Қожахметова, Эльвира Кәкімжанова, Анар Майлинова, Шекерхан Алпысбаева, Тынышты Әбішова ұзақ жылдар бойы мінсіз қызмет атқаруда.

Өнерлі елдің - өресі биік. «Ел іші – өнер кеніші» дегендей, оң бойына бірнеше өнерді ұялатқан Мая Керімбаева ауылдық Мәдениет үйінің тізгінін ұстап отыр. Аудандық байқаулар мен мәдени шараларға белсене қатысадын әжелер мен аталар ансамблі және әншілер мен бишілердің өнері көпшілік көңілінен шығып, тиісті марапаттарды иеленіп жүр. Кішкентай ауылдың «Әжелер» ансамблі облыстық «Жетісу» телеарнасының «Болмыс» бағдарламасының арнайы қонағы ретінде қатысып, бекзат өнерімен облыс жүртіштырылысын тамсандырып қайтты. Өнерлі әжелерден рухани азық алыш, тағылымды тәлім көрген ауылдың өнерлі жастары да әртүрлі деңгейдегі байқауларда топ жарып, үздіктер қатарынан табылды. Элия Шалова, Биқадиша Құрмашева, Құнсұлу Әлішева, Оразхан Қасенова, Айгүл Ибрағимова, Зәмзагұл Бадигұлова, Қабдул Зейнеп т.б. осы әжелер ансамблінің белсенді мүшелері.

Көкпекті ауылдың тұрғындары Рахымғали Өтегенов пен Гұлсім Есентаева облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, облыс әкімі А.Баталовтың қолынан Алғыс хат алыш, бағалы сыйлықпен марапатталды. Жетпістен асса да гармонь аспабын жетік меңгерген Тұрсын Құрманбекова 2017 жылы облыстық «Карттардың да бар өнерге таласы» байқауына қатысып, бірінші орынды иеленді.

Ағаштан, ағаш тамырларынан жануарлардың, аң-құстардың мұсінін, әртүрлі кәде сыйлар жасайтын Қанат Қаламбекұлының қолынан жасалынған туындылары таңдай қактырлықтай деңгейде. Бір түбірге 10-нан аса: адам, жылқы, түйе, бүркіт, жарқанат, қоян, жылан, тасбака, қасқырдың мұсіндері әдемі үйлесім тауып, орналасқан.

Ауыл-аймақ жүртшылығының өтінішімен қыз жасауын әзірлейтін шебер, тігінші, сынықшылық қасиеті де бар Сәния Шалова, емшілігі мен қол өнер шеберлігі бар Фарида Мұсаханова да ұлттық өнеріміздің көсегесін көгертуде.

Салауатты өмір – ақжарқын қөңіл. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда округтің дарынды спортшылары Мирас Ертанов, Илияс Нұсіпбаев, Қайсар Пернебектер халықаралық, республикалық турнирлер мен жарыстарда топ жарып, туган ауылдының мерейін асқақтатып жүр. Жастығына қарамастан Алматы облысы Қазақстан жастар құрамасының мүшесі атанып үлгерген Илияс 2017 жылы Тараз қаласында өткен қазақ күресінде «Қазақстан чемпионы, спорт шебері» атағына ие болды. Халықаралық турнирде күмістен алқа тақты. Ал Мирас Ерболұлы Алматы облысының 6 дүркін женімпазы, Қазақстан Республикасының екі дүркін күміс жүлдегері. Кожбан ауылдының түлегі Сымбат Нұркешова жастар арасында республика біріншілігінде топ жарып, Азия чемпионатында бас жүлдеге ие болған.

Облыстың, ауданының құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев ағаның «Уақыттарынды өткізіп алмай, қамшының сабындағы қысқа өмірдің тәттісін де, ләззатын да адал еңбекпен ертерек тауып, қызығына қану, тек өздеріңе ғана байланысты. Сананы аздырмау, ұрпақты тоздырмау аманаты да сендерге жүктеледі», - деген қанатты сөзі жастар үшін ақыл қазынасы іспетті.

Тастөбе ауылдық округі

Алланың құдіретіне, табиғаттың жаратылсына тең келер күш болған ба бұл өмірде! Мұны айтып отырған себебіміз, Қаратал мен Көксу ауданының шекарасына таяу орналасқан, әрқайсысы дерлік атты кісінің биіктігіне пара-пар, сандықтас секілді қаланған қызығылт, қоңыр түсті жақпар тастардан тұратын Тастөбе Қараталдың осы бір иінінде ерекшеленіп-ақ көрінеді. Неге десеніз, көз жетер жақын төңіректе табиғаттың мұндай таңғажайып құбылсының жолықтыра алмайсыз. “Көлдің орны – құрғамас”, дегендегі, аргы-бергі заманда небір дүрбеленің тарихи оқиғаны басынан өткізген, ішке бүккен тылсым сыры мол Тастөбенің сан қатпарлы құпиясы көп өлкे. Осы топырақтың төл тұмасы, жергілікті ақын Мұрат Нұрмұхамбетов: “Тастөбем Қараталдың жағасында, тіл жетпес Тастөбенің бағасына. Тастөбем көк қатипа оранғандай, көкорай, көк шалғынның арасында”, – деп



перзенттік тебіреніспен жырға қосқан осы атақты Тастөбе ауылдық округі көлемінде кейінгі он жылда ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

Кешкісін көше жарықтары, асфальт жолдар, әлеуметтік нысандар, әдемі үйлер ауыл ажарын аша түсude. Тастөбе ауылдық округінің Бірлік елді мекеніндегі жаңа көшеге 2009 жылы «Атамекен» деп атап берілді. Сондай бір қыын-қыстау заманда бас сауғалап жан-жаққа бытырап, тарыша шашылып кеткен азғантай қазағымыз егеменді ел болып, есімізді жиып, тәуелсіздігімізді алғалы бері Атамекенім деп туған Отанына қайтып оралып жатыр. Жұздеріндегі қуаныштарында шек жоқ. Қазақстанның өзі қалаған жеріне қоныс теуіп, торқалы тойға кепелуде. Сондай бақытты сәттерде туған ақынжанды бауырымыздың мына бір өлең жолдарынан Атамекен дегеннің не екенін анық байқауға болады.

Шетте тудым, әрине, сенде өспедім,
Отансызық зардабын кем кешпедім.
Сендік сезім жоқ болса жүрегімде,
Өліп-талып өзімсіп келмес те едім.

Сан ғасырдан араны бөліп тұр кім?!

Талай мәрте тірлікте өліп тұрдым.
Тарих тезі сұрыптаپ алып қалған,
Бір буыны қазақтың келіп тұрмын.

Қазіргі таңда Тастөбе ауылдық округінде 239 үй болса, оның 150-не қандас ағайындар көшіп келген.

Ауылымызда 2013 жылы халықтың қаржысына мешіт салынды. Ауыл тұрғындарының бастамасымен ҰОС майдангерлеріне арналған мемориалдық ескерткіштің жанына 2016 жылы тыл ардагерлерінің аты жазылған ескерткіш тақта қойылды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсанында 2017 жылы ауылдық округте полиция пунктінің ашылу салтанаты өтті. Тастөбе ауылдық округі бойынша «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Тұған жерге туынды тік» атты акцияға сай 2017 жылы 18 шілдеде Жамбыл атындағы орта мектебін 1997 жылы бітірген түлектері бас қосып, кіндік қаны тамған жеріне, өскен ауылына деген сүйіспеншілігін білдірді. Көксу ауданымен шекаралас жерге Тастөбе ауыл атауы тақтайшасын (арка) қойды.

Ауыл экономикасын бізде де ауыл шарушылығы құрайды. Диқаншы қауым мемлекеттен үлкен қолдау көруде. Тұқымға, көктемгі



дала жұмыстарына арзандатылған жанар-жағар май, суарылатын суга, егілген барлық дақылдар түріне субсидия алғып отыр, субсидия көлемі жылдан жылға өсуде.

Тастөбе ауылдық округі 1977 жылы құрылған, әкімшілік орталығы Тастөбе ауылы. Жалпы жер аумағы 9062 га. Округте Тастөбе, Бесағаш, Бірлік үш елді мекені орналасқан. Тастөбе ауылдық округі бойынша аула саны-239. Тұрғындар саны-1095. Округімізде Жамбыл атындағы орта мектеп, ФАП, кітапхана, «Тастөбе-АгроФуд» ЖШС, 108 шаруа қожалығы, 2 сауда нұктесі, сүт өнімдерін жинайтын 2 кәсіпкер және биылғы жылы сән салоны мен «Сәнім» шаштаразы жұмыс істеуде. Өз өндірісін құнарлы да құйқалы топыракқа жүгері егуден бастаған «Тастөбе АгроФуд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінде зенгібаба тұлігі есебінен табысын тасқындағып отыр. Бұл ұжымның өндіріс арнасын осы бағытқа бұруының өзіндік себебі бар. Елбасының Ұлт жоспары – «100 нақты қадамының» 61-қадамында ет өндірісі мен өндеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту мәселесі көтерілгендейдікten мемлекет тарапынан бұл бағытта қолдау да мол. Құлшының жұмыс істеген жанға өсудің кілті де сонда. Міне, мұндай мүмкіндіктің тамырын мамандығы экономист, шет мемлекетте білім-білігін арттырған Шыңғыс Ахметов және осы ауылдың тумасы Ажархан Жаманбаланов есімді азаматтар дөп басты.

«Тастөбе АгроЦуд» ЖШС-на қарасты жалпы аумағы жеті жарым гектарды құрайтын алғып кешен 490 басқа арналып салынып, ол немістің «GEA» компаниясының озық технологиялы құрал-жабдықтарымен жарақталған. Мұнда келешекте 1500 басқа дейін асыл тұқымды мал ұстауға болады. Бүгінгі таңда бұл жерге сонау Германиядан арнайы 200 бас асыл тұқымды неміс сиыры (бір басқа 900 мың теңге көлемінде қаржы жұмсалды) жеткізілді. Ал оған кешен құрылышына кеткен өзге де шығындарды қоссаныз жобаға шамамен 400 миллион теңге инвестиция құйылған. Қазіргі таңда ірі қара саны 820 басқа жетті. Округ аумағынан оларға 2000 гектарға жуық жер бөлінді. Оның 800 гектары суармалы жер. Ең қуанарлылығы, сол арнайы аппараттардың көмегімен күніне 10 тоннаға дейін сүт сауылып, үлкен нарыққа жол тартпақ. Ол үшін бүгінде Отандық орындықты компаниялар «Данон», «Фудмастер» және өзіміздің талдықорғандық «JLC Сүт» ЖШС сүт зауытмен келісімшарт жасалынуда. Ал ет бағытына келсек, бұл сиырлар негізінен сүт өндірісіне бейімделгеніне карамастан қазірдің өзінде бір жарым жасар аналығының салмағы 550 – 600 келіні тартады.

Жұмыспен қамту - 2020 бағдарламасына сай: Светлана Тимко-



ва, Альфия Бейсембаева, Айсабек Мазақбай 2017 – 2021 жылы жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы негізінде женілдетілген несие алып, мал шаруашылығын дөңгелетуде.

Тастөбе ауылдындағы Жамбыл атындағы орта мектеп 1931-1932 жылдары бастауыш мектеп болып ашылған. Онда жаңадан үйымдастыран “Тастөбе”, “Бесағаш”, “Бірлік”, “Құмарал”, “Жазылбек” колхозының балалары оқыған. Оның алғашқы директоры Битай Иманберлинов, мұғалім Молдахмет Нұсіпбеков болды. Қазіргі мектеп ғимараты 3 қабатты, 18 сынып бөлмесінен, акт және спорт залынан, шеберхана, информатика, лабораториялар, медициналық бөлмесінен тұрады. Асхана, кітапхана жұмыс жасайды. Педагогикалық ұжымда 24 мұғалім еңбек етеді.

Ауылдық округте фельдшерлік-акушерлік пункт жұмыс істейді, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының аясында жоғары білімді дәрігер, арнаулы орта білімді медбике, 3 орта буынды медбике жұмыс істейді. Округтегі халықтың демографиялық ахуалы жылдан-жылға жақсарып келеді.

Ауданымыздың тоқсан жылдық торқалы тойына көтеріңкі көңіл күймен жетіп отырған ардақты азаматтар қатарында Мырзахан Жебегенов бар. Ол І.Алтынсарин атындағы төс белгісінің, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісінің иегері. Қаратал ауданының құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз басшы.

Мәмила Тұрғанбаева - атақты тракторшы “Еңбек даңқы орденінің II-III дәрежелі және «Құрмет белгісі» орденінің иегері. Кезінде ауылдық, облыстық, аудандық Кенеске депутат болды. «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағымен марапатталған.

Бауыржан Нұсіпбеков - Алматы облысының әкімі А.Баталовтың Құрмет грамотасымен, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерекелік медалі және «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағымен марапатталған.

Заря Абдулдинова - 1982 жылдан бері Тастөбе ауылында фельдшер - акушер қызметін атқарып, жыл сайын 25-30 нәрестенің дүниеге аманасен келуіне қамқорлық жасайды. Ол 1996 жылдан бастап осы уақытқа дейін білім менгерушісі болып жұмыс атқарады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау қызметкерлері кәсіподагының Құрмет грамотасымен марапатталған..

Дамира Малдыбаева - «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі, ҚР білім және ғылым министрлігі «Ұздік ұстаз» Дипломының иегері, ұлағатты ұстаз.



Тастөбе ауылдық округі экімінің қызметін әр жылдары атқарғандар: Н.Берімбеков, М.Әукебаев, С.Кәрібозов, Т.Тайсеріков, Д.Әшірімбетов, Е.Нұрғалиев. Округтің қазіргі экімі Алмас Байғонысов.

Бастөбе ауылдық округі

Сағынышым, сарғайтқан Сарықөлім,
Ақтастыға сағынып барып едім.
Қуалай Қусақтан жел соқса да,
Айтады арманымды бәрі менін.

Ортатөбе, Кішітөбе, Бастөбені
Көрген кезде көңілге шат береді.
Қаратал – өмірдің өзені ғой,

Ойласаң жанарыңа жас келеді, – деп ақын жерлесіміз Нұрлыбек Кеншінбаев туған жеріне деген сағынышын, махаббатын осылайша жырлаған. Туған жер қадірін білетіндер Үштөбе ұғымына алтын арқау болған Бастөбені – жер шоқтығы Бастөбе деп мақтанышпен айтады. Өмірден ерте озған ақын жерлесіміз, өңірдің тума талант ақыны Назар Қалиұлы: «Заманың ішке түйген құпиясын, басынан көрдім Жонғар бұлт ұясын. Қара су, Шажа, Тентек көпіршігенді, аралап занғар таудың құз қиясын», - деп жазған еді. Бастөбе кезінде қазақ жасақтарына сырт дүшпанның шабуылын алдын ала айқындауга Қарауыл төбе ретінде қызмет еткен. Округ аумағына кіретін бұрынғы «Ворошилов» колхозы ескі жұртының күнгейндегі Ақылбайдың шоқысы, сәл әріректегі Сұлу-шоқы мен Дауылбайдың шоқысы жердің көркі, ежелгі тарихтың бүгінгі үрпаққа араға сан ғасырлар салып жеткен, баға жеткісіз байлығы әрі тылсым құпиясын ішіне бүккен жәдігері саналары бар. Сарықамыс сайындағы Дауылбай шоқысының етегінде қола, сақ, ғұн, түркі дәуірінің белгісі саналатын таңбалы тас та өзіміздің Бастөбе ауылдық округінде орналасқан. Ескі Ленинский путь колхозы бертінде «Правда» газеті атындағы миллионер совхоздың егіншілік жұмыстарымен танысу үшін, аса көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері Дінмухамед Ахметұлы Қонаев ағаның өзі әлденеше рет ат ізін салған.

Бастөбе ауылдық округінен шыққан біртуар азаматтар аз емес. Роман Ухенович Ким Бастөбе ауылында туып өсken, 2001-2003 жылдары Қаратал ауданының әкімі болған, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты. Аманбай Куатәліұлы



Ибраимов Күрішдаласы ауылында туған, техника ғылымдарының кандидаты, доцент. Қазақстан Республикасының намысын қорғаған біршама спортшыларымыз да барышылық. Олар Лазарь Намдекович Дон ауыр атлетика бойынша «Қазақстан Республикасының еңбек сінірген жаттықтырушысы», «Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері». Дмитрий Александрович Ольховский «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», ауыр атлетикадан барлық жастағы жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы, Азия чемпионатының қола жүлдегері, Ортатөбе ауылдының тумалары. Өнер саласында көп жылдары еңбек етіп жатқан, облысқа танымал домбырашы Аманжол Дүйсенбеков, әнші Алма Досова округіміздің мактанышы. Назар Қалиұлы, Нұрлыбек Кеншінбаев, Тұрсынбек Дүйсенбеков туған жердің көркін сүйісіне, тебірене жырлаған сазгер ақындарымыз.

Бастөбе ауылдық округінің шұрайлы да құнарлы жеріне: өнімге өте бай күріш, қант қызылшасы, пияз, картоп, көкөніс, құнбағыс, жүтері, майбұршак, мақсары, жеміс-жидек, қауын-қарбыз дақылдары өсіріледі. Округтің экономикалық дамуына сұбелі үлес қосып жатқан білікті ауыл шаруашылық басшыларының бірі «Нам» шаруа қожалығының басшысы Лаврентий Валентинович Нам. Ол Қаратал ауданында алғашқылардың бірі болып тамшылатып суғару технологиясын пайдаланды. 1994 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін көкөніс өсірумен айналысады. Лаврентий Валентинович бақша және көкөніс дақылдарынан жыл сайын мол өнім алуға дағдыланған. Бастөбе ауылдық округі бойынша «Нам» шаруа қожалығы ең үздіктердің бірі болып табылады. Сергей Викторович Цыхоня болса 2005 жылдан бастап мал шаруашылығымен айналыса бастады. Бүгінгі таңда «Цыхоня» шаруа қожалығында 250 ірі қара және «Әулиекөл» асыл тұқымды бес бұқа бар. Қаратал ауданында алғашқылардың бірі болып жүтері сүрлемін дайындауды қолға алған. Валерий Ан еңбек жолын «Правда» совхозында бастаған. 1993 жылдан бастап егін шаруашылығымен айналыса бастады. «Ан» шаруа қожалығының басшысы. Ауыспалы егістікті агротехникалық шараларға сай жүргізіп, жыл сайын жоғары көрсеткіштерді бағындыруда. Жылдан жылға егін шаруашылығын дамытып келеді. Кәкен Құсмолданов «Сәсен» шаруа қожалығының басшысы. Мал шаруашылығымен және жемшөп дайындаумен айналысады. Жылдан жылға мал шаруашылығын дамытып келеді. Қазіргі таңда әсіресе мал тұқымын жақсартуға бағыт алуда. Ольга Николаевна Бирюкова 1993 жылдан бастап мал өсіруімен айналыса бастаған. Ол 2013 жылдан «Бирюкова» шаруа қожалығының басшысы. Қазіргі

танды 120 сауын сиыры және 30 ірі қара бордақылайтын алаңы бар. Ай сайын бір тонна ет және 9 тонна сүт өткізеді. Округте сондай-ақ «Токбергенова», «Әбдікәрімов», «Насаев», «Ахматов», «Байрамов» т.б. ірі шаруашылықтар бар.

Өндіріс саласына келсек, «Секвоя плюс» ЖШС өндірісті модернизациялауды аяқтап, бүгінгі күні мазутты тасымалдауға және сактауға ден қоюда. Пластикалық терезелер мен есіктерді, түрлі типтерін метал профильдерін, металл конструкцияларын, шойын материалдарын дайындауды және өндіреді. Сондай-ақ «Кварц» ЖШС кварцты өндіру үшін 20 мың тоннаға келісім-шарт жасады.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керек», - деп тапсырма берген. Бүгінгі күні округ бойынша 2 ауыл шаруашылық кооперативі құрылды. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған «Сыбага», «Құлан», «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламалары арқылы 10 шаруа қожалығы 87 млн.400 мың теңге көлемінде несиеге қол жеткізді. Соның көмегімен 514 асыл тұқымды ірі қара малы сатып алынды.

«Жастар саясаты» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, жастарды ауылға тарту және ауылдық жерге жұмысқа барған жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету үшін арналған «Дипломмен ауылға», «Өнірді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламалары арқылы көптеген жастар мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр.

Президентіміздің Жолдауы негізінде 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» бағдарламасы басталатынын жариялаған еді. Бастөбе техникалық сервистік колледжі қазіргі танды округ аумағындағы үлкен сұранысқа ие «Электромонтер», «Тракторшы-машинист», «Аспаз», «Тас қалаушы», «Дәнекерлеуші», «Кондитер», «Плиткамен – қаптаушы» мамандықтары бойынша жұмысшы кадрларын дайындауда. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру бойынша Қаратал аудандық жұмыспен қамту орталығымен келісім шарт негізінде жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау үрдісі ұйымдастырылды. Бүгінгі танды 134 жұмыссыз азамат жоғарыда аталған мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту және қайта даярлаудан өтуде.


Округте 706 зейнеткер, және 1, 2, 3 топтағы 82 мүгедек тұрады. Президент Жарлығымен 2 көп балалы ана «Алтын Алқа» және 8



ана «Күміс алқа» медалімен марапатталған. Қазақ халқы қашанда үлкендерді сыйлап, құрметтеген. Округте жыл сайын «Қарттар және мүгедектер күніне» орай мерекелік концерт ұйымдастырылып, дастархан жайылады. Жыл сайын мүгедектігі бар, ата-ана қамқорлығының қалған, жағдайы төмен, көп балалы балаларға округ демеушілерінің қаржысына «Жаңа жыл» шыршасының ұйымдастырылуы дәстүрге айналды.

2016 жылдан бері Бастөбе ауылында жеке кәсіпкер Рұстем Дүйсенбаевтың тәулігіне 400 нан шығаратын наубайханасы жемісті жұмыс істеуде. Округ әкімдігінің ғимаратынан мәдениет қызметкерлеріне арнайы толық жабдықталған бөлек кабинет берілді. 2017 жылды ауылдық дәрігерлік амбулаториясына 3 млн. 621 теңге бөлініп, 72 шаршы метр қосымша құрылышы жүргізілді. М.Горький атындағы орта мектебі күрделі жөндеуден өткізілді. Бастөбе ауылында Юн, Гагарин, Корчагин, Кішітөбе ауылында Комсомольская көшелеріне жаңа асфальт жол төсөлді. Жыл сайын округтегі жол шұнқырларына жөндеу жүргізіледі. Бастөбе ауылдары Юн, Комаров, Гастелло, Ортатөбе ауылында Серегин, Жылыбұлақ ауылында Бейбітшілік көшелеріне көше жарығы орнатылды. «Су – тіршілік көзі» демекші Бастөбе, Ортатөбе, Кішітөбе, Күрішдаласы ауылына ауыз су құбыры тартылды. Өткен жылды Бастөбе ауылында 18 млн.537 теңгенің көлемінде заман талабына сай тұрғын үймен біріктірілген жаңа учаскелік пункті салынды. Халқымызда «Қуанса – бала қуансын» деген жақсы сөз бар ғой, осы екі жылдың ішінде Бастөбе, Кішітөбе және Ортатөбе ауылдарында балаларға арналған 3 ойын алаңының құрылышы жүргізілді, көз қуантты. Ал 2018 жылды жалпы сомасы 18 млн. 535 мың 416 теңге малдәрігерлік пункті құрылышын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бастөбе ауылдық округін 2009 жылдан бастап Эдуард Афанасьевич Ким басқарып келеді. Округ аумағында 6 елді мекен, 3 орта және 1 толық емес орта мектеп және колледж, бірнеше өндіріс кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелер, 1 дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік пункт, Мәдениет үйі, 2 клуб, 2 тарихи ескерткіш бар. Тұрғындар саны - 5145 адам. Жер көлемінің жалпы аумағы 43 465 гектар, оның суармалы жері 4616 гектар. Округ аумағында 3 жеке шаруашылық серіктестік пен 197 шаруа қожалығы құрылған. Округ бойынша 2017 жылды 2 млрд. 460 млн теңгенің өнімі өндірілді. Оның 1 млрд. 460 млн теңгесі егін шаруашылығы, 1 млрд теңгесі мал шаруашылығы үлесіне тиеді. Жыл сайын мал басы көбеюде.



Ауылым-ай, жылқысы шүркыраған,
Кырында жусан иісі бұркыраған.
Тірлігі күндіз-түні тыншымаған,
Ұршығы шыр айналып зыркыраған, - деп

кезінде Назар ақын жырлағандай ауылда барлығы шынайы, адамдардың қөнілі де, пейілі де кең. Мал басын көбейтіп, қаланы етпен, сүт-айранмен, құрт-ірімшікпен, көкөніс пен жемістермен қамтамасыз етіп отырғанда ауыл тұрғындары. Олардың жүздері жайдары да, адамгершіліктері мол. Ерен еңбегі мақтауға да, ілтипат көрсетуге де әбден лайықты. Округ тұрғындарының ауданын тоқсан жылдық торқалы тойына тартар тартуы да мол.

Елтай ауылдық округі

Елі мен жерін кие тұтқан қазақтың қай өлкесі де қасиетті. Көшпелі халқымыз бағзы заманнан бері қадірлеп келе жатқан ата жұрттың бірі – Сарыбұлақ, Каражиде өнірі. Бұл жер аса бай, алайда оның негізгі байлығы адамдар. Өтпелі кезеңде құлдырау да, экономика қалпына түскен кездегі қайта өрлеу көз алдымында. Эйтсе де, заман өзгергенімен, ел мен жер тарихы, адамдардың ынтымақ-бірлігі еш өзгермек емес.

Нарықтық қатынастарға қадам басқан тұста еліміздің ауыл шаруашылығын жекешелендіру реформасына орай 1994 жылдың шілдесінен бастап Абай атындағы совхоз таратылып, оның негізінде қайталай көп салалы ұжымдық-жекеменшік фирмасы құрылды. Фирманың президенті болып Құдайберген Нұршанов сайланды. Ал 1996 жылы аталған фирманиң басшылық міндеті ауыл тұрғындарының қалауы бойынша Сарыбұлақ ауылының тұмасы Сейсенғали Смаиловқа тапсырылды. Осы тұста өз беттерімен тіршілік етуге тілек білдірген бірінеше шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жер үлестерін алып шықты.

Елтай атындағы орта мектептің тарихи тамыры теренде жатыр. Оны ауданымыздың құрдасы десе болады. Ең алғашқы мектептің ірге тасын қалауға 1926 жылы Қызылордағы колхозшылардың II – ші съезіндегі жаппай сауаттылықты енгізу, мектептер салуды қолға алу мәселесі тұртқі болды. Жиналысқа ауылымыздың Манасбай Шәріпбаев атты азаматы қатысты. Мектепті салуға үлес қосқандар: Тілебай қарт, Елубай Шалқошқаров т.б. болды. Ұстаздарды даярлаған Жамаубай Бекбосынов. Бастауыш мектепке алғашқы дәріс бергендер: Халық



атты молда, Уәли, Артықбай болған. 1932 жылы Қасен Өтелбай, Кәкім Ерденбеков атты азаматтар ұстаздық етті. Ізінше 7 жылдық мектеп болып құрылды. 1950 жылдан бастап, орталау мектеп болып қалыптасты. Алғашқы мектеп директоры Қаси Сауранбеков болды. 1966 жылға дейін Жұмахан Жәкеев, 1967 жылдары Сәлім Жұнісов мектеп директоры қызметін атқарды. 1971-1994 жылдары аралығындағы директоры Угар Нұржаханов болды. Мектеп 1997 жылы 14 қазанда занды үйим ретінде қайта мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Қазіргі танда білім мекемесіне Гүлназ Смайловава басшылық етуде. Мектептің көркеюіне талай жылғы еңбегі сіңген ұстаздар Көпберген Әтімов, Б.Жұнісова, Қ.Өнербаева, Л.Гужаковская, З.Бейсенова, О.Қоңқабаева, Н.Сейдахметова, Б. Қамбарұлының есімдерін ілтипатпен атаған жөн.

Қазіргі танда округ аумағына Қаражиде, Сарыбұлақ ауылдары кіреді. Орталығы-Қаражиде ауылы. Барлық тұрғындар саны – 1524 адам. Әлеуметтік құрамына келсек, мұнда 28 Ардақты ана, 4 «Қаратал ауданының құрметті азаматы», 189 зейнеткер тұрады. Ауылдың өз дәрігерлік амбулаториясы, фельдшерлік пункті, Мәдениет үйі, кітапханасы, 200 нүктелі байланыс бөлімшесі бар. Ауылымыздың негізгі тіршілігі мал өсіру, егін егу. Округте 67 шаруа қожалығының 13-і мал өсірумен, 54-і егін шаруашылығымен айналысады. Мемлекетіміздің мал шаруашылығын дамыту, ірі қара етінің экспорттық әлеуетін арттыру, мал бастарын асылдандырып, етті-сүтті мал басын көбейту мақсатына арналған «Сыбаға», «Алтын асық» бағдарламалары бағытында бес шаруа қожалығы 45 асыл тұқымды бұқа алды. Солардың қатарында ірі қара мен қой өсіретін «Мұқаш» шаруа қожалығы /басшысы С.Мұқашев/ мен асыл тұқымды бәйге аттарын, қой өсірумен айналысатын Д.Смаиловтың «Сарыбұлақ» шаруа қожалығы бар. Округте алты ветеринариялық дәрігер қызмет атқарады. Көктем айларында негізгі мал басы таудағы жайылымға, жазда жайлауға шығарылады. Шаруа қожалықтарының малына қоса ауыл тұрғындарының малдары тауда бағылады. Міндепті түрде өткізілетін санитарлық тазалық маусымы қындықсыз өтеді. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жетістіктері жылдан-жылға жақсарып, ел ішінде көптеген игі істер атқарылып келеді.

Үздіктер қатарынан көрінген округ 2015 жылы аудан бойынша «Жыл округі» номинациясын жеңіп алды. Сарыбұлақ ауылында 2014 жылы отыз орындық қазіргі заман талабына сай бөлмелері кең, жарық, гимнастикалық залы, компьютерлік сыныбы, ауласында шағын футбол алаңы, ойын құралдары бар бастауыш мектеп салынып, ел



игілігіне берілді. Ең бастысы он екі жаңа жұмыс орны ашылды. Бұған дейін оқушыларды «Газель» автокөлігімен екі шакырым қашықтықта орналасқан орта мектепке екі мэрте қатынайтын қызындықтар кейінде қалды.

Округ тұрғындары таза ауыз сумен қамтамасыз етілген Қаражиде-Талдықорған бағытына 2015 жылдан бастап қол жетімді бағамен «Газель» автокөлігі халыққа қызмет көрсетіп жүр. Қаражиде ауылында 2017 жылы учаскелік полиция пункті салынып, қолданысқа берілді. Сондай-ақ «Ердаус» атты 25 орынды бала бақша ашылды. «AS ғіба» ЖШС керамзитті кірпіш шығаратын зауыты салынып, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтыды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша Қаражиде ауылында спорттық алаңның құрылышы жүріп жатыр. Биылғы жылы ауыл ардақтысы Дүйсенбек Смаилов қарияның ұрпактары өз қаражатына Сарыбұлақ ауылына салған мешітке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. «Нұр» шаруа қожалығының басшысы Алтай Смаилов ауыл тұрғындарының сұранысына орай Қаражиде ауылында үлкен мейрамхананың құрылышын жүргізіп жатыр. Мактан тұтар азаматымыздың бірі Сарыбұлақ ауылының тұмасы Бақыт Смаилов «Нұр Отан» партиясы XII, XIII, XIV съездерінің делегаты. Облыстық мәслихаттың екі шақырылымы және аудандық мәслихаттың қатарынан төрт шақырылымының депутаты. Қаратал ауданының мәслихат хатшысы. «Кұрмет» орденінің иегері. Ал жүргегіне имандылық пен ізгілікті ұялатқан Женіс Смаилов болса республикаға танымал кесіпкер. Іле ауданындағы «Сарыбұлақ» құс фабрикасының директоры.

Алтай Смаилов бірнеше рет аудан, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. Ол жеке кесіпкерлікпен айналысып, май өндейтін және бидай тартатын цех ашты. 2002 жылы «Нұр» шаруа қожалығын құрып, мал және егін шаруашылығымен айналысада, «Үштөбе» кірпіш заводына басшылық етеді.

Талғат Уәлиев - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Елтану және туризм» кафедрасының доценті, Психология ғылымдарының кандидаты және философия ғылымының (PhD) докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің қауымдастырылған профессоры және халықаралық балалар мен жастар туризмі және өлкетану Академиясының корреспондент-мүшесі. Экономикалық-әлеуметтік географияның негізгі оқу курсары және онымен деңгейлес экономикалық бағыттағы пәндер бойынша сабак береді.

Абай Құсайынов - медицина ғылымдарының кандидаты. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.



Қырыққа жуық басылымның, 2 бірлескен монографияның авторы болып табылады. Қазіргі таңда ШЖҚ «Балалар шүгіл медициналық жәрдем орталығы» МҚК бас дәрігері, жоғары санаттағы балалар хирургы.

Сақбай Мұқашев - тұғырдан таймаған ардақты ақсақал, республика ауыл шаруашылығына еңбегі сінген қызметкер, шаруа қожалығының басшысы.

Аманкелді Оспанов - ақын, шежіреші, алты томдық шежіре, төрт томдық өлеңдер жинағының авторы.

Данияр Сқақов - 2010-2011 жылдар аралығында Жамбыл аудандық Мәдениет үйінің директоры қызметін атқарып жүріп, ҚР мәдениет қайраткері атағына ие болды. Алматы облысы бойынша «Үздік өнер ұжымы» номинациясының иегері, Жамбыл аудандық Мәдениет үйінің директоры. Ол басқаратын «Сүйінбай сазы» халықтық, фольклорлы-этнографиялық ансамблі 2014 жылды Еуразия құрлығының шығысындағы Мысыр елінің Аль-Файюм қаласында өткен халықаралық фестивальге қатысып, өнер көрсетіп қайтты.

Гүлнар Сырлыбаева - I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты. Ол 2016 жылды I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің дамуы мен кемелденуіне қосқан үлесі әрі ғылым саласындағы үздік жетістіктері үшін «Ілияс Жансүгіров» төсбелгісімен марапатталған.

Назарбек Зәбиев - ҚР ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметкері. Джин-Джитсу күресінен, әскери қоян колтықтан Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы. Әскери қоян колтықтан Азия (2015 ж.) чемпионы. Әскери жекпе-жектен халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Кенже Аманжолов - халықаралық турнирлер мен жарыстарға қатысып, жеңіс биігінен көрініп жүрген оғыланның бірі. Бокстан спорт шебері.

Егемен ел болған кезеңнен бергі уақытта ауыл әкімшілігі басшысы мен ауылдық округ әкімі қызметін әр жылдары М.Тұяқов, Е.Шамбулаев, Ф.Уәлиев атқарды. Бүгінгі таңдағы әкімі А.Баясылова.



Бәйшегір ауылдық округі

Бәйшегір /бұрынғы Қаңбақты/ ауылдық округінің негізі ауылдық Кеңес болып 1964 жылы құрылған. Ауылдық округтің құрамына 3 елді мекен: Алмалы, Ақжар, Дөңши ауылдары кіреді. Осы елді мекендерде 1280 адам тұрады. Атап айтсақ, Алмалыда – 724, Ақжарда - 330, Дөңши ауылында 358 адам қоныстанған. Жалпы округте барлығы 219 тұтін бар. Округтің орталығы – Алмалы ауылы. Жер көлемі 31059 гектарды құрайды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері ауылдық округтің әлеуметтік экономикалық жағдайы жылдан жылға жақсарып, бірқатар шаралар іске асырылуда. Округ тұрғындарының негізгі айналысатын кәсібі-мал шаруашылығы болғандықтан ел тәуелсіздігін алған жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін 50 шаруа қожалығы құрылып, мақсатты түрде жұмыс істеуде. Мемлекеттік бағдарламалар негізінде мал басын асылдандырумен 14 шаруа қожалығы айналысып келеді.

Алмалы, Дөңши, Ақжар ауылдары телефон байланысымен қамтылған. Биылғы жылы Алмалы ауылында биіктігі 33 метр антенна мачтасы орнатылып, радиусы 50 шақырым жердегі кішігірім елді мекендер мен мал отарлары, Алмалы, Ақжар, Дөңши ауылдары тұрғындарына телефон орнатылды.

Ауылдағы шаруашылық субъектілерінің саны - 57, оның ішінде 1 жауапкершілігі шектеулі серікtestіk, 50 шаруа қожалығы, 6 жеке кәсіпкер өз ісін дөнгелетуде. Округте 4400 бас ірі қара, 9339 бас қой, ешкі, 1410 бас жылқы тіркелген. Бұл көрсеткіш соңғы 10 жыл көлемінде 1,5 есеге өскендігін көрсетеді.

Алмалы ауылына 2008 жылы ұзындығы 3 шақырым болатын ауыз су жүйесі жүргізілді, ауыл халқы таза ауыз сумен қамтылды. Сонымен қатар, Алмалы ауылынан 11 мың кітап қоры бар ауылдық кітапхана мен Мәдениет үйі ашылып, халыққа қызмет көрсетуде.

Алмалы ауылында 2011 жылы 1000 нөмірлі сымсыз терминал жабдықтары орнатылып, Алмалы, Ақжар, Дөңши ауылдарының тұрғындары мен радиусы 45 шақырымдық жерде орналасқан шаруа қожалықтарына, барлық саны 200 телефон нұктесі орнатылды.

Үштөбе-Көпірлік бағытындағы автокөлік жолының 9 шақырымына 2010 жылы 67,6 млн. теңге қаражатқа асфальт төселіп, су өткізгіш құбырлар орнатылып, жол қатынасы қалпына келтірілді.

Қаратал өзенінің су тасу қаупі бар 3 шақырым жағалауына 2011



жылы 19 млн. теңгеге бөгет тұрғызылып, өзеннен бастау алатын Ақкайыр каналы тазартылды. Сол жылы округтегі Алмалы, Ақжар және Дөңши ауылдарының көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, барлық саны 64 дана жарықшамдар орнатылды. Ағымдағы жылы Дөңши ауылы тұсындағы Қаратал өзенінің су тасу қаупі бар жағалауын бекіту үшін 2,5 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауылдық округ тұрғындарын 2012 жылы телевизиялық бағдарламалармен, отандық арналармен толық қамтамасыз ету мақсатында «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы тарапынан Алмалы ауылдың Абай көшесі №43 мекен-жайына спутниктік 22 арналы телевизиялық антенна орнатылды. Осы жылы Алмалы ауылы тұсындағы Қаратал өзенінің үстіне салынған көпірге 5 млн. теңгеге ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал 2014 жылы Дөңши ауылын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша бөлінген 105 млн. теңгеге «Тамас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер болып, ұзындығы 4,5 шақырым ауыз су құбырын тарту жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта 36 аулаға су тартылып, ел илілгін көруде. Сонымен қатар, 2017 жылы Ақжар ауылдана да таза ауыз су жүйесі тартылды. Алмалы ауылдана кіре беріс автокөлік жолына 2014 жылы 170 текше метр тас төгіліп, 500 метр жол қатынасы ретке келтірілді.

Округ тұрғындарын үялды байланыспен қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы Дөңши ауылдана «Билайн» үялды байланыс операторының антеннасы орнатылып, үялды байланыспен қамтылды. Сондай-ақ Ақжар ауылдың Балқаш орта мектебі ғимаратының шатырына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылыту жүйесі «Пеллет» биоотынына көшірілді.

Бюджеттен бөлінген 3 млн. 695 мың теңгеге Алмалы ауылдық ауруханасына (2015 ж.) жаңадан «Жедел жәрдем» автокөлігі алынды. Сонымен қатар, Байшегір тоғанының Қаратал өзенінен бастау алатын сағасында өзен суының құлай ағып, деңгейден төмен жатқан Алмалы ауылдан су басу қаупі туындауына орай, «Қаратал мелиоративтік механикаландырылған отряды» МҚҚҚ тарапынан облыстық бюджеттен бөлінген барлық құны 49 млн. теңгеге Қаратал өзені жағасын бекіту және «Төрт там» участкесіндегі Қаратал өзенінің Уштөбе-Алмалы-Көпбірлік бағыттыңдағы автокөлік жолын су орып кету қаупін туғызған жағалауын бетондап, бекіту жұмыстары жүргізілді.

Алмалы және Ақжар ауылдарының асфальт төсөлген ішкі жол-



дарын жөндеуге аудандық бюджеттен бөлінген 508 949 теңгеге 150 шаршы метр шұнқырлы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Алмалы ауылы Абай көшесіндегі орта мектептің алдына екі жерден жол кедергісі орнатылды. Үштөбе – Алмалы бағытындағы автокөлік жолының 1-137 шақырымы аралығында 4 337 600 теңгеге шұнқырлы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Балқаш орта мектебінде оқитын бала санының аз болуы себепті 2015 жылы Үкіметтің республикадағы бала саны жетпейтін мектептерді ықшамдау жөніндегі Жарлығы негізінде Балқаш бастауыш мектебі болып қайта құрылып, Алмалы ауылындағы Абай атындағы орта мектеппен біріктірілді.

Тұрғындарға ауылдық аурухана, 3 медициналық пункт, кітапхана мен ауылдық Мәдениет үйі қызмет көрсетеді. Алмалы ауылы тұрғындарына 20 төсектік ауылдық аурухана мен 11 мың кітап қоры бар кітапхана, ауылдық клуб қызмет көрсетеді. Алмалы ауылындағы жаңа ғимараты 1986 жылы салынған Абай атындағы ОМ (директоры М.Тілеубай) 130-дан астам бала оқиды. Білім мекемесі қажетті жабдықтармен, компьютер қондырғысымен жабдықталған. Пәндік кабинеттері бар. Сапалы білім алған мектеп түлектері шартарапта оқып, білім алуда. Іргедегі Дөңши ауылы балаларының сабакқа қатынауы үшін арнайы көлік бөлінген. Қажетті медициналық қондырғылармен жабдықталған ауылдық аурухана қызметі көпшілік көnlінен шығуда. Округ көркемөнерпаздары облыстық, аудандық деңгейдегі мәдениет күндеріне, мәдени-спорттық шараларға белсене қатысып, жақсы қырларынан танылууда. Ақжар ауылындағы 320 орындық бастауыш мектепте 32 бала оқиды осы Дөңши ауылы тұрғындарына бір медициналық пункт қызмет көрсетеді.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың облысымызға кезекті жұмыс сапары кезінде Балқаш көліне құйылатын өзен арналарын та-зарту жөніндегі тапсырмасы негізінде Қаратал өзенінің арнасына механикаландырылған тазалау жұмыстары «Қаратал ММО» МҚҚК мекемесі тарапынан жүргізіліп, 2014 жылы 62,3 млн теңгеге Қаратал өзенінің ұзындығы 12,5 шақырым құрайтын жаңа арнасы қазылды. Нәтижесінде 9330 га жайылымдық жер құрғатылды. Өзен алқабында су қоймалары пайда болып, балықтың уылдырық шашуына қолайлы жағдай туғызылды. 2015-2016 жылдары 116,3 млн теңгеге 6000 га жайылымдық жерлерді суландыруға арналған Аққайыр тоғанының 5,3 шақырымы қазылды, 2 көлір, 6 тоспа салынды.


Отkenge көз жүгіртсек, Қазақ ССР-і Министрлер Кенесінің



ұйғарымымен Қазақстандағы шөл және шөлейт өңірді игеру, мал шаруашылығын дамыту мақсатында ауданымыздың шалғайдағы Сарыесік-Атырау өңірінде 1964 жылы наурыз айында кішігірім колхоздардың негізінде «Қоржынкөл» қой совхозы құрылды. Оның жаңа басшысы міндегі бұған дейін «Новый мир» совхозында бас зоотехник қызметін атқарған, өзінің ұйымдастыруышылық қабілетімен танылған Құлымбет Түменбаевқа сеніп тапсырылды /шаруашылықтың мұнан кейінгі директоры Еркінбек Сіләмов пен Болатқали Жұлынов/. Ол бұл саланың басшылық тізгінін Қ.Басшыбаевтан қабылдап алды. Жас шаруашылық Ақиық пен Дөңши фермасынан тұрды. Қараталдың суы тасып, тұрғын үйлер тасқынның астында қалғанға дейін орталығы Ақиыққа ірге тепті. Айтып келмеген әлгіндей апарттан соң совхоз орталығы қазіргі Ақжар ауылына көшірілді.

Ендір құмның ішінде бой көтерген жас шаруашылық ұжымы негізінен сол өңірдің ауа райына тәзімді Еділбай тұқымды қой мен ірі кара және жылқы өсірумен айналысты. Айналдырған он шакты жылдың ішінде бастапқы бекітілген қой саны 15 мыңнан 30 мыңға, ірі қара бір мыңнан бес мыңға, жылқы 500-ден 1500-ге дейін көбейді. Мал басының өсуіне орай осындағы суармалы жер көлемі 200 гектарға кеңейтіліп, мың гектарға дейін жетті. Қаратал өзені мен одан тарайтын канал, тоғандарға дизельді алты насос орнатылып, егістік алқабы суғарылды. Оның көмегімен көп жылдық шөп пен жоңышқа, сүрлемдік жүгері өсірілді. Қолайлар жылдары қоғамдық мал үшін 12 мың тоннаға дейін ірі сабакты шөп дайындалса, оның 3 мың тоннасын құнарлы жоңышқа құрады. Совхоздың С. Мамыров, А. Жұмағұлов пен «Еңбек данқы» орденінің иегері Қ.Ахметов сынды озат шопандары бағымдарындағы Еділбай тұқымды саулықтың әр жүзінен 105-120 аралығында төл алды. Сондай-ақ озат малшылар: сиырши Ш. Нұрабаев, жылқышылар Д. Шарықбаев пен Н.Кемелбаев бірынғай еңбек жарысының алдынан көрініп отырды. Жұлдегер механизаторлар: К. Тенелбаев, Ә. Немеребаев пен Н. Есімбаев және басқалары ортақ іске өздерінің зор үлестерін қости. Еңбек озаты Шұратбай Нұрабаев атқарған еңбектері Үкімет тара-пынан лайықты бағасын алғып, 1981жылы ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, 1982 жылы «Еңбек ардагері» медалімен мара-патталды.

Аудан орталығынан шалғайда жатқандығынан, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың қалыптагыдай жасалынбағандығына, табиғаттың тоң-теріс мінез танытқандығына қарамастан еңбекте ерен жетістіктерге қол жеткізген ұжым мүшелерін өрелі табыстарға



жұмылдыруда шаруашылықтың бас мамандары мен қоғамдық үйімдар жетекшілерінің қосқан үлестері зор. Айтар болсақ, осында ұзақ жылдар зоотехник міндетін мінсіз атқарған Н. Желдібаев, бас мал дәрігері, кейінректе партия үйімінің хатшысы болған К. Нұршанов, бөлімше зоотехниктері Т. Ашықбаев пен К. Жазықбаев, әр жылдағы бас инженерлер С. Тоқбаев, Е. Қойгелдінов пен Н. Толыбеков, бас агроном К. Қонысбеков, бас бухгалтер Қ. Мұсанов, партия үйімінің хатшысы Р. Мұраділов, М. Қерімқұлов пен алдымен кәсіподақ төрағасы, кейінде партия үйімінің хатшысы болған М. Жазықбаев және басқаларының есімдері қай кезде де құрметпен аталады.

Қаңбақты ауылдық Кеңесі 1964 жылы «Қоржынкөл» қой совхозымен қатар құрылған. Сол уақыттан бері ауылдық Кеңес төрағасы, бертінде ауылдық округ әкімі міндетін Төлеуғасым Қайшыбаев /1964-1972ж./, Қадыр Әбдіқадыров /1972-1973ж./, Манаабай Назарбаев /1973-1979ж./, Асылхан Исмайлұлов /1979-2000ж./, Тұрарбек Әлғожанов /2000-2005ж./, Дәuletкелді Ұзақбай /2005-2007ж./, Жандос Теңелбаев /2007-2016 жж./ атқарса, ал 2016 жылдың желтоқсан айынан бері Нұрлан Мырзахметов атқаруда.

1977 жылы «Қоржынкөл» қой совхозынан жеке енші алып, бөлініп шыққан «Байшегір» қой совхозының орталығында Алмалы ауылдық Кеңесі құрылған. Оның төрағасы қызметін Манаабай Назарбаев /1977-1985ж./, Тілеубек Елшібеков /1985-1987ж./, Ризабек Төлеубергенов /1987-1989ж./, Зекен Қекебасова /1990-1997ж./ атқарған. Сол жылдары Қаңбақты, Алмалы ауылдық Кеңесінде 500-ге жуық аула, тұрғын халық саны 3000-ға жуық болған. 1997 жылы аудандар мен ауылдық округтерді ірілендіру кезінде Алмалы мен Қаңбақты ауылдық әкімшілігі бірігіп, қазіргі уақытта Қаңбақты ауылдық округін (жана атауы Байшегір атындағы) құрап отыр.

2010 жылғы шыққан Занға сәйкес «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелерінің саны 20-дан асты. Шаруа қожалығы тізгінін берік ұстап келе жатқандар да баршылық. Нактырақ айтсақ, «Қозыбай», «Әкімжанов», «Айдос», «Жұмағұлов», «Байболысов», «Ақмарал», «Адал», «Несілбеков», «Құлымбет», «Тарақ», «Әрінов», «Жусы», «Әбдікерімов.А», «Болат», «Ғалымбаев», «Мылтықбаев», «Нұрабай», «Ердос» және т.б. шаруа қожалықтары біздің мактандышымыз.

Алмалы ауылындағы клубқа штаттық бірлік беріліп, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп отыр. Сондай-ақ аталған ауылда 11 мың кітап қоры бар ауылдық кітапхана ашылып, жұмыс істеуде.

«Ежелден-ақ бір қауым елге құт мекен, шұрайлы өлке саналған



Сарыесік – Атыраудың ауданында сан қатпарлы тарихында алғын орны ерекше. Бұл атырап ел қорғаны болған Мықтыбек, Тілеуғұл, Бақай батырдың тұлпарының ізі, ұлт ұстазы Абайдың «Төбесі бұлтқа тиген киелім-ай...» деп ризашылық білдірген Жәлменде бидің даналық сөзі, ақын, сал сері Пышанның сазды әні, басқадай да жақсы жайсандардың жарқын ізі қалған. Қадірін біліп, қасиетін танығанға байырғы баба топырақты байлығы мен қазынасына сай май топырақ десе жарасады. Осы өңірді жайлаған, тіршілігін құйттеп, ұл-қызын өсірген тұтас бір әuletтің бүгінгі үрпағы ел жадында күні бүгінге дейін Мықтыбек пен Тілеуғұл бабасының есімдерін қастер тұтып, құрметтейді.

Даласына дана болып тараған Мықтыбек батыр заманында ел қорғаны, жарлы – жақыбайдың қамқоршысы, ағайын – туыстың ынтымақ бірлігін сақтаған жан. Батырдың өз үрпағы мен демеушілік көмек көрсеткен шаруашылық ұжымдарының /жалпы басшылық жасаған сол тұстағы совхоз директоры Б.Жұлынов/ қаржылай жәрдемімен ел мақтанышының кесенесі 1995 жылы салынды. Сол жылдың күзінде Мықтыбек батыр мен елдің бір топ ардақтыларына арнап ас берілді. Тілеуғұл батыр ағайынның ауызбірлігін, өрістің шұрайын, судың тұнығын сақтаған. 2005 жылдың күзінде ағайын туыстары мен үрпағы батырдың аруағына арнап ас берді, ескерткіш белгі орнатты. Аудан жұртшылығы 1995 жылдың 16 қыркүйегінде төменгі Қаратал бойында елдің бір топ игі жақсылары Жәлменде би мен Пышан болысты, Аманбай, Иеке, Арқабай әулиелерді, Мықтыбек, Бақай, Тілеуғұл батырды еске алу шарасын өткізіп, олардың аруағына арнап ас берді.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1977 жылдың 31 наурызындағы №182 қаулысымен құрылған. «Байшегір» қой совхозының алғашқы директоры Әбдіхалық Жайлышұлов еді. Ал 1988-1991 жылдар мұнан соң шаруашылықты Б.Сүлейменов, Қ.Нұршанов, М.Жазықбаев басқарды. Осы топырақтан түлеп ұшып, іскерлігі, азаматтығымен биік белестерден көрінген жандар қатарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің екі мэрте депутаты болған Көбес Ақылбаев, бұрынғы Талдықорған облыстық сауда департаментінің төрағасы, республикамыздағы күрес спортының жанашыры Нұртай Бұлдыбаев, жазушы, журналист Жанат Елшібек, ақын, журналист Әміре Әрін т.б. бар.

Музыка саласының білгір маманы Кеншінбаев Нұрлыбектің жетекшілігімен округте 1977 жылды «Ақ гүлім» вокальды аспаптар ансамблі құрылып, атақ данқы аудан мен облыс көлеміне жайылды.

Қазір олардың жас ізбасарлары өсіп, жетілді. Бүгінгі таңда Алмалы ауылында көркем де сәулетті мешіт салынуда. Жыл соңына дейін халық игілігіне беріледі деп күтілуде.

Бәйшегір ауылдық округінен шыққан ақын, жазушы, ғалым, мемлекет, қоғам қайраткерлері баршылық. Олар:

Жанат Елшібек - Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Оннан астам публицистікалық, танымдық-деректі, көркем әдеби кітаптардың авторы. Ұзақ жылдар бойы республикалық «Егemen Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған.

Айтжан Тыналиев - еңбектегі жетістіктері үшін «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Конституциясына 10 жыл», «Астана қаласына 10 жыл» мерекелік медальдарының иегері. Ұзақ жыл облыстық мемлекеттік мүлік жекешелендіру департаментінде басшылық қызмет атқарған.

Әміре Әрін - ҚР құрметті журналисті, ҚР мәдениет қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Сейдахмет Бердікулов атындағы сыйлықтың иегері. Облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы.

Керімқұл Қонысбеков - ауыл шаруашылығы ғылыминың кандидаты, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлім менгерушісі, Республикадағы тұнғыш қызылша тұқымын өсіруші ғалым-селекционер, 12-ден аса қант қызылшасы гибридінің авторы.

Бақытхан Жазықбаев - «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» құрметті атағының, «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі» атағының иегері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері.

Дархан Жазықбаев - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты аппараты басшысының орынбасары, «Құрмет» орденінің иегері.

Ауданының биылғыдай тоқсан жылдық мерекесіндегі айтулы жаңалық – Алматы облыстық мәслихаты мен Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 243 бірлескен шешімі және қаулысына сәйкес ауылдық округ атауы данқты баба Бәйшегір есімін иеленді.



Қызылбалық ауылдық округі

Қызылбалық ауылдық округі Алматы облысы Қаратал ауданы құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қазандағы № 3466 Жарлығы бойынша енді. Округке Көпбірлік және Қарақұм елді мекен қарайды. Округ бойынша жалпы аула саны - 298, халық саны - 1423 адам. Көпбірлік ауылы бойынша оның үлесі - 968, Қарақұм ауылында - 455 адам тұрады. Округ аймағындағы елді мекендердің барлығы электр жарығымен толық қамтамасыз етілген.

Алғаш 1931 жылы Балқаш көлінің жағасында Қызылбалық ауылдық округінің негізі қаланған. Сол кездегі халықтың қамы үшін, жұмысшылардың жағдайын жақсарту мақсатында көп еңбек еткен тұлғалар қатарында Кілтбай Дүйсенов, Шоқбай Тәттібаев, Ғалымбай Мазабеков, Істілеу Исаев, Теберік Досаев, Әзімбай Досқожанов пен Досымхан Элкенов көрінді. Осы қатарда қажырлы еңбегімен, адал қызметімен қалың жүрттың көңілінен шыққан еңбек озаттары: Құлшекен Сақтағанова, Асылбай Кәрібаев, Ұлы Отан соғысының II дәрежелі және «Ленин» орденінің иегері, атақты балықшы Момыш Жұмашев та болды. Ауылдан шыққан, мақтан тұтар беделді азаматтарына Ұлы Отан соғысына қатысқан, республиканың Министрлер Советінде мал шаруашылығы бөліміне басшылық жасаған Әли Изатов, мәдениет қызметкері Мәмбет Бестібаев, Қазақстан энергетика ұлттық мемлекеттік компаниясының вице-президенті болған, меценат, «Балқаш» энциклопедиялық ұлгідегі кітаптың авторы Кенжемұрат Дүкенбаев, ауыл шаруашылығы ғылыминың докторы, профессор Ғалиолла Мейірманов, әдебиетші, ғалым, филиология ғылыминың докторы, профессор Бақытжан Майтанов, Республика Парламенті Мәжілісінің қос мәрте депутаты Көбес Ақылбаевты (марқұм) жатқызуға болады.

Ел ішінде сыйлы атанған ауыл ақсақаладары: Сатылхан Имашев, Әскербек Шоранов, Жұмабай Мәдібеков, Бағидолла Құдайбергенов, Қасым Бұхамбаев, Қали Мыңбосынов, Сейілхан Шоранов, Егербай Найманбаев, Тенізбай Сантаев, Олжакан Бейсембаев, Жапарbek Жұнісбаев, Нұрғазым Жасанов, Нұрқасым Баймұханов, Мырзахмет Аязбаев, Берекетай Досқожанов, Төлеген Тойшыбеков, Қалапберген Немеребаев, Қасен Өтешов, Тілеубосын Қазитбаев, Рымжан Намазбеков, Қылышберген Қиханов, Тілектес Сарыбаев, Қанарабек Қодаров, Қыдырбек Жылқыбаев, Бірліхан Бердахметов, Жолдасқали



Жұмағалиев, Қоғамбай Байтілеуов, Исағали Момышев, Бекболат Саусақбаев округіміздің қоғамдық өміріне және айтулы оқиғаларына белсенді атсалысады.

Он жылдағы жетістіке келсек, ауылымыздың тумасы, салық саласында қызмет еткен шаруа қожалығының иесі Санат Төлеуұлы Тұсіпов 2012 жылы өз қаражатына Көпбірлік ауылымың тұрғындарына арнап мешіт тұрғызыды. Қазіргі таңда мешіт имамы қызметін жас дін қызметкери Нұрқабден Қалибек атқаруда. Жалпы округ тұрғындары үшін 2012 жылы BEELAIN мұнарасы тұрғызылып, ұялы байланыспен қамтамасыз етілді.

Көпбірлік ауылымда 2012 жылы орталықтандырылған су жүйесі жүргізіліп, әр отбасына ауыз су жеткізілді. Шалғай өнір тұрғындары үшін сапалы ауыз су тіршілік нәрі болып саналады.

Балықшы ауылымда 2013 жылы жаңа үлгідегі емхана бой көтерді. Көпбірлік ауылдық дәрігерлік емханасына «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауылымыздың тумасы, Семей мемлекеттік медицина университетінің түлегі Әсем Құдайбергенова «Жалпы тәжірибелік дәрігер» болып қызметке орналасты. Қазіргі таңда мұнда 12 адам жемісті қызмет атқарып, ақ желенділер тұрғындар денсаулығын жіті бақылауда ұстайды.

Көпбірлік ауылым іргесіндегі Ақ қайыр каналы терендетіле қазылып, игілігін ел көруде. Соның нәтижесінде судың көлемі артып, 10 мың гектарға жуық жайылымдық жерге ылғал тарады. Өзен алқабында су қоймалары пайда болып, балықтардың уылдырық шашуына қолайлы жағдай жасалды. Бұл шаруа кейінгі жиырма бес жылда тұнғыш рет қолға алынды. Биылғы жылы да бұл жұмыс жалғастырылып, өзен арналарына механикалық тазалау ісі атқарылып жатыр.

Көпбірлік ауылым көшелері 2017 жылы жаппай жарықтандырылды. Көшелердегі жарықтандыру құралдарын қуаттылықты реттеуіштермен жабдықтау арқылы оған кететін шығындарды азайтуға қол жетті. Биылғы жылы Көкше теңіздің арғы қабағындағы Қарақұм ауылымда орталықтандырылған су жүйесі орнатылып, әр отбасына ауыз су жеткізілді.

Жеке кәсіпкер Жақсыбаев Талғаттың бастамасымен және халықтың қолдауымен Көпбірлік ауылымдағы мешіт жанында 180 адамдық қатымхана тұрғызылуда. Мұндай игі іс елдің айрандай үйінан берекебірлігі мен ауызбіршілігін көрсетіп, тұрғындардың имандылыққа деген сенімін нығайтуға жәрдемін тигізеді.

Көпбірлік ауылымың Атымтай Жомарт азаматы, кезінде энерге-



тика саласында басшылық қызмет атқарған, Кенжемұрат Дүкенбаев 2017 жылы Көпбірлік ауылы орталығынан мектепке келетін жас ұстаз мамандарға арнап, түрмисқа қолайлы, қазіргі заманғы үлгідегі 2 қабатты тұрғын үй салып берді.

Ендігі бір маңтан тұтар азаматымыз Асқар Шыныбекұлы Ешмагамбетов Қарақұм ауылында дүниеге келген. Кезінде Балқаш қаласындағы құқықтық экономика колледжін бітірген. Қазіргі кезде көк айдынды Қарақұм участесінде балық аулаумен айналысады серіктестік басшысы. Серіктестік ұжымы жыл сайын жоспарлағандай 200 тонна балық аулайды. Құрамында 43 адам еңбек ететін ұжым балық аулауға қажетті ондаған су кемесі катерімен және өнім сақтайдын тоңазытқыш құралдарымен жабдықталған. Эр жылды табысты қорытындылап жүрген серіктестік аудан бюджетінің қаржылай қомақтануына лайықты үлестерін қосуда.

Қарақұм ауылының тұмасы Азамат Құдайбергенов «Бақтыбек Қаратал» ЖШС-нің басшысы. Қазіргі танда ол 10 адамды жұмыспен қамтуда. Ауылдың әлеуметтік жағдайының жақсаруы мен көркеюіне лайықты үлес қосып отырған жеке кәсіпкер.

Көпбірлік ауылының тұмасы Талғат Жақсыбаев 2009 жылдан бері ауланған балықты уақытылы қабылдап, сақтаумен айналысады. Ауылдың он адамын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Самат Арғымбаев Көпбірлік ауылының бетке ұстар азаматтарының бірі. Қазіргі танда «Айару» атты сауда дүкені, «Сұлтан» жеке шаруашылық қожалығы бар. Бұған қоса балық қабылдау кәсібімен айналысады. Бір өзі жиырма адамды жұмыспен қамтып отыр.

Әйгерім Көбаяева Қарақұм ауылының тұмасы. Ол 13 жасында тағдырындаң жазуымен зағип атанды. Төтеннен келген ауыртпалдыққа мойымай өмірге құлышыныс, өршілдік танытқан Әйгерім бойындағы ерік жігерінің арқасында 2015 жылы Талдықорған қаласында қазақ соқырлар қоғамына тіркеліп, сонда тефлоредактор болып қызмет етеді. Өнер мен өмір, жүрекten-жүрекке атты қайырымдылық іс-шараларға қатысып, бірнеше жүлденің иегері атанды. Қындықтан қаймықпай қоғамдағы өз орнын таба білген Әйгерімнің өмірлік өнегесі көп жастарымызға үлгі.

Мұхит Шоранов Көпбірлік ауылында дүниеге келген. Ол 2009 жылдан бастап «Шоранов» жеке шаруа қожалығын ашып, ірі қара өсірумен айналысады. Мемлекеттен шағын несие алыш, мал басын көбейтті. Iрі қараны асылдандыруды мақсат тұтуда. Бүгінгі күні ауыл тұрғындарын арзан бағадағы ет және сүт өнімімен қамтамасыз етіп отыр.



Манат Эйнеков 2013 жылдан бастап жеке шаруа қожалығын ашып, мал өсіру және егін шаруалығымен айналысада. Осылайша ол еңбегі жанганның тұрмысы түзелерін, қазан аузы жоғары боларын жарқын ісімен дәлелдеуде.

Қызылбалық ауылдық округі аумағындағы А.Байтұрсынов атындағы МДШО бар орта мектеп /директоры Жасқайрат Төлегенов/ және Каракұм ауылдындағы Алғазы орта мектебі /директоры Мұрат Мұсаханов/ ұстаздар ұжымы жас ұрпаққа заманға сай сапалы білім, саналы тәрбие беруде.

Үштөбе қалалық әкімдігі

Аудан орталығы Үштөбе қаласы уақыт өте келе көркейіп, да-мып келеді. Қаламыздың тұрғындары да жыл сайын көбеймесе, азаймауда. Сонымен қатар көшелер мен елді мекен атаулары да заман талабына сай жаңартылып, өзгертулуде. Үштөбе қалалық округі 4 әкімшілік-аумақ: Үштөбе қаласы, Ойсаз, Ушкемей және Достық ауылы бірлігінен құралады. Алматы облысы әкімдігі мен Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылдың 29 тамызындағы № 4322 және 2018 жылдың 14 маусымындағы № 4746 қаулысымен Опытное ауылы атауы Ойсаз, Фрунзе - Достық ауылы болып өзгертилді. Жалпы автокөлік жолдарының ұзындығы – 224 шақырым, оның ішінде қатқыл төсенішпен төсөлгені – 75 шақырым. Үштөбе қаласындағы темір жол торабы арқылы Орта Азия елдеріне, Шығыс Сібір мен Қытай халық республикасына шыға алады.

Үштөбе қалалық округінің тұрғындар саны – 28005, онда 30-дан астам ұлт өкілдері мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүруде. Округ бойынша көшелер саны – 164, оның ішінде шағын көше – 33, аулалар саны – 5151.

Бүгінгі таңда қала бойынша халықаралық менеджмент және сапа стандартына сай 3 кәсіпорын: «Үштөбе-Айдын», «Үштөбе-Сервис» және «Тамас» ЖШС жұмыс істейді.

Откен 2015-2016 жылдары өнеркәсіп саласы бойынша келесі жобалар іске ассырылды. Олар - «АлматыЭнерго Проджект» ЖШС күн электр станциясы, (жобаның құны 2,3 млрд.тенге, қуаттылығы 4,95 МВТ, өнімділігі 7,5 млн.кВт.сағ.), 6 жаңа жұмыс орны ашылады. Мемекеге 10 га жер бөлінді, техника-экономикалық негізdemе дайындалып, 2017 жылдың бірінші тоқсанында құрылыш жұмыстары басталды. Өнімді екінші жарты жылдықта (солнечные батареи) шығару жоспар-



лануда. «Алатаугаз» ЖШС-нің негізінде мия тамырын өндөу зауытын салу жобасының құны 1,8 млр теңге құрайды. Оның көмегімен қаламыздың 50 азаматы тұрақты жұмыспен қамтылса, 250 адам маусымды жұмыспен қамтылады деп отырмыз. Құрылыш жұмыстары 2017 жылдың екінші тоқсанында басталды. Атаптаған жоба 2018 жылы іске асырылады. Ал 2018 жылы «Absolut incom-E» ЖШС – бір реттік ыдыс-аяқтарын өндіру цехының жобасы іске асырылады, ол да 50 тұрғынды жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. Ал «Жұнши-Жылышай» ЖШС «Автокөлік (мотоцикл) жинақтау» цехына лайықталған 10 жұмыс орны ашылды.


Өткен 2012-2013 жылдары қала бойынша 5 сауда үйі, 3 тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету нысаны пайдалануға берілді, оған жұмсалған қаражат 444 млн теңгені құрады. Жеке кәсіпкер Г.Нұгербекова 2014 жылы «Апорт» дүкенін, жеке кәсіпкер Н.Матюшко «Арыстан» дүкенін ашты, сондай-ақ Байзаков дүкені салынды. Шағын кәсіпкерлік бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындардың саны 51. Жеке кәсіпкерліктер саны 1034, шаруа қожалықтары саны 104. Жылдан-жылға қалада шағын және жеке кәсіпкерлік өрісті дамуда. Жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет тарапынан көптеген несие түрлері беріліп, қолдау көрсетіліп жатыр.

Жеке кәсіпкер А.Абдулина 2016 жылы жаңадан «Үштөбе» атты дүкенін ашты. Осы жылы жеке кәсіпкер Б.Жалдыбаев өз қаражатынан «Шафран» кафесін салды.

Қаламызда 2018 жылы Ұлыстың ұлы күнінде «Jetisu Grand» мейрамханасы ашылды. Мейрамхананың ашылу салтанатына аудан әкімі Рауан Рақымбеков пен аудандық мәслихат хатшысы Б.Смаилов қатысты. Мейрамхана иесі Ә.Тұктібаева оның 20 жұмыс орнымен қамтамасыз етілгенін және мейрамхана 350 адамға арналғанын атап өтті. Осы жылдың 7 мамырында жеке кәсіпкер Алена Пермина өз қаражаты есебінен «Сыра» барын ашты.

«Дәубай» базары иесінің құлышынысымен қазіргі талапқа сай еki қабагтан тұратын 120 сауда орны салынуда. Ал «Жайлау» коммуналдық сауда орталығы 30 тамыз - Конституция күні ашылды. Бұл орталықта 28 орынды дүкен, 100 орынды дала алаңы орналасқан.

«Көкдала» шағын ауданындағы құрылышқа бөлінген жерге 2012-2013 жылдары «Тұрғын үй» бағдарламасы бойынша 5 жалға берілген, 5 коммуналдық тұрғын үй салынып, қолданысқа берілді. Д.Қонаев даңғылы №80 үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, «Шаңырак» шағын ауданындағы №9 үйге күрделі жөндеу кәсіпкер О.Жалдыбаевтың



өз қаражаты есебінен жүргізілді. Сондай-ақ Ә.Молдағұлова көшесі № 30 үйге де курделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 2016 жылы Үштөбе қаласы 9-шы шағын ауданда кішкентай бұлдіршіндерімізге арналған бөбекжай-балабақшасы «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы салынды.

Откен жылдан бастап Қаратал ауданы Үштөбе қаласының батыс бөлігіндегі Ақын Сара көшесінде 60 пәтерлі мердігерлік түрғын үй салынуда. Түрғын үй жыл аяғында пайдалануға беріледі.

Биылғы жылдың сәуірінде аудандық «Сервистік әкімдіктің» ашылу салтанаты өтті. Оның лентасын аудан әкімі Р.Рақымбеков пен ҚР-ның мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы С.Нұрғисаев қиды.

Курделі жөндеуден өткет ғимараттар қатарында: № 25 балабақшасы, Теміржолшы көшесінің жылу жүйесі, К.Тоқаев атындағы орта мектебі, №97 балабақшасы, №13 орта мектебі, орталық саябақ бар. «Даму өндірісі-2» бағдарламасы аясында «Үштөбе Айдын» ЖШС-гі 2016 жылы жаңа қуатты тоңазытқыш алып, материалдық – техникалық базасын нығайтты. Мұнымен бірге Үштөбе қаласындағы темір жол вокзалы ғимаратына курделі жөндеу жүргізілді. Қаратал аудандық жергілікті полиция, № 30 өрт сөндіру бөлімі ғимаратына курделі жөнделуде. Үштөбе қаласына ірге тепкен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне арналған спорт базасы кеңейтіліп, жаңартылды.

Кейінгі жылдары қаланың орталық М.Мақатаев, Қабанбай батыр, Тілеуқұл батыр, Жәлменде би, Әбдірахман ақын, Төле би, Т.Рысқұлов, Д.Қонаев, Пронин, Маяковский, Б.Момышұлы, Жолбарыс батыр, М.Әуезов көшелеріне курделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, оған жергілікті және республикалық бюджеттен қыруар қаржы бөлінді. Сондай-ақ Н.Шевелев, К.Құлшықбаев, М.Әуезов, Суворов пен Н.Исаев көшелеріне қырышық тас төселіп, курделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Т.Рысқұлов көшесі де курделі жөндеуден өтті. Бұл игі іс биыл да жалғасын табуда. Қаладағы бағдаршамдарды күтіп ұстау мен жаңарту жұмыстары қолға алынуда.

Қала тазалығы мен көшелерді аbatтандыру ісі қашан да басты на- зарда. Орталық Абылай хан, Қ.Байсақов, Төле би көшелеріне жарық жүргізу жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Үштөбе қаласының келбетін қазіргі заман талабына сай жақсарту үшін Жолбарыс батыр қөшесіндегі жолдың жағалауына жыл сайын гүлдер егіледі. Аудан әкімшілігінің ғимаратының алдына, орталық алаң



мен орталық стадион маңайына сәнді қарағай мен аққайың көшеттері отырғызылды. Қаладағы білім мекемелері өздеріне тиесілі алаң мен ауланың көгалдануына айрықша мән береді. Қалалық «Мәдениет және демалыс» саябағы, орталық алаң 2016 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп, қала халқының көңіл-күйін бір серпілтті. Қалалық «Мәдениет және демалыс» саябағын көп жылдан бері «Сенімгерлік басқаруға беру» өзекті мәселелердің бірі болатын. Өткен жылы жеке кәсіпкер Е.Таңсықбаев орталық саябакты сенімгерлік басқаруға бес жылға алды.

Қаладағы Б.Римова мен С.Морозов атындағы орта мектептерінде қазақ тілі, математика, ағылшын тілі, орыс тілі пәндерін тереңдетіп оқытатын 5-9 аралығында гимназия сыныптары ашылды.

Білім беру жүйесі бойынша қалада 7 жалпы білім беретін мектеп, 5 балабақша (№ 97, № 25, Балбебек және жеке меншік «Нұр», «Мақсат»), екі мектептен тыс мекеме, балалар шығармашылығы орталығы, оку өндірістік кәсіпорны орналасқан. Үштөбе қалалық округі аумағындағы 7 мектеп интернет желісіне қосылған.

Үштөбе каласында аудандық орталық ауруханасы орналасқан. Бүтінгі күні онда 53 дәрігер, 216 орта буынды маман қызмет атқарады. Қаланың батыс жақ бөлігіндегі Ә.Молдағұлова көшесінде орналасқан Қаратал аудандық емхана бөлімшесінде 2 дәрігер, 6 медбике қызмет көрсетеді. Үшкөмей ауылдындағы ФАП тұрғындар көнілінен шығуда.

Кейінгі жылдары Үштөбе қаласы әкімі қызметін К.Есботанов, Қ.Оңгаров атқарды. Қаланың қазіргі әкімі Р.Бекбосынов.





Аудан бойынша 2008 - 2018 жылы құрылыш бөлімі арқылы қаржыландырылып, қолданысқа берілген құрылыш нысандары:

Тұрғын үй – «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша:

-2008 жылы Үштөбе қаласы Фрунзе (қазіргі Достық) ауылында жеті жалгерлік, екі коммуналдық тұрғын үй құрылышы;

-2012 жылы Үштөбе қаласы Мерей шағын ауданында 10 жеке жалгерлік тұрғын үй, Кекдала шағын ауданында 5 жалгерлік 5 коммуналдық жеке тұрғын үй;

2016 жылы Үштөбе қаласы Ә.Молдагұлов көшесіндегі 30 пәтерлі үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қолданысқа берілді.

2016 жылы Қараашенгел ауылында екі пәтерлі жалгерлік тұрғын үй құрылышы аяқталып, қолданысқа берілді.

Білім саласы – 2013 жылы Кызылжар ауылында 180 орындық, Оян ауылында 120 орындық, Сарыбұлақ ауылында 30 орындық мектеп құрылышы аяқталып, қолданысқа берілді.

Үштөбе қаласында 2017 жылы 320 орындық «Балбебек» бебекжай-балабақшасы құрылышы аяқталып, қолданысқа берілді.

Денсаулық сақтау – 2013 жылы Көпірлік ауылы, 2015 жылы Жаңаталап ауылы, 2017 жылы Ескелді би ауылында (ФАП) фельдшерлік-акушерлік пункттері және Бастөбе ауылында ветеринариялық пункт құрылышы аяқталып, қолданысқа берілді.

Аудан бойынша 2017 жылы 8 ауылдық округте яғни, Бастөбе, Ескелді би, Жаңаталап, Кәлпе, Көкпекті, Қаражиде, Тастанбек, Алмалы ауылында қызметтік тұрғын үймен біріктірілген участекелік полиция пункті құрылышы аяқталып, қолданысқа берілді.



Карттарым – қазынам


Қазіргі таңда аудандық ақсақалдар алқасына көпті көрген аға буын екілі Сейілхан Беков және Үштөбе қалалық ардагерлер Кеңесіне еңбек ардагері Бақберген Ибраимов басшылық жасап келеді. Көптеген жылдар бойы ауданымыздың әлеуметтік саласында елеулі еңбек етіп, бүгіндегі аудандық ақсақалдар алқасының төрағасының орынбасары болып отырған Шара Қаймодина да аға ұрпакқа деген сый-құрметті артыру, оларды әлеуметтік қорғау тұрғысында жемісті жұмыс атқаруда. Сонымен бірге ауданымыздың әр ауылдық округінде жастарға үлгі-өнеге көрсетіп жүрген 9 ауылдық округ ақсақалдар төрағалары бар.

Жастар тәрбиесі басты назарда

Нақтырақ айтсақ олар, Үштөбе қаласында – Бақберген Ибраимов, Қызылбалық ауылдық округінде – Егеубай Найманбаев, Қанбақты ауылдық округінде - Куандық Эбдікәрімов, Балпық ауылдық округінде - Қанаш Рымжанов, Бастөбе ауылдық округінде – Серікбай Керімов, Ескелді ауылдық округінде – Төлеухан Сұттібаев, Тастанбек ауылдық округінде – Нұртай Махатов, Жолбарыс батыр ауылдық округінде – Жанаділ Бейсембаев, Елтай ауылдық округінде – Шадет Үркімбеков және Айту би ауылдық округінде - Рахымғали Өтегенов. Тарихқа көз жүгіртсек, 1945 жылғы Ұлы Отан соғысы Жеңісін жақыннатқан жандардың ішінде қараталдықтар да болды. Сонау сұрапыл соғысқа Қаратал жерінен 4000 адам аттанса, соның 2500-і майданда ерлікпен қаза тауып, 500-і хабарсыз кеткен. Брест қамалын қорғауда өшпес ерлік көрсеткен қазақ жауынгері Иван Кузнецов. Мәскеу қаласын ерлікпен қорғаған 28-панфиловшылар қатарында Николай Митчинко, әскери үшқыш Сергей Морозов пен артелерист Николай Шевелев батырлық көрсетті.

Отken Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдық мерекесін (2015 ж.) көзі тірі 9 ардагер қарсы алған еді. Соның ішінде Кеңес Одағының батыры Иван Васильевич Косенков, Бауыржан Момышұлы және Мәлік Габдулинмен майдандас болған, ақынжанды Сейдахмет Қосжановтың көрінуі біздер үшін зор мақтаныш болды. Бүгіндегі таңда ауданымызда небәрі екі майдангер: Шыртай Шөкенов пен Тұрарбек Ахметшеновғана қалып отыр.

Еліміздің қазіргідей жоғарғы дәрежеге жетіп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы жолында аға ұрпақтың қосқан үлесі ұшан-теңіз.



Зейнеткерлер мен мүгедектерге қамқорлық жасау, көмек көрсетеу – атқарушы билік органдарының абзал міндегі болып табылады. Ал соған қозғау салып отыру аға буынның міндегі.

Қарттарға құрмет көңілді марқайтады

Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында қарттарға, сонымен қатар мүгедек жандарға баса назар аударып, зейнетакы мен жәрдемакының сатылап көтерілуіне, оларға деген қамқорлықтың арта түсуіне айрықша мән беріп отыр. Өмірден көргені мен тоқығаны мол қарияларымыз – біздің баға жетпес байлығымыз. Қазіргі таңда біздің ауданымызда жасы жетіп, еңбегінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлерге деген құрмет бір күнмен шектеліп қалмақ емес.

Откен күндерді еске алғанда...

Жыл сайын ауданымыздағы соғыс және еңбек ардагерлері мен мүгедектер денсаулықтарын жақсарту үшін бюджеттен арнайы қаржы белінуде. Бүгінде қариялар шипажайларда демалса, мүгедек, кемтар жандар мемлекет қамқорлығында ем-дом алыш, денсаулықтарын жақсартуда. «Қарттары көп ел қазыналы ел» деп ақын жырлағандай, қеудесі қазынаға толы ардақтыларымызға, өмірді бағалай білетін, көңілі жарым мүгедек жандарға әрдайым зор денсаулық, ашық аспан, мол бақыт, шуақты ғұмыр тілейміз..

Сүйінерлігі сол, зейінді зейнеткерлеріміз бен қазыналы қарттарымыз аудан мен облыс деңгейінде өтетін мәдени-көпшілік және спорттық шараларға: «Мерейлі отбасы», «Батагөй ақсақал», «Спортты серік еткендер» т.б. байқаулар мен жыр алыбы Сүйінбай мен Жамбылға арналған жазба ақындар мүштіктерінде қатысып, жоғарғы орындарды иеленді. Ел тәуелсіздігінің 25, Астана қаласының 20 және Қазақстан ардагерлер үйінің 20 жыл толу мерекесі түсінде белсенділік танытты. Олар Үштөбе қаласындағы Ардагерлер үйінде жиі бас қосады, елдік мәселелерге әрдайым үн қатады.

Аудан әкімдігінің жанды қамқорлығы арқасында Үштөбе қаласының орталығынан арнайы Ардагерлер үйі белініп, қажетті байланыс, жиһаз, компьютер, шахмат, дойбы, мерзімді баспасөз құралдарымен қамтамасыз етілді. Қала мен ауыл ардагерлері мұнда жиі бас қосып тұрады.




Ауған соғысының ардагерлері

Әр жылдың 15 ақпаны Ауғанстан жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылған күні. Тарихқа көз жүгіртсек, 1959-1968 жылдары ауған жерінде соғыс өрті тұтанған еді. Сол бір 1978 жылдың сәуірінде Ауғанстанда төңкеріс болып, арты қайғылы оқиғаға ұласты. 1979 жылы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, он жылға жуық қиян-кескі ұрыс жүргізді. Олардың қатарында 22 мың қазақстандық болып, жанқиярлық, батылдық үлгісін көрсете білді. Қазақстан соғыс даласында 898 азаматынан айрылды.

Қаратал жерінен осынау сұрапыл соғысқа әр жылдары 79 азамат қатысты. Қараталдық Е.Өнімдінов, А.Жамбылбаев, А.Ильин, В.Ким, Ю.Проводин, С.Зубарев, В.Поддубский секілді жауажүрек азаматтар ерлікпен қаза тапты. Қан майданда ерліктің ерен үлгісін көрсеткен Е.Өнімдінов, А.Жамбылбаев, С.Зубарев, В.Поддубский «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері атанса, А.Ильин, В.Ким, Ю.Проводин «Ерлігі үшін» медаліне ие болды. Әлбетте, ұрыста қаза болған ұландардың ерлігі бағаланып, КР Үкіметі тарапынан ескерілді. Сондай-ақ, ерлерін ұмытпайтын халық Тастөбе (Е. Өнімдінов), Елтай (А. Жамбылбаев), Жаңаталап (А. Ильин және С. Зубарев) Қәлпе ауылдыңдағы көшеге (В.Поддубский) есімдерін беріп, тарихта мәңгі қалдырыды. Бейбіт күнде 19 жауынгер бақылық болды. Ұштөба қаласының орталық саябағында 2007 жылдың 7 мамырында Ауған соғысы жауынгерлеріне арналған мемориалдық ескерткіш ашылды.

Жыл сайын Ауған соғысы ардагерлеріне мерекелік күндерге орай және Чернобыль апатынан зардал шеккен азаматтарға бір жолғы қаржылай көмектер көрсетіледі. Ауған соғысының ардагерлері жас ұрпақты Отансұйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде. Ауданда Болат Бисембаев жетекшілік жасайтын Ауған соғысы ардагерлері Кеңесі көптеген тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың үйіткісі болып жүр. Жаңтарды Отансұйгіштікке баулу және әскери-патриоттық тәрбие ісін жандандыру бағытында елеулі істер атқарып келеді.

Казіргі таңда ауданда 50-ге жуық ауған соғысының ардагері бар. Өскелен ұрпақ оларды әрдайым мақтан тұтып, құрмет көрсетеді. Солардың арасында «Қызыл жұлдыз» иегері Болат Жақсыбаев, Берікгали Жексенбаев, «Жауынгерлік қызметі үшін» мадалінің иесі Сергей Казенков, аудандық мәслихат депутаты Мұрат Тілеубай және басқалары бар.



Білім - болашаққа бастайды

*Халық пен халықты, адам мен адамды
теңестіретін нәрсе – білім.
М. Әуезов.*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу

Білім беру ісі мемлекеттік саясаттың, қоғамдық және экономикалық өмірдің артықшылығы бар сындарлы саласына айналды. Үкімет ел болашағы білімді ұрпақты тәрбиелеу ісіне үлкен мән беріп отыр. Елбасы халыққа арнаған Жолдауларында үнемі «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» екенін, бүтінгі білім беру ісінің мақсаты - тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, ой-өрісі дамыған, ақпарат көздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті де азбал адам тәрбиелеу болып табылатынын атап айтуда. Ұлы ойшылардың бірі «Ойлануды үйретудің қажеті жоқ, ойлана білуге үйрет» дегендей, қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, діліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүрге берік, рухы мықты, танымы мен тағлымы кең түлға тәрбиелеудегі ең негізгі сын да, салмақ та ұстаздарға жүктелетін түсінікті. Өйткені, Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін, елімізді әлемге танытатын мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақ. Осынау жауапты да ауқымды мақсат – міндеттерді жүзеге асыруда ауданымыздың білім саласы бойынша да өткен он жылда қол жеткізген табысты жобаларымыз берілгенде жетістіктеріміз бар.

Ауданымыздың білім беру жүйесінде 2008 жылы 29 жалпы білім беретін мектеп, бір балабақша, екі мектептен тыс мекеме жұмыс



істесе, ал 2018 жылы 30 жалпы білім беретін мектеп, 3 мемлекеттік, 5 жекеменшік балабақша және 18 жалпы орта білім беретін мектептер жанынан бұлдіршіндерге арналған 18 шағын орталық, екі мектептен тыс мекеме жұмыс істейді.


Білім беру жүйесінің негізін мектепке дейінгі білім беру ісі құрайтыны баршамызға аян. 2008 жылы ауданымызда небәрі № 97 балабақша ғана жұмыс істеп, мектепке дейінгі оқу мен тәрбиемен 308 бұлдіршінді ғана қамтыды. Сол жылы балабақшага орналасуға 501 бала кезекте тұрды. Елбасының балаларды мектепке дейінгі оқу және тәрбиемен жүз пайыз қамту мақсатындағы «Балапан» бағдарламасы аясында мектептер жанынан шағын орталықтар және қаламыздағы 280 орындық №25 бала бақшасының ғимаратына қурделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қолданысқа берілді.

Бүгінгі бұлдіршін – ертеңгі ел болашағы. Оларды мектепке дейінгі білім берумен қамту мәселесіне ауданымызда үлкен мән беріле отырып, 2013 жылдың 1 желтоқсанда 1-3 жасқа дейінгі сәбилер тобына арналған 25 орындық «Мақсат» жекеменшік балабақшасы, 2017 жылы тағы да 3 жекеменшік - Елтай ауылында «Ердауыс», Ескелді ауылында «Айым» және Бастөбе ауылынан «Айзере» балабақшалары ашылды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай (2016 ж.) «25 жұлдызды күн» аясында Алматы облысында бір күнде 2385 орынды 25 заманауи балабақша ашылды. Сол балабақшалардың ең үлкені 320 балаға арналған «Балбебек» бебекжай- балабақшасы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қаламыздағы «Шаңырақ» шағын ауданында ашылып, тұрғындарды үлкен қуанышқа бөледі. Осы жылы аудан бойынша мектепке дейінгі мекемелер саны 24-ке, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиемен қамтылған бала саны 1317-ге жетті. Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие бойынша көрсеткіш 2016 жылдың қантар айында 88,6 пайызды құрап, Алматы облысы бойынша ауданымыз жоғарыда көрсетілген көрсеткіш бойынша екінші орында тұрды.

Қазіргі таңда балабақша саны – 8. (5 жекеменшік балабақша, 3 мемлекеттік балабақша). Шағын орталықтар саны – 18. Барлық мектепке дейінгі мекеме саны 26. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиемен қамтылған жалпы бала саны – 1682, қамту көрсеткіші аудан бойынша – 96,8 %.

«Ел боламын десен, бесігінді түзе» демекші, ауданымыздағы бұлдіршіндерге арналған игілікті іс өз жалғасын табуда.



Жалпы орта білім мен материалдық-техникалық база

Қандай мемлекет болмасын өзінің болашағы үрпақтар жалғастығында екендігін жақсы біледі. Қазіргі кезде ғаламдану дәуірінің алдында тұрған уақытта, оқушыларға ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, олардың рухани байлығы мен мәдениетін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар, әрбір жастың кәсіптік шеберлігі мен іскерлігін қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміздің басты талабы болып отыр. Сондықтан да ауданымызда білім беру ісіне айрықша көңіл бөлініп, жоспар бойынша заманға сай жабдықталған жаңа мектептер салынып, қолданысқа берілуде. Айталық, 2008 жылы аудан бойынша 23 орта мектеп, 4 орталau, 2 бастауыш мектеп болды. Олардың 17-і қазақ мектебі, 9-ы аралас мектеп, 3-үі таза орыс мектебі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында мектептерде әртүрлі пәндер бойынша факультатив курстары мен үйрмелер және Б.Римова атындағы орта мектебі мен С.Морозов атындағы №51 орта мектебінде пәндерді (қазақ тілі, орыс тілі, математика, ағылшын тілі) терендетіп оқытатын 5-9 сыныппары аралығында гимназия сыныппары бар.

Қаладағы №13 орта мектебінде интернат мекемесі жұмыс істейді, мекеме жылда ата-аналары темір жол бойында жұмыс істейтін және мектебі жоқ шалғай жатқан елді мекендердің 100-ден аса баласын тәрбиелейді.

Сарыбұлақ ауылынан 2012 жылы жаңа типтегі Сарыбұлақ бастауыш мектебі ашылып, қолданысқа берілді. Бұғынгі күні аудан бойынша жалпы білім беретін мектептер саны 30-ға, бастауыш мектептер саны 4-ке жетті. Олардың 19-ы қазақ мектебі, 9-ы аралас мектеп, 2-үі орыс мектебі. Осы он жыл көлемінде Оян ауылында жаңа мектеп ғимараты бой көтеріп, орталau мектеп қанатын жайып, кейінде Оян орта мектебі болып, 10-11-сыныппар ашылды. Сол сияқты Қызылжар ауылында да заманға сай құрылғылармен жабдықталған жаңа мектеп (Лермонтов атындағы ОМ) ғимараты бой көтерді. Қаладағы I.Есенберлин атындағы орта мектебінің күрделі жөндеуіне тиісінше қаражат бөлініп, мектеп аланына да жөндеу жұмыстар жүргізілді. Оқушылар ойнайтын жаңа спорттық алаң салынды. Сонымен қатар, осы жылдары қаладағы Б.Римова атындағы орта мектеп-гимназиясы (Фрунзе), Ескелді ауылындағы Р.Қошқарбаев атындағы орта мектебі (Дзержинский), Көкдала ауылындағы Көкдала орталau мектебі (Тельман) атап, қазақша атауға ие болды.



Өткен 2017-2018 оқу жылында аудан мектептерін 6446 оқушы бітірді. Жалпы аудан бойынша үлгерім 100, білім сапасы 61,1 пайыз. Жыл қорытындысы бойынша аудан мектептеріндегі оқу үздіктері 1235, оқу екпінділері 2234. Оның ішінде биыл аудан бойынша 19 түлек «Алтын белгі», 27 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды.

Қазір бұрынғы Үштөбе балалар Үйінің ғимаратында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығы ашылып, жұмыс істеуде.

Білім жүйесін ақпараттандыру

Күн санап дамып келе жатқан ақпараттар ағыны, ғылым мен техниканың жетістіктерін жас жеткіншектерге жеткізу үшін білімді, кәсіби, шебер еңбеккор ұстаздар қауымы керек. Өйткені, қазіргі таңдағы білім беру үрдісінің негізгі проблемасы - заман талабына сай білімді, ақпараттық сауаты мол жаңа формация оқушыларының пайда болуы.

Педагогикалық ұжымдардың заман талабына сай жаңаша көзқарасын қалыптастырып, құлышыныспен жұмыс істеуіне мектептердің материалдық-техникалық базасының нығаю үлкен септігін тигізуде.

Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі делінген. Аудан мектептерінде 2008 жылы жаңа үлгідегі 7 физика кабинеті, 7 мультимедиялық кабинет, 34 интерактивті тақта, 601 компьютер (1 компьютерге шаққанда 13,4 оқушыдан келді), 12 мектепте қашықтықтан оқыту құралдары орнатылған. Ал қазіргі күні аудан мектептерінің елу пайызы (20 ЛМК) лингафонды-мультимедиялық, елуге тарта жаңа үлгідегі физика, химия, биология кабинеттерімен, 104 интерактивті тақтамен (22 мектеп), барлық мектеп компьютерлермен (1 компьютерге шаққанда 6 оқушыдан келеді) жабдықталған. Мектептердің барлығы да интернет желісіне қосылған. Осы аталған инновациялық технологиялардың барлығы оқушылардың білім сапасының өсуіне үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

Педагогтар қауымы да ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалана отырып, Республика, облыс көлемінде интерактивті сабактар беріп, әртүрлі педагогикалық байқаулар мен конкурстардан жүлделі орындарды иеленуде.



Маңызы зор басылым

«Алты алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп үлт мақтанышы Мағжан Жұмабаев айтып кеткендей, ауданымыздың ұстаздарына арналған «Білім нұры» атты қоғамдық-педагогикалық газеттің тұсауы 2016 жылы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсанында кесілді. Газеттің құрылтайшысы аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинеті, бас редакторы - әдіскер Н.Ынтыбекова. Бұл газет ауданымыздағы білім саласының қөкейкесті мәселелері, мектептер мен педагог қызметкерлердің тыныс-тіршілігін танытатын әдістемелік материалдар мен инновациялық ізденіс жұмыстарын, білім саласындағы көшбасшылық пен озат тәжірибелі, дарынды оқушылардың жетістіктерін жариялады. Аудан педагогтарының қамын күйттейтін «Білім нұры» газетінің негізгі бағыты-әдістемелік қызметтегі басты-басты жаңалықтармен, оқу-әдістемелік жұмыстарына арналған іс-шаралармен, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, тәлім-тәрбиелік маңызы жоғары атқарылып жатқан іс-әрекеттермен, ғылыми-әдістемелік жаңалықтармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен білім беру үйімдары қызметкерлерін, ұстаздар қауымын таныстырып отыруға бағытталған.

Педагогикалық кадрлар жетістіктері

Педагогикалық кадрларға тоқталар болсақ, бүгінгі таңда аудан мектептерінде 900-ге тарта мұғалім жұмыс жасайды, оның ішінде жоғарғы білімдісі 816, арнаулы орта білімдісі - 82. Жоғарғы санатта 205, бірінші санатта 310, екінші санатты 177 мұғалім, санатсыз 202 мұғалім, оның ішінде 103 мұғалім 1–3 жылға дейінгі жас мамандар. «Білім беру ісінің үздігі» -4, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегерлері - 7, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен» 100-ден аса ұстаз марапатталған.

Ауданның әдістемелік кабинеті де айтарлықтай біршама істер атқарып жатқандығын атап өткеніміз жән. Мектеп мұғалімдері эртүрлі облыстық және республикалық байқауларға қатысып, өз шеберліктерін дәлелдеуде. Бұған нақты дәлел ретінде бір шоғыр женімпаз ұстаздарымызды атауға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) қолданудың нәтижелі моделін тарату және көбейту, талантты АКТ-басшысын тандау, оларға қолдау көрсету мақсатында 2008 жылы Білім министрлігінің арнайы нұсқауымен Республикалық білім беру жүйесіндегі басшы және



ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру институтында «IT-менеджер-2008» атты республикалық білім мекемелерінің басшылар байқауында М.Горький атындағы орта мектебінің директоры Б.Тәжібаев бас жүлдені жеңіп алғып, осы жылдың желтоқсан айында Астана қаласында президентіміз Н.Назарбаевтың қабылдауында болып қайтты.

Алматы қаласындағы педагог кадрлардың біліктілігін арттыратын институттың ұйымдастыруымен облыс көлемінде бірінші рет өткізілген «Жанашыл әдіскер» байқауында әдіstemelіk кабинет әдіскері Н. Ынтыбекова екінші орын, «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізген үздік мұғалімдерге материалдық көтермелеу гранттарын тағайындау» бойынша өткізілген облыстық конкурста С.Морозов атындағы № 51 мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Қырбасова үшінші жүлделі орынды иеленді.

Қаладағы №13 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Д.Кәгіліков облыстық «Жыл мұғалімі - 2009» байқуында жүлдегер атанып, облыс орталығы Талдықорған қаласынан екі бөлмелі пәтер иесі атанды. Пушкин атындағы орта мектептің денешынықтыру пәні мұғалімі Б.Абдимуратов облыстық «Жыл сыйып жетекшісі - 2010» байқуының 1-орын, «Үздік жыл мұғалімі-2010» байқауында осы аталған мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Нұрқабыланова З-орын, №97 балабақшаның тәрбиешісі А.Жәкеева облыстық «Балдыргандар үшін қазақ тілі» байқауының бас жүлде иегерлері атанды.

Елордада 2010 жылы «Қазақстан мектептерінде математикалық білім беру ісін дамыту: қазіргі жай-күйі мен даму болашағы» тақырыбында өткен КР математика пәні мұғалімдерінің 1-съезіне республика бойынша шақырылған үздік математиктер қатарында Горький атындағы орта мектебінің ұстазы Т.Кәртенбай қатысты.

Р. Қошқарбаев атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е. Ким Алматы облыстық «Тіл пәндерінің үздік мұғалімі» байқауында жүлделі II-орынды иеленсе, облыстық «Үздік педагог» конкурсынан жүлделі орынды иеленіп, республикалық байқауға жолдама алды. Аталған мектептің мұғалімі Е. Наурызбеков облыстық «Үздік деңе шынықтыру пәнінің мұғалімі» байқауының жүлдегері атанып, Қазақстан Республикасы деңе тәрбиесінің Ұлттық ғылыми- практикалық орталығының төс белгісімен марапатталды. С. Морозов атындағы №51 орта мектеп-гимназиясы облыстық “Ең үздік экологиялық мекеме” байқауынан 1- орынды жеңіп алғып, облыстық білім басқармасының бірінші дәрежелі дипломымен марапатталып, 200 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды. Лермонтов атындағы орта мектебі облыстық “Үздік ауыл мектебі” байқауынан З-орын,



мектеп басшысы Л. Котова «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі – білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» атты білім беру қызметкерлерінің бірінші республикалық педагогикалық оқуларына қатысып, жүлделі 1- орынды, мектеп психологы Т. Липаева республикалық “Жыл педагог- психологы” байқауынан 3- орынды иеленді.

К.Тоқаев атындағы орта мектебінің мұғалімі Н. Қорғанбаев облыстық “Педагогикалық оқулар” байқауында 1-орын, осы мектептің бастауышсынып мұғалімі Ш. Тоқаева облыстық “Жылсынып жетекшісі” байқауында 2- орын алды. М. Горький атындағы орта мектептің бастауышсынып мұғалімі С. Байғазақова облыстық «Үздік бастауышсынып мұғалімі-2014» байқауында жүлделі 2-орын, аталған мектептің жас маманы Ж. Бейсембаева республикалық «Жас педагогтардың өніраалық педагогикалық идеялары-2014» атты фестиваль-байқаудың 2-орын иегері атанды.

Облыстық “Үздік жыл әдіскері” байқауынан бірінші орын алған балалар шығармашылығы орталығының оқытушысы С.Шүршітбаев республикалық байқауында «Ең жас әдіскер» номинациясы бойынша Құрмет грамотасы және сертификатпен марапатталды.

Облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен өткізілген «Мектепке дейінгі ұйымдар мазмұнын жаңғыртудың әдістемесі – білім сапасын арттырудың қажетті шарты» атты педагогикалық окута қатысқан № 97 балабақша әдіскері М.Нарынбаева 1-орын, № 25 балабақша әдіскері А.Тұяқбаева 2-орынды иеленсе, «Педагогикалық дебют-2014» байқауына қатысқан І.Есенберлин атындағы орта мектебінің жас маманы Ә.Данияр 2-орынды қанжығасына байлады. Шығармашылықпен жұмыс жасап, ата-ана алғысы мен оқушылардың құрметіне бөленип жүрген ұстаздарымыз – аудан мерейі мен мақтанышы.

Дарынды және талантты балалар көрсеткіштері

Аудан мектептерінің жұмысындағы негізгі бағыттарының бірі-дарынды балалармен жұмыс істеу. Бүгінгі Қазақстандық білім берудің негізгі мақсаты – тек білім беру ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, дербес ой қорытуға қабілетті, өз бетінше шешім қабылдай алатын адамдарды тәрбиелеу болып табылады. 2008 жылы Грецияда өткен халықаралық пән олимпиадасында С.Морозов атындағы №51 орта мектеп-гимназиясының 11- сынып оқушысы А.Ким биология пәні бойынша 2-ші орынға ие болды. «Қазақстан – бақыттымның ордасы» атты басқа ұлт мектептері оқушыларының арасында өткен



республикалық конкурста К.Тоқаев атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы О. Звездун 2-ші орынды иеленді. Талдықорған қаласында өткен «Нұрлы көш және нұрлы тіл» атты оралман бауырларымыздың арасында төл тілімізді насихаттау мақсатында өткізілген облыстық фестивальда Жамбыл атындағы мектептің 10-сынып оқушысы Г. Төлеу айтыстың бас жүлдесін жеңіп алғып, заттай бағалы сыйлыққа ие болды.

Облыстық 2010 жылғы пән олимпиадасында орыс сыныптарының қазақ тілі пәні бойынша 1-орын иегері К.Тоқаев атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы О.Звездун республикалық пән олимпиадасына қатысып, аталған пән бойынша жүлделі 3- орынды иеленді. Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонында бас жүлдені жеңіп алған Ж.Молдағалиев атындағы орта мектебінің 9 - сынып оқушысы Ж. Мырзағұлова Астана қаласына 5 күндік саяхатқа, республикалық «Кенгуру-математик» интеллектуалдық ойын байқауында 1-орын алған И.Есенберлин атындағы орта мектебінің 8-сынып оқушысы А. Құрамыс Алматыдағы республикалық «Tau күні» сауықтыру лагеріне жолдама алғып, демалып қайтты.

Облыстық «Жарқын болашақ» атты қазақ тілі пәні олимпиадасының «Әнші-бұлбұлдар», «Сөз шебері», «Жазушылар» бағыты бойынша 1-дәрежелі дипломмен марапатталған №13 орта мектебінің оқушысы Ф.Фриданов, Қ.Байсейітов атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Е.Ким, Қәлпе орта мектебінің 7-сынып оқушысы А.Сон, Р.Қошқарбаев атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы А.Нейман Алматы облысы білім басқармасының 1- дәрежелі дипломымен марапатталып, Астанада өткен республикалық олимпиадада II-III дәрежелі дипломмен, арнайы сертификатпен және күміс медальмен марапатталып, мектеп, аудан, облыс мерейін асқақтатып қайтты.

Облыстық тәуелсіз ағылшын тілі пәнінің олимпиадасына қатысқан Б.Римова атындағы мектеп-гимназисының оқушысы Б. Байділданова үздік білімі үшін дипломмен марапатталды. Ал № 13 орта мектебінің 9-сынып оқушысы Э.Уахитова 2011 жылдың 14-15-наурыз күндері Райымбек ауданы Қарасаз ауылында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен республикалық М. Мақатаев оқуларынан 3-орын алды. М.Горький атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушысы Н. Әмірзаданова облыстық Абай, Шәкәрім оқуларының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанды» бөлімі бойынша жүлделі 2-орынның иегері атанды.

Жалпы орта білім мекемелері оқушыларының арасында өткен облыстық Ясауитану байқауына қатысқан Қ. Байсейітов атындағы орта мектебінің 11- сынып оқушысы Б. Жүсенова жүлделі 2-орынды жеңіп алғып, Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік



тарихи-мәдени қорық мұражайында мектеп оқушылары арасында өткен республикалық «Ясауитану» байқауына белсене қатысқаны үшін дипломмен марапатталды.

Мамыр айында өткен Облыстық «Тіл – барлық білімнің кілті» атты орыс тілі білгірлерінің байқауында Б.Римова атындағы мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы М. Елеусіз бас жүлдені жеңіп алды, бағалы сыйлыққа ие болды. А.Пушкин атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы А. Құдайбергенов облыстық Абай оқуларының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясынан 3-орынға қол жеткізсе, Қ.Байсейітов атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушысы А. Серікхан «Әнді сүйсек, менше сүй» номинациясы бойынша 1-орынды иеленіп, республикалық Абай оқуына жолдама алды.

К.Тоқаев атындағы орта мектебінің 11 – сынып оқушысы Г. Иманбаева облыстық Ілияс Жансүгіров оқуының жеңімпазы атанып, республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларында Алғыс хатқа ие болды.

Р.Қошқарбаев атындағы орта мектебінің 7-сынып оқушысы Ж.Құрмет облыстық Махамбет оқуларында жүлделі 3-орынды иеленсе, Үшарал қаласында бірінші рет өткізілген облыстық «Сәкен Иманасов оқуларында» 1-орынды қанжығасына байлап қайтты.

Облыстық оқушылардың ғылыми-жобалар жарысының 1-дәрежелі диплом иегері М.Горький атындағы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Д. Беркімбаева «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша 11-халықаралық ғылыми жарысының 1-дәрежелі дипломы мен алтын медалінің және мемлекеттік грант иегері атанды. Облыстық «Кіші ғылыми-академия» ғылыми-практикалық конференциясында жүлделі орындарды иеленген Д. Лян, М.Горький атындағы орта мектебінен Э. Нұсіпжанова Лермонтов атындағы орта мектебінің оқушылары республикалық конференцияда 2-дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Алматы қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген М.Мақатаевтың шығармашылығына арнаған «Жырлайды жүрек» байқауының көркемсөз бөліміне қатысқан Б.Римова атындағы мектеп-гимназиясының, Р.Қошқарбаев атындағы және №13 орта мектебінің оқушылары С. Кәметова, Ж. Құрмет, А. Тұрсынбекова 2,3-дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Ақпан айында өткізілген облыстық «Жыр алабы - Жамбыл» атты оқушылар арасындағы айтыстың жеңімпазы атанған М.Горький атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы А. Қадыс республикалық оқушылар айтысының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен қаңтар айында өткізілген «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын іске асыру бағытындағы



«Тұған елге тағзым» акциясы аясында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін менгерген жасөспірімдерді анықтау, қолдау, мадақтау мақсатындағы жалпы білім беретін мектеп, колледж студенттері арасындағы «Мәңгілікке сүйікті тұған өлкө» сырттай олимпиадасында С.Морозов атындағы ОМГ 9-сынып оқушысы А.Тоқболатова 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Облыстық Ілияс оқуларынан жүлделі 1-орынды алған Пушкин атындағы ОМ 9-сынып оқушысы А. Исаханова республикалық байқаудың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен Қарабұлақ кентінде 1-рет өткен аймақтық Ескелді би оқуларында Жамбыл атындағы ОМ 8-сынып оқушысы А. Нұрсағи 1-дәрежелі диплом және С. Тойлыбаев пен С. Биболовтың «Ескелді би туралы» кітаптарына ие болды.

Облыстық оқушылардың «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауында М.Горький атындағы орта мектебінің бастауыш сынып оқушылары А. Тұрсынбай, Д. Хан 1-орындарды иеленіп, XI республикалық байқауында Д. Хан II орынды қанжығасына байлады.

Зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының облыстық (сырттай) кезеңінде Б.Римова атындағы ОМГ 3,4-сынып оқушылары А.Отан, А.Наймантай, К.Ким, Пушкин атындағы ОМ 3-сынып оқушысы А.Канабек, №13 ОМ 2-сынып оқушысы А.Сайлау, Қ.Байсейітов атындағы ОМ 3-сынып оқушысы Е.Берікбол, М. Горький атындағы ОМ 4,6,7-сынып оқушылары Д.Ахмет, К.Наурызбай, Ю.Цой, Р.Қошқарбаев атындағы ОМ 4-сынып оқушысы М.Наурызбек, Оян ОМ 2-сынып оқушысы Ү.Құдайберген жүлделі орындарды иеленді. Осындай дарынды да көшбасшы шәкірттеріміздің марапаттары жоғарыда аталған талантты ұстаздарымыздың еңбегі екені даусыз. Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп партасында отырған шәкірттердің білігі мен біліміне тікелей байланысты екені анық. «Қазақстанның болашағы-дарынды жастардың қолында» деп бекерге айтпасақ керек. Түйіндей айтсақ, Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар» қағидасын жанды басшылыққа алған ауданының білім мекемесінің ұстаздар қауымы мен талапты шәкірттері тұған ауданының 90 жылдығына осындай жетістіктерге қол жеткізіп, лайықты тарту-таралғымен келіп отыр.



Балалар шығармашылығы орталығы

Үштөбе қаласында балаларға эстетикалық білім, тәрбие беру ошағы 1964 жылы «Балалар жетіжылдық саз мектебі» деген атпен ашылған. 1996 жылы аты өзгеріп. «Өнер мектебі» деп аталды. 2001 жылы Алматы облысы әкімінің 27 сәуірдегі № 4-107 шешімі бойынша мектеп мемлекеттік қазыналық білім кәсіпорны Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының «Балалар шығармашылығы орталығына» айналды. Мұғалімдердің шығармашылық белсенділігі мен ынтаҗігерінің арқасында, оқушылар бастапқы кәсіби машиқтарды төменде келтірілген үйірмелерден менгереді:

- Музыкалық орындау - музыкалық аспаптарда ойнау өнерін үйретеді; (домбыра, фортепиано, қобыз, шертер, дәстүрлі ән, эстрадалық ән, флейта, сырнай, аккордеон және гитара)
- Ұжымдық музыкалық орындау – хорда ән айту, вокалды ансамбль, фольклорлық ансамбль, халық аспаптар оркестрі, аспаттар ансамбльдері;
- Бейнелеу өнері – құрылым, сурет, кескіндеме, мүсін;
- Сәндік қолданбалы өнері – ою - өрнек;
- Би бөлімі – халық биі, классикалық би және қазіргі заман биін үйрету;
- Театр бөлімі – көркемдік сөз, театр өнері, сахна өнерінің мәдениетін үйрету.

Үштөбе балалар шығармашылығы орталығы оқушылары мұғалімдермен бірге аудандық, облыстық мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысады. Бұл күнде балалар шығармашылығы орталығы өскелен өнерлі ұрпақтың шығармашылық белсенділігін арттыратын, көркем-ойлау, әсемдікті түсіндіретін қосымша білімнің негізі болып қалыптасуда. Жалпы орта білім беретін мектептермен қатар БШО-да оқушыларға салауатты кәсіби бағдарланған шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде бар күш жігер жұмысауда. Ата-аналар да балаларының кәсіби жақсы білім алуына жан-жақты ықпал етіп отыр.

Барлығы 31 мұғалімнен тұратын (27-жоғары білімді, 4-і орта білімді) ұжым оқушылардың сабакқа қатысуы мен оқу деңгейін көтеруге өз үлестерін қосып жүр. Халықаралық, республикалық



және облыстық байқауларда оқушылары үлкен жетістіктерге жетті. Концерттерге, көрмелерге, конкурстарға қатысатып оқушылар саны да көбейді.

Былтырғы жылдары балалар шығармашылығы орталығының бір топ түлектері Алматы облысы Сарқан қаласындағы гуманитарлық колледжінің хореография, классикалық би бөлімінде, Қ.Байсейітов атындағы саз колледжінде, Чайковский саз колледжінде «Дәстүрлі ән», эстрада және цирк колледжінде оқуын жалғастыруда. Жас маман Құмарбекова Қарлығаш, Фриданов Әркен (хор. дир.) - Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияға қабылданды. Жарты ғасырлық тарихы бар БШО да көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ұстаздар еңбектері де елеусіз қалмауда. Хор-дирижерлау бөлімінің оқытушысы Н.Д.Ким «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағына ие болса, Т.Қанатбаев «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медалімен марапатталды. А. Абылханов ҚР суретшілер одағына мүшелікке етіп, биылғы жылы өзінің 60 жасқа толуына орай БШО-да шығармашылық кешін үйымдастырыды. Ал 2014 жылы Үштөбе балалар шығармашылығы орталығының 50 жылдық мерейтойы аудан көлемінде атаптанды.

Биылғы оқу жылында да өнердің биік белесіне қадам басқан атамыш орталықтың өрендері тамаша жетістіктерімен қуантты. Соның бір айғағы ретінде өнерлі балғындардың өткен оқу жылындағы республикалық, халықаралық байқауларда жеткен жетістіктері. Мәселен, 26 қазанда Алматы қаласында өткен Республикалық «Менің Қазақстаным» атты ән-би байқауында домбыра аспабы бойынша Ким Эмиль 1-орынға ие болса, (жетекшісі Т.Қанатбаев), республикалық «Нұрлы жастар – болашаққа жол бастар» байқауында домбыра аспабы бойынша Орналы Сабина 3-орын лауреат, (жетекшісі Г.Изекенова), гитара аспабы бойынша Ногай Даниэль 2-орын, фортепиано аспабы бойынша Ти Милана 3-орын эстрадалық вокал бөлімі бойынша Алмасқызы Аружан 1-орынды иеленді. Облыстық «Жетісу жүлдемдері» байқауында «Алтынай» үлгілі би ансамблінің кіші тобы 3-дәрежелі диплом (жетекшісі А.Нұрпейісова), республикалық Ш.Жиенқұлова атындағы балалар би фестивалінде «Алтынай» үлгілі би ансамблі 2-дәрежелі лауреат атағын жеңіп алды. Сонымен қатар республикалық «Дарабоз» атты балалар ән - би байқауында эстрадалық вокал бөлімі бойынша Ондасын Әдемі «Бас жүлде», Ондасын Ерсүлтан 1 орын, флейта аспабы бойынша Серғазинов Ердос 2 орын, дәстүрлі ән бөлімі бойынша Қадыров Ерасыл 2 орынды иеленіп, жүлдегер атанды.



Облыста өткен Астананың 20 жылдығына орай «Өнерім-өмірім» байқауында «Үлгілі» Алтынай би тобының үлкен тобы 2 орын (жетекшісі А.Нұрпейісова), республикалық «Тарихи ұлы Жеңіс» атты ән-би байқауына домбыра бөлімі бойынша қатысқан Орналы Сабина - бас жүлде, Алпысбай Ұлпан - 1 орын, Елубай Мадияр - 2 орын Бекбатыр Еркежан 2-орын, Макұл Айзат - 3 орын (жетекшісі Г.Изекенова), хореография бөлімі бойынша «Айтұмар» би тобы 1-орын, Демеуова Аяжан - бас жүлде, облыстық Орбұлақ шайқасына 375 жылдығына орай ұйымдастырылған оқушылар арасындағы суретшілер байқауында / Жаркент қаласы/ Уалитхан Нұрсұлтан 3-орын (жетекшісі К.Ашықбаев). халықаралық «Burabai summer fest» фестивалінде Әдемі Ондасын дипломант атағын (жетекшісі А.Байгөбек), Тұрсынбеков Әділет дипломант атағын (жетекшісі А.Дүйсенбеков) женіп алды.

Бастөбе сервистік-техникалық колледжі

Бастөбе сервистік - техникалық колледжі жас жұмысшы кадрларын дайындаудың базалық колледж болып табылады. Іргетасы 1983 жылы қаланған. Колледж 35 жыл ішінде 5300- дең астам агроөнеркәсіпке қажетті білікті мамандар, атап айтсақ, құрылышы, дәнекерлеуші, тракторшы-машинист, аспаз, кондитер, автомобиль жөндеу слесарі мамандықтарын даярлады. Оның тұлектері қазіргі заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие. Білім мекемесіне 2005 жылдан бастап Мәлікжан Жамалбеков басшылық етеді. Мұндағы қазіргі заман талаудына сай 8 интерактивті тақтамен жабдықталған теориялық 15 оқу дәрісханасы, 3 зертхана мен 4 оқу-өндірістік шеберхана, ғаламтор жүйесіне қосылған 2 компьютерлік кабинет, 17 мың кітап қоры бар кітапхана, спорт залы, мәжіліс залы, медициналық кабинет, 120 орынды асхана жұмыс жасайды. Жоғары деңгейлі кәсіби педагогикалық ұжым жасақталып, оқытушылар мен білімгерлер арасында тиімді білім жүйесі мен тәрбиелі орта қалыптасып, әріптестік пен шығармашылық қарым-қатынас орнаған. Инженерлік - педагогикалық ұжымда 29 оқытушы және 14 өндірістік оқыту шебері бар, оның 18- дең астамы жоғары және бірінші біліктілік санаттағы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері. Бүгінгі күні білім беру ісінің үздігі Нәзира Уәлиева, Білім және Ғылым министрлігі құрмет грамотасының иегерлері Мәлікжан Жамалбеков, Молдахмет Әкімбеков, Жоламан Дәуітов, Эльмира Үйдырысова жемісті еңбек етуде. Білімгерлердің білім алула-




рына толық жағдай жасалынған. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері мен білімгерлердің қабілеттерін ұштауға үлкен көніл бөліп, жыл сайын республикалық, облыстық байқаулар өткізіліп тұрады. 2017 жылы аймақтық «Worldskills» Талдықорған чемпионатында, ең үздік маман иесі дәнекерлеушілер жарысында колледждің 175 топ білімгері Ким Игорь бас жүлдеге ие болды. Ал 2018 жылы 179 топ білімгері Кондаков Виталий бірінші орынды иеленді. Жалпы білім беру пәндері бойынша облыстық олимпиадалар өткізіліп, Карадуман- оглы Хаджу – I дәрежелі диплом, Ачилова Анастасия – II дәрежелі диплом, Сабирова Ксения – III дәрежелі дипломдарға ие болды. Білім алушылардың сабактан тыс уақыттары да жан-жақты үйымдастырылған, спорт секциялары, тренажер залы, үйірмелер, әртүрлі деңгейдегі шаралар өткізіледі. Оку орнының білімгерлері әр түрлі спорт түрлеріне қарай облыстың және республиканың құрама командасына кіреді. Олардың ішінде республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың жүлдегерлері де бар.

Məuelі мәдениет

Қаратал ауданы мәдениетінің тарихы сонау 1936 жыл колхоз - халық театрының құрылудынан бастау алады. Қазақстанда халық театрының іргетасы алғашқылардың бір болып бізде қаланып, өнер санлактары Қанабек Байсейітов, Бикен Римова, Шолпан Бәкірова, қазақ детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаев сынды ұлттымыздың зияяларының киелі Қаратал топырағынан шыққанын мақтан етеміз. Бүгінде ауданда 41 штат бірлігімен 12 Мәдениет үйі және 23 штат бірлігімен 10 кітапхана тұрғындарға тұрақты түрде мәдени-рухани қызмет көрсетуде.

Аудан өнерпаздарымен бірге «Халықтық» атағы бар 3 және үлгілі атағы бар 1 ұжым халыққа мәдени қызмет көрсетуде, барлық іс-шараларға белсене қатысада. Олар: «Қаратал әуендері» ұлт-аспаптар ансамблі (көркемдік жетекшісі Төлеу Қанатбаев), «Қызғалдақтар» қыздар - вокальдық ансамблі (көркемдік жетекшісі Наталья Ким), «Мұздыбаевтар» жануялық ансамблі (көркемдік жетекшісі Райыс Мұздыбаев), «Алтынай» би ансамблі (көркемдік жетекшісі Ақғұл Нұрпейісова).

Аудан өнерпаздары облыста өткізілетін ауданның дәстүрлі мәдениет күндерінде өнердің төрінен көріне білді. Атап айтқанда, 2008 жылы бас



жулдеге, 2011 жылы ынталандыру, 2013 жылы - II орын, 2014 жылы - III орынға ие болды.

Соңғы жетістіктерге келетін болсақ, республикалық «Айгөлек» балалар шығармашылығы телебайқауында би номинациясы бойынша аудандық Мәдениет үйінің «Алтынай» би ұжымы III орынды, жеке би номинациясы бойынша Жұлдыз Болат жүлделі III орынды, облыстық «Ханшайым-2014» байқауында Жанерке Әмірзаданова I орынды, облыстық «Жетісу жүлдемдері-2014» балалар шығармашылығы байқауында дәстүрлі ән номинациясы бойынша Айбота Серікхан, эстрадалық ән номинациясы бойынша Қайсар Намазбай бірінші орынды иеленді.

Мәдениет қайраткері Жексенбек Сұлтанбековтың жазған сценарийлері бойынша 2008-2014 жылдар аралығында 14 драмалық қойылым көрсетілді. Солардың ішіндегі сұбелілері, автордың сахналауында қойылған «1916 жылдың қаһарлық күндері», «Аштық зұлматы», «Алашорда ұқіметі», «Қызыл террор ойраны», «Қазақтың Бауыржаны», «Аштық зобалаңы», «Аштық құрбандары», «Тәуелсіздік-ұраным!», Кеңес Одағы әскерінің Ауганстан жерінен шығарылғанына 25 жыл тоғуына орай қойылған «Соғыс қасіреті», «Қанды қырғын», «Тәуелсіздік жолы» атты шағын драмаларды атап өтуге болады.

Облыстық «Жетісу аруы» байқауында да қараталдық арулар топ жаруда. 2007 жылғы «Жетісу аруы» Әлия Биболова, 2008 жылғы женімпаз Алтынай Елікбаева болды. Ал 2011 жылы жүлдегер - Әйгерім Шоғалова, 2013 жылы - Жанерке Әмірзаданова атанды. Арулардың екеуі №13 орта мектебінен болса, үшеуі М.Горький атындағы орта мектебінің түлектері. Жаңаталап ауылдық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Анар Байгөбек Астанада өткен «Ханшайым-2011» республикалық байқауының жүлдегері атанды.

Аудан мәдениетінің өркендең өсуіне зор үлес қоса білген Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткерлері Жексенбек Сұлтанбеков, Светлана Мәженоғанова, КР «Мәдениет саласының үздігі» Жекен Теберіков, аудандық кітапхана директоры Гүлшат Сембекова, күміс көмей, жез таңдай әншілеріміз: Алма Досова, Елмира Жантемірова, Сержан Масжанов, Роза Мырзахметова, дыбыс операторы – режиссер Галина Гилеваны мақтандырып айта аламыз.

Ауданымызда 2007 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердегі іс-қағаздарды рәсімдеу мемлекеттік тілге көшірілген. Бүгінгі күнге барлық іс-қағаздар толықтай мемлекеттік тілде рәсімделеді. 2007 жылы ашылған «Мемлекеттік тілді оқыту орталығында» 700 ден астам тындаушы дәріс алды.



«Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйе бойынша аудандағы барлық геонимдер базаға енгізіліп, жоғары көрсеткішті құрады. Ауданымыздың тіл шеберлері облыста, республикада өткізілетін барлық тілдік шараларға, байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Байқау жеңімпаздары қатарында Ирина Цой, Гүлханым Аслан-оглы, Альбина Миронова, Анастасия Зименкина, Асхат Өмірбаев, Кеншілік Жанболат, мемлекеттік тілді оқыту орталығының бұрынғы директоры Динара Қыдырбаева мен әдіскер - ұстаз Қымбат Қайрымденова бар.

Бұғынгі таңда аталған мекеме облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығының филиалы болып саналады.





Аудандық Мәдениет үйі

Қаратал аудандық Мәдениет үйі 2009 жылы ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Занына сәйкес және Қаратал ауданының 19.01.2009 ж. № 14 қаулысы бойынша «Қаратал ауданы әкімінің аудандық Мәдениет үйі» коммуналдық қазыналық кәсіпорны атап, қосымша штат бірліктері берілді. Мәдениет үйінің бүтінгі директоры, ҚР мәдениет қайраткері Светлана Мәженова. Сонау аласапыран кездерде жабылып қалған ауылдағы мәдениет ошақтары қазіргі таңда аудандық Мәдениет үйінің филиалдары саналады. Олар - Ескелді, Қанабек, Жылдыбұлақ, Көкпекті, Көпбірлік, Алмалы, Бастөбе, Жаңаталап, Қаражиде ауылдық Мәдениет үйлері мен шалғайдағы Қарақұм ауылдық клубы.

Ауыл өнерпаздары мемлекеттік, қоғамдық шаралардан тыс қалмай, жыл сайын дәстүрлі өтетін Алматы облысы, қала және аудан Мәдениет күндерінде және облыстық «Ауылым алтын бесігім» атты ауыл Мәдениет үйлері байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Талдықорған қаласында 2008 жылы өткен аудан мен қалалардың Мәдениет күндерінің қорытындысы бойынша жоғары дәрежеде мәдени шара үйымдастырығаны үшін Қаратал ауданы «Бас жүлдені», 2011 ж. ынталандыру грамотасын, 2013 ж. II орын, 2014ж. III орынды иеленіп, 2015 ж. III орын, 2016 ж. ақшалай сыйлықпен марапатталды. Ал Қанабек ауылдық Мәдениет үйі 2017 ж. «Үздік ауылдық Мәдениет үйі» деп танылып, ақшалай сыйлықпен және музикалық аппаратура-мен марапатталды.


Мәдениет Үйі жанынан құрылған «Алтынай» бишілер тобы (жетекші Ақғұл Нұрпейісова) биден оюолап өрнек салып, қарымды қабілеттері мен талмай ізденістерінің арқасында сахна мәдениетін менгерген жас толқын бишілер тобы 2017 жылы «Үлгілі» өнер ұжымы «Алтынай» би ансамблі» атағына ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталды. Аудандық Мәдениет үйіне қарасты 3 «Халықтық» және



«Үлгілі» атағы бар 4 үжым барлық іс-шараларға белсене қатысада.

Қазіргі таңда өмір мен өнерді ұштастырып, өнер айдынында алдына қара салмай, өнерпаздарды сахна өнеріне баулып, халықаралық және республикалық үлкен сахна төрінде өнер көрсетуге жол ашқан мәдениет қызметкерлерінің еңбегі зор. Солардың арасында бір топ өнерпаз жастар оқу мен өнерді ұштастыра жүріп, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы атанды. Мысалы, «Эстрадалық ән айту» бойынша Балғын Жолдыбаева облыстық XV «Жетісу жүлдемдері -2017» балалар шығармашылығы байқауының арнайы жүлдесімен, «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша Гүлжан Мырзагелді XI «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылығы байқауында 1-ші орын, Қымбат Жершілбай, Талғат Нұрахметов, Ерсултан Ондасын «Сырым бар жүрегімде» республикалық көркемсөз, ән-би байқауында I дәрежелі дипломант, «Дарабоз» республикалық балалар байқауында Әдемі Ондасын 1-орын, II – халықаралық өнер ART – ШАШУ фестивалынің «Бас жүлде», «Асыл мұра» халықтық дәстүрлі әннен жеке аспапта орындаушылардың X республикалық ән-би байқауында Айерке Даuletкелді 3-ші орын, Жағыпар Қайсар «Аналарасыл жандар» республикалық балалар және жасөспірімдер байқауында «Бас жүлде», Аруjan Асылбек II – халықаралық өнер ART – ШАШУ фестивалінде 1-ші орын, Ерасыл Аман «Көктем гүлі – Әз Наурыз» республикалық көркемсөз, ән - би, өнер байқауында 1-ші дәрежелі диплом, XI «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылығы байқауының 1-ші жүлдесі, Дәурен Берікболов «Тайжарыс» «Жаз фестивалі-2018» республикалық байқауында «Бас жүлде» Серіжан Масжанов ҚР халық әртісі, әнші Зейнеп Қойшыбаеваның 80 жылдық мерейтойына орай өткізілген республикалық байқауда бас жүлдені жеңіп алды.

«Дәстүрлі ән айту» номинациясы бойынша: Ерасыл Қадыров «Дарабоз» республикалық балалар байқауында 1-ші орын, Айбота Серікхан XII «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылығы байқауында 2-ші орын, Мерей Ондасын II – халықаралық өнер ART – ШАШУ фестивалінде 1-ші орын, Ерасыл Қадыров II – халықаралық өнер ART – ШАШУ фестивалынде 2-ші орын, Ақниет Мұбарақжан «Көктем гүлі – Әз Наурыз» республикалық көркемсөз, ән - би, өнер байқауында бас жүлде, Әділет Тұрсынбеков, Әдемі Ондасын «Burabay Summer Fest» атты халықаралық балалар мен жасөспірімдер телевизиялық фестивалі халықаралық «Шаттық» байқауының лауреаты. Ерсін Бақытәлі «Бейбітшілік әлемі» атты халықаралық байқауында «Бас



жүлде». «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша Әділет Тұрсынбеков, «Топ би» номинациясы бойынша: «Үлгілі», «Алтынай» би ансамблі облыста Астананың 20 жылдығына орай үйімдастырылған аймақтық «Сарын» өнер байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Жайдар Байтақ Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Байтеректі ордам-басты ордам» атты облыстық жыршылар байқауының жеңімпазы атанды.

«Қаратал әуендері» ұлт-аспаптар ансамблі

«Қаратал әуендері» - ұлт-аспаптар ансамблі 1987 жылы құрылды. 2003 жылы 11 қарашасында «Қаратал әуендері» - ұлт-аспаптар ансамблі атағын алды. Қатысушылар саны 26 адам. Материалдық-техникалық жағынан толық жабдықталған. Көркемдік жетекшісі - Төлеу Қанатбаев.

«Қызғалдақтар» қыздар вокалдық ансамблі

«Қызғалдақтар» қыздар вокалдық тобы 1995 жылы құрылған. 1998 жылы 9 ақпанында «Қызғалдақтар» қыздар вокалдық тобына халықтық атағы берілді. Қатысушылар саны-13. Сахна киімімен қамтылған. Көркемдік жетекшісі- Наталья Дмитриевна Ким.

Өнерпаздар облыста өткізілетін ауданның дәстүрлі мәдениет күндерінде өнердің төрінен көрінуде. Атап айтқанда, 2006 жылды-ынталандыру, 2007ж.-III орын, 2008 ж.- бас жүлдеге, 2011ж.-ынталандыру, 2013ж.- II орын, 2014ж.- III орынға ие болды. «Қызғалдақтар» қыздар вокалдық тобы 2007 жылы өткен аудандар мен қалалардың Мәдениет күндерінің бағдарламасында өнер көрсеткені үшін арнайы «Диплом-мен», 2009 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша басқармасының арнайы дипломымен, 2012 жылы Алматы облысының 80 жылдығына арналған «Ауылдың гүлденуі- Қазақстанның гүлденуі» тақырыбында өткен Алматы облысы аудандары мен қалаларының Мәдениет күндерінде асқан шеберлігі үшін Алматы облыстық мәдениет басқармасының дипломымен, 2013 жылы «Қазақстан әлемге ашса есігін, ауылың болар алтын бесігін» тақырыбында өткен Алматы облысы аудандары мен қалаларының Мәдениет күндерінде көрсеткен жоғары өнері мен шығармашылық белсенділігі үшін Алматы облысы әкімінің дипломымен марапатталды.

«Мұздыбаевтар» жанұялық ансамблі

«Мұздыбаевтар жанұялық» ансамблінің жетекшісі Райыс Мұздыбаев ұжымда 1987 жылдан бері еңбек етеді, зейнеткер. Ел



іші – өнер кеніші деген қағиданы берік ұстанған, өнерді серік еткен ізденимпаз жандар.

Ұлгілі «Алтынай» би ансамблі

«Алтынай» би ансамблі 2004 жылы құрылды, ал 2015 жылдың 4 қарашасында «Ұлгілі би ансамблі» атағын алды. Көркемдік жетекшісі Ақтүл Нұрпейісова. Ұжым 2002 жылы Қазақстан Республикасының халық әртісі және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, би падишасы Шара Жиенқұлова атындағы облыстық бишілер байқауының 2-ші дәрежелі жүлдесімен, облыстық «Жетісу жүлдyzдары» (2009, 2010, 2011ж.), облыстық «Жетісу өрнегі-2010» байқауында ынталандыру жүлдесін, 2010 жылы облыстық Жетісу өрнегі дәстүрлі би байқауының «Ұлттық би» номинациясы атағы жоқ ұжымдар арасында жоғары шығармашылық деңгейде шеберлік көрсеткені үшін арнайы жүлдемен, облыстық «Дельфийлік ойындар-2011» 2-ші орын, Қаратал ауданында өткен «Жастар фестивалы-2012» белсене қатысқаны үшін Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының «Алғыс хатымен» марапатталған. 2012 жылы Алматы қаласында өткен балалар шығармашылығы Республикалық фестиваль-конкурсының кезекті «Ақ көгершін» атты IX байқауында 12-14 жас аралығындағы топ биде 2-ші жүлделі орынды жеңіп алды.

Өнер саңлақтары – аудандық Мәдениет үйінің директоры, КР Мәдениет қайраткері Светлана Мәженова, әншілер Елмира Жантемірова, Алма Досова, музыкамен сүйемелдеуші Галина Гилева, хореограф Ақтүл Нұрпейісова, домбырашы Аманжол Даусенбеков, әнші-флейтاشы Анар Байгөбек, дирижер Наталья Ки, т.б.



Спорт – намыс жебесі

Қаратал ауданында дene шынықтырумен айналысатын 61 ұжым тіркелген. Оnda 12744 адам дene шынықтырумен және спортпен шүғылданады. Бұл көрсеткіш аудан тұрғындарының 27 % құрайды.

Аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 13 бөлім: ауыр атлетика, бокс, қазақ күресі, еркін күрес, дзюдо, жеңіл атлетика, волейбол, футбол, шахмат, баскетбол, тоғызқұмалак, пауэрлифтинг және гір спорты жұмыс істейді. Осы бөлімдерде 25 бапкер 825 баланы жаттықтырады. Оның қатарында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының еңбегі сінген жаттықтырушы Лазарь Дон, Дмитрий Ольховский, Алмас Жыңғылбаев бар.

Ауданда жалпы 175 спорт нысаны халықта қызмет етуде, соның ішінде «Жастар» стадионы, «Панда» спорттық-сауықтыру кешені, балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, сонымен қатар 35 спорт залы, ойын залы, бокс және ауыр атлетика залы бар.

Аудандық спорт саласы ауданының 90 жылдық мерейтойына толайым табыстармен келіп отыр. Соңғы он жылдың бедерінде жасалған игі шаруа шаш-етектен. Нактырақ айтсақ, 2010 жылы Алматы облысының дene шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне жанында түрған ғимарат курделі жөндеуден өтіп, жаңа ауыр атлетика залы, ал 2011жылы «ТАМАС» ЖШС-і басшысы Асылбек Пұсырманов өз қаражаты есебінен Үштөбе қаласында «Панда» сауықтыру спорт кешенін салып, қолданысқа берді.

Ерекше айта кетерлігі, 2012 жылы Алматы облысының әкімінің қолдауымен Үштөбе қаласының орталық «Фестиваль» стадионы курделі жөндеуден өтіп, оның аты «Жастар» стадионы болып ауыстырылды.



2017 жылы ет комбинатының спорт залына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оны аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне берді. Онда ойын залы, бокс залы, волейбол, баскетбол, шағын футбол алаңы, теннис корты, стрит воркаут алаңы бар.


Соңғы он жылда спорт саласы дами түсті. Ауданда қазақ күресінен «Қаратал бөрісі» аудандық турнирі, ұлттық ат спорт ойындары, волейбол, баскетбол, футбол, шағын футбол, жасөспірімдер арасында «Былғары доп», үстел теннисі, бильярд, тоғызқұмалак, дойбы мен шахматтан аудандық чемпионаттар мен турнирлер тұрақты түрде өткізіледі.

Ауданда туған және қанаттанған танымал спортшылар жетерлік. Атап айтқанда, Назарбек Зәбиев джиу-джитсудан КР спорт шебері, кешенді жекпе-жек және қоян-қолтық ұрыс жекпе-жегінен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. жасөспірімдер арасында джиу-джитсу күресінен Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы атанды. Сондай-ақ ол қоян-қолтық ұрыс жекпе-жегінен Қазақстан Республикасының төрт дүркін чемпионы, Елбасы Н.Назарбаевтың Кубогі үшін Халықаралық жарыстың 3 дүркін жеңімпазы, 2 дүркін Азия чемпионы, ТМД елдері арасында өткен Халықаралық жарыс жеңімпазы. Мәскеу қаласында 2017 жылы қоян-қолтық ұрыс жекпе-жегінен өткен Элем чемпионатының қола жүлдегері.

Қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, 2014 жылғы Оренбург қаласында өткен Элем чемпионатының жеңімпазы Тоқтар Каркатеровты ерекше айтуға болады. Сонымен бірге жеңіл атлетикадан спорт шебері, ядро мен диск лақтырудан Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, ядро лақтырудан Якутск қаласында өткен «Дети Азии» Халықаралық ойындарының жүлдегері. Азия жүлдyzдары жарыстарының жеңімпазы, жағажай Азия ойындарының қола жүлдегері, Қазақстан халықтары спартакиадасының жеңімпазы, 2017 жылы Үндістан мемлекетінде өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері, 2016 жылғы Бразилияда өткен жазғы Олимпиада ойындарына қатысушы Иван Ивановтан мол үміт күтеміз.

Кикбоксингтан және қоян қолтықтан жекпе жегінен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, қаратэден Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, кикбоксингтан бірнеше дүркін әлем чемпионы, 2011 жылы Ирландияда кикбоксингтан өткен әлем чемпионатының чемпионы Данияр Сағымбаев та еңбегімен ерекшеленіп жүрген оғылан.

Ерлер ғана емес, қыздар да спорт саласында толайым табыстарға қол жеткізіп жүр. Мәселен, ауыр атлетикадан спорт шебері, Таиланд-



та жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатың күміс жүлдегері, 2014 жылғы Азия ойындарының чемпионы, 2016 жылғы Бразилияда өткен жазғы Олимпиада ойындарының 5-орын иегері Маргарита Елисееваға артылар үміт зор.

Сымбат Нұркешова қызымыз дзюдо күресінен спорт шебері, жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионы. 2009 жылы Тайландта өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, Толғанай Бекенбаева дзюдо және самбо күресінен спорт шебері, ҚР III жасөспірімдер ойындарының 3-орын иегері, дзюдо және самбо күресінен Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін жеңімпазы. 2015 жылды Латвия мемлекетінің Рига қаласында самбо күресінен өткен әлем чемпионатының 2-орын жүлдегері. 2015 жылды Атырау қаласында самбо күресінен өткен Азия чемпионатының жеңімпазы болды.

Зілтемірші Надежда Ногай Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, жастар мен 20 жасқа дейінгі ересектер арасында 4 дүркін әлем чемпионы болып, ел мерейін үстем етті. Ал бірнеше рет республикалық және және халықаралық жарыстарға қатысып, жүлдегер атанған зілтемірші, ауыр атлетикадан спорт шебері Медет Жұндібаевтан да күтер үмітіміз зор.

Қазіргі танда даңқты жерлестерінің ізін басып, жақсы нәтиже көрсетіп жүрген жас спортшылар бар. Атап айттар болсақ, Ертуған Зинулинов бокстан ҚР спорт шебері, жасөспірімдер арасында бокстан Қазақстан Республикасының чемпионы, Азия чемпионы, Әлемдік Универсияда ойындарының күміс жүлдегері атанып үлгерді. Сонымен бірге Дмитрий Чебанов пауэрлифтингтан ҚР спорт шебері, пауэрлифтингтан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы болды. Жас жігіт 2016 жылды пауэрлифтингтан және классикалық пауэрлифтингтан жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында (АҚШ) 2 әлем рекордының иегері, 2017 жылды пауэрлифтингтан Әлем чемпионы (Беларусия), Үндістан мемлекетінде өткен Азия чемпионатының күміс жүлдегері, 2 дүркін Азия рекордының иегері болғанын мақтандышипен айтамыз.

Гір спортынан ҚР спорт шебері, гір спортынан Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, Европа біріншілігінің күміс жүлдегері Генадий Сентябрьев есімі де ауданымызға таныс. Ауыр атлетикадан спорт шебері Қазақстан Республикасының чемпионы, жасөспірімдер арасында Азия чемпионы Генадий Ли, спорт шебері



жасөспірімдер арасында бокстан Қазақстан Республикасының чемпионы, Азия чемпионы Ертуған Зинулинов, ауыр атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының чемпионы, 2016 жылғы әлем чемпионы Леонид Сон, ауыр атлетикадан спорт шебері, Тайландта жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионаттың күміс жүлдегері, Азия және Қазақстан Республикасының чемпионы, Қазақстан Республикасының рекордсмені. Игорь Казак болашағынан мол үміт күттіретін жастар.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлер арасында аудан намысын облыс деңгейінде қорғап жүрген азаматарымыз бар. Олар Алматы облысының мемлекеттік қызметкерлерінің жазғы Спартакиадасының үстел теннисінен 5 дүркін жеңімпазы Бағылан Берлінбаев пен Даны Орынбаева, тоғызқұмалақ жарысының 4 дүркін жеңімпазы Айбек Онғаров пен Жанар Ұзақова. Осылайша, спортшыларымыз саласы ауданның 90 жылдық мерейтойына мол табыстармен жетіп отыр. Алдағы уақытта да бағындырар биігіміз көп болады деген сенімдеміз.





Тарихи келбеті жаңарған Қаратал

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тебіреніске толы: «Тәуелсіздік алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт бөлігі рәміздеріміз бар: Қазақ тілі, Елтаңба, Гимн, Көк байрак», - деген қанатты сезі өткенімізді саралап, барымызды қастерлеуге жетелейді. Небір ықылым заманнан бері даңқты бабалар аңсаған, тәу етер Тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезеңнен бері бейбіт аспан көгінде көк туымыз желбіреп, құтты төрімізде Елтаңбамыз асқақтап, әр жүректе Әнұранымыз (Гимн) жыр болып төгілуде. Ал ұлттың жаны, баға жеткісіз қазынамыз саналатын тұған тілімізге келсек, ол ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәніріне айналғанын мақтаныш сезіммен айтқан жөн. Ұлт пен тіл бір-бірінен ажыратуға болмайтын, бірін-бірі толықтыратын егіз ұғым. Тілі бірдің қашан да тілегі бір. Тіл бірлігі-ел бірлігі. Елімізде сенгірлі сексен жылдығы дүркіреп аталып өткен мұзбалақ ақын Мұқағали ағамыздың кезінде: «Ал екінші байлығым-тілім менің», - деуінде үлкен мән-мағына жатыр. Ал енді тәуелсіздігіміздің арайлап атқан таңымен бірге мемлекеттік мәртебеге ие болып, елдігіміздің алтын тұғырына айналған тұған тіліміздің қасиетті Қаратал өнірінде қаншалықты өріс алып орныққандығына, кең қанат жайғандығына токталайқышы.

Өмір және достық жолы саналған Түркістің бойына, арнасымен күндіз күміс, түнде алтын аққан Қаратал өзенінің қос қапталына орналасқан, жер мен су, кен қазба байлығы мол, етек-жені кең аудан өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап кішігірім «Халықтар достығы лабораториясына» айнала бастады. Әр жылдары Орталық Ресейден, Қыыр Шығыстан, Қап тауынан неміс, корей, чешен, күрд ұлтының өкілдері күштеп жер аударылып, қоныстандырылды. Олардың тығыз қоныстанған елді мекендер мен шаруашылық құрылымдары, артель мен колхоз атаулары Қыыр Шығысты жайланаған үрдіспен: Дальний Восток, Красный Восток, Ленинский путь, Достижение, Ворошилов, Фрунзе, Освиахим, Приморец, Мопр, Октябрь, Тельман, Интернационал, Новый мир, т.б. болып аталаған шыға келді. Жоғары билік пен жергілікті өкілдері әр тілді, әр дінді ұлттар арасындағы қарым-қатынас тілі орыс тіліне айрықша басымдық берді, осы елдің байырғы иесі – қазақ халқының ұлттық мұддесі аяққа тапталды десе болады.



Республиканың басқа өнірлерін айтпағанда халқының саны елу мыңның ар жақ, бер жағындағы, тарихи тамыры теренде жатқан қазақы Қаратал ауданы айналдырган жарты ғасырдың ішінде сырт бейнесі Ресейдің шағын бір губерниясына ұқсап шыға келді. Тіпті бертінге, сексенінші жылдардың сонына дейін ауданың басқару құрылымында, мемлекеттік мекемелер арасында қоғамдық-саяси өмірінде қазақ тілі бар болғаны Қараталдың тәменгі сағасындағы тек екі совхоздың іс қағаздарында, шопандардың жайлаудағы кенесінде және аудандық «Коммунизм жолы» (Қазіргі «Қаратал») газетінде ғана қолданылатын. Сол бір 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейінгі кең қанат жайған жариялышың желі мен демократиялық үрдістерден кейін жоғары биліктің өзі қазақ тілінің мүшкіл халіне көніл бөле бастады. Одақ құрамында болғаның өзінде 1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ ССР-нің «Тіл туралы» Заңы қабылданды. Жер-жерде республикалық «Қазақ тілі» қоғамының бөлімшелері құрылды.

Әйтсе де 1991 жылдың сонында қол жеткізген Тәуелсіздігіміздің орны мұлдем бөлек еді. Араға төрт жыл салып барып қабылданған Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі деп тайға таңба басқандай етіп көрсетілді. Президентіміздің 1997 жылды 11 шілдеде №151 қабылданған «Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы» да туған тіліміздің көсегесін көгергіп аясын ұзартуға иғі әсерін тигізді. Мемлекеттік басқару органдары мен мекемелеріндегі іс қағаздары біртіндеп мемлекеттік тілге көшірілді. Оның күнделікті өмірімізде қолдану аясы кеңейді. Шындығын айтар болсақ, еліміз нарықтық қатынастарға жаппай көшкен тұстағы, өтпелі кезендегі қыындықтар артта қалып, экономикамыз қарышты дамыған тұстан бастап бұл бағытта да батыл қадам жасалып, он өзгерістер байқалды. Бұл орайда облыс әкімдігінің 2005 жылдың 31 наурызындағы «Алматы облысында орналасқан мемлекеттік басқару органдары мен мекемелері 2005-2007 жылдары кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге толық көшіру туралы» № 63 қаулысы қозғаушы күш болды. Ауданымыз облыс әкімдігі бекіткен кесте бойынша 2006 жылдың 1 қазанынан іс қағаздарын толықтай мемлекеттік тілге көшірді. Сөзіміз дәлелді болу үшін 2006 жылдың қорытындысында аудан бойынша іс қағаздарын мемлекеттік тілге дайындаудың көрсеткіші 2005 жылғы 44,8 пайыздан 98,5 пайызға дейін көтерілгенін айтқан жән. Көріп отырғандай, оның өсу деңгейі 43,7 пайызға артты. Ал 2010 жылдың нәтижесі 99,2 пайызды құрады.

Аудан аумағында меншік нысаны әр түрлі мекемелер мен кәсіпорындар, әсіресе тұрғындарға сауда, тұрмыстық және әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер де игілікті істен сырт қалып отырған



жоқ. Ең бастысы мекеме мен кәсіпорын басшылары, ондағы бас және жетекші мамандар уақыт талабын ұғынып, бұл турасындағы ойлау және іс-қимыл әрекетін жаңаша құруға ұмтылуда. Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіп, Елбасымыздың; «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш жігерімізді жұмсауға тиіспіз», - деген қағидасы жемісті жүзеге асырылғаннан бергі кезенде мемлекеттік тіл саясатының құрамдас бөлігі – ономастика саласында да біршама иғі қадамдар жасалынды.

Облыс әкімдігінің қаулысы және облыстық мәслихаттың шешімімен бұрынғы Новый мир ауылы-Жылдыбұлақ, Опытное-Ой-саз, Фрунзе-Достық, Октябрь-Ортатөбе, Новая жизнь-Кішітөбе, Мопр-Қайнар, Тельман-Қаращенгел, Приморец-Ушкемей, Бірінші май ауылдық округі - Айту би, Қаращенгел ауылдық округі - Жолбarys батыр, Қаңбақты ауылдық округі – Бәйшегір, Бірінші май ауылы - Көкпекті, Елтай-Қаражиде, Достижение – Көкдала ауылы деген жаңа атауға ие болды. Мұның қатарында заманында еліне пана, жеріне қорған бола білген ел ардақтыларының есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында бұған дейінгі күре жолдың бойындағы Даңызың Восток селосы мен Тельман атындағы селолық Советтің атауы тиісінше Ескелді би ауылы және Ескелді би ауылдық округі болып өзгерілді. Қалың жұртшылықтың сұрауымен қалыптасқан қоғамдық пікірді ескере отырып Жаңаталап селолық Советі-Балпық би ауылдық округі деп өзгерілгенін қосқан жөн. «Жерінің аты - халқының хаты», - деген қағиданы ұстана отырып, Ескелді ауылдық округіндегі Дзержинск ауылы – Қызылжар, Бастөбе ауылдық округіндегі Ленинский путь ауылы-Бастөбе, Қаращенгел ауылдық округінде Красный Восток ауылы – Қазақстанның халық артисі, жерлесіміз Қанабек ауылы атауына өзгерілді. Осылайша, ұзақ жылдар қағажу көрген тарихи әділеттілік қайта орнады, кейінгі жас ұрпаққа елі мен жерінің өткен тарихынан кеңінен хабардар болатындей, қанығып өсетіндей жағдай тудырылды.

Сондай-ақ, Үштөбе қаласы мен ауылдық елді мекендердегі тарихи атауы бүрмаланған, Кеңестер Одағының көсемдері мен қайраткерлері атымен аталып келген, уақыт талабына сай келмейтін біраз көшे атауы бүгінгі уақыт талабына орай жаңа атаумен өзгерілді. Өткенге тас атқанымыз емес, еркі мен бостандығы қағаз жүзінде сакталған, отарлау саясатының құрбаны болған қазақ сынды халықтың болмыс бітімі мен тарихи жадын өшіруге бағытталған солақай да әпербақан саясаттың салқыны білім беру жүйесін де қамтығаны белгілі. Әріге бармағанның өзінде, жергілікті қазақ ұлты мен бірнеше ұлыстардың өкілінен



тұратын Үштөбе қаласын айтпағанның өзінде, үстем идеологияның әсерімен қазақы ауылдардағы орта және орталу мектептердің әсіре қызыл саясаттың жетегінде кеткен атаулары көңілге қаяу түсіріп, көзге шыққан сүйелдей болып көрінетін. Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі бөлімінің сол тұстағы қызметкерлері және мектептердің педагогикалық ұжымымен бірлесе жүргізген жұмыстың нәтижесінде бұл салада да кезінде жіберілген олқылықтар түзетілді. Көп болып жұмыла қимылдаудың арқасында Қанабек ауылындағы Красный Восток ОМ жерлесіміз, өнер майталманы, Қазақстанның халық әртісі Қанабек Байсейітов, Үштөбе қаласындағы №1 орта мектебіне қарымды қаламгер Кемел Тоқаев, Первомайский орта мектебіне ақын Жұбан Молдағалиев, КСРО-нің 60 жылдығы атындағы ОМ Құлжабай батыр, К.Ушинский атындағы ОМ жазушы Илияс Есенберлин, Новая жизнь орталу мектебіне батыр, ғалым, Мәлік Ғабдулиннің есімі берілді. Сондай-ақ Новый мир орта мектебі атауы Жылбыұлақ, Тельман атындағы және Преморец орталу мектебі байырғы жер атауына орайластырып, Қаращенгел және Үшкемей атанды. Мұнымен бірге КР Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 29 маусымдағы ұйғарымына сай Тельман орта мектебіне Көкдала, М.Фрунзе атындағы мектеп-гимназиясына сахна жүлдізы Бикен Римованың есімі берілді. Сондай-ақ «Қызыл комиссар» Джержинский атындағы орта мектебі «Халық қаһарманы», Рейхstagқа ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаев есімімен (2015 ж.) аталатын болды.

Әмірден ерте озған Қараталдың түйғын ақыны Назар Қалиев тұған жерге деген сүйіспеншілігін «Бастөбе» атты өлеңінде: «Кішітөбе, Ортатөбе, Бастөбе, атауымен аталады Үштөбе. Құдіретке қарсы тұрмас ештеңе, үш төбешік бір бірінен кішкене. Шоқтығы ең биігі Бастөбе. биігіне көтеріліп шоқының, кеуденді самал желге аш, кәне. Ой-хой, дүние-ай, сергіп қалды-ау бас, дене. Тұған жердің тасын да, жай тас деме», - дегеніндей тұған жердің тасы да, шоқ қарағайы мен қара талы да, бетегелі белі мен боз жусаны да, сырлдырап аққан бұлағы мен өзен, көлі де жанын ұққанға, тілін білгенге жыр болып, сыр болып ақтарылады. Келбетіне кең пейілі жарасқан Қараталымыздың бүгінгі тыныс тіршілігі көңіл сүйсініп, жан жадыратады. Жергілікті ақын Сатыбалды Қазтаевтың «Тәуелсіздік – тәубасы ғой елімнің...», - деп жырлаған Тәуелсіздік ғой бұл білгенге, бағалағанға! Сөз жок, мұның бәріне Тәуелсіздігіміздің арқасында ғана қол жетті.



«Тіл» оқу - әдістемелік орталығы

Мемлекеттік тілді оқыту – бүгінгі күн талабы. Бүгінгі тандағы өзекті мәселелерінің бірі – мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін менгеріп, сауатты түрде хат-хабар жаза білу машинын қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандығы №550 Жарлығына орай Қаратал аудандық әкімдігінің 2007 жылғы №45 қаулысымен «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы мемлекеттік коммуналдық- қазыналық кәсіпорны құрылды. Оқу залы тындаушылар мен оқытушыларға лайықты етіп жабдықталған. Оқу кабинетінде 9 компьютер, теледидар, проектор, әр түрлі мультимедиалық бағдарламалар, көрнекі оқу құралдары т.б. бар. Ауданымыздығы 22 мекемемен арнайы сараптама жүргізілді, білім деңгейлері анықталғаннан кейін, тындаушылар бастауыш жалғастыруши, дамытуши топ болып оқытылды. Тындаушылар негізінен – мекеме қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер.

Кейінгі 2008-2018 жылдары аралығында тіл орталығы біршама жетістіктерге қол жеткізді. Аудан орталығында, облыс аумағындағы мемлекеттік тілді оқыту орталығы тындаушыларының арасында «Қазақ тілі – Қазақстандықтардың ортақ тілі» атты байқауы өтті. Осы байқауга аудандық ПБ жедел – кезекші полиция майоры С.Зубарь катысып, жүлделі III орынға ие болды. Кәріс ұлттының өкілі Ирина Цой «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» атты облыстық Абай окуында бірінші орынға ие болып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің Алғыс хатымен, 1 дәржелі дипломмен марапатталды. Динара Қыдырбаева «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесін қазақ тілін үйрету үрдісіне енгізудің әдістемелік-ұйымдастырушылық мәселелері» тақырыбындағы оқытушылардың біліктілігін артыру курсынан өтті.

Орталық тындаушыларының қатысуымен «Елдің тарихын танығын келсе, тілін үйрен» атты облыстық байқауында жүлделі III орынды иеленсе, ал 2012 жылы осы тақырыпта өткен облыстық байқауда бас жүлдені иеленді. Орталық оқытушысы Қымбат Қайрымденова тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың белсенділігі және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың еңбегі үшін Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының



Алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ ол «Тіл-халық жанын танудың кілті» атты қазақ тілі білгірлерінің VII республикалық байқауына қатысушы Анастасия Зименкинаны дайындағаны үшін Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің сертификатына ие болды.

Сонымен бірге «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының жетекшісі Гүлдана Есболова Алматы облысының әкімдігі, Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы тарапынан “Асыл сөз” зияткерлік телебайқауына қосқан үлесі мен мемлекеттік тіл мәртебесін арттырудағы ұстаздық еңбегі, Республикалық Фариза Онғарсынованың өлеңдерін оқу байқауында жас үрпақты өнерге баулып, жетекшілік атқарғаны жоғары бағаланып, Алғыс хатпен марапатталды. Оның «Уш тұғырлы тіл» баяндамасы жоғары бағаланып, республикалық “Көкжиек” ғылыми - әдістемелік орталығының Дипломын иеленді.


Қаратал аудандық орталық ауруханасы

Аудан орталығында өткен ғасырдың жетпісінші жылдары салынған, күніне 500 адам қабылдайтын емхана, 160 орындық аурухана бар. Шалғайдағы Байшегір ауылында орналасқан 15 орындық Алмалы ауылдық ауруханасы халыққа қалтқысыз қызмет етеді. Сонымен бірге, 5 дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшерлік - акушерлік пункт және 14 медициналық пункт аудан тұрғындарына күн сайын дерлік медициналық қызмет көрсетуде.

Аудандық емханада тұрғындарға ем-домның 22 түрі бойынша қызмет көрсетіледі. Атап айтсақ, акушерлік-гинекологиялық, терапевтік, хирургиялық, педиатриялық, жұқпалы аурулар, зертханалық және жансақтау көмек түрлері бар. 2016 жылдан бастап ауданымыздағы педиатрлік және терапевтік участекелер қайта даярлаудан өтіп, жалпы тәжірибелік дәрігерлік участекелеріне ауысты. 2016 жылы қаланың батыс жақ бетіндегі Ә.Молдағұлова көшесінде жалпы тәжірибелік дәрігер участекесі ашылды.

Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасы, ескірген технологиялардан бас тарту мақсатын қайта қарауда, Медициналық денсаулық сақтау мекемелерінде цифрандру процессі енгізілді.

Медицина саласы ауданының 90 жылдық мерейтойына толайым та-



быстармен жетіп отыр. Атап айтқанда, 2010 жылдан бастап ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру жүзеге асуда. Нақтырақ айттар болсақ, 2010 жылдан халықты тіркеу тіркелімі және диспансерлік науқастарды тіркеу тіркелімі жұмысын бастады. Ал 2011 жылы ауруханаға жатқызу бюросы мен стационарлық науқастарды электронды тіркеу; 2015 жылы амбулаторлық – емханалық көмек пен автоматтандырылған ақпараттық жүйесі іске қосылды. Емхананы дәрідәрмекпен қамту ақпараттық жүйесі, жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі де негізгі міндетке жатады.

Саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер салауатты өмір салтын насиҳаттауға, ана мен баланың денсаулығын қорғауға, әлеуметтік маңызы бар аурулар (туберкулез, ВИЧ (АИТВ), СПИД (ЖКТБ), нашақорлық), жұқпалы аурулар, сондай-ақ, онкопатология және қан айналым жүйесі аурулары мәселелерін шешуге мүмкіндік беріп отыр.

Ауданымызда халықта шипасын дарытып, барықылас ниетімен емдейтін дәрігерлер жетерлік. Сол ақ желенді абзал жандар қатарындағы, медицина саласына сіңірген еңбегі үшін 2013 жылы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», ал 2018 жылы «Астана қаласының 20 жылдығы» медалімен марапатталған бас дәрігер Б.Кұмаров, 2015 жылы «Сіңірген еңбегі мен жетістіктері үшін» атағына ие болған Ж.Оязбаева, 2009 жылы «Астанаға 10 жыл» медаль иегері С.Диқамбаева бар. Ал 2016 жылы «Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдық» медалімен Г.Теплов, 2013 жылы «Астана - 15 жыл» мерекелік медаліне А.Саттыбаева, 2009 жылы «Денсаулық сақтау саласының құрметті қызметкері» атағына В.Валиева ие болды.

Медициналық қызмет түрлерін жақсарту мақсатында аудандық ауруханаға 2008-2018 жылдары аралығында алуан түрлі медициналық құрал-жабдықтар алынды. Солардың қатарында есту аппараты, интенсивті терапия блогі, шебер скрининг жүйесі, жүктеу функциясы жүйесі, ЭКГ тәуліктік мониторинг аппараты, УЗИ аппараты, монобиполярлық қимасына арналған жоғарғы сапалы электркогулятор, өкпе ауа айналымына арналған аппарат, ота жасауға арналған жоғарғы сапалы электркогулятор, диагностикалық кресло, рентген флюографиясымен бірге маммография аппараты бар.

Ерекше айта кетерлігі, ауруханаға бірнеше дана Ивеко, Хюндай жедел жәрдем көліктері бөлініп, интраоральдық рентгенограф, өкпеге арналған жасанды вентиляцияға қол жеткізілді. 2008-2018 жылдары ауданымыздағы емдеу мекемелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Ал 2008 жылы Кәлпе дәрігерлік - амбулаториясы салынып, 2010 жылы аудандық аурухананың Г-корпусына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұнымен бірге 2013 жылы Тастөбе фельдшерлік-акушерлік пункті, 2014 жылы Көпбірлік және Жанаталап дәрігерлік –амбулаториясы, 2016 жылы Ескелді фельдшерлік-акушерлік пункті салынды. 2018 жылдың жарты жылдығынан бастап аудандық аурухананың В-корпусына күрделі құрылыш жұмыстары жүргізілуде.

Бірлігі бекем, достығы дархан – Қаратал

ҮІқылым заманнан бері ынтымақ пен бірлікті ту етіп ұстаған атабабаларымыз ел іргесінің сөгілмеуін, халықтың татулықта ғұмыр кешіп, өсіп-өркендеуін мақсат тұтса керек. Дана халқымыздың «Бірлік болмай – тірлік болмас», – деген нақыл сөздері осынау игіліктердің халықтар мен ұлыстар арасын жалғауши алтын көпір, ақ бастау екендігін аңғартқандай. Демек, тағдыр талайы біріктірген қазақтың дархан даласында, оның ішінде Қаратал ауданында көптеген диаспора өкілдерінің бір атаның баласында тату-тәтті ғұмыр кешуі – осының жарқын айғағы.

Тарихтың тереңіне көз жүгірсек, қазақжері қашан да дархандығымен һәм қонақжайлышымен ерекшеленіп, достыққа адап болып, көршімен тату-тәтті күн кешкен. Тағдыр тауқыметін арқалаған 130-дан астам диаспора өкілдері қазақ жеріне қоныс аударып, бүгіндегі тәуелсіз Қазақстан олардың екінші Отанына айналғаны баршамызға мәлім. Елбасымыз Н.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында ұлтаралық келісім сақталып, татулықпен тереземіз теңесіп, бірлігіміз бекем болып отыр. Қаратал ауданында 1989 жылы әртүрлі ұлттың өкілдері бас қосып, ауданда «Достық» атты қоғамдық үйім күру туралы шешім қабылдады. Үйымға орыс, кәріс, күрді, чешен, неміс ұлтының өкілдері кірді. Кейіннен «Достық» үйімі жеке-жеке ұлттық-мәдени орталықтарға бөлінді. Бүгіндегі Қаратал ауданындағы әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдері бірлік пен өзара ынтымақты басты назарда ұстап, туып-өсken жердің гүлденуіне өзіндік үлес қосуда. Ауданда жемісті жұмыс атқаратын 6 этно-мәдени бірлестік жергілікті жұртшылықпен тонның ішкі бауындағы араласып, сыйластықтың жібін жалғап отыр.

Олар: «Славян этно-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі (жетекшісі Валентина Спиридонова), Қазақстан корейлер ассоци-



ациясы Алматы облыстық филиалының өкілдігі (жетекшісі Владимир Ли), «Талдықорған немістер «Видергебурд» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің аудандық бөлімшесі (жетекшісі Татьяна Тенькова), республикалық «Вайнах» чешен этно-мәдени бірлестігі Талдықорған филиалы Қаратал аудандық бөлімшесі (жетекшісі Омар Давлетбаев), «Алматы облыстық ұйғыр этно-мәдени бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің Қаратал аудандық филиалы (жетекшісі Ризвангүл Ниязова) және республикалық «Барбанг» күрді ассоциациясы қоғамдық бірлестігі Талдықорған филиалы (жетекшісі Али Мамуч-оглы).

Аудандағы этно-мәдени орталықтар өкілдерінің 10886-ы - орыстар, оның ішінде: беларустар – 20, украиндар – 95; 3785-і – кәрістер, 1952-сі – күрділер, 608-і – чешендер, 252-ден астамы – немістер мен 413-і ұйғырлар болғанымен, бірлікте жұдырықтай жұмылып, халықтар достығының дәнекері болуда. Ауданда өзге ұлт өкілдерінің көпшілігі Бастөбе, Балық пен Ескелді би ауылдық округінде және Үштөбе қаласында тұрады.

Этно-мәдени орталықтар ұлттық мерекелер, фестивальдар мен түрлі байқауларды өткізуде аса белсенділік танытып, ауызбіршіліктің ерен үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, аудандағы барлық этно-мәдени орталықтар Бірлік күні, Наурыз мейрамы, Жеңіс күні, Жаңа жыл тәрізді мерекелерге, сондай-ақ, қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысады. Айталық, Қаратал ауданының Мәдениет күніне өзіндік үлес қосып, ұлттық шатырларын тігіп, ұлттық тағамдары мен қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырып, өз өнерлерін ортаға салды. Қаратал аудандық ішкі саясат бөлімі орталықтарға әрдайым қолдау көрсетеді. Диаспора өкілдері еркін әрі белсенді түрде өздерінің ұлттық мейрамдарын өткізуі әдетке айналдыրған. Корей ЭМО-ғы жыл сайын жаздық «Овель тано» мерекесін, шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жылды қарсы алса, славян ЭМО-ғы Рождество, Масленица мейрамдарын тойлауды дәстүрге айналдырған. Мұның бәрі өзге ұлт өкілдерінің тәуелсіз Қазақстан туының астында емін-еркін тыныстап, қанат жая ғұмыр кешуін айғақтайды.

Шынында, тыныштық туын желбіретіп, ешқандай жанжал, кикілжіңсіз тұрақтылықты қамтамасыз ету бейбіт күнгі ерліктің үлгісі емес пе? Әлбетте, солай. Ең қуанарлығы - өзге ұлт өкілдерінің уақыт өткен сайын мемлекеттік тілді менгеруге деген құлшынысы артуда. Әсілі, қазіргі танда диаспоралар тіл үйрену курсына жазылып, өздерінің ынта-ықыласын білдіріл отыр. Өзге ұлт өкілдері ауданының әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне белсене араласады. Бұл - қазақтың



қасиетті жерінің сүйн ішіп, топырағын басқан өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген құрметі болса керек.

Шынында да, Ескелді ауылдық округінде негізінен курділер, ұйғырлар басым болса, Бастөбе ауылдық округінде кәрістер мен чешендер көптеп қоныстанған. Олар ауданда ұлтаралық келісімді одан әрі нығайту бағытында түрлі басқосулар, жиындар өткізіп тұрады. Қаратал ауданын өзінің тұған жеріндегі көретін өзге ұлт өкілдері өнірді өркендетуге барынша қүш жұмсауда. Кәрістер негізінен күріш, пияз, әртүрлі көкөніс өсірумен шұғылданады. Ал курділер мен ұйғырлар болса, ауыл шаруашылығында дәнді-дақылдарды өсірумен қатар, мал шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Чешен ұлтының өкілдері жеке шаруашылығын құрып, сиыр өсіріп, сүт, ет сатумен айналысады. Барлық диаспора өкілдері шағын және орта бизнесті дамытып, аудан экономикасын көтеруге септігін тигізуде.

Әр жылдың өз ерекшелігі бар. Өз кезегімен келіп отыратын мемлекеттік және ұлттық мерекелердің тұсында көп болып атап өту үшін олардың көрсетіп отырған қолдауы мен белсенділігі әркез жоғары түсіп жатады.

Қазақ тілін еркін менгерген ауданымыздың өзге ұлт өкілдері аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылатын форумдар, фестивальдар мен байқауларға бірыңғай қатысып келеді. Мысалы, «Мақсатым – тіл ұстартып өнер шашпақ...» атты Абай окулары облыстық байқауында Б.Римова атындағы МГ. 10 сынып оқушысы Сейд-оглы Диана қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленді және Мақтау грамотасымен марапатталды.

Мемлекеттік тілді оқыту орталығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бағдарламасы бойынша арнайы кесте құрылып, қызметшілер жыл бойы дәріс алуша. ҚАЗТЕСТ жүйесіне қатысқан өзге ұлт өкілдері де барышылық.

Славян этно-мәдени бірлестігі мүшелері қазақ тілін арнайы К.Токаев орта мектебінің базасында бес жыл көлемінде оқытуда. Неміс этно-мәдени бірлестігінде жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Ондағы сабак аптасына 2 рет өткізіледі. Мектепке көптеген бала ықыластана барып жүр. Сондай-ақ, ауданның жекелеген орта мектептерінде корей тілін ана тілі есебінде 124 бала аптасына 2 сағат оқытуда. Кейінгі жылды құрді этно-мәдени бірлестігі «Тұрғындар арасында қазақстандық толеранттықты, мәдениет, тарих және адамгершілік құндылықтарының идеяларын дәріптеуге бағытталған іс-шаралар өткізу» тақырыбындағы әлеуметтік маңызды жобаны іске асыруда.



Аудан әкімдігі тарапынан этно-мәдени бірлестіктерге әлеуметтік маңызды проблемаларды шешу барысында әдістемелік, үйымдастырушылық көмек көрсетіліп отырады. Соның арқасында бірлестік жетекшілерімен ынтымақты байланыс орнатылған. Этно-мәдени бірлестіктер ауданың қоғамдық-мәдени өміріне белсене аласып, жергілікті басқару органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады.

«Тарихтан тағым - өткенге тағым» атты республикалық акция аясында облыс әкімдігінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстан корейлер Ассоциациясы өкілдерінің қатысуымен 2012 жылы Бастөбе ауылындағы Бастөбе етегіне саяси құғын – сүргін құрбандарына арналған «Қазақ халқына мың алғыс» монументінің салтанатты ашылу митингісі өткізілді. Аталмыш шараға барлық этно-мәдени бірлестіктер белсене ат салысты. Ауданда тілдердің қызметі мен оны дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүргізу бағытында жұмыстар атқарылуда.

Бірлестіктер 2012 жылы облыстық үкіметтік емес үйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруда ерекше құлышының таңытты. Солардың қатарындағы корей этно-мәдени бірлестігі «Алматы облысында этносаралық және конфессия аралық шараларды іске асыру» тақырыбында облыс әкімінің грантын жеңіп алды.

Міне, ынтымағы жарасқан, ырысы асып-тасқан Қаратал өнірі татулық пен бірліктің үлгісіндей. Себебі, ынтымақ жоқ жерге тірліктің түйесі шөкпейтіні айдан анық. Ендеши, барша ел бір атаның баласында тату-тэтті өмір сүріп, әмандада ел басына бақ қона бергей. Мұны бізден Елбасымыз «Болашақта бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламасынан туындастын міндеттер де талап етеді. Қалай десек те, бақ, береке, ырыс пен дәulet ынтымағы жарасқан елге ғана қонады.

Алғыс айта білу – адамгершілік

Бір қараған жанға біздің елде не көп, мереке көп сынайлы. Әйтсе де әрбір айтулы күннің өз деген ерекшелігі мен маңызы, тәрбиелік мәні бар екендігі қызу пікірталасқа салып, дәлелдеуді қажет етпесі белгілі. Көзді ашып-жұмғанша білдей екі айын кейінге қалдырғалы отырған 2016 жылдың мерейлі мейрамдары қатарына қосылған 1 наурыз – Алғыс айту күнін мерекелеу қоғамның белсенді өкілдері тарапынан қызу қолдау табуда. Белсенді осы топтан біз де қалыс қалмай ойға түйген, көкейге тоқыған пікірімізді ортаға салуды құп көрдік.

Әдетте тату елдің – тойы көп деп жатады. Бұл қағиданың айна қатесіз ақиқаттығына бабалардан сақталып қалған салт-дәстүріміз



бен бұғінгі өміршөң өмірлік ұстанымымыз айқын дәлел болуда. Міне, алдағы 1 наурызда ел болып емірене әрі тебірене отырып атап өтер мереке – Алғыс айту күні десек асыра айтқанымыз емес. Биыл Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Жарлыққа өзгерістер енгізіліп, 1 наурыз – Алғыс айту күні (сондай-ақ, сәуірдің бірінші жексенбісі – Геолог күні) болып бекітілді. Қазақстан халқы Ассамблеясының 2015 жылдың сәуірінде өткен XXII сессиясының ашылуында сөз сөйлеген Президентіміз XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап Ресейдің әр өнірінен Қазақстанға еріксіз жер аударылған халықтардың талайлы тағдыры жайлы сөз ете келіп: «... Сталин режимінде әр жылдары, өздеріңіз білетіндегі, халықтар түгелдей жер аударылды. Оларды вагондардан ауылдарға тастап кете берді, олардың еш дүниесі болған жоқ. Сол уақытта бұл далада өздері мұқтаж бола отырып, оларды саман үйлеріне қабылдаған қазактар, қазақ отбасылары ғана өмір сүрді», - деп Кеңестік дәуірдің кейінде қалған зобаланды жылдарынан еске түсірген болатын. «Басты мақсат – барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазактарға Алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді», - деген болатын.

Тарлан тарихымыздың актандақ кезеңдерінен ойып тұрып орын алған осы бір өзек өртер, жан ауыртар оқиғалар ежелден-ақ тіршілікке қолайлы саналған Қаратал өніріне де ортақ болып келеді. Өткен ғасырдағы екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Одақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген желеумен «Ұлт кесемінің» пәрменімен 1936 жылы Қызыр Шығыстағы жұз мыңға жуық корей ұлтының өкілдері азапты жағдайда еріксізден Қазақстан мен Орта Азия мемлекетіне көшірілді. Солардан ұзақ жолдан арып-ашып келген ұлken бір тобын қараталдық ағайындар жылы қабылдады, шекесі шылқып отырмаса да қоржын үйінен пана, қазанынан ас берді. Ыстық құшағына тартып, достық пейіл танытты. Осылайша олардың аз уақыттың ішінде өзді – өзіне келіп, қатарға қосылып кетуіне жағдай тудырды. Нақ осы тұстағы бастан кешкен қындықтары мен қазақ бауырларының өздеріне және отбасына жасаған шексіз қамқорлығы туралы арамыздан өткен аға буын өкілдері: көрнекті шаруашылық басшысы Сергей Григорьевич Юн мән селекционер-ғалым Николай Александрович Пак, Карл Карлович Клипперт, Сұлтан Магомедович Ибрагимов т.б. асқан бір ризашылықпен көпшілік ортада айтып отыратын. Олардың қандастары, бұгінде арамызда жүрген Михаил Николаевич Гвак пен Валентина Васильевна Ин тағы басқалар осы ізгі дәстүрді әрі қарай жалғастыруда. Неге




десеніз, «Елу жылда ел жана, жұз жылда қазан» демекші, жұзі басқа болса да, жүргегі бір бауырлас ағайындардың бүгінгі жас буын өкілдері сол бір тарихи кезеңнің зобалаңды оқиғаларынан хабары аз десе болады. Сол олқылықтың орынын алдағы Алғыс айту күнінде қонақжай қазақ халқының аға буын өкілдеріне құрмет көрсету арқылы толтырған орынды. Орнымен, жүйесімен алғыс айта білу де – адамгершіліктің биік өлшемі десе болады.

«Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» дегендей, кең байтақ өлкені жайланаған қазақ ағайындар мұнан кейінгі жылдары (1944 жыл) Поволжьеден жер аударылған немістерді, Қап тауынан мылтықтың дүмімен дүркірете көшірілген чешен – ингуш, қарашибай – балқар, татар, құрді, түрік т.б. аз ұлттың өкілдерін қабылдады. Оларға да қолындағы барымен бөлісті, шет қақпай етпеді. Бір атаның баласындай тату-тәтті ғұмыр кешті. Демек, аштықтың дәмін татқан, қындықтың зардабын көрген біледі дегендей, қазақ жерінен пана тауып, өсіп-өнген, ұрпағын көбейткен ізгі ниетті ұлттың өкілдері Алғыс айту күнінің мән мағынасына терең бойлауы қажет. Ал оның басты сипаты мен көрінісі – қиналған шақта қол ұшын беріп, қолтығынан демеген, бауырына басқан қазақ халқына әрдайым да білдірер ыстық ілтишаты мен сый құрметі, айттар алғысы болса керек. Халқымыз «Алғыспен ер көгерер, жауынмен жер көгерер», - демекші ықылым заманнан бері кең байтақ жердің иесі, мемлекет құраушы ұлттың өкіліне ізеттілік таныту арқылы баршамыз болып, Елбасымыздың алға қойған Мәңгілік ел идеясын жемісті жүзеге асыру жолында белсененділік танытқанымыз жөн. Бүгінгі замана талабы осындай ұстанымды қажет етеді. Қалай десек те, жақсылықты жақсылықпен қайтару, жан жадыратар ізгілікті іске дер шағында раҳмет айтып, алғыс айта білу – адамгершілік пен ар-ұятың, достықтың биік өлшемі. Сыйластық пен құрмет қамшының қос өріміндегі жарасым тапқаны абзал. Айналып келгенде, адам мен адам, ұлт пен ұлт бір-бірін сыйлап, қастерлей білгенге не жетсін!

«Жерүйық» фильмі – Қараталда

Ардақ тұтар Ата занымыздың мерейлі мерекесі қарсаңында Қараталдық қалың қөрермен жуырдағана Астана, Алматы, Талдықорған қалаларында тұсауы кесілген «Жерүйық» көркем фильмінің шығармашылық тобымен жүздесіп, бір серпіліп қалды. Аудандық Мәдениет үйінде өткен кездесуде сөз алған кинотуынды түсірілімінің бас режиссері Сләмбек Тәуекел Қаратал өңіріне арнайылап келген



кино және театр артистерімен жеке-жеке таныстырыды. Олар: сценарий авторы Лаврентий Сон, композитор Яков Хан, актерлер Эдуард Пак, Татьяна Цой, Мери Ли еді.

Осыдан екі жыл бұрын жер жаннаты Жетісуда, онда да Қаратал өңірінде түсіріліп, жарыққа шыққан Ш.Айманов атындағы қазақфильм киностудиясының кейінгі көркем де сүбелі туындысы ел тарихындағы, халықтар достығын нығайтудағы алатын орны жайлышты әнгімелей келіп бас режиссер С.Тәуекел:

- «Қаншама жылдар бойы Асан қайғы бабамыздың желмаяға мініп, желіп жүріп, шарқ ұрып іздеген Жерүйық өлкесін Қазақстанның әр түкпірінен жолықтыруғаболады. Соныңбірі - жертөресі Жетісу, оныңбір аймағы Қаратал. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ортасынан тұрған жерлерінен еріксіз көшіріліп, Қазақстанға қоныстандырылған ондаған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері былай бара сүйікті Отанына айналды. Жүдеп-жадап келген ағайынды қамқорлық құшагына алған қазақ халқы болатын. Біздер түсірген көркем фильмнің негізгі идеясы, басты мұраты қын күндерді басынан өткерген жандардың «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» дегендегі, Ата-жүрт иесі - қазақ халқының мейман достығына рахмет айту болатын. Сол үдеден шыға алдық деген ойдамыз. Туындының әсерлі түсірілуіне ауданың бір топ жана шыр азаматтары көп жәрдемін тигізді. Бір жағынан бүгінгі кездесуімізді пайдаланып соларға да шексіз рахмет айтпақ ойдамыз», - деді.

Мұнан соң кино көрермендердің ыстық ықыласына бөленген «Жерүйық» фильмі көрсетілді. Абай әндерімен әспеттелген, сылдырап аққан Қараталы мен жер шоктығы Бастөбесін кино экраннан көріп, үлken әсерге бөленген Қараталдықтар көркем фильмнің өнерпаз тобына соны ізденіс пен шығармашылық жаңа табыстар тіледі. Кеш соңында «Шығыс Қаратал» ЖШС төрағасы В.Л.Ли қадірменді қонақтарға деген ризашылық алғыс сезімін жеткізді. Тағы бір айтпағымызғ аталған көркем фильмнің негізгі кейіпкерлері бейнесін жерлес ақсақалдарымыз Н.А.Пак (ғалым ұстаз) пен И.П.Пак сомдады.

2010 жыл.

Аға үрпақ – ардақтымыз



Баймұхамет
Шағыров – ауданның
тұңғыш хатшысы.



Шеген Қодаманов –
ауданының 1934-1937
жылғы хатшысы.



Молдақасым Талқыбаев –
ауданының 1951-1959 жылғы
бірінші хатшысы.



Сахна саңлағы
Бикен Римоваға
ауданың
құрметті азаматы
атағы тапсырылу
сәті (1983 ж.)



Сұлеймен
Қыбыраев –
жерлесіміз, Ақсу
ауданының 1968
-1973 жылғы
екінші және бірінші
хатшысы.



Бижамал
Рамазанова –
аудандық комсомол
комитетінің соғыс
жылдарындағы
бірінші хатшысы.




Шажабек Баймышев – басшылық
қызыметтер атқарған, Қаз ССР
Жоғарғы Кеңесінің бірнеше
мэрте депутаты.


Ескерткіштер – елдіктің белгісі



Еділ Ерғожин –
КР ҰҒА академигі,
Ескелді әулие
ұрпағы.




Ескелді би кесенесінің ажарланып, сәулеттенненүі (2015ж.)




Жанаталап ауылындағы мешіт үйі.



Әбудардан қажы
Таласбай – ауданың
2002 – 2018 жж бас
имамы.



Балпық би кесенесі көркінің артуы
(2013 ж.)



Бастөбе етегіндегі
«Қазақ халқына мың
алғыс!» ескерткіш
белгісі.

Тоқсан жылдыққа тосылмай жеткендер



Кеудесі қазынаға толы
Балтабай Фалиев.



Михаил Гвак –
ел тарихының білгірі,
еңбек ардагері.



Сақбай Мұқашев –
Қарымбай бидің үрпағы,
еңбек ардагері.




Әбен
Аймұхамбетов –
еңбек ардагері.



Құлымбет
Тұменбаев – еңбек
ардагері.



Сейілхан Беков –
аудандық ардагерлер
Кеңесінің төрағасы.




Төлеуқасым
Қонысбеков –
батагөй ақсақал.



Республика ардагерлер үйімінің 30 жылдығы мерекесіне
қатысушылар (2017 ж.).

Батырларым, ерлерім...



Иван Косенков – Кеңес Одағының
батыры (1923-2015 ж.).



Азамат Жұмаділов – Қазақстанның
«Халық қаһарманы».




Айдын Айымбетов – ұшқыш-
ғарышкер, «Халық қаһарманы».



Төлеген Құлахметов – Социалистік
Еңбек Ері.



Тимур Даныбаев – ҚР қорғаныс
Министрлігі Бас басқармасының
бастығы, генерал-майор.



Болат Жақсыбаев – Ауған
соғысының ардагері, «Қызыл
жүлдөз» орденінің иегері.

Кемел басшы - елге құт



**Рауан Рақымбеков –
аудан әкімі.**



**Бақыт Смаилов – аудандық
мәслихаттың хатшысы.**



**Серікжан Бескемпіров – ауданның
2001-2004 жылғы әкімі.**



**Қыдыркелді Медеуов – ауданның
2005-2011 жылғы әкімі.**



**Сұлтан Дағысембінов – ауданның
2011-2015 жылғы әкімі.**




**Қайрат Бейсембаев – ауданның
2015-2018 жылғы әкімі.**



Ауданың мемлекеттік және салалық мекемелері басшылары
мен қызметкерлері.



Аудан әкімдігі аппараты мен бөлім басшылары.



Қала мен ауыл әкімдері.



Аудандық мәслихаттың 2016 жылы сайланған алтыншы
шақырылымының депутаттары.

Халық қалаулысы атанғандар




Көбес Ақылбаев – жоғарғы Кенес пен республика Парламентінің депутаты.



Болат Текенов – ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бұған дейінгі депутаты.



Роман Ким – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.



Нұрлан Қылышбаев – ҚР Парламенті Сенатының депутаты.



Базархан Байтаев – «Мекада» ЖШС директоры, облыстық мәслихаттың депутаты.



Тұрсын Оспанов – аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы.




Біржан Құмаров – аудандық орталық аурухананың бас дәрігері.


Қаламгерлер – мақтанышымыз



Кемел Тоқаев – қарымды жазушы.




Жанат Елшібек – қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.




Несіп Жұнісбай – спорт журналисі, қаламгер. «Олимпийский маршрут» т.б. кітаптардың авторы.



Мәкен Өсербаева – Қазақстанның күрметті журналисі.



Әміре Әрін – журналист, ақын, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы.



Ришад Тұрғанбай – спорт журналисі, С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты.



Жұмахмет Жайлаубаев – «Жетісүү» телеарнасының бас директор-редакторы.




Амангелді Оспанов – ақын, шежіреші.



Қараша Қараман – журналист-қаламгер, кітап авторы.



Сарқыт Дәркенбаева – баспахана директоры, «Бастау» газетінің бас редакторы.



Жексембек Сұлтанбеков – қаламгер, «Қазақтың Бауыржаны», «Алашорда Үкіметі» т.б қойылымның режиссері.




Асхат Өмірбаев – журналист-қаламгер, аудандық «Қаратал» газетінің бас редакторы.

Өнерімен өрге жүзгендер



Кәден Балғымбаев –
күйші, сазгер.



Нұржұман Іқтымбаев – есімі
кеңінен танымал киноактер.



Нұрлыбек Кеншінбаев – мәдениет
қызыметкері, сазгер.



Құралай Шаяхметова –
дәстүрлі әнші.



Ақмарал Төлеуова –
Б.Римова атындағы
облыстық драма театрының
актрисасы.



Талғат Сембаев –
мәдениет қызыметкері,
сазгер.



«Алтынай» үлгілі би ансамблі.



калаңгер, «Алашорда»
Флейташы, әнші Анар Байгөбек жұлдегер
көйшымның режиссері, макеттер мен көзқарандар,
шәкірттерімен.

ҒЫЛЫМНЫҢ жағып шырағын



Орденбек Мазбаев –
география ғылымдарының
докторы, профессор
(Астана қаласы).



Дархан Жазықбаев – ғалым,
философия ғылымдарының
кандидаты.



Жарас Шеріпов – ғылым
магистрі, «Альмет-Трейд»
кәсіптік-аттестациялық оқу
орталығының директоры.




Мәрлен Көлбаев –
экономика ғылымдарының
доценті.



Алмагүл Әміренова –
экономика ғылымының
кандидаты (Алматы
қаласы).



Әсель Әміренова –
экономика мен құқық
ғылымдарының докторы
(Германия).



Талғат Үәлиев – Абай атындағы ҚазҰПУ деканы, психология ғылымдарының кандидаты.



Ерлан Андасбаев – техника ғылымының докторы.



Керімқұл Қонысбеков – қызылша тұқымы жаңа сортының авторы, селекционер-ғалым.



Сәуле Құсмолданова – медицина ғылымының кандидаты.



Айман Жұманова – тарих ғылымдарының докторы.



Әсем Тәпенова – заң ғылымының магистрі.



Сәулетші,
суретші
саңлақтар



Жақан Бәрімбеков –
суретші, өнертану
ғылыминың профессоры.



Қазбек Жарылғапов –
танымал сәүлетші, мұсінші.



Аркадий Нам – Ескелді
мен Қарымбай әулие
кесенесінің авторы.




Мереке Хайдарова –
«Базис» жобалау институты
ЖШС жобалау бас
архитекторы (Алматы).

Елге тәнымал азаматтар



Кенжемұрат Дүкенбаев –
ҚР еңбекі сіңген энергетигі.



Наурыз Қылышбаев –
қаламгер, Алматы облысының
құрметті азаматы.



Женіс Смаилов –
«Сарыбұлақ» құс
фабрикасының президенті.
(Алматы облысы).



Бақытхан Жазықбаев –
«KEGOC» корпорациясы
президентінің бірінші
орынбасары (Астана
қаласы).


Ел намысын ту еткендер




Жолдасбай
Әлімбетов – «ҚР
құрметті спорт
қайраткері» (2007ж.)



Лазарь Дон – ауыр
атлетикадан Қазақстан
Республикасының
еңбек сінірген
жаттықтырушысы.



Сергей Филимонов –
Афина олимпиадасының
күміс жүлдегері.




Владимир Седов – 2009
жылғы Гоянг қаласында
ауыр атлетикадан өткен
Әлем чемпионатының
женімпазы.




Маргарита Елисеева – ауыр
атлетикадан халықаралық
дәрежедегі спорт шебері.



Надежда Ногай –
ауыр атлетикадан
халықаралық
дәрежедегі спорт
шебері.



Дмитрий Чебанов
– пауэрлифтингтан
Қазақстанның бірнеше
дүркін чемпионы
(2015-2017ж.)



Иван Иванов – женіл
атлетикадан спорт
шебері.



Сымбат Нұркешова –
дзюдодан жастар арасындағы
Әлем чемпионатының
жүлдегері.

Кәсіпкерлік саланың үздіктері



**Қанат Жұлынов –
«Гүлім және К» ЖШС
директоры.**



**Асқар
Пұсырманов –
«Тамас» ЖШС
директоры.**



**Серікжан
Жексембиеев –
«Қаратал» АҚ
басшысы.**



**Жайлаубек
Бласов –
«Бласов Ж» ЖК
жетекшісі.**



**Қасенхан
Бәшенов –
«Бәшенов» ЖШС
директоры.**



**Жолдыбай
Құсайинов –
«Ақшәүлі» ЖШС
директоры.**



**Агафья Ли –
«ЛАД» ЖК
директоры.**



**Флора Тे –
шаруа
қожалығының
басшысы**



**Галина Тактарова –
Ескелді ауылның
кәсіпкері.**



**Наталья Ким –
«Қамқор» ЖШС
директоры.**



**Асқар
Ешмағамбетов –
«Балқаш балық»
ЖШС директоры.**

Каламгер Ел ағалары Қараталда мекемесі



Облыс әкімі А.Баталов пен Олимпиада чемпионы Ж.Үшкемпіров
«Балбебек» балабақшасының ашылу салтанатында.



Қаладағы «Балбебек» балабақшасының ашылу сәті.



Кореяның Қазақстандағы консулы Чжон Сын-Мин Қараталда
қонақта.



ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары О. Өксікбаев
пен Б. Жылқышиевтің ауданға сапары.

Қаламгер К. Тоқаев атындағы білім мекемесі



ҚР Парламенті Сенатының тәрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев К.Тоқаев атындағы мектепте.



Жазушы есімімен аталатын мектептің сыртқы келбеті.



Қаламгер атындағы аллея.



Мектеп ауласындағы жаңа спорт алаңы.

К. Тоқаевтың 95 жылдық тойынан



Республикалық «Құрманғазы» атындағы ұлт
аспаптар оркестрінің күй шашуы.




Республикалық «Арай» би ансамблінің өнері.


Тұған жер – тал бесік




Талды
сайындағы
«Сурет тас»
кешені.



Тастағы
таңбалар



Тылсым сырға
толы Тастөбе.




Алыстан мен мұндалайтын Бастөбе.



Көгілдір Балқаш.



Ұзын аққан Қаратал.



Арна мен ағыс

Өнеркәсібі бар елдің – ырысы мол

Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласына қонсылас орналасқан Бастөбе ауылындағы «Казсиликон» ЖШС кварц өндірісі қарқын алуда. Зауыт мемлекет басшысының 2010 жылы Францияға барған сапары кезінде елімізде кварц игеруді бірлесіп жүргізу дегі өзара уағдаластық дәнекер болғанын да атап өткен жөн. Бұл Отандық металлургия саласындағы жағымды жаңалық қатарынан саналып, өміршендігін танытып отыр.

Аудандағы Сарықөл кенішінен шикізат күйінде өндірілетін кесекті кварц және металлургиялық кремний өнімдерін өндейтін «Казсиликон» зауыты «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының қолдауымен мемлекеттік арнайы бағдарлама аясында іргелі кәсіпорын қатарынан саналады.

Бір айта кетерлігі - Қазақстан - Франция мемлекеттерінің біріккен бұл ауқымды жобасы Қаратал өлкесінде өндірілетін кварцтан Қазақстанда күн энергиясын тиімді пайдалануды дамытуға бағытталған құрал-жабдықтар жасауға негізделіп отыр. Осы жоба аясында Қаратал ауданында, Өскемен және Астана қалаларында барлығы үш зауыт іске қосылды.

Сарықөл кеніші шикізатынан жылдан 10 мың тонна кварц өндіру жоспарланса, «Казсиликон» зауытында айна 391,5 тонна өнім өндіру көзделген. Кен орнында 1 млн 74 тонна шикізат қоры бар деп есептелінген. Зауыт қуатын 60 мегаваттан 100 мегаватқа дейін жеткізу межеленген. Қаратал кварцына Ресей, Германия, Жапония, Қытай, Франция, Бельгия, Онтүстік Корея мемлекеттерінен сұраныс өте жоғары болғандықтан, өнімнің 90 пайзы шетелге шығарылуда.



Кезінде «Казсиликон» зауытына 362 адам жұмыс жасады. Зауыт Ресей, Кытай және шетелдік жаңа қондырғылармен жабдықталған. Әсіреле, ауаның ластанбауы үшін арнайы қондырғылар орнатылғанын ерекше атап өткен жөн.

Кварцтың тек шикізат көзі ретінде ғана емес, елімізде күн энергиясын тиімді пайдалануға қажетті инновациялық жобаларды іске асыруда да кәдеге асады. Сарықөл кенішінен алынған кварцтің күн сәулесін пайдалануға қажетті жабдықтар жасауға өте қолайлы, аса сапалы.

«Казсиликон» зауытының бас директоры қызметін Данель Скаков атқаруда. Қазіргі таңда кремний өндірісінің сапасын 99,9 көрсеткішіне жеткізу жемісті жұмыс жасалуда. Яғни, өндіріс орнын модернизациялау арқылы шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетті, әрі заманауи технологияларды жасауда кеңінен қолданылу үшін зауытты жарактандыру үрдісі жүргізілуде. Бұл табиғи кварцтан сапалы кремний өндірісі қарқының арттыруға мол мүмкіндік береді.

«Тамас» ЖШС

«Тамас» ЖШС – Қазақстан Республикасы бойынша жол-құрылышы және су құбыры жүйелерінің құрылышын салумен айналысады. Бүгінде серіктестік жол жиегіне қойылатын бетон плиталар мен тратуар плиталарын шығару жұмысын қолға алды. Пеллет өндіріс де қарқын алуда. Кәсіпорын жаңаша сипатта 2000 жылды құрылған. Мекеменің қызмет түрлері: гидромелиорациялық құрылышы, құрылыш материалдарын өндіру, автокөлік жолдарын салу, канализациялық құбырдың құм түсті пластикалық қақпактарын шығару. Қазіргі таңда 83 адам жұмыс жасайды. Серіктестік 2008 жылды халықаралық ИСО стандартына көшті. Келешекте кәсіпорынды кеңейтіп, қурал-жабдықтарды сатып алу жоспарлануда.

«Тамас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ағаш өңдеуші және ауыл шаруашылық қалдықтарының престелген түрін тұтынатын қазандық орнатты. Түйіршіктеліп, жоғары қысымда кептірілген дайын өнім «пеллет» деп аталады. Пеллет отынын өндіретін зауыт құрылышы мемлекеттік экологиялық және жергілікті қоршаған ортаға зияны жоқтығын дәлелдейтін сараптамадан өткен. Қамыс, соя, күріш сабанынан түйіршіктелген биоотын шыгаратын зауыттың өнімі экологиялық таза. Биоотынның тоннасы 350 текше метр табиғи газдың орнын толтыра алады. Ал оның күлі дайын табиғи тыңайтқыш.



Сағатына 4-5 тонна отын шығаруға қуаты бар зауытта алғашқы сыйнама ретінде 300 тонна пеллет отыны өндіріліп, оны Көксу ауданы тұтынған болатын. Бұгінде ауданның оннан астам мектептері осы био-тынмен жылдытылып отыр. Жылулық қабілеті бойынша бұл отынның бір тоннасы – дизель отынының жарты тоннасымен пара-пар келеді. Ал бағасы дизель отынынан үш есе арзан. «Тамас» ЖШС директоры Асқар Пұсырмановтың айтудынша биотын шығаратын зауыт құрылышы аяқталған соң елімізде бұрын кездеспеген таңсық өнім шығырыла бастаған. Ең қуанарлығы, жиырмаға тарта адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Қазіргі таңда шығарылған өнім облыс аумағанда экспортталуда. Зауыт жылына 2000-3000 мың тонна түйіршіктелген биоотын шығаруға қауқарлы.

«Үштөбе-Айдын» ЖШС

Бұрынғы Үштөбе май зауыты - қазіргі «Үштөбе Айдын» ЖШС негізі қаланған күннен бері тоқтаусыз жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде сүт дайындау және өндеумен айналысады. Кәсіпорын заманауи түрғыда 1998 жылы құрылған. Директор міндеттін ұзақ жыл Сейілхан Базарханов атқарды. Кәсіпорын бір тәулікте 15 тонна өнім өндіреді. Негізгі қызмет түрлері: сүт өнімдерін өндеу, сүт өнімдері мен ірімшік, балмұздақ өндірісі, сүтті сауын малын есіру. Шығаратын өнімдердің негізгі түрлері - сүт және сүт өнімдері болып табылады. Еңбеккерлер саны – 115 адам. Серіктестік 2006 жылы халықаралық ИСО стандартына көшті.

Зауытта қажетті коммуникация мен жылу жүйесі, өзіндік сумен жабдықтау қодырғысы сақталынған, әрі қалпында қышқылтым сүт өнімдері мен балмұздақ шығару жолға қойылған. Сүт өнімдерін қағаз қораппен шығару, пластмасса стакан жасау, мойонез өндіру қолға алынды. Серіктестіктің өнімдері Үштөбемен қатар Алматы, Талдықорған және Текелі қалаларында үлкен сұранысқа ие. Кәсіпорын аммиакты тоңазытқыш қондырғысын электендірілген жүйесіне көшірілген. Серіктестіктің қазіргі басшысы М. Ниязбеков.

«ЮГпищеПром» зауыты

«Үштөбе ұн комбинаты» ЖШС-і зауыты 2010 жылы құрылды. Аудандағы 2018 жылға дейін жұмыс істеп келген Шымкент қаласының



«ЮГПищеПром» ЖШС құрылым бөлімшесіне қайта тіркеуден өтті. Директоры – Марина Львовна Югай (марқұм) болды. Шығаратын өнімдердің негізгі түрлері – жоғарғы, бірінші және екінші сұрыпты үн. Өндірістік қуаты – тәулігіне 100 тонна. Енбеккерлер саны – 102 адам. Серіктестік 2007 жылы халықаралық ИСО стандартына көшті

Бұгінде «Югпищепром комбинаты» ЖШС (астық өндейтін) қаланың басты кәсіпорны уақытша тоқтап тұр. Болашакта өз иесін табатын болады.

«Қаратал-балық» және «Үштөбе-мираж» ЖШС

Бұгінде «Қаратал балық» ЖШС бұрынғы Үштөбе ет комбинаты аумағында жұмыс істеуде. Онда балық өндеу, балық консервісі мен балық ұны шығарылады. Серіктестіктің өнімі – көксерке балығының дәмді сұрып еті Германияға жеткізіледі. Мұнда мал сою цехы ашылған. Балық ұнын өндіру жолға. 2011 жылы құрылған кәсіпорынды Бауыржан Шәймерденұлы Райымбеков басқарып келеді. Басты қызмет түрі - балық өндеу болып табылады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты – айына 150 тонна өнім өндіру Ұжымда 26 адам қызмет жасайды. Осы мекемеге қарасты «Үштөбе-мираж» ЖШС шұжық цехында көпшілік сұранысына ие шұжықтың бірнеше түрі шығарылады.

«Прогресс-СМ» ЖШС

Үштөбе қаласындағы Александр Егай басқаратын “Прогресс-СМ” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудан өнеркәсібінде ерекше орын алады. Кәсіпорын Лондон қаласындағы британдық “Адвент ЮК ЛТД” компаниясының марапаттау рәсіміне Қазақстаннан барған бір топ кәсіпорын арасынан жеңімпаз деп танылыш, халықаралық жүлдеге ие болған.

“Прогресс-СМ” жыл өткен сайын өндіріс аукымын кеңейтіп, өнім сапасы әлемдік стандартқа сай болуы жолында тынымсыз тер төгуде. Ұжымдағы мамандарды қайта даярлау, кәсіби шеберліктерін шындау бағытындағы ұйымдастыру жұмыстарының тиянағын келтіруде де дамыл таппады. Ізденис өз жемісін беріп, аталмыш кәсіпорын Француз өндірістік ассоциациясының (SPI) президенті Бернар Мусонның қолынан алтын медаль алып, Халықаралық ISO 9001-2000 стандартына ие болған.



Жыл санап өндірістік қуатын арттырып отырған «Прогрес-СМ» зауыты мырышпен қапталған 150 түрлі болат өнімдерін шығарады. Осы өнімге деген сұраныс ISO стандартымен жұмыс істейтіндер арасында өте жоғары. Кәсіпорын сонымен бірге Отандық өндірісті дамытуға да өз үлесін қосуда.

«Башенов» ЖШС

«Башенов» жауапкершілігі серіктестігі ауданымыздың іргелі кәсіпорындар қатарынан саналады. Мұнда негізінен тәтті сусындар шығарылады. Өнім сапасы жақсы болғандықтан тек Қаратал ауданы жүртшылығы ғана емес, көршілес аудандарда зауыт өнімін тұтынады. Серіктес басшысы Қасенхан Башенов.

«Қамкор» ЖШС

1997 жылы құрылған «Қамкор» ЖШС-не Людмила Петровна Цой басшылық жасады. Негізгі қызмет түріне сыртқы киім өндіру ісімен айналысадын кәсіпорынмен тығыз байланыс жасап, тапсырыс бойынша арнайы киім тігіледі және жөндейді. Бүгінгі таңда мектеп тапсырыстарын орындау мақсатында оқушылардың киімдерін тігеді. Оған қоса жеке тапсырыстар қабылдайды.

2015 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірынғай бағдарламасы бойынша несие алғып, тігін цехын жаңартты және тағам кафесін ашты. Ағымдағы жылы жастардың уақытын тиімді әрі мәдени өткізу мақсатында караоке ашылды. Серіктестік бүгінгі күні 14 адамды жұмыспен қамтып отыр. Қазіргі таңда Мәскеу экономика және құқық Академиясының түлегі Наталия Ким анасының кәсіпкерлік ісін жалғастырып, «Қамкор» ЖШС-не жетекшілік етеді.

«Мекада» ЖШС

Алпыс жылдан астам тарихы бар «Құю-механикалық зауыты» АҚ негізінде 2007 жылы «Мекада» ЖШС құрылып, оған Базархан Байтаев жетекшілік етеді. Кеңес дәуірі кезінде аймақтағы жетекші кәсіпорындардың бірі болған серіктестік бүгінгі таңда, темір құралдары мен женілдетілген панелдерден тез тұрғызылатын ғимараттар өндіру жобасын іске асыруда. Жоба есебінен: темір бетонды бұйымдардың




өндірісін ұйымдастыру, дәнекерленген қоставрлы арқалықтарының өндірісі (сүйемелді тіреуіш және т.б.), қалайымен қапталған арнайы пішіндер мен женіл пішін құбырларының өндірісі, оттегілік баллондарының өндірісі, жамылғы құралдары мен панельдерінің өндірісі, ағаш және темір пластикалық есік, терезе мен қақпалары өндірісімен айналысады. Болашақта жобалық және конструкторлық-технологиялық бюросын, монтаждаушылар бригадасын құру үйгартылуда.

«Қаратал-пласт» ЖШС

«Қаратал пласт» ЖШС кәсіпорыны 2003 жылы құрылған. Кәсіпорынға Серікхан Мұратханұлы Нұрлыбаев басшылық жасайды. Серіктестіктің негізгі қызмет түрлері пластикалық өнімдер шығару. Шығаратын өнімдердің негізгі түрлері – терезе, есік, терезе алды тақтайы. Өндіріс қуаты – айна 3500 кв.м. құрайды. Еңбеккерлер саны – 15 адам. Кәсіпорын Түркия, Германия, Франция сияқты шетелдік мемлекеттер құрал -жабдықтарымен жабдықталған.





Болат жолым - мақтаным

Темір жол саласы қауіпсіздігі, жеткізу мен қызмет көрсету шапшаңдығы жағынан әлемдік стаңдартарға, ал тарифі жөнінен саланың негізгі талаптарына сәйкес болуы керек.

Нұрсұлтан Назарбаев

Тогыз жолдың торабы

Темір жол. Есімізге осы бір атап түскенде көз алдымызға алғаш рет Қазақстанда қазығы қағылған Түркісіб темір жолының салынуы келеді. Әлбетте, өмірімізге темір жол желісі енгеннен бастап дүние күрт езгеріп сала берді. Темір жол бойында елді мекендер мен қалалар бой көтеріп, тіршіліктің қазаны бұрқ-сарқ қайнап жүре берді. Оны айтасыз, Үштөбе қаласы негізінің қалануы да осы шойын жолдың келуімен тікелей байланысты. Әрине, сол тұста Үштөбе темір жол станасы кейіннен аудан орталығы саналатын көрікті қалаға айналады десе жұртишылық сене қоймас еді.

Тарихқа жүгінсек, 1926 жылдың 3 желтоқсанында СССР-дің Еңбек және қорғаныс Советі арнайы қаулы қабылдап, Транссібір магистралды құрылышын салуға шешім қабылдады. 1928 жылы Үштөбе станасының құрылышы басталып, уақыт өте келе тоғыз жолдың торабына айналды.

Ал 1930 жылдың 25 сәуірінде Айнабұлақ станасында Түркісіб участкесінің онтүстігі мен солтүстік бағыты бір-бірімен түйісіп, қосылған кезде солтүстік бағыттағы Үштөбе станасы арқылы ең алғашқы паравоз тартқан пойыз тіркемесі жүріп өткен еді.

Заман өзгерді, адам мен жүк тасымалы артқан сайын темір жолға қойылар талап та, қауіпсіздік те күшайді. Күре жол арқылы Орта Азия мемлекеттерімен, көршілес Ресейдің Шығыс Сібір өлкесімен және



Қытай Халық Республикасымен байланыс орнады.

Аудан үшін өмір мен тіршілік жолына айналған шойын жолдың көлік және байланысқа қатысты іргелі оннан астам мекеме қызмет көрсетіп келеді. Олар жүк және жолаушылар тасымалданатын пойыздарды кідіріссіз қабылдау, оны жөнелту жұмыстарымен қатар оның қауіпсіздігін уақытылы бақылау, талапқа сай тәртіпті сактауда қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Үштөбе станциясы құрылғанан бері ұжымды көптеген білікті басшылар басқарған. Солардың қатарында Күмісбек Байтоқашев, Сергей Қарамұрзанов, Байқадыр Сегізбаев, Николай Саттаров, Сейітқамал Сыздыханов, Мұрат Шарубеков, Марат Құлмағанбектов, Алпамыс Балғынбеков, Қайрат Құлақов бар. Қазіргі танда Үштөбе станциясы дирекция тасымалы ұжымын Ермек Көшегұлов абыроймен басқарып келеді.

Үштөбе станциясы № 32 қалпына келтіру пойызы

Үштөбе қалпына келтіру пойызы 1987 жылы КСРО Жол қатынасы министрлігінің шешімімен Матай және Сарыөзек қалпына келтіру пойызы базасында құрылған еді.

Сол кезде жартылай қираған әкімшілік ғимарат аздай, қоймалар құрылымының болмауы салдарынан жұмысшыларға бәрін өз қолдарымен жасау қажет болды. Мекеме басшысы болып Николай Прошаков тағайындалды. Осылайша, жиырма жылға жуық Николай Василевичтің басшылығымен қалпына келтіру пойызы жедел әрекет ететін, 1,5 гектар аумақты алып жатқан, мекемесі қоршалған және әскери құрылымды техникасы толықтай жабдықталған іргелі ұжымға айналды. Қөп жылдық еңбегі үшін Николай Прошаков «Құрметті теміржолшы» атағына ие болды.

2006-2011 жылдары аралығында кейіннен Алматы-1 станциясы қалпына келтіру пойызының бастығы болған Мұсат Жансарин қалпына келтіру пойызына басшылық жасады. Бүгінде осы қалпына келтіру пойызында кран машинисі, бригадир, көтеру құрылғысының шебері болған Берік Сәрсенбаев 2011 жылдан бері аталмыш ұжымды басқарып келеді.

Қалпына келтіру пойызы құрылған күннен бастап ауқымды ішшараларды атқарды. Атап айтқанда, 2010 жылы су шайып кеткен темір жолды қалпына келтіруге жақсы көмектесті. Бір айта кетерлігі, Тұркісіб темір жолы тіпті соғыс жылдарында да тоқтамаған болатын, ал осы



жылы табиғат апатының салдарынан 20-30 күн бойы қозғалыссыз қалды. Бұл кезде жұмыс күні-түні жүрген болатын, өйткені темір жол екі жағынан да толықтай істен шыққан еді. Қалпына келтіру пойызы қызметкерлерінің осы еңбегі ескерусіз қалмай, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының президенті А. Маминнің Алғыс хаты мен қаржылай сыйлығына ие болды.

Аталған мекеме темір жол рельстері ауытқуының алдын алу, жылжымалы составтардың өзара соқтығыспауын қамтамасыз ету, сондай-ақ табиғат және техногенді апаттар кезінде көмек беруге арнаған арнайы жасақ болып табылады. Ұжымда 24 адам қызмет атқарады. Ұжым толық автономды жүйеде 3 күн бойы бір мезгілде 60 адамды баспанамен, ауыз сумен, тамақпен және арнайы киіммен қамтамасыз ете алады.

Қазіргі таңда № 32 қалпына келтіру пойызы – бұл заманауы ресейлік булдозермен және тарту күші мығым техникамен жабдықталған. Сондай-ақ, әрқайысы 80 тонналық ЕДК-500 маркалы 2 кран, «Хеш» гидроқондырғысы бар. 2010 жылғы табиғат апатынан соң қалпына келтіру пойызына қосымша Т-300 булдозері, ДЭТ-320, ЯБЛ-3, әскери тягач АТТ-25 маркалы техника берілген. Осының бәрі «Қазақстан темір жолы» участкісінде қолданылатын өте қуатты әрі заманауи арнайы техника болып табылады. Сонымен бірге ДГМА-75 дизелді қуаты 150 квт, 30 квт ДЭС-30. жылжымалы электростанциясы бар. Әрі Ресейдің төтенше жағдайлар жөніндегі ұжымдары апатты жағдайда қолданатын гидравликалық құралдар, бензокескіш, компрессорлармен ұжым толықтай жабдықталған. Вагон электростанциясында 4000 литр таза ауыз су қоры, 7000 литр дизелдік отын қоры бар.

Үштөбе жол-машина станасы

Қазіргі Үштөбе жол-машина станасының тарихы әріден басталағынын бүгінде біреу білсе, біреулер біле бермейді. Қысқаша даму тарихына тоқталатын болсақ, беріден қайырғанның өзінде ол өткен ғасырдың орта шеніне апарады. XX ғасырдың тамаша құрылыштарының бірі саналған Түркістан – Сібір темір жолына қызмет көрсету мақсатында КСРО Жол қатынастары халық комиссариятының бұйрығы негізінде жүзеге асты. Нақтырақ айтсақ, Үштөбе жол-машина станасы 1939 жылы 27 ақпанды Жол қатынасы комитеті бастығының № 57 бұйрығы негізінде (Жолдық темір жол жөндеу) Түркістан-Сібір темір жолының күрделі және орта жол жөндеу жұмыстарын орын-



дау ретінде жол жөндеу кеңесі құрылды. Осыдан соң 1937 жылы Түркістан-Сібір темір жолы 1942 жылы шағын жолдық машиналық стансасы, 1947 жылы № 1 жолдық жол-машиналық стансасы (ЖЖМС-1), 1953 жылы № 4 жолдық жол-машиналық стансасы (ЖЖМС-4), 1962 жылы «№160 жолдық жол-машина стансасы», 1998 жылы «Ремпуть» еншілес мемлекеттік кәсіпорын - № 19-шы жолдық-машиналық стансасы болып келді.

Ал 2000 жылы № 13 Үштөбе жол машина стансасы, 2005 жылы «Жол жөндеуші» Компаниясы» ЖШС филиалы - Үштөбе жол-машина стансасы болды. 2008 жылы «Жол жөндеуші» Компаниясы» ЖШС филиалы - «Алматы жол жөндеу дирекциясы» Үштөбе жол-машина стансасы атанды.

Мекемені ұзақ жыл «Құрметті теміржолшы», «Қаратаң ауданының құрметті азаматы» Аманжол Кәметов басқарды. Аталмыш мекемеде әр үлт өкілінен құралған 128 адам әртүрлі салада қызмет істеді. Оның ішінде 34-і жол жөндеушілер, ал 39-ы механиктер. Қызметкерлер - жоғары білімді, Қазақстанның жоғары оку орындарын бітіргендер.

Олардың еншісіне республика аймақтарына қалыптан шығып, жүзіктің көзінен өткендей жарқыраған жаңа теміржол даңғылын салу, тозығы жетіп сапасы сыр бере бастағанын түзеу үшін орга және құрделі ауқымды жұмыстарды жүргізу жатады. Соңғы үлгідегі жол тәсеву крандары (УК-25/18), түзету әрі өндөу машиналары (ВПО), хоппердозаторлы механикаландырылған қуатты кешенмен қаруланған озық ұжым рельс-шпалдарының тор көздерін төсейді. Артынша жол жөндеушілер жапсырмаларды орнатып, түйіспе болттарды бұрап, мықтап бекітеді. Қазір де техникамен атқарылатын барлық ауыр жұмыстарды олар білектің күшімен, жүректің түгімен істеуде.

Қазақстан Республикасы бойынша жол салу құрылыштарына қатысып, алдына қойылған тапсырыстарды мінсіз атқарып келеді. Атап айтқанда: 2001 жылы Манғышылак, 2002 жылы Бадам-Черноводск, 2003 жылы Манғистау, 2004 жылы Хромтау-Алтынсарин, 2005 жылы Шолқызыл темір жолдарын салуға атсалысты. Сонымен бірге 2006 жылы Достық мемлекеттік шекара, 2012 жылы - Жетіген-Каргос, 2013 жылы - Жезқазған-Сексеуіл, Бейнеу-Арқалық жолдарын төседі. Бейнетті еңбек еш кетпей, мекеме қызметкерлері мен жұмысшыларының еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстан темір жолы» және «Жол жөндеуші» компаниясы» басшылығы тарапынан бірқатар азаматтар марапатқа ие болды. Атап айтқанда, Нұрмахан Тастанов «Құрметті теміржолшы»; Талғат Рахманов, Леонид Пак, Юрий Садыков Құрмет грамотасымен,



Қайрат Ақылбаев, Тілеужан Жекенов, Владимир Гапотин, Александр Мамед-Оглы мерекелік медальмен марапатталды. Сондай-ақ, Қасенхан Сайполдаев, Александр Пеньков Алғыс хатқа ие болғандар.

Ерен еңбектері сіңген жандар - база бастығы Ж.Жұбаев, түзету әрі өндөу машинасының машинисі В.Киселев, төрттағанды кран машинисі Р.Н.Филипова, жол жөндеушілер Б.Ысқақов, П.Опрышко, Б.Бодаубеков, Ж.Тезекбаев, машинистер: А.Хакімжанов, М.Ибрашов, Е.Керімбеков, поезд құрастыруышы Ж.Смағұлов темір жол саласында көп жылдан бері аяnbай еңбектенуде, ерен істерімен қомақты үлестерін қосып, мекеменің көрсеткіштерін жаңа белестерге көтеруде.

Үштөбе белгі беру және байланыс дистанциясы

1931 жылдың басында Түркістан-Сібір темір жолының екінші тұтыну (пайдалану) телімінің құрамына кіретін Үштөбе белгі беру және байланыс дистанциясы (қазіргі ШЧ-32) құрылған. Филиал белгі беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларының, өткізгіш, оптикалық, радиорелелік және радиобайланысының, букстардың қызуын анықтайтын аспаптардың мінсіз жұмыс істеуін қамтамасыз еткен.

Үштөбе дистанциясы ұжымының құрделі де қын салада атқарған қажырлы жұмыстары ескеріліп, бірнеше рет жол басқармасы мен жол бөлімшесінің ауыспалы Қызыл туы берілген. Осында әр жылдары тағылымы кейінгі жастарға үлгі-өнеге болатын, еңбек ардагерлері көптеп жұмыс істеді. Олар: Ұлы Отан соғысының ардагерлері - Александр Столынский, Дарья Ситникова, Николай Писаренко, «Құрметті теміржолшылар» - Борис Фролов, Владимир Левкин, Людмила Ковалева, Амантай Қошегұлов, еңбек ардагерлері - Қазкен Сералинов, Жұмабек Тіленов, Кенес Бекмұхамбетов, Әмірхан Байғабұлов, Саяқбай Жұнісов т.б.

Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер, СОБ электр механигі Анатолий Писарев, БҚАЗ әлектр механигі Женісхан Ескендіров ерен еңбегімен көзге түссе, Сарыөзек станциясының аға СОБ электр механигі Абдолла Құлтанов мен Қараой станциясының СОБ электр механигі Құрмахан Садықовтың ұзақ жылдарғы жемісті еңбектері елемелі, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басшылығының «Адал еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Дистанцияның құрылған уақытынан бастап Николай Пиякин (1962-1963 жж.), Виктор Колтаков (1992-1995 жж.), Туғанбек Ахметов (1995-



2006 жж.) басқарды. 2007 жылдың ақпан айынан бастап «ҚТЖ»ҰК» АҚ «Үштөбе сигнализация және байланыс дистанциясы» филиалының директоры міндетін білікті басшы Талғат Қабылбаев атқарды. Бүгінгі таңда мекемеге Т.Ахметов басшылық етеді.

Үштөбе белгі беру және байланыс дистанциясы бүгінгі таңда Алтын дала-Қарақұм және Көксу-Талдықорған-Текелі станциялары аралығындағы, ұзындығы 526 шақырымды құрайтын телімге күтім жасайды. Географиялық орналасуы - Алматы облысының 5 ауданына (Кербұлақ, Көксу, Қаратал, Ақсу, Сарқан) және 2 қала (Талдықорған, Текелі), сонымен бірге Шығыс Қазақстан облысының бір ауданына (Аяқөз) қарайтын аумақты алады. Қазіргі таңда олар осы аумақтағы байланыстың сапалы болуына оң ықпалын тигізуде.


Локомотив депосы

Темір жолдың салынуына орай көптеген темір жолға қызметтік көрсету мекемелерімен қатар 1928 жылы локомотив депосы да дүниеге келген еді.

Бүгінде Матай эксплуатациялық локомотивтік депосына қарайтын Үштөбе айналым депосы ТД-14 ұжымының тындыраш тірлігі айрықша айтуға тұрарлық. Осы мекемені Матай эксплуатациялық локомотивтік депосына қарасты Үштөбе айналым депосы ТД-14 бастығының орынбасары, өзінің көп жылғы тәжірибесімен, біліктілігімен басқарып келе жатқан Рафик Хамитұлы Берушев озаттар қатарынан саналады.

2001 жылдан бері Рафик Хамитұлы Үштөбе айналым депосы ТД-14 ұжымын айрандай үйіткен, тәртіп пен нұсқауға жауапкершілікпен қарап, басқарып келеді. Локомотив депосы адам және жүк тасымалының еш кідіріссіз, уақытылы қабылдаш, жөнелтуді қамтамасыз ету, вагондарды ауыстыру секілді маневрлік жұмыстарды атқаруда. Бір айта кетерлігі, аталмыш ұжымда су жана 15 дана «әвалюшн» деген лақап атпен танылмаған болған Т-33А тепловозы және 4 дана маневрлік СКД-6 тепловоздары бар. Бұрын Кенес өкіметі тұсында ТМ-2 тепловоздары болған, бүгінде парк толықтай жаңаланып, заман талабына орай жабдықталып отыр. Жаңа тепловоздардың бес мың аттық күші бар, сондықтан 50-60 вагонды еш қиналмастан сүйрей береді.

Тепловоздардың барлығы компьютермен, автоматты түрде басқарылады. Осы мекеме паркінен тепловоздар жанар-жағармай, тежегішке қажетті құммен қамтамасыз етіліп, машинистер сапарға аттанып жатады. Пойыздардың қозғалысы, еңбек қауіпсіздігі қатаң



сақталады. Әр машинистке арнайы нұсқау беріледі.


Үштөбе айналым депосы солтүстік жақ - Үштөбеден Матайға дейін 110 шақырым, оңтүстік жақ – Сарыөзекке дейін 115 шақырым қашықтық аралығында қызмет көрсетеді. Сонымен бірге 325-326 нөмірлі екі жолаушылар көлігін, дәлірек айтсақ Алматы-Новосібір пойызының уақытылы, еш кедергісіз жөнелтуге атсалысады. Ұжымда 52 машинист, 66 көмекші, барлығы 132 адам табысты еңбек етуде.

Атап айттар болсақ, машинисттер - Нұрлан Бұқашев, Марат Асанов, көмекшілер - Бауыржан Кибадолдин, Асхат Ысқақов, депо бойынша кезекші Құрманғали Құлжанов, локомотив депосының жасақшысы Диана Молдабаева, машинист-нұсқаушы - Ерік Байғұлов, Дмитрий Сургановтарды ерекше атап өтүге болады.

Қазақстанда теміржол саласы жыл өткен сайын өркендер келеді. Оған дәлел ретінде Алтынкөл мен Жетіген станциясында салынған темір жол желісін айтуға болады. Қазіргі таңда Қытай мен Ресейге деген жүк тасымалы арта түсүде. Теміржол тасымалының арқасында еліміз көркейіп, дамыған мемлекеттердің қатарына қосылууда. Үштөбе айналым депосы осы мақсатта қыруар істер атқауда.

Үштөбе станциясы вагондарға техникалық қызмет көрсету пункті ұжымы да болат жолдың мәртебесін арттыруда қажырлы қайрат танытуда. Қараталдықтар тіршілік күретамырына айналған саланы болат жолым-мақтандышым деп ерекше ілтипатпен атайды.





Ауыл шаруашылығы – жетекші сала

Қаратал ауданы бойынша 2017 жылы егілген егістік көлемі 21 547 гектарды құрады. Егілген егінді жинау науқаны толығымен аяқталды. Дәнді дақылдар – 7270 га. жиналып, 24683,4 тонна өнім алғынды. Аудан бойынша егілген картоп 1120,0 гектарға жетіп, гектар берекелігі 21952 тонна болып отыр. Көкөністен алғынған өнім де көңіл көншітерліктей. Жалпы 50608 тонна көкөніс өнімдері, 17322 тонна бақша дақылды қамбаға құйылды.

2017 жылы сатып алғынған жана техникалар саны 32 дана, барлық сомасы 141,8 млн теңгені құрады. Соның ішінде 12 дана техника «Каз АгроФинанс» мекемесі арқылы лизингке алғынған. «Казагромаркетинг» акционерлік қоғамы арқылы 11 шаруа қожалығы 45 млн. теңгеге 14 дана техника сатып алды, оның 24,5 млн. теңгесін инвест жобасы арқылы қайтарып алды.

2017 жылы озық технология бойынша: тамшылатып суғару - 160 га, интенсивті технология - 2700 га, ылғал сақтау технологиясы - 1800 га жерге енгізілді. 2017 жылы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізуғе «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау» қаулысына байланысты 296 млн. теңге бөлініп игерілді.

Ауданда тұқым шаруашылығымен айналысадын бір шаруашылық бар.

«Бақыт - Қаратал» ЖШС

Ауыл шаруашылығын жекешелендіру процесі қауырт жүріп жатқан тұста 1993 жылы совхоз директоры болып Бақыт Смаилов



бекітілді. Шаруашылық ұжымы 1993 жылдың 27 желтоқсанынан республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің жарлығымен «Қаратал» асыл тұқымды қой заводы атанды. Ал 1994 жылдың 1 қыркүйегінен «Қаратал» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. Оның тұнғыш президенттігіне Б.Смаилов сайланды. Оның еңбегі 2001 жылы үздік бағаланып, «Құрмет» орденімен наградталды. Қазіргі таңда шаруашылықты Серікжан Бақытұлы абыроймен басқарып келеді.

Жайлау көркі – ақтылы қой

Аудан бойынша мал шаруашылығы үшін жеткілікті азық қоры даярланады, 79100 тонна шөп, 8800 тонна жемге арналған астық, 11000 тонна сабан әзірленді.

Ауданда «Ірі қара малы етінің экспорттық жүйесін арттыру» жобасы бойынша «Сыбаға» бағдарламасы жүзеге асуга. Фермерлік шаруашылықтарды асыл тұқымды бұқалармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Осы бағдарлама бойынша 46 шаруа қожалығы кіріп, оның аналық басы 4206 құрады. 2014 жылы 6 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасымен 428 бас аналық ірі қара сатып алды. «Құлан» бағдарламасы бойынша 106 бие, «Алтын астық» бағдарламасы бойынша 600 қой сатып алынды.

«Мал шаруашылығын асылдандыру, өнімділігін және сапасын арттыру» бағдарламасы бойынша 203 млн. теңге субсидия алынды. Аудан бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарындағы мал саны: ірі қара - 34509, қой мен ешкі - 88207, жылқы - 8008, түйе - 80, шошқа - 5205 бас, 99950 құс құрайды.

Аудан бойынша 9 шаруа қожалығы асыл тұқымды мал өсірумен шұғылданады. Оның бесеуі: асыл тұқымды қой шаруашылығымен айналысады. Олар «Қаратал» АҚ, «Нұржан» ШҚ, «Көдек» ШҚ, «Үсенов» ШҚ, «Мұқан» шаруа қожалығы. Асыл тұқымды ірі қара малын «Тастөбе-Агрофуд» ЖШС, «Асқар» ШҚ, «Азиз» ШҚ және асыл тұқымды жылқыны «Сарыбұлак» ШҚ өсіреді.

«Тәжірибе» өндірістік шаруашылығы

«Тәжірибе» өндірістік ауыл шаруашылық кооперативі - «Фрунзе» атындағы мемлекеттік тәжірибе-өндірістік шаруашылығының ізбасары. 1991 жылы 6 наурызда КР Талдықорған облысы бойынша жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Фрунзе атындағы



өндірістік шаруашылығын жекешелендіру бойынша комиссия құру туралы» бұйрығымен шаруашылықта жұмыс істеген азаматтарға жер пайлары бөліп берілді.

Нарық талаптарына сәйкес, аздаған жер пайларын иегеру азаматтарға қызындық тудырды. Сондықтан 1997 жылы ортақ кәсіпкерлік негізінде азаматтар мүше ретінде қабылданып, олардың жеке еңбек күші және кооператив мүшелерінің мүліктік жарнасы мен жер пайларын қосу арқылы қайта құрудан өтеді. «Тәжірибе» өндірістік шаруашылығы КР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 15 мамырда заңды тұлға ретінде қайта тіркелген. Қазіргі таңда шаруашылықта 3737 гектар жер бар, соның 2135 гектары егістік жер. Мұнда негізінен егіндік дақыл түрлері өсіріледі. Атап айтқанда, «Тәжірибе» өндірістік шаруашылығын көп жылдық еңбегімен тәжірибе жинақтаған Ли Петр Дмитреевич басқарып келеді. Шаруашылықта 2017 жылы 80000 мың тенгенің өнімі өндірілді. Алқапқа 1520 гектар дәнді-дақылдар егілсе, оның ішінде бидай – 220 га, арпа – 430 га, күріш – 870 гектар болды. Қытай бұршақ 100 гектар жерге себілді. Гектар берекелігі орта есеппен 22,6 центнерді құрады.

«Тәжірибе» өндірістік кооперативі мұнымен бірге элиталық құріш тұқымдарын өсіріп, сатумен айналысады. Қаратал жерінен құріштің «Үштөбе», «Заря», «Суаг», «Пак-Ли» «Опытное» секілді түрлері шығарылып, елімізге танымал болды. Осы ретте құріш шаруашылығын ғылыми жолға қойып, бірнеше құріш сұрыптары авторының бірі болған Николай Александрович Пакті Жетісу жұртшылығы жақсы біледі. Нақтырақ айтсақ, КР авторлық құқық жөнінде № 264 қуәлігі «Опытное» сұрпының авторы Пак Н.А., Ли Г.Е., Р. А. Оразалиев, А. И. Әбуғалиева КР ауыл шаруашылығы министрлігінің 2005 жылғы 11 наурызда № 193 бұйрығымен берілген. Осы авторларға «Пак-Ли» құріш сұрпын өсіргені үшін Қ.Р. ауыл шаруашылығы Министрлігінің 2003 жылғы 10 маусымдағы № 324 бұйрығымен № 183 қуәлік табыс етілді.

Құріштің «Үштөбе» сұрпын шығарған Ким Кван - Су мен Хван Александр Ивановичке СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің № 1110 авторлық қуәлігі 1970 жылды 17 желтоқсанда В. Р. Вильямс атындағы Қазақ зерттеу институтына қарасты Қаратал тәжірибе егістігіне (қазіргі «Тәжірибе» өндірістік шаруашылығының жері) берілді. Құріштің «Суаг» сұрпының авторлары Ли Г.Е., Пак Н.А., Әбуғалиева А.И., С.Кененбаев, Хван М.Е., Пак А.Н. КР ауыл шаруашылығы Министрлігінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 189 бұйрығымен № 265 қуәлігі беріліп, күні бүтінге дейін осы құріш түрі кең көлемде егіліп келеді. Сонымен бірге



«Заря» атты ақ маржан сүрпүн өсіріп шығарған Пак Н.А., Ли Г.Е., Оразалиев Р.А., Кененбаев С., Әбуғалиева А.И. секілді азаматтарға ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы № 193 бүйрүғымен № 264 куәлігі табыс етілген.

Бұтінгі күнде ауданымыздың экономикасына елеулі үлес қосып жүрген жеке шаруа қожалықтарын атап өту орынды. Олар: «Қуатбеков», «Молжігітов», «Егемендік», «Байкөжеков», «Сәлім», «Бопышев», «Күнжарықов», «Асанов», «Танжарық ұғс», «Тұстікбаев», шаруашылықтары. Бұл шаруашылықтар мәдени дақыл егіп, өсіруден жоғары өнім алып жүргендер. Сонымен қатар заман талабына сай тұтікшелер арқылы тамшылатып суғару тәсілін қолданып, көкөніс, соның ішінде жуа өсіруде Лев Хан деген азамат әр гектарынан 70 тоннадан асырып өнім алуда. Бұл дегеніміз – ғылыми тұрғыда дәлелденген жаңа тәсілдерді қолданар болсақ әрбір дикан мол өнімге кенелері хак екенін көрсетеді.

Қараталдың қарбызы

Пен деміз ғой, кейде осы қасиет деген қасиетті сөздің ұғымы мен байыбына терең бойламай сыйырта оқып, жүре-тұра мән беретінімізді қайтерсің?! Жайшылықта ұзын ақкан өзеннің атауымен аталатын ауданымыздыңabyroyын асқақтатып, атақ- даңқын әспеттер тұста қасиетті Қаратал деп ауыз толтырып айтارымыз бар. Білгенге ежелден құт- береке дарыған Қараталдың қадір – қасиеті арғы-бергі заманда өткен, қазіргі көзі тірі даңқты ұл-қыздары мен жер және табиғат-байлығында жатыр. Соның бірі - жерінде жайқалып өсетін, шартарапқа тарайтын, кішігірім қой тасындай домаланған қарбызында десек асыра мақтанғанымыз емес.

Сіз осы шілінгір шілденің ми қайнатар, анқаны кептірер ыстығында көкала, қара ала түсті, дәмі тіл үйіріп, бал шырын татитын нарттай қызыл Қаратал қарбызын тамсана жеп, рахатқа бөленіп көрдініз бе? Асқазанды ауыртып аламын асыра сактық жасап, әліптің артын бағып жүрсөніз, онда уақытты текке өткізбей сусыныңызды қандырар, көңіліңізді хош етер қарбыздың жарамдысын, көз тартарын сатып, алып бұл айтқан уәжіміздің қаншалықты ақиқат екендігіне көз жеткізгеніңіз абзал.

Алда-жалда бұл бағамызға дау айтушылардың төбесі қылтиып: «Қарбыз қайда өспейді. Соншама дәріпте, аспандатудың қажеті қанша екен?!», - деуі әбден мүмкін. Ал ондайларға қайтарар жауабымыз біреу-




ақ: «Ия, қарбыз Қазақстанның көптеген аймақтарында өседі. Әйтсе де Қаратал қарбызының дәмдік сапасы, ұзақ мерзімге шыдас беретіндігі өзгелерден ерекшеленіп-ақ тұрады», - деп қысқа қайырғанды құл көрдік.

Әдетте қарбыз дақылы күннің мол төгілетін сәулесін, тәлімі немесе құмдауытты жерді, ерекше қол күтімін, жүрек – жылуын жақсы көреді. Үсті-үстіне шылқылдатып суарғанды ұнатпайды. Бабы келіскең, аялы алақаннның табын сезінген бұл бақша дақылы жадыраған жаздың ортасында-ақ өнімді үйіп-төгіп береді. Дер уақытында тасып, ұқсатып үлгерсең шаш-етек пайданың астына қалдырады. Тек оның бұрынғы беделіне нұқсан келтіріп пайда үнемдікке, ашқөздікке салынып, оған неше түрлі химиялық қоспаларды қоспасаныз болғаны. Адам атаулыға тән тазалық пен адалдық нақ осы кәсіpte де аса қажет-ақ. Ақша қуып, адалдық ардан аттамағаннның мәртебесі өсіп, мерейі асқақтайды. Жарықтық Қараталдың көтерсең қолың талатын, жесең мерейінді қандыратын, бал татитын дәмді қарбызы Қазақстан мен көршілес мемлекеттердің көптеген елді мекендеріне еркін жетті. Тұтынушы ағайындардың оның дәмдік сапасына берген бағасы жоғары – ақ. Лайым солай бола бергей! Жер жомарт, диқан мәрт дегендей, осыдан бір-екі жыл бұрын Көкдаланың тәлімі жеріне өсірілген кейбір қарбыздың салмағы тоқты салмағына (отыз килограмм) жетекшілік жақындалты. Табиғаттың дархандығында шек жоқ ғой! Тек сол жер байлығын ырысқа айналдыра білейік, диқан ағайындар! Мақтансақ ардақты азаматтарымызben, облысты айтпағанда, Республикалық, тіпті халықаралық көрмелерге қатысуға дәрежесі жетерлік дәмді қарбызымызben мақтанайық!

Сұлы жер – нұлы жер

Алматы филиалының Қаратал өндірістік участкесі аудандағы су пайдалануышы шаруашылықтарды суармалы сумен қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі қаржыландырып отырған бірден-бір мекеме. Суландыру жүйесі басқармасы білікті кадрларының өсіп-жетілетін ұясы деп мақтанышпен айтылады. Кейінгі жылдары басқарманы іскер азамат М.Н.Рахымбаев, 1996-2013 жылдар аралығында облыстық мәслихатының төрт дүркін депутаты, ауданының құрметті азаматы Т. Оспанов басқарды.

2012 жылдан бастап «Қараталирригация» мемлекетік кәсіпорнының атауы «Қазсушар» РМК Алматы филиалының Қаратал өндірістік



учаскесі болып өзгертілді. 2013 жылдан Қаратал өндірістік участесінің бастығы Б.Әбішев болды. Басшылық тізгіні 2016 жылдан бастап Е.Нұрпазыловтың қолына өтті.

Кәсіпорынның іргетасы 1928 жылы қаланған. Суармалы судың негізгі шығу көзі Қаратал өзені Үштөбе қаласының оңтүстік батысына салынған Басбөгет 19 шақырым қашықтықта орналасқан. Бас бөгеттің оң жақ шетінен Үштөбе және сол жақ шетінен Күшік-Кәлпе магистральдық бас тоғандары су алады. Бас бөгет 1940 жылы пайдалануға берілген. Барынша мол су жіберу қабілеті 800 текше м/с, ал ең аз су жіберу қабілеті 340 текше м/сек құрайды. Қаратал ауданында суармалы жердің аумағы, аудандандық жер қатынастар бөлімінің мәліметі бойынша 24,398 мың га құрайды. Республикалық меншігіндегі Қаратал өндірістік участесі бойынша магистральдық және тарату тоғандардың ұзындығы 115,4 шақырым, соның ішінде: Үштөбе эксплуатациялық телімі бойынша - 64,2 шақырым, Күшік-Кәлпе эксплуатациялық телімі бойынша - 47,2 шақырым. Ескі Күшік магистралдық тоғаны бойынша – 4,0 шақырым.

Үштөбе эксплуатациялық телімі бойынша көктем мезгілінде Р-27, Р-15, оң қанат тоғандары ПР-15, ПР-17, С-1, ПВ-10 су лактыру қашыртқысы арқылы тоғанды шаруашылық әдіспен механикаландырылған тазалау жұмыстары жүргізілді, ұзындығы – 30 шақырым.

Барлық механикалық тазалау жұмыстарының атқарылуына септігін тигізген «Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Сейілхан Мұхамадиев болды.

Мекемеде көп ұлт өкілдері бір шаңырақтың астында береке бірлікпен, ынтымақпен - татулық, өзара түсіністікпен, келісушілікпен еңбек етіп келеді. Осы кәсіпорынның үлкен жетістіктерге жетуіне үлес қосқандар Тұрсын Оспанов пен Нұртай Қарабеков. Су шаруашылығы басқармасында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, ұжымның өрелі табысына толымды үлес қосқан еңбек ардагерлері: Жақан Байғазынов, Асан Сұрабалдынов, Беркімбай Қалымбетов, Тілеуғазы Қасымбеков, Серік Байтүгелов, Ғабдулмалік Тәжібаев т.б. жатқызуға болады.

Еңсөлі кесенелер ел назарында


Кең байтақ Қазақстанның төрт тарабы да қасиетті орындарға толы. Сарыарқа төсіндегі хәкім Абай мен Шәкәрім қажы кешені, Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешіті, Ұлытаудағы Жошы хан мен



Тоқтамыс хан мазары, Манғыстаудағы Пір Бекет жер асты мешіті, Сыр бойындағы Қорқыт баба кешені, Созактағы Қарабура әулие кесенесі, Түркістанда Қожа Ахмет Яссави, Темірланды Арыстан баб мавзолейі, Қазығұрттағы Нұх пайғамбар кемесі, Бәйдібек баба мен Домалақ ана кесенесі, Тараздағы Айша бибі мавзолейі, Алматыдағы Райымбек батыр кесенесі мен басқа да тарихи ескерткіштер елдігіміздің белгісі іспеттес.

Міне, осындай қастерлі орындарға ұзын аққан Қараталдың қос қапталындағы 1992 жылғы кезеңнен бері халық қаражатына салынған Ескелді мен Балпық, Айту би, Жолбарыс пен Мықтыбек батыр, Қарымбай әулие кесенесін, Жәлменде би мен Пышан сазгерге арналған ескерткіш белгісін жатқызса ешбір әбестігі болмас. Соңғы он жылдың бедерінде ел қорғаны Ескелді мен Балпық би, әулиенің кесенесіне қалталы азаматтардың қаржылай, заттай көмегі арқасында қайталай күрделі жөндеу жүргізілді. Төнірегі көркейтіліп, көріктендірілді. Ал 2017 жылдың 26 қыркүйегінде Талдықорған қаласында Ескелді Жылкелдіұлының туғанына 325 жыл толуы облыстық деңгейде аталаyp өтті. Алда Балпық әуленің нақ осындай игі шаrasы кезек күтіп тұр. Біз Сіздердің назарларыңызға аталған қос кесененің абаттанып, көркейгенінен хабардар ететін жазбаны ұсынып отырмыз.





Ескелді әулие кесенесі сәүләттегенді

Боямасы, әсерлеуі жоқ, шындығы сол, күт дарыған Қаратал өнірі ежелден – ак әулиелер, би, батырлар мекені деп мақтаныш сезіммен аталады. Откен жексенбіде, яғни, б желтоқсанда (2015ж.) Қызылжар атырабындағы көріпкел әулие Жылкелдіұлы Ескелді би, батырдың республикалық маңыздығы кесенесіне қазіргі заманға сай толықтай күрделі жөндеу жүргізіліп, сәүләттендірілгеннен соң салтанатты жағдайда ашылу рәсімі болып өтті.

Ел ардақтысының Жетісу өлкесіндегі кейінгі ұрпақтары, ауданымыздың ақсақалдары мен әжелері, әлеуметтік, білім мен мәдениет саласы қызметкерлері, дін өкілдері қатысқан жиынды Ескелді бидің тікелей ұрпағы, баба кесенесінің жаңарып, көріктенуіне ұйытқы болған, химия ғылыминың докторы, академик Еділ Ерғожин кіріспе сез сөйлем ашып, жүргізді. Ең алдымен кесене шырақшысы Бақберген Жұнісбаев баба рухына арнап құран бағыштады.

Қалың әлеумет алдында шабыттана сөйлеген Еділ Ерғожаұлы заманында ел корғаны атанған Ескелді бидің қазақтың қалыптасу, азаттықты аңсау тарихындағы алатын орнына тоқталды. Елдің сыйлысы атанған Жанғабыл би атасының тәлім-тәрбиесімен өскен Ескелді ат жалын тартып мінгенде Қазығұрттың барайын жайлаган нағашы атасы Төле бидің (Есекенің анасы Ұланбике бидің кенже қызы) іздең барғанын, сынынан өткенін, батасын алғанын көркем тілмен жеткізді. Би атасының болашағынан мол үміт күттірғен жиеніне ағынан ақтарыла берген: «Шырағың жанып тұрсын, бұлағың ағып тұрсын. Мандайында жұлдыз болсын, таңдайында бұлбұл болсын. Файып – ерен, қырық – шілтен, жан-жағынан қолдасын. Мұратың халық болсын, алдың



жарық болсын!», - деген ақ батасы тәрбиелік мәнімен, құндылығымен ерекшеленеді.

Жасөспірім Ескелдінің ақ алмастай жарқылдаған, қырандай саңқылдаған ұлы би бабасы елдің болашақ тұтқасының арқасынан қағып, басынан сипап, мандайынан іскеп тұрып: «Досың қайда, дүшпаның қайда, балам?», «Жақсылық пен жамандықтың тұрағы қайда?», «Білікті адам қандай, ақымак адам қандай?»,- деген сауалына қайтарған түшімді да мәнді жауабы естиярлық пен естілік, зерделіліктің айқын көрінісі саналса керек. Ескелді би, әулиенің ойға жетіктігін, сөзге шешендігін ұлгі ете келіп Еділ ағамыз даңғайыр бабаның ел панаы мен қорғаны бола білген іс- қызметіне де тоқталып етті. Отken ғасырдың алпысыншы жылынан бастап күні бүгінге дейінгі аралықта би атаның ұрпақтары мен халықтың істен сырт қалмайтын азаматтардың Ескелді әулиеге елдік құрмет көрсетіп, есімін мәңгі есте қалдыру бағытында атқарған игі шараларынан хабар етті. Соның бір дәлелі – әулие бабаның бүгінгі бой көтерген, жаңарған, көрікті де сәнді, сәулетті де ажарлы кесенесі. Республикалық дәрежедегі тарихи ескерткіштер санатына жататын зәулім кесене мен оның жанындағы жабық қатымхана құрылышына қаржылай және материалдық көмек көрсеткен: Қ.Бозымбаев, А.Баталов, Б.Тәкенов, С.Бескемпіров, Д.Ақылбеков, Ж.Смаилов, Т.Егінбаев, А.Сәтқалиев, Б.Мәнзоров пен тағы да басқа азаматтарға көпшілік атынан алғыс сезімін білдірді. Жиналғандарға ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді.

Сенбінің түнінде жапалақтап жауған алғашқы қардың ызғары мен Басбөгет жақтан екілене соққан сұық желді елең етпей, шыдамдылық танытқан қалың жұртшылық мұнан соң облыс әкімі А.Баталов, еңбек ардагері, ел ағасы Т.Ақшанов, республика Парламенті Мәжілісінің депутаттары С. Үмбетов пен О.Өксікбаевтың құттықтау сөзін, танымал ақын С.Тойлыбаевтың арнау жырын ықыластана тыннады. Жиналғандарға арнап Отан соғысы және еңбек ардагері Қаймолда Ба-башев батасын берді. Мұнан кейін көгілдір лента қылышып, ақ жаулықты әжелердің шашуы шашылғаннан соң көпшілік жаңа тұрпатқа ие болған кесенеге имене аттап, қасиетті баба аруағына зиярат етті. Құран оқылды. Талдықорған қаласындағы мейрамханада берілген құдайылық астан дәм татты.

Осылайша, мемлекет қазынасына салмақ түспей, қалталы азаматтардың демеушілік көмегі арқасында шығыстық сәулет өнерінің үздік нақыштары сақтала отырып, жаңаша сипатқа ие болған Ескелді



әулиенің кесенесі өлкеміздің көркін ажарландыра тұсті. Ізгілікті шараға аудан әкімі Қ.Бисембаев пен аудандық мәслихат хатшысы Б. Смаилов қатысты. Өткен және биылғы жылы би кесенесінің алдындағы алан толықтай абаттандырылды. Талдықорған – Үштөбе автожолы жанынан кесенеге баратын жолдың асфальты жаңартылды.

Елдіктің еңсели ескерткіши

Откен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасынан басталған қайта құру кезеңінің демократиялық үрдістері мен жариялышың желі күллі республикамыздағыдай Жетісу өлкесіне де кеңінен орнығып, қанатын жая түсіп еді. Билік тізгіні бірден-бір партиядан біртіндеп ауысып, кеңес органдарына берілді. Небір қыын замандарда жеріне пана, халқына қорған болған халық батырлары мен ел ардақтыларына елдік құрмет көрсетіле бастады. Тоқсанының жылдың басында дарабоз батыр Қаракерей Қабанбайдың үш жұз жылдық мерейтойы Үйгентас жайлауында жоғары деңгейде аталып өтті. Ізінше ел ардақтысы, Қаратал өнірінде мәңгілік тұрағын тапқан Ескелді би (1992 жыл) мен Балпық әулиенің (1994 жыл) кесенесі халық қаражатымен бой көтеріп, аруағына бағышталып ас берілді.

Сол тұстағы алып держава Кеңестер Одағы бойынша демократиялық, азатсүйгіш күштердің салмағы артып, белен алуды, тарих тегіршегінің жақсылыққа қарай бейімделуі, ең бастысы құдіреті күшті Алланың шарапатының тиоі арқасында небір қыын қысталанды басынан өткізген халқымыз бабалар аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізді. Кремльдің құрсауынан босанып, өз еркіндігіміз өзімізге тиді. Егемен мемлекетіміздің сол кезеңдегі идеологиясы откен тарихымызға, даңқты бабалардың ерлігі мен ерен ісіне неғұрлым құрметпен қарау арқылы бодандық саясаттың ықпалынан арыла қоймаған халқымыздың ұлттық рухын ояту, біртіндеп көтеру, осы арқылы әр адамның бойындағы Отансүйгіштік, ұлтжандылық қадір қасиетті арттыруға бағытталған болатын. Қеміскіленген, тасада қалған, жетім баланың қүйін кешкен тұған тіліміз бен асыл дінімізді, қастерлі салт-дәстүрімізді жандандыру иғі шарасы батыл қолға алынды.

Олгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған, откен тарихымызға тағзым ету, жоғымызды түгендеу, жоғалтқанымызды табуға қуатты құлшының артқан 1992 жылдың күзінде (8-9 қазан) Жетісу жұртшылығы Қызылжар топырағында ел ардақтысы Ескелді би, әулиеге халықтың құрмет көрсетті. Жаңа кесенесін тұрғызып, мерейтойын республикалық



денгейде атап өтті. Тарихи тұлғалар мен игі жақсыларға халық болып қамал тұрғызудың тәлімді тәжірибесін жинақтаған қараталдықтар, көршілес Көксу мен Ескелді (бұрынғы Киров пен Талдықорған ауданы), Балқаш, Кербұлақ ауданы мен Талдықорған қаласы жүртшылығы мен ер азаматтарының жанды көмегі мен қолдауы арқасында Балпық әулиенің қазіргі заманға сай кесенесі (жобалаушы архитекторы Қ. Баулықов) бой көтерді. Сол тұстағы облыстық «Ақниет» акционерлік- құрылыш компаниясының президенті, тарихи тұлғаларды ұлықтауда азаматтық белсенділік танытқан құрылыш инженері К. Ақылбаев құрылышты қажетті материалмен жабдықтаумен қатар оның тез арада бой көтеруіне жанды басшылық жасады. «Тас түскен жеріне ауыр», - деген қағиданы ұстанған ауданың аталған кезеңдегі ұлтжандылығы, іскерлігі мен шебер үйымдастырушылық қабілетімен танылған әкімі К.Әбдірахманов облыс басшылығының қолдауы және жер-жердегі беделді, на-мысты азаматтардың жанды көмегіне сүйене, елдік игі шараның жоғары өз мәнінде өтуіне үйітқы бола білді. Ал қала мен ауылдағы Т. Иманғалиев, Л. Фисанов, Ш. Исабеков, Р. Мұраділов, Қ. Берлінбаев, Ә. Ниязов, Б. Нұрғабылов, С. Қосжанов, Қ. Тұменбаев, К. Нұрқашев, С. Мұқашев сынды беделді ақсақалдар мен ел ағаларының жәрдемімен қалың жүртшылық арасында түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілді. Осылайша «Көп түкірсе көл болады», - дегендегі кесене құрылышы мен даңқты бабаны еске алу шарасына жұмсалатын қаржы мен төрт түлік мал көптен жиналды. Бір атаның баласында болып жұмылудың арқасында Деріпсалыұлы Балпық әулие, би, батырдың бұған дейінгі ескі бейіті қазіргі заманғы сәулет өнеріне сай келетін кесенеге айналып, жаңарды. Ел тарихындағы өзіндік орнын айқындастын «Балпық әулие» танымдық кітабы (авторы қаламгер О.Исмайилов) жарық көрді. Асфальт жол салынды. Қыл аяғы кесене шырақшысының (әулие үрпағы А. Онғаров) үй-жайы, төңірегін абаттандыру, жазғы бастырма да ескерілді.

Біле білгенге даласына дана болған, мәңгі жасар асылдардың бірі Балпық би, батыр, әулиенің осыдан тұра жиырма төрт жыл бұрын аталағып өткен мерейтойы шын мәнінде елдік шараға, халықтық тойға ұласа білді. Ал тарихи тұлғаның жаңа үлгіде бой көтерген кесенесі елдік пен бірліктің еңселі ескерткішіне айналды (Бүгінгі таңда аталған кесене республикалық маңыздағы тарихи ескерткіштер тізіміне енді. Автор). Сүйсінерлігі сол, мұнан кейінгі (1994 ж.) жылдары қасиеті Қаратал өңірінде халық қаражаты есебінен Мықтыбек пен Жолбарыс батыр, Айту би мен Қарымбай әулие кесенесі салынды. Жәлменде би



мен Пышан сазгерге және бір топ әулиелер рухына арнап ескерткіш белгі орнатылды. Орайы келгенде айта кетер бір жайт, араға он төрт жыл салып Балпық әулие кесенесіне Көксу ауданының сол тұстағы әкімі К.Әбдірахмановтың үйіткы болуымен (тағдырыдың қайта табыстыруы деген керемет ғой!) күрделі жөндеу жүргізіліп, аруағына арналып құдайы тамақ берілді. Халықаралық «Дала» журналының (№8, 2008 ж.) бір саны толықтай осы айтулы оқиғаға, әулиенің жарқын бейнесі мен кейінгі өрелі ұрпағына арналды. Ал осыдан екі жыл бұрын (2006 жылдың 28 қазаңында) облыс орталығы Талдықорған қаласының көрікті жерінде Ескелді мен Балпық би, Қабылса жырауга арналған ескерткіш («Үш бәйтерек» аталатын) орнатылды. Бұл турасында ақтангер ақын А.Кендірбекұлы: «Жаралған жан еді олар ақылы артық, атағы Жетісуда жатыр шалқып. Ел өлмесе, мәңгілік өлмейді олар, Ескелді, жырау Қабан, батыр Балпық!», - деп тебірене жырлағаны бар.

Игі істің жалғасындай 2013 жылдың жазында жергілікті кәсіпкер Қанат Жұлынов басшылық ететін құрылыш компаниясының көмегімен даңқты бабаның кесенесіне қайталай күрделі жөндеу жүргізіліп, әрлендірілді. Көріп отырғандай, елдіктің еңселі ескерткіші саналатын Балпық әулие кесенесі күтімі ел ағалары мен игі жақсылардың үдайы қамқорлығы мен назарында.

Қаратал сипаты бабалар аузымен

Ескелді би:

Қап қара тал екен. Сырт мемлекеттердің қолдауы арқасында мейманасы тасыған жоңғар басқыншылары жеңіліс тапқаннан соң Сырбойын уақытша баспаналаған ағайындар атажүртты – Жетісуға көш басын бұрады. Алғашқы кезекте жер шолушылар шығып, қалың елді жайлы жерге орналастырудың қамын жасайды. Сондай топтың бірін Ескелді бастайды. Жанында серік етіп Қабан жырау мен Балпық батырды ертеді. Олар бірде төнірегіне жіті көз салып, желе жортып, қазіргі ауданның күнгей шекарасындағы көсіліп жатқан жота – Түйемойнаққа шығып, жан-жақтарына тамсана көз салады.

Табиғаттың керемет құбылысына не жетсін! Әлгінде ғана өздері қылта бір тұстан ат жалдап өткен өзендері оралмадан өтіп, кең жазыққа құлдилап ағады екен. Көз талатын жерге, туу алыс көкжиекке дейін қос қапталы жап-жасыл болып қарандап жатса керек. Осы тамаша көріністің жанды куәгері болған Есекең ішкі таңданысын жасыра алмай: «Ұзын акқан, қос қапталын қап-қара тал көмкерген, ризығы да көл-көсір өзен



көрінеді. Кейінгі ұрпағымыз осындай өзен мен аяқты тұсындағы Көкше тенізді жайласа несібесі кем болмас», - деп ризашылығын білдірсе керек. Мінеки, қасиетті бабалар тамсанған ағынды сол Қаратал Текеліден бастап, Балқашқа дейінгі аралықтағы жерге нәр, елге құт болып келеді.

«Па, шіркін, жер деп осыны айт! Сырдан ірге көтеріп, үдерे көшіп, жаудан босаған ата-жұртқа оралған кезде Ескелді би жанында серік етіп, Балпық пен Қоғыл көріпкелді, Қабыл иса жырауды ертіп жер шолса керек. Атқа қонған төртеуі тынбай жортып, талай жерді араптты. Құн тұс ауа бере бұлар жағалауы сәмді талдармен көмкеріліп, жөңкіле аққан Қараталға жетіп, беті-қолдарын шайып, жан рақатына батыпты.

Басқалары әлі де болса, «аһ», «ух!» деп жатқан кезде Есекен:

-**Па, шіркін, жер деп осыны айтсаншы?** Шенгелі үйдей, қояны қойдай, балығы тайдай тулап жатыр. Жағасы жайдақ өзеннің жетім менин жесірге беретін нәсібі де мол ғой!-деп көкбаяурыл атын жалдатып, Қараталды арлы-берлі кешіп өтіпті. Сол тұс әлі қүнге дейін Ескелді өткелі деп аталады.

Балпық би:

Кеудесі Көксу болғанда,
Қаратал мынау сағасы.
Жетісу деп атаған,
Үш арыстың баласы.
Маған салсан, Есеке,
Болар деп тұрмын халқымның
Құт береке панаы.

Тілеуғұл батыр:

- Сарыесік – Атырау бойында қырында малы мыңғырса, ойында егіні жайқалса, суында күндіз күміс, түнде алтын ағып жатса, әр бұтасының түбінде бір асым еті барда, Көкше тенізінде бақасы қойдай шуласа, балығы тайдай туласа, өзені мен көліне үйрек ұшып, қаз қонса, көл табанындағы тікен тұзы астын дәмін келтірсе, сексеуілі мен тұзгіні ошақтың отып. маздатса, торанғысы саялы көлеңке болса, шүкір, елім тоқ болады екен, уайым-қайғысы жок болады екен, - дегі.



Мешіті көп ел – иманды ел

Етектен салса тәске озған ақындығымен қатар болашақты болжайтын көрегенділігі мен болжампаздығы бар Сырдың саңлақ шайыры Қарасақал Ерімбет (1850-1911 ж.) патшалық Ресейдің жергілікті әкім қараларының асыл дінімізге тосқауыл қойып, тұқыртуды бастаған шағында: «Уақыт өте келе екі белестен кейін (екі елу жылдықты айтқаны) дініміз қайта жанданады. Ел жүрт, онда да жастар ата дінімізге ден қояды...»- деп сәуегейдік танытқан болатын. Нұсқалы сөздің кестесі атанған атамыздың бұл топшылауы айна-қатесіз шындыққа айналғанына көзіміз жетіп, көніліміз марқайды. Араға 80-85 жыл салып (1920 жылдың есебімен) өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдының басында (1991 жылдың желтоқсаны) тәу етер Тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезеңнен бергі уақытта еліміздің барша өңіріндегі сияқты Қаратал ауданы мұсылмандар қауымының да ізгілікті ислам дініне деген құлшынысы оянды. Әсіресе жастарымыздың имандылыққа қарай бет бұруы, Алла жолына құлшылық етуі жақсарды. Адамдар жүргегіне имандылық ұялай бастады.

Асыл дініміздің ежелгі Қаратал өңірінде де салтанат құрып, орнығуына қатысты тарихымызға жүгінетін болсақ: «Сонда әрідегі 1917 жылғы Қазан революциясына, берідегі егемен ел болғанға дейін Қаратал өлкесінде бірде-бір мұсылман мешіті болмаған ба?,- деген занды сұрақ туындейды. Бұған қайтарар жауап та қысқаша. Қаратал жүртшылығы арғы ата-бабалары секілді негізінен мал бағу кәсібіне орай көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан қауым болып әр аптада жұма намазын оку, ораза мен Құрбан айт мейрамын атап өтуде қолайлы да сәнді киіз үйлерді пайдаланған. Ал егін еккен отырықшы ағайындар құлшылық орнына шағын үйлерді қажетіне жаратқан. Бұғаңдай күміс айшығы жарқыраған, зәулім мешіттерді салуды құнт қылмаған.

Көшілік жамағатқа бесенеден белгілі, қазақ даласына атышабыстың қүшімен Кеңес әкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде бір ұлт (халық), бір тіл қағидасын ұстанған қызыл империя асыл дініміздің өркендер, қанат жауына ықыласты болмады. Тіпті көп ретте тыым салды, имам мен сопыларды қуғындарды. Жылымық жылдарындаған бұл ахуал сәл-пәл жұмсарып, жақсарды. Осының салдарынан Кеңес әкіметі дәуірлеген жетпіс төрт жылда аудан орталығы Үштөбе қаласы



мен іргелі ауылдарда мешіт ашуға мүмкіндік болмады. Діндар жандар жұма намазын оку үшін арнайылап облыс орталығы -Талдықорғанға ат сабылтып барып жүрді.

Аудандағы мұсылмандар (қазақтан өзге татар, ұйғыр, күрді, чешен т.б.) қауымы мен зиялды жүртішіліктың білдірген қофамдық пікіріне орай 1990 жылдың басында Үштөбе қаласында халық қаражаты есебінен тұнғыш мешіттің іргетасы қаланды. Алайда алғашында партия органы тарапынан, қысастықтан туындаған қызындықтар ұшырасты. Аудандық Кеңестің төрағасы А.В.Степанищев пен оның орынбасары Р.Мұраділов, аудан әкімшілігінің басшысы Т.Садықұловтывың тұсында оның құрылышы жанданды. Аудан әкімі К.Әбдірахмановтың жұмылдырушылық күшінің арқасында аталған көк күмбезді мешіт 1994 жылдың жазында халық игілігіне қызмет ете бастады.

Міне, содан бергі аралықта жүйткіп жиырма төрт жыл да өте шықты. Осы кезең аралығында аудан орталығы Үштөбеде (2002 жылы) бес азаматтың демеушілігімен орталық мешіт ашылып, бір қаланың өзінде қос бірдей екі Алла үйі асқақтады. Алыс-жақын ауылдарда да құлышылық ету орны халық игілігі үшін қызмет ете бастады. Айтар болсақ, Сарыбұлақ, Жаңаталап, Оян, Қанабек, Кәлпе, Қарашенгел, Көкпекті, Қожбан, Тастанбек, Көпбірлік ауылында әр жылдары салынып, пайдалануға берілген қазіргі заманға сай мешіттер ел-жүртімымызды имандылық пен ізгілікке шақыратын қасиетті орынға айналды. Осы орайда ризашылық сезімін білдіретін жэйт: Сарыбұлақ, Қанабек және Кәлпе ауылында бой көтерген мешітке Қараталдың Атымтай жомарты атанған Смаиловтар әuletі, Жаңаталап ауылындағы мешітке кәсіпкер Қ.Усенов қаржылай демеушілік жасады. Бүгінгі таңда алыстағы Алмалы (Бәйшегір) мен іредегі Ескелді би ауылында бірдей салынған қос мешіт құрылышы аяқталу қарсаңында тұр. Аталған мешіттерге баскөз болып отырған арнайы білімі мен жинақтаған өмірлік тәжірибесі бар дін қызметкерлері (молдалар мен имамдар) ел жүрттың жүрегіне имандылық пен ізгілік нұрын қююда. Адамгершілік тәрбиесінің көзі саналатын мешіті көп елдің-иманы да бай болады деген халық тәмсілі айна-қатесіз шындыққа айналуда.



Қаратал қажылары

Жазба деректерге сүйенетін болсақ, Жетісу өлкесінен сонау қияндағы Меккеге қажылыққа Қара теңіз арқылы ат арытып, тон тоздырып баатын қаңдастарымыздың тізімі XIX ғасырдың соңғы ширегінде, яғни 1874 жылдан басталып, тіркеуге алынған. Бұл ұйғарымды 2002 жылы С.Махамбеттің құрастыруымен «Ислам әлемі» баспасынан шыққан «Қазақстан қажылары» атты деректі кітабындағы мәліметтер нақтылай түседі. Онда 1874 жылдан 1914 жылға дейін Жетісу өлкесінен қажылық сапарға барғандардың жалпы тізімі берілген (қажылық сапар 1914 жылды Ресей мен Түркия арасындағы басталған соғыстан соң тоқтайды. Кеңес Одағы кезінде оның мүмкіндігі шектеледі. Тек 1991 жылғы Тәуелсіздіктен соң жаңаданады). Біз «Жетісу» энциклопедиясының (А, «Арыс», 2004 жыл) 11-қосымшасынан 1912 жылды Қапал уәзінен қажылыққа барған Тілеген Арапбаев пен оның баласы Тойшыбектің есімін жолықтырдық (669-бет). Тойшыбек қажы бертінде Қаращенгел ауылында қайтыс болған. Ол турасында жазылған жазба дерек «Тағылымды Қаратал» атты (А. «Құс жолы», 2011 ж. 30-35 бет) тарихи-танымдық кітабына енгізілді.

Мұсылмандықтың бес парызын өтеудің бірі – Меккеге қажылыққа барушылардың қатарынан көріне білген, заманында атақ даңқы күллі Жетісу мен Арқа өніріне кеңінен тараған Байшығашұлы Жәлменде бидің (1846-1903ж.) аудан тарихында алғын орны ерекше. Құдіреті күшті Алла алдындағы кісілік парызына барынша адалдық танытқан Жәлменде би Меккеге бауыры, ағасы Бименді екеуі бірге барған. Болыстық қызметін баласы Пышанға табыстаған. Құйшілік өнердің иесі Жәлменде мен Пышанды зерттеуші Мият Көпелбаевтың 1995 жылы Талдықорғаның «Оффсет» баспаханасында басып, шығарылған «Армысын, қайран бабалар» кітапшасында мұрағаттан табылған, орыс билеушілерінің Жәлменде биге Мекке сапары үшін 10.11.1901 жылы ресімделген шетелдік төлкүжаттың көшірмесі берілді. (11-бет). Онда былай делінген: «Шетелдік паспорт. Жетісу облысы, Қапал уезі, Оңтүстік-Балқаш іргесі болысының орысқа бағынысты қырғызы (қазак) Жәлменді Дәуітбаевқа (55 жаста) Мекке сапары үшін алты ай мерзімге берілді. (15339-шы тіркелім). Нақ осында төлкүжат (тіркелімі 15338) аталған болыстың қырғызы (қазак) Бименді Дәуітбаевқа (57 жас) сол жаққа бару үшін алты ай мерзімге берілді», - делінген.

Бізге жеткен деректерге сүйенсек, өкінішке қарай, ел жүртүмен



қоштасып, алыс сапарға аттанған Жәлменде би Алла алдындағы парызын адаптациялық қаралаттың қайтыс болады. Ақтық демі үзілген топыраққа жерленеді. Бүтінгідей Меккеге ұшақпен ұшып барып, ұшып келетіндегі емес заманында қажы атану үшін басын қатерге тіккен Жәлменде бабамыздың ерен ерлігі кейінгі жасқа тағылымды өнеге.

Дүрбелеңге толы 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін Қаратаң өнірінен Меккеге қажылыққа барғандардың қатарында Фалымбек пен Байқоржын /Мұратбай/, Нұрмұхамбет пен Орман қажы есімі аталады. Құптарлығы сол, өткен ғасырдың 1991 жылдарында желтоқсанында байтак жерімізге, асыл мұратты елімізге бақыт құсы болып келген, бабалар аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі кезенде өнірімізден алыс сапарға аттанып, қажы атанған дін қызметкерлері мен жүргегіне имандылықты ұялатқан жерлестеріміздің қатары көбейді. Бұл ретте әр жылдары аудандық мешіттің бас имамы болған Падихашар Ертүраров пен Әбдулдардан Таласбай (қажылық парызын екі рет өтеген), Мұрат Қылышбаев (Қанабек ауылы мешітінің имамы), Тастанадағы жерлес қаламгер Жанат Елшібек пен Үштөбелік Ерік Бөлекбаев (ауданның қазіргі бас имамы), Қайрат Әбілұлы, Ерлан Сайлауұлы, Серік Қабдығалиұлы, Мирас Боқашев (Жаңаталап ауылы), Мақсат Қалдыбаев, Алтай Смайлов (Сарыбұлак), Қыдырбай Болысбеков (Елтай ауылы, марқұм), Мақсұм Жұнісұлы (Жылыбұлак), Нұракты Нұрғалиұлы, Қабыл Тәукебай, Мұхаммед Айбек, Жұмаділ қажы (Ескелді ауылы), Қайса қажы (Жасталап), Сандуғаш Галымжан мен Бикұзар Мәйғұт (Каращенгел) Тоқтархан Қуанған, Қызыр Сәми (Қанабек ауылы) тағы басқалардың есімдерін ілтипатпен атаған жөн. /Тізімге енбей қалғандар да баршылық/. Ақ ниетімен алыс сапарға аттанып, үлкен және кіші қажылық парызын абырайлы атқарғандардың қатарында ақжаулықты аналардың да болуы жан жадыратады. Осылайда дініміз дін аман болып, имандылық игі шараларының басы – қасында дәйім де ізгі жүректі қажыларымыз жүрсе екен дейіміз.

ҚМДП төрағасы, бас мұфти Серікбай қажы Ораздың айтуына сүйенсек, биылғы құрбан айт мерекесі қарсаңында (9-15 аралығында барып, 1 қыркүйекте елге оралатындар) қазақ жерінің үш мың азаматы (олардың қатарында Қаратаңдықтар да бар) Сауд Арабиясына құлшылық етіп, қажылық парызын өтеуте аттанған. Олардың алыс сапарға алаңсыз барып, қамсыз оралуы үшін Отандық 18 туристік компания қызмет ететін болады. Мінеки, бұл да болса ұшқыр уақыттың, жүрдек заманының нақты көрінісі саналса керек.



Ақындар Қараталды жырлайды

Темірғали Рустембеков

Атыңнан айналайын, Қараталым

Атыңнан айналайын, Қараталым,
Жағанда ну боп ескен қайың-талың.
Рауандап келе жатқан таңғы шакта,
Ғажайып табиғаттың қара сәнін.

Сарноқай, Ойсазбенен Мыңбұлақты,
Тау-тастан асау суың құлай акты.
Ертеде ел ішінде деген сөз бар,
Шажаның тік шынынан қызың құлапты.

Бойында қызылша мен тал өседі,
Сипайтын айдарыңнан жел еседі.
Жырына ақындардың арқау болған,
Тербеліп биші қайың, тал өседі.

*Нұрлыбек Кенишінбаев,
Тынышибек Смағұлов*

Жылыбұлақ

Сағынышым, сарғайтқан Сарықөлім,
Ақтастыға сағынып барып едім.
Куалай Қусақтан жел соқса да,
Айтады арманымды бәрі менің.



Қ-сы:

Ортатөбе, Үштөбе, Бастөбені,
Көрген кезде көңілге шат береді.
Қаратаң-өмірдің өзені ғой,
Ойласаң жанарыңа жас келеді.

*Сайлаубай Тойлыбаев,
Әнін жазған Дарига Тілендікеліні*

Қанабек Байсейітовке арналады

Қаратаңым

Сырнайын тартып бұлақ та,
Қосылар әнге жырақта.
Гүрілдеп акқан сарынын,
Естілер жылы құлаққа.

Қайырмасы:
Қаратаңым, Қаратаңым,
Сүйем оның әрбір талын.
Күндіз күміс, түнде алтын,
Қасиетті Қаратаңым!

Құстары сайрап бағында,
Қарсы алар сұлу таңын да.
Жағанда өткен әр күнім,
Ән болып қалған жанымда.

Қайырмасы:
Жағалай өскен тал, қайын,
Гүлің боп өмір жалғайын.
Өзіңнен қуат, нәр алып,
Қыраның болып самғайын.

Бабамның ізі қалған қасиетті,
Айналдым бір өзіңнен, Мыңбұлағым!
Күмістей күліп, сарқырап акқан,
Қуанам көріп Қаратаңымды!



Асхат Өмірбаев

Қасиет қонған Қаратал

Тарихы терен, қойнауы кенен киелім,
Үштөбем сені ардақтап мәңгі сүйемін.
Бабамнан қалған батыр, би елі, жыр елі,
Қараталым – қасиет қонған ұлы елім!

Қайырмасы

Күріші күмістей, астығы алтын дән,
Жері бар ырысты, дүбірлі сан қырман.
Еңбекпен есейген еңсөлі елімнің, (2 рет қайталау)
Береке-бірлікпен даңқы бар жаңғырған.

Алыстан жарқырап теміржол желісі,
Ұлы көш керуені қашан да келісті.
Бау – бақша жайқалған далама қараши,
Жайлауда жайылған төрт түлік өрісті.

Балығы тулаған бағымсың Балқашым,
Қаратал – суың бал, қымбат-ау әр тасың.
Самал жел қарсы алар аялап қонағын,
Сағынып әрдайым тамсанып қаларсың.

Кизат Жанымханұлы

Қолыма Қаратал деп алсам қалам...

Қаратал қасиетті жасыл далам,
Аруақты, асыл текті жатыр бабам.
Әр шымшым құт көремін топырағынды,
Еліңе қазына боп шашыл далам.

Қадала қарай берем Қараталға,
Бейненді қондырсам деп алақанға.
Суретін бедерінің бере алам ба,
Ұқсатып жұмаққа баласам да.



Табиғат табыстырған сыйға мұндаі,
Көрікті тіршіліктің құндағындаі.
Қызыға қыздарыңың салған әнін,
Ұлдарың өскен шығар тындал ыңғай.

Тұрады тоғайындан үй көрінбей,
Жемісің Жеруйықтың бүйрекіндей.
Күз болса қоңыр даған қоңыраулатқан,
Нұрғиса, Тәттімбеттің күйлеріндей.

Өзеннің жөңкіп аққан арнасымен,
Тарлан төс тамырлас боп сан ғасырмен.
Кешкен күндер кейінгі керуендей,
Тынымсыз сүйретілген арбасымен.

Қойнындан қотарылған ырыс тасып,
Адамы атойлаған қуып кәсіп.
Алтынын жинап жатат күзге таман,
Атызынан тастаған күміс шашып.

Текке терін жібермес зор намыстың,
Тұп-төркіні толағай толғаныстың.
Киелі жатқан мынау мекенненбіз,
Ескелді, Балпық, сонау Жолбарыстың.

Уа, шіркін! Жанға жаннат дарқан далан,
Көзіңе сұлулықты арқандаған.
Шарқ ұрып, шабыттанып кетем шалқып,
Қолыма Қаратал деп алсам қалам!

Сейітқали Аргынбаев

Қараталым

Қараталым, жағасында аунаган,
Қармақ салып, балығын да аулағам.
Өзенім-ай, тарылды ма өзегін,
Талдар да аз жан-жағынды қаулаған.



Кейде тасып, кейде ағып байыппен,
Құлашыңды жатушы едің жайып кең.
Шортандайын шоршып, сұңгіп шомылған.
Біз жүзетін сұың қайда қайықпен!?

Лида Жанботақызы

Қараталым

Атындан айналайын, Қараталым,
Арайлап ата берсін дара таңың.
Өлкене келін болып келген едім,
Тегінен боламын мен нар атаның...

Қасиетті, қастерлі жерің көркем,
Әулиелер тербеткен киелі өлкем.
Күндіз күміс, ал түнде алтын аққан,
Тұрғыны да еңбеккор, жомарт өншең.

Жастары бар жігері жалындаған,
Қарттары бар батамен арындаған.
Жері де бай, елінің құшағы кең,
Жаны жомарт, пейілі тарылмаған.

Әр салада бар өсу, дара шынға,
Жайқалып тұр егіні даласында,
Мәңгілік ел көшіне шын талпынған,
Халқы кемел, сөзіме нанаңың ба?

Іздегенін тосылмай таба алатын,
Заманға сай тірлігі жаңаратын.
Қараталдың жері де берекелі,
Әулиелер мекені саналатын.

Орын тепкен нұлы өзен жағасынан,
Батыр да шыққан халқының арасынан.
Келуге асық киелі, құт мекенге,
Әңгімемен кететін жарасып ән.



РУХАНИ ЖАНҒЫРУ



«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «100 жаңа есім»

Республикалық тізімге ұсынылғандар:

Азамат Жұмаділов - КР радиоэлектронника және байланыс әскери-инженерлік институтының тәрбиелік және әлеуметтік – құқықтық бөлімі әскери тәртіптің аға офицері. Үштөбе қаласындағы А.Пушкин атындағы ОМ түлегі: Білімі жоғары. КР Президентінің 7.12.2007 жылғы Жарлығымен Үштөбе қаласындағы отқа оранған үйден анасы мен екі баласын аман алып шыққан ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Сергей Филимонов - Ауыр атлетикадан КР еңбек сінірген спорт шебері. Үштөбе қаласының тұмасы. Ауыр атлетикадан 2002 жылы Пусан қаласында өткен Азия ойындарының жеңімпазы. Афина қаласында 2004 жылы өткен жазғы Олимпиаданың күміс жүлдегері. «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

Облыстық тізімге ұсынылғандар:

Мәулен Мамыров – КР еңбек сінірген спорт шебері Атланта-да 1996 жылы өткен Олимпиада ойындарында еркін күрестен қола жүлдегер. Қаратал ауданының тұмасы. Бірінші дәрежелі «Айбын» орденінің иегері. Бүгінгі таңда облыстық олимпиадашылар резервін дайындау орталығының директоры. Талдықорған қаласының құрметті азаматы.

Мәрлен Қөлбаев - халықаралық ақпараттандыру Академиясының мүшесі, Ресей жаратылыстану Академиясының профессоры, экономика ғылымының доценті. Қанабек ауылының тұмасы. Ғылым мен білім саласына еңбек сінірген қызметкер. В.И. Вернарский атындағы күміс



медальдің иегері. Бүгінгі күні Талдықорған қалалық әкімінің орынбасары «Анам жайлы әнгіме» кітабының авторы.

Жеңіс Смаилов - Қазақ мемлекеттік көлік және коммуникация Академиясын автомобиль және аэродром жолдары құрылышы мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі уақытта Алматы облысындағы «Сарыбұлак» құс фабрикасының президенті. «Қаратал ауданының құрметі азаматы», Рессейден шығарылған «Қазақстанның үздік азаматтары» кітабында есімі енген. Имандылық жолын ұстанып, облыс пен аудан аумағында бой көтерген жеті мешіт құрылышының демеушісі.

Алтай Смаилов - Талдықорған қаласындағы Θ. Жолдасбеков атындағы Университеттің қаржыгер мамандығын бітірген. «Нұр» шаруа қожалығының басшысы, Қаратал аудандық маслихатының депутаты. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Абай Құсайынов - Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітірген. Медицина ғылымдарының кандидаты. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісінің иегері. Алматы қаласындағы «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының» бас дәрігері, жоғары санаттағы балалар хирургі.

Шерасыл Нұрматов - Талдықорған қаласындағы мемлекеттік құқықтық институтын бітірген. Құқық қорғау органдарында жемісті еңбек етіп, полковник шеңінде 2009 жылы зейнетке шықты. «Нұрматов» шаруа қожалығында тұқымды жылқы мен ірі қара өсіреді. Бүгінгі таңда «Алтынкөл» құрғак порты басшысының орынбасары қызметін атқарады. Үкімет тарапынан елеулі еңбегі үшін бірнеше медальмен марапатталған.

Айтжан Тыналиев - В.И. Ленин атындағы қазақ политехникалық институтын 1970 жылы инженер-құрлысшы мамандығы бойынша бітірген. Әр жылдары облыстық мемлекеттік мүлік және жекешендіру комитетінде бірінші орынбасар, төраға болып еңбек еткен.

Еңбектегі жетістіктері үшін «Ерен еңбегі үшін» Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл», «Астана қаласына 10 жыл» мерекелік медальдарымен, Үкіметтің бірнеше құрмет грамоталарымен марапатталған. Айтжан Алтынбайұлы туған жерінің мұн-мұқтажын үнемі ескеріп, көмек қолын созуда. «Сарыесік» қоғамдық қорының төрағасы, Қаратал ауданының құрметті азаматы.

Бақытқан Жазықбаев - Ауганстан республикасында интернационалдық борышын өтеген. 1994 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Маркетинг және коммерция» мамандығы бой-



ынша, 2005 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Университетін «Электроэнергетикалық жүйелер мен желілер» мамандығы бойынша бітірді. «ТМД еңбек сінірген энергетигі» «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі», «Еңбегі сінген энергетик, Қазақстан электроэнергетикалық қауымдастырылған» атағының иегері. Қаратал ауданының құрметті азаматы. Жауынгер-интернационалист Ауғанстандағы КСРО әскери құрамында соғыс іс қимылдарындағы батырлығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Қазіргі уақытта Астана қаласында «KEGOC» корпорациясы президентінің бірінші орынбасары. «Құрмет» және «Парасат» орденінің иегері.

Дархан Жазықбаев - 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және саясаттану факультетін бітірген. Философ, философия пәнінің оқытушысы, 2005 жылы ҚР Ішкі істер министрлігі Қостанай заң институтын – заңгер мамандығы бойынша бітірді. ҚР Парламенті Сенатының Аппарат басшысының орынбасары лауазымын атқаруда. «Құрмет» орденімен марапатталған. Елімізде өткізілген халықаралық ұйымдардың іс шараларына, 2009 жылғы және 2015 жылды өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III және V – съездерін, съезд хатшылығының отырыстарын, 2010 жылды Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммитін ұйымдастыруға белсene атсалысқан. Жиырмаға жуық ғылыми және публицистікалық мақалалардың авторы.

Әділ Әбдіқалықов - 1981-1983 жылдар аралығында Ауғанстан Республикасында интернационалдық борышын өтеген. Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлері Кеңесі төрағасының орынбасары. Қазіргі уақытта «Қазақстан ардагерлері» қауымдастырылған. Тексеру комиссиясының мүшесі, Қапшагай қаласы «Нұр Отан» партиясының бақылау комиссиясының мүшесі болып қоғамдық қызмет атқарады.

Кенжемұрат Дүкенбаев - саналы өмірінің 30 жылдан астамын Қазақстан энергетикасына арнады. «Қазақстанэнерго» Мемлекеттік энергетика компаниясының вице-президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, «KEGOC» АҚ-н президенті, «КОРЭМ» ЖАҚ-ің президенті-басқарма төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі қызметтерін атқарды. Техника ғылымдарының кандидаты, профессор. «Электр энергетика саласына қосқан үлесі үшін» медалімен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «Қазақстан Республикасына Еңбек сінірген энергетик» (2006), Қаратал ауданы және Алматы облысының «Құрметті азаматы» құрметті атақтарының иегері.



Ришад Тұрғанбаев - Алматы облысы «Жетісу» газетінің спорт шолушысы. Сейдахмет Бердіқұлов атындағы сыйлықтың иегері. «Намысжебе» кітабының авторы. Салауатты өмір салтын насиҳаттауға және жүзден жүйрік шығып, ел намысын қорғап, асқақтатқан спортшылардың өнегелі өмірі мен жеткен жетістіктері жайлы жазған жарияланымдары қалың оқырман тарапынан лайықты бағасын алғып жүр.

Серікжан Жексембиеев - ол 2011 жылы Жетісу мемлекеттік университетін «Бакалавр» атағымен бітірді. 2011 жылдың шілде айында Жаңаталап ауылдындағы «Бақыт-Қаратал» ЖШС басшысы орынбасары ретінде жұмысқа қабылданды. 2012 жылдың қаңтарынан аталған қоғамның сенімді басқарушысы. 2012 жылы ауыл шаруашылығын өркендедүдегі үздік көрсеткіштері үшін облыс әкімінің З дәрежелі дипломымен марапатталды. 2015 жылы «Қаратал» АҚ үздік бағыттарының бірі болып табылатын «Ауыл шаруашылығы саласының көшбасшысы» рейтингінде жетекші орын алды. «2015 жылдың ең үздік басшысы» атты ұлттық сертификаттың иегері.

Еділ Көпенов - «КОРЭМ» АҚ басқарма төрағасы. «Үштөбе электр желілер ауданы» ААҚ президентінен бастап, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ басқарма төрағасына дейінгі қызметтік өсу мен өрлеуге қол жеткізді. «Қазақстан Республикасының еңбек сінірген энергетигі», «ТМД Еңбек сінірген энергетигі» атақтарының иегері. «Астанаға 10 жыл» медалімен марапатталған. Қазақстан электр энергетикалық қауымдастырының директорлар Кенесі мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының энергетика комитетінің мүшесі.

Жайлаубек Бласов - еңбек жолын «Кәлпе» кеншарында жүргізуши болып бастаған. Бертінде сауда саласына дең қойып, «Алсу» дүкенін ашқан. Арада 4-5 жыл өткен соң бос тұрған «Қаратал» сауда орнын жандандырып, алғашқы кездे құрылыш жұмысына қажетті берік тұтқыр заттар (цемент) сатқан. Кейін бұл кәсібін кеңейтіп, халықтың сұрауына қарай құрылыш заттарын сататын сауда орнына айналдырған. Қазіргі таңда ол ауданымыздағы беделді кәсіпкерлердің бірі. Алпысқа жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін республикалық «Сауда үздігі» байқауында екінші орын иеленді. Өзінің туған ауылында сәнді мешіттің бой көтеруіне үйітқы әрі демеуші болды.

Жарас Шәріпов - мектеп қабырғасында жүріп, география, тарих, құқықтану және қазақ тілі пәнінен өткен аудандық, облысаралық олимпиада жүлдегері атанған. Мектепті үздік бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің инженерлік факультетіне



түсіп, қызыл дипломмен бітірген. Осы жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің қабырғасында магистратура деңгейінде білім алғып, оны «Тіршілік қауіпсіздік негіздері» магистрі болып тәмамдады. Қазіргі таңда «Альмет Трейд» кәсіптік аттестациялық оқу орталығының директоры.

Қанат Зорбаев - Қазақ Ұлттық ауыл шаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын қоспажем шыгаратын цехтан бастаған. Ол 1996 жылдан бастап «Дәубай» шаруа қожалығының басшысы, 2010 жылдан қазіргі таңға дейін Алматы қаласындағы «БН Барыс-3» ЖШС базарының бас директоры.

Галина Тактарова – 1997 жылдан бастап жеке кәсіпкер. Оның иелігінде Ескелді ауылындағы «Радуга» дүкені, «Тамаша» мейрамханасы, ТҚҚО, жазғы кафесі бар. Ол округте өткізілетін іс-шараларға демеуші болып, ауылдағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсетеді.

Владимир Грачев - Тюмень инженерлік-құрылым институтын автомобиль жолдары мамандығы бойынша бітірген. Коммуникация инженері. 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін «№13 жол құрылышы бөлімі» АҚ-ның бастығы. Қазақ КСР-ның құрметті жол қызметкері, Л.Б.Гончаров медалінің және «Құрмет» орденінің иегері.

Агафья Ли - алғашқы еңбек жолын Талдықорған қаласындағы «Москвич» автосалонында бастаған. 1997 жылы «Бақыт және компания» мейрамханасын жалға алғып, кәсіпкерлікке алғашқы қадам жасайды. Біраз уақыттан кейін, пельмендік шеберхана ашуға шешім қабылдайды. Сол кездері ұжым 4 адамнан тұрды, бәрі негізінен қолмен жасалды. Тез арада танымал болып, біргіндеп «ЛАД» бренді қалыптасты. Жас кәсіпорын серпінге ие болды және 2005 жылы қала орталығында тағы бір дүкен ашылды. Қазіргі таңда ЛАД дүкендері мен кафелерінің директоры.

Жолдыбай Құсайынов - еңбек жолын Үштөбе АТП-2312-де инженер болып бастаған. Ал 1981 жылы автоколонна бастығы, 1983 жылы көлік тасымалының орынбасары болады. Өмірімізге нарықтық қатынастар орныға бастаған тұста кәсіпкерлікке дең қояды. Аудан ауылдары мен Үштөбе қаласының өз ішіндегі және Талдықорған, Текелі, Алматы бағытындағы жолаушылар тасымалын жолға қояды. 1999 жылдан бүтінгі таңға дейін Үштөбе АҚ «Ақшәулі» автобекетінің директоры болып қызмет атқарады.

Раушан Жалдыбаева - Орта мектепті бітіргеннен соң аудандық тұтынушылар қоғамында дүкенші болып жұмыс жасаған. Қарағанды



кооператив институтын бітірген соң аудандағы бірнеше мекемелерде товар ісін жүргізуші болады. Ал 1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жеке кәсіпкер. Үштөбе қаласындағы «Абақ» сауда үйінің директоры.

Асхат Өмірбаев - Шекерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің тарих және Е.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Қаратал ауданының мектептерінде бастайды. Бертінде «Қаратал» газетінде әдеби қызметкер болады. Бүгінгі күні газеттің бас редакторы. Халықаралық «Дарабоз» әдеби бәйгесінің жүлдегері, «Үркөр-Үміт» бәйгесінің проза жанры бойынша 2 орын иегері. Республикалық «Алтын қалам» ұлттық әдеби жүлдесінің женімпазы. Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі. Журналистика магистрі. «Қазақ журналистикасының қайраткері» медалімен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағының Алматы облыстық бөлімшесі тағайындаған Балғабек Қыдырбекұлы атындағы және журналист, ақын Сағындық Тәнеке атындағы сыйлықтың иегері. «Мен сізге ғашықтын», «Туған жер», «Кім ақылды?» прозалық кітаптардың авторы.

Дмитрий Чебанов - пауэрлифтингтан Қазақстан Республикасының спорт шебері. Ол пауэрлифтингтан 2015-2017 жылдары өткен жарыстың Қазақстан Республикасы бойынша бірнеше дүркін чемпионы. Пауэрлифтингтан жасөспірімдер арасында АҚШ-та өткен Әлем чемпионатының женімпазы. Әлем рекордсмені, 2017 жылды пауэрлифтингтан ерлер арасында Беларусия мемлекетінің Минск қаласында өткен Әлем чемпионатының женімпазы. Қазақстан Республикасының пауэрлифтингтан құрама командасының мүшесі.

Иван Иванов – женіл атлетикадан спорт шебері. Ол женіл атлетикадан 2007 жылды өткен Қазақстан Республикасының чемпионатының женімпазы. 2011 жылды Қазақстан халықтары спартакиадасының женімпазы, жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының рекордсмені. 2012 жылды Азия жүлдемдері жарысының женімпазы. 2014 жылды Тайландтың Пхукет қаласында өткен жағажай Азия ойындарының қола жүлдегері. 2016 жылды ядро лақтырудан ҚР чемпионы. 2016 жылғы Бразилияда өткен Олимпиада ойындарына катысушы.

PS: Өнірлік тізімге ұсынылғандар екшеліп, ірітеліп беріліп отырғанын еске саламыз.



Ел құрметіне бөлөнгендер

Алматы облысының Құрметті азаматы атанғандар:

Наурыз Қылышбаев
Несіп Жұнісбайұлы
Жанат Елшібек
Мақсат Рақымбаев
Әміре Әрін
Шырақбай Жылқайдаров

«Қазақстанның құрметті журналисі» атағын иеленгендер:

Мәкен Өсербаева
Жанат Елшібек
Әміре Әрін
Несіп Жұнісбайұлы

Ғылым саласындағы жаңа есімдер:

Ерлан Андасбаев - (ЖГУ) физика саласындағы техника ғалымының докторы.

Абай Құсайынов – медицина ғалының кандидаты.

Дархан Жазықбаев – философия ғалымының кандидаты.

Талғат Уәлиев – Абай атындағы ПУ-ті деканы.

Орденбек Мазбаев – Астанадағы Евразия Университетінің профессоры.

Гүлнар Сырлыбаева – филология ғылымының кандидаты, I.Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің аға оқытушысы.

Керімқұл Қонысбеков – ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, қызылша тұқымын өсіруші ғалым-селекционер.

Алма Әміренова – экономика ғылымының кандидаты (Алматы қ.)

Әсел Әміренова – экономика ғылымының докторы.

Айман Жұманова – тарих ғылымдарының докторы, Е.Букетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің ұстазы.

Сәуле Құсмолданова - медицина ғылымының кандидаты.

Әсем Тәпенова - зан ғылымының магистрі.



«КР мәдениет қайраткері» атағын иеленгендер:

Жексенбек Сұлтанбеков

Светлана Мәженона

Жекен Теберіков

Әміре Әрін

Жұмахмет Жайлаубаев

Сазгерлер

Нұрлыбек Кеншінбаев – мәдениет қызметкери, «Жылдың бұлак» т.б. әндерінің авторы.

Талғат Сембаев – Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылдық Мәдениет үйінің директоры. «Кел, Наурыз», «Жаңа жыл», «Қараталым», «Киелі мекен Жетісү» әндерінің авторы.

Әншілер

Құралай Шаяхметова – дәстүрлі әнші

Аян Мұхамедиева /Шаймерденова/- Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншісі.

Сахнагер

Ақмарал Төлеуова – Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының актрисасы.

Отаның «Құрмет» орденін иеленгендер:

Бақыт Смаилов – аудандық мәслихаттың хатшысы.

Сейілхан Базарханов – еңбек ардагері.

Базархан Байтаев – «Мекада» ЖШС директоры.

Владимир Ли – «Шығыс-Қаратал» ЖШС директоры.

Исатай Молжігітов – «И.Молжігітов» ШК басшысы (маркұм).

Қайрат Бейсембаев – Қаратал ауданының әкімі (2016-2017ж.).

Жанат Елшібек – журналист жазушы (Астана қаласы).

Кенжемұрат Дүкенбаев – КР еңбек сінірген энергетигі.

Владимир Седов – ауыр атлетикадан КР еңбек сінірген спорт шебері.

Бақытхан Жазықбаев - «KEGOC» корпорациясы президентінің бірінші орынбасары.



**Мемлекеттік басқадай наградамен (2008-2018ж.)
марапатталғандар:**

Амандос Қабаров – ҚР III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені. Қаратал ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қаратал Су құбыры» МҚК-ның директоры.

Ольга Ни – ҚР «Ерен енбегі үшін» медалі. Ж.Молдагалиев атындағы ОМ жоғары санатты математика мен физика пәнінің мұғалімі.

Нұргул Ахметова – ҚР «Ерен енбегі үшін» медалі. «Алматы облысы бойынша қазынашылық департаментінің Қаратал аудандық қазынашылық басқармасы» РММ-нің басшысы.

Петр Ли – ҚР «Ерен енбегі үшін» медалі. «Тәжірибе» ӨК директоры.

Қанат Жұлынов – ҚР «Ерен енбегі үшін» медалі. «Гүлім және К» ЖШС директоры (2016ж.).

Гүлмайра Сағындықова – ҚР «Шапағат» медалі. Аудандық аурухананың бас медбикесі.

**«Қаратал ауданының Құрметті азаматы» атанған
тәнімал тұлғалар:**

Бикен Римова – Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1983ж.)

Иван Косенков - Қеңес Одағының батыры (2001ж.)

Наурыз Қылышбаев - Алматы облысының төтенше жағдай жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары

Әбіл Ниязов - еңбек ардагері, зейнеткер

Сергей Юн - зейнеткер

Николай Пак - «Тәжірбие» өндірістік ауыл шаруашылығы кооперативтінің төрағасы

Сейдахмет Қосжанов - Елтай ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, зейнеткер, Ұлы Отан соғысына қатысушысы (2001ж.)


Кенжемұрат Дүкенбаев - «КОРЭМ» жабық АҚ президенті басқармасының төрағасы

Таңатар Иманғалиев - Қаратал ауданының соғыс және еңбек ардагерлері қеңесінің төрағасы (2002ж.)

Төлеген Құлахметов - Социалистік Еңбек Ері.

Жанат Елшібек - «Егемен Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, жазушы, журналист

Рысбай Бейсембаев - баспахана саласының еңбек ардагері, Отан соғысына қатысушы, зейнеткер (2002ж.)



Нұрпәзіл Құдайбергенов - Үштөбе балалар шығармашылығы орталығының директоры, еңбек ардагері (2002ж.)

Несіп Жұнісбаев - Республикалық «Спорт KS» газетінің бас редакторы, ҚР Ұлттық Олимпиадасы комитетінің мүшесі, еңбек ардагері (2003ж.)

Рысбек Жұмашев - аудандық аурухананың бас дәрігері

Амангелді Хабаров - «Ақиқат» ЖШС басшысы (2003ж.)

Қасым-Жомарт Тоқаев - ҚР Сыртқы істері министрі (2005ж.)

Көбес Ақылбаев - Алматы қаласының қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы (2005ж.)

Омархан Өксікбаев - республикалық бюджет пайдалануды бақылау жөніндегі есептік комитетінің төрағасы (2006ж.)

Анарбек Нақысбеков - Абай атындағы университетінің сурет өнері факультетінің аға оқытушысы, профессор

Тұрсынғазы Медетбеков - Алматы қалалық төтенше жағдайлар департаментінің бөлім бастығы (2006ж.)

Құлымбет Тұменбаев - зейнеткер

Болат Байтілеуов - аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы (2006ж.)

Сейілхан Беков - «Ауылтехника» ЖШС директоры

Михаил Юрченко - ҚР әуесқой бокс федерациясының вице президенті

Әміре Әрін - «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары (2007 ж.)

Мәрия Берлінбаева - зейнеткер

Медеғали Жазықбаев - «Атил» ЖШС президентінің кеңесшісі (2007 ж.)

Айтжан Тыналиев – мемлекеттік меншік және жекешелендіру Талдықорған өнірлік комитеті төрағасы (2007 ж.)

Балтабай Нұргабылов – зейнеткер (2007 ж.)

Сақбай Мұқашев - зейнеткер

Мәрзия Денғелбаева - зейнеткер

Нұрсұлтан Бәрімбеков - зейнеткер

Михаил Гвак - зейнеткер

Бақыт Смаилов - «Қаратал» АҚ президенті (2007 ж.)

Ошан Уәлиев – зейнеткер (2008 ж.)

Әбдіқажым Рысдәuletov – Қаратал ауданының прокуроры (2008 ж.)

Қараشا Қараман - аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы (2008 ж.)

Мәкен Өсербаева – «Қаратал» газетінің редакторы (2008 ж.)



Мақсұт Нәрікбаев – Қазақ Гуманитарлық Заң университетінің президенті (2010 ж.)

Рахымбек Төлендінов – Алматы облыстық жоғарғы спорт шеберлігі мектебінің директоры (2010 ж.)

Серік Бейсеков – Алматы қалалық «Нұр Отан» ХДП орталығы төрағасының бірінші орынбасары (2010 ж.)

Бақытқан Жазықбаев – Алматы облыстық «ТАТЭК» АҚ президенті (2010 ж.)

Аманжол Кәметов – Үштөбе жол-машина станциясының бастығы (2010 ж.)

Лазарь Дон – Қаратаң ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры (2010 ж.)

Марат Қоғамов – заң ғылыминың докторы, Астана (2010 ж.)

Валентина Ин – еңбек ардагері (2011 ж.)

Шара Қаймодина - еңбек ардагері (2011 ж.)

Тұрсынбай Ғалынов – Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің директоры (2012 ж.)

Қайрат Бисембаев – Астана қаласының бас құрылыш инспекторы (2013 ж.)

Женіс Смаилов – «Компания Сарыбұлак» ЖШС бас директоры (2012 ж.)

Талғат Уәлиев – Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті (2014 ж.)

Ерлан Андасбаев – Қазақстан Республикасы халықаралық акпараттандыру Академиясының академигі (2015 ж.)

Роман Ким – Қ.Р. Праламенті Мәжілісінің депутаты, (2015 ж.)

Айдын Айымбетов – ҚР үшқыш-ғарышкері, Халық қаһарманы (2015 ж.)

Жекен Теберіков – «Қаратаң ауданының мәдениет және тілдерді да-мыту бөлімінің басшысы» (2015 ж.)

Наталья Ким – еңбек ардагері, қаржыгер.

Серікжан Бескемпіров – Алматы облысы әкімінің орынбасары (2016 ж.)

Қыдыркелді Медеуов – Іле ауданының әкімі (2016 ж.)

Сұлтан Даулетбеков - Алматы облысы әкімінің аппарат басшысы (2016 ж.)

Омар Қасымбеков – зейнеткер (2016 ж.)

Тимур Дандаубаев – Қ.Р. Қарулы Күштері Әскери полиция



басқармасының бастығы (2016 ж.)

Сарқыт Дәркенбаева – «Бастау» газетінің бас редакторы (2016 ж.)

Наталья Ким – «Қаратал ауданының Мәдениет үйі» КМКМ мұғалімі (2016 ж.)

Орденбек Мазбаев – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Туризм және география ғылыми зерттеу институтының директоры (2017 ж.)

Ғабдул-Сәбит Юсупов – еңбек ардагері (2017 ж.)

Ерлан Сансызбаев – Қаратал ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы (2017 ж.)

Агафья Ли – жеке кәсіпкер (2018 ж.) т.б.

P.S. Құрметті азамат атағын алғандар саны (2001 – 2018жж) 190 адам. Біз бұл жолы оларды екшеп ғана бердік.

Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы атағын иеленгендер:

Манат Бейсембай – Халықаралық архитекторлар Академиясының құрметті академигі, профессор.

Вадим Хван (марқұм) – Қазақ ССР-інің Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы.

Мәлік Оспанов – архитектор.

Қазбек Жарлығапов – архитектор.

Білім саласында Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісіне ие болғандар:

Тілеуken Шаймұқанов – Қанабек ОМ 2003-2011 жылдар арасындағы директоры (2004 ж.)

Болатбек Тәжібаев – М.Горький атындағы орта мектептің бұрынғы директоры (2006ж.)

Мырзахан Жебегенов – Жамбыл атындағы ОМ бұрынғы директоры (2000ж.).

Зинаида Медведева – С.Морозов атындағы № 51 ОМГ орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (2006 ж.)

Гүлнар Бөлешова - С.Морозов атындағы № 51 ОМГ неміс және ағылшын тілдері пәні мұғалімі (2011 ж.)

Шынар Шәріпбаева - № 13 орта мектеп директоры

Нагима Шүйшева – Жаңаталап ОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (2002ж.)



Валентина Спиридонова – Қ.Тоқаев жеке қорының төрайымы (2007 ж.)
Нұржамал Дүйсеналиева - М.Горький атындағы орта мектептің бұрынғы директоры (марқұм)

Гаухар Баялиева – Б.Римова атындағы ОМГ химия пәні мұғалімі т.б.

Денсаулық сақтау саласының ҚР еңбегі сіңген қызметкері және үздігі атанғандар:

Рысбек Жұмашев – еңбек ардагері, ҚР еңбегі сіңген қызметкер.

Төлеген Әбенов – еңбек ардагері.

Біржан Құмаров – аудандық аурухананың бас дәрігері, ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі (2013 ж.)

Владимир Маркевич – аудандық СЭС бас дәрігері, ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі (2013 ж.)

Сәулө Құсмолданова - ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі,
Талдықорған қалалық көп салалы аурухананың бас дәрігері.

ҚР құрметті спорт қайраткері атанғандар:

Жолдасбай Әлімбетов - еңбек ардагері, «ҚР құрметті спорт қайраткері» (2007ж.)

«ҚР ауыр атлетикадан еңбегі сіңген жаттықтырушысы»

атағын иеленгендер:

Лазарь Дон – аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің бапкері.

Николай Пак – аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің бапкері.

Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері:

Анарбек Нақысбеков – ҚР суретшілер Академиясының академигі, профессор.

Нұрлан Қылышбаев – ҚР суретшілер Академиясының корреспондент мүшесі.

Жақан Бәрімбеков – І.Жансүтіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің деканы, профессор.

Айнолла Қасенов – аудандық БШО-ның тәлімгер ұстазы.

Әскери генерал:

Тимур Тұрарұлы Данышбаев – ҚР қорғаныс Министрлігі Бас басқармасының бастығы, генерал-майор. Қаратал ауданының құрметті азаматы (2017 ж.), Астана қаласы.



**«Қазақстанның құрметті теміржолшысы» атағына
иे болғандар:**

Ринат Шаяхметов – Үштөбе № 32 сигнализация және байланыс дистанциясының аға электромеханигі (2017 ж.)

Мұрат Биболов – Үштөбе темір жол станциясының орталықтандыру қосының пост операторы (2009 ж.)

Нұрмақан Тастанов – Үштөбе жол-машина станциясының бұрынғы бас инженері.

Аманбай Ибраимов – М. Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникация Академиясының доценті (2018).

Халықаралық «Алаш» әдебиет сыйлығын иеленгендер:

Жанат Елшібек – журналист, жазушы. Астана қаласы

Әміре Әрін – журналист, ақын. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы.

**Спорт журналистикасындағы С.Бердіқұлов атындағы
сыйлықпен марапатталғандар:**

Несіп Жұнісбай – журналист, қаламгер, бұрынғы «Спорт» газетінің бас редакторы.

Әміре Әрін – журналист, ақын.

Ришад Тұрғанбай – журналист, спорт шолушысы, облыстық «Жетісу» газетінің бөлім менгерушісі.

Ардақ тұтар жандар

Сүлеймен Қыбыраев - 1928 жылы бұрынғы Бірлітөбе ауданында туған. ҚазМУ-дің экономика факультетін, Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Ол байырғы «Көпбірлік» ұжымшарында балықшы болады (1942-43). Бірлітөбе аудандық қаржы бөлімінде, Сталин атындағы ұжымның, Қаратал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің, Үштөбе МТС-нің бухгалтері қызметін атқарады (1943-52). Қаратал аудандық Кеңесі атқару комитетінің жауапты хатшысы, осы ауданының парткомының нұсқаушысы болады (1954-64). Ақсу аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, аудандық комитеттің 2-ші және 1-ші хатшысы (1968-73) болып, 1973 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы облыстық орман және ағаш өндеу өнеркәсібі облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы болады. «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.



Бижамал Рамазанова – қоғам қайраткері, Алматы облысының күрметті азаматы. Ол 1927 жылы Қапал өнірінің Қызылағаш топырағында дүниеге келген. Алдымен Түрген педучилищесін, Алматы қаласындағы мұғалімдер институтын, Абай атындағы педагогика институтын тәмамдаған. Еңбек жолын мектепте ұстаздықтан бастаған. Комсомол саласына ауысып, алдымен Талдықорған облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы, кейін Қаратал аудандық, Талдықорған қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады. Бертінде Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы, Қазақ КСР Жоғары Кенесі Президиумының хатшысы. Кейінен Алматыдағы республикалық мұрағат басқармасын басқарған. Бүгінгі күні Алматыда тұрады. «Құрмет» орденінің иегері.

Тұраш Мұқанов – тәменгі Сарыесік-Атырау бойының азаматы. Жоғары білімді инженер. Ұзак жылдар ауданымыздың Үштөбе жөндеу-механикалық, Үштөбе киіз үй фабрикасында инженер қызметін атқарған. Іскерлік қабілетімен танылып, сол тұстағы республика ағаш және ағаш өндеу министрлігінде басшылық қызмет атқарған.

Ауданының әр жылдағы және қазіргі басшысы

Казақстан Республикасы Алматы облысындағы (бұрынғы Алматы округі) Жетісудың жеті өзенінің бірімен аттас, іргелі Қаратал ауданы 1928 жылдың 17 қантарында бұрынғы Ескелді, Құшік, тәменгі Қаратал және оңтүстік Балқаш болыстары негізінде шаңырақ көтерді. Аудан орталығы алғашында Қарашенгел болды. ВЦИК-тің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысы негізінде 1930 жылдың 17 желтоқсанында Алматы округі таратылды. Оған қараған аудандар құрылымдық жағынан нығайды. Қаратал ауданының бір бөлігі Талдықорғанға, ал қалған бөлігі Малайсары мен Қараталға қарады.

1932 жылдың 20 ақпанында Алматы облысының құрылуына байланысты ауданының ендігі орталығы Түрксібтің бел баласы Үштөбе станциясы (бері келе поселок, кейін қала) болды. Ал 1944 жылдың 10 наурызында жаңадан құрылған Талдықорған облысының құрамына енді. Араға он үш жыл салып 1959 жылдың 6 маусымында Талдықорған облысы таратылды да, Қаратал ауданы Алматы облысының қарамағына қарады. Көп ұзамай 1967 жылдың 23 желтоқсанында бауыр басты Талдықорған облысымен қайта табысады. Араға отыз жыл са-



ЛЫП 1997 ЖЫЛДЫҢ 22 СӘУІРІНДЕ Елбасының ҚР аумақтық әкімшілік-территориялық құрылымдық өзгерістер туралы Жарлығына сай қабырғалы Қаратал ауданы етек-жені кең Алматы облысымен қайта табысты.

Баймұқамбет Шағыров (1902-1986 жж)

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері. 1919 жылы Талдықорған ауыл шаруашылығы мектебін, 1926 жылы Москвадағы БКП (б) ОК жанындағы партия қызметкерлері курсын бітірген. 1925-1931 ж. Алматы облысының Лепсі, Малайсары (құрамында Қаратал), Еңбекшіқазақ ауданы партия органында басшылық қызмет атқарған. Кейін Қазақ ССР жабдықтау халкомында, Қазақ КСР юстиция халық комиссары қызметінде болған. 1939 жылы «халық жауы» деген жала жабылып, тұтқындалады. 1953 жылы «қылмысты» ісі тоқтатылып, толықтай ақталады. Одактық дәрежедегі зейнеткер атанғанға дейін республикалық деңгейдегі басқармаларда басшылық қызмет атқарған. «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

Ақжанов

Қолдан жасалған ашаршылық дендел, жаппай коллективтіндіру ісі қызу қолға алынған тұста ауданға аз жыл болса да өндірісте шындалған, Қарағандылық шахтер Ақжанов басшылық етеді. Қызмет бабымен өсіп, республика жастар Одағы аппаратына ауысады. Оның мұнан кейінгі тағдыры белгісіз.

Сабыр Айтқожин (1895-1938 жж)

Көкшетау уезі Қотыркөл болысында дүниеге келген. Еңбек жолын Көкшетау жер басқармасында нұсқаушы болып бастаған. Ақмола губерниялық партия комитетінің органды «Бостандық туы» («Кедей сезі») газетінің алғашқы редакторының бірі. Бертінде партиялық қызметке ауысып, Қаратал ауданы партия комитетінің хатшысы (1933-1934 ж.) міндетін атқарады. Мұнан кейінгі іс қызметін Жамбыл облысында жалғастырады. Мирзоян аудандық оқу бөлімінің менгерушісі, аудандық атқару комитетінің төрағасы болады. Оған 1937 жылы «халық жауы» деген жала жабылып, 1938 жылдың 19 ақпанында атылады. 1957 жылы ақталған. Жұбайы Ғайникамал, қызы Сәуле, ұлы Эмиль тұрмыс тауқыметін көп кешеді. Қындықты жеңе білген ұлы Эмиль оқып, жетіліп, техника ғылымының докторы дәрежесіне дейін көтеріледі. Ядролық атомды зерттеу саласының білікті маманы атанады.



Шеген Қодаманов (1901-1974 жж)

Сыр өңірінің түлегі. Жастайынан білім қуады, еңбекке ерте араласады. Ленинград Коммунистік жоғарғы оқу орнын (КомВУЗ) бітірген. Гурьев, Ақтөбе облыстық партия комитеттерінде, республикалық құрылымда өнегелі қызмет етіп, тек жақсы жағынан көрінген оған жоғарғы сенім көрсетіледі. Ол 1934 жылдың 1 ақпанында БКП (б) Алматы облыстық Қаратал аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланады. Шеген Ермұхамедұлының жанды басшылығы мен үйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қаратал өңірінің ауыл шаруашылығын өркендетіп, қалыпты салаға айналдыру бағытында біршама игі істер атқарды. Жер-жерде 1937 жылы басталған «Қызыл террордың» ызгарынан сол жылдың қазан айында «халық жауы» деген атақта ілініп, сottалады. Алдымен бес, сосын он жыл бас еркіндігінен айырылып, 1955 жылы ақталады. Өз еліне оралып, Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Төңкеріс» колхозында әртүрлі қызметтер атқарады. Бүгінгі таңда аталған – Төңкеріс ауылы Ш.Қодаманов есімімен аталаады.

Шәукебаев

Ел іші дүрліккен, бір-бірін «жау» санаған тұста етек-жені кең ауданға Шәукебаев (ол тұста қазіргі Көксу ауданының біраз шаруашылығы қараған) басшылық жасаған тұста Қаратал өңіріне Қыры Шығыс өлкесінен еріксіз көшірілген корей ұлтының өкілдері келіп, қоныстанады. Ауыл шаруашылығы бағытындағы артельдер мен серіктестіктер, колхоздар көптеп құрылады. Егіншілік саласы ілгері басады. Жаңа елді мекендер бой көтереді. Ұлы Отан соғысы басталғаннан соң көп ұзамай әскери комиссариаттың үйгарымы бойынша аудан басшысы қолына қару алыш, қан майданға аттанады.

Сейтім Қаскеев

Істің ебін білетін, үйымдастырушылық қабілеті жоғары, адамдармен шебер тіл табысатын С.Қаскеевтің басшылығы тұсында аудан еңбеккерлері «Бәрі де майдан үшін, бәрі де женіс үшін!» деген ұранмен еңбек етеді. Аудан жұртшылығы Қызыл Армия үшін астық пен мал өнімдерін жөнслту міндетін орындауда абырай биігінен көрінеді. Аудан басшысының Отан алдындағы қалтқысыз еңбегі лайықты бағаланып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінде депутат болып сайланады. Талдықорған облысы (1944-1959 ж.) Алматы облысынан бөліп шығарады. Осыған орай қазіргі іргелес Көксу ауданы бой көтеріп,



ауданның біраз шаруашылықтары әкімшілік-территориялық жағынан соған қарайды. Егіншілік пен мал шаруашылығының ондаған еңбек озаттары Үкіметтің ең жоғары Социалистік Еңбек Ері атағын иеленеді.

М.В.Наумов

Облыстық партия комитеті бөлім бастығының орынбасары қызметін атқарған М.В.Наумов аудан басшылық тізгінін небәрі бір жылдай ұстайды. Келуі қалай тез болса, басқа салаға ауысып кетуі де тез болады. Кейінгі жылдары облыстық астық өнімдері басқармасында басшылық қызметін атқарған.

Молдақасым Талқыбаев (1922-1991 жж)

«Жас келсе іске» дегендегі, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығынан келген, комсомолда шындалған М.Талқыбаев республика бойынша соғыстан кейінгі қызындықта, халық шаруашылығын қалпына келтіру ісінде жігерлілік танытады. Оның 1951-1959 жылдар аралығындағы жанды басшылығы арқасында аудан экономикасы мен әлеуметтік – мәдени саласы заман талабына сай дамып өркендеуі байқалады. Коммунистердің жоғары сеніміне ие болып, бірінші хатшылыққа әлденеше рет сайланады. Бертін келе М.Талқыбаев Талдықорған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысына дейін жоғарылатылады. Қаратал ауданы мен Талдықорған қаласында жақсы іс, жарқын із қалдырады.

Сабыр Бекішев

1919 жылы дуниеге келген. Солтүстік Қазақстан өңірінің ту масы Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің инспекторлығынан келіп, ауданға басшылық жасаған Сабыр Бекішевтің іс қызметі екі жылдан әріге аспайды. Истің жайымен, жетекші кадрлармен танысып құлашын жазып, қызмет етуге кіріскең тұста 1959 жылдың соңынан басталып, 1960 жылдың алғашқы айларын қамтыған қаһарлықтың мал шаруашылығына тигізген қысастығы бірінші басшының жайлы орынтағынан ажырауына түрткі жасайды.

Жолан Сыздықов

Жоғарғы басшы органдардың бұл жолғы таңдауы да облыстық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жолан Сыздықовқа түседі. Өкінішке қарай, оның да биліктік құзіреті алдындағы әріптесі сияқты небәрі екі жылдан (1960-1962 ж.) аспайды. Көп тұрақтап оты-



ра алмайды. Кейінгі жылдары Ж.Сыздықов баспагерлік салада қызмет атқарады.

Нұрмұхан Қапесов


Москва Жоғарғы партия мектебінің түлегі, облыстық партия комитетінде нұсқаушы болған Н.Қапесовтың де биліктік құзіреті (1962-1966 ж.) алдындағы екі әріптесінен асып кете алмайды. Ол тұста ауданда ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп партия үйымының басшылығы дәуірлеп тұрады. Екі тізгінді тапжылтпай сенімді қолға ұсташа оңайға түспейді. Н.Қапесов те араға төрт жыл салып, Алматыға оралады. Бертінде заң ғылыми саласында еңбек етіп, профессор дәрежесіне көтеріледі.

Айтақын Алпысбаев (1921-2009 жж)

Еңбек ардагері, майдангер Айтақын Алпысбаев қатардағы мал мамынан көрнекті басшы, халық қалаулысы, ардақты азамат дәрежесіне дейін көтеріле білді. Кеген территориялық – өндіріс басқармасының жаңындағы партия басшысы қызметін атқарып жүрген оған үлкен сенім артылады. 1966 жылдың 15 қарашасында Алматы облысы Қаратал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Ол өзіне жүктелгенabyroylly mіndettі 1973 жылдың желтоқсанына дейін атқарады. Жаңадан шаңырақ көтерген көршілес Кербұлак ауданы басшылық тізгінін үстайды. А. Алпысбаевтың үйіткізу болуы және облыс пен республика басшылығының тікелей қолдауы арқасында Қаратал массивін игеру, соғыс жылдары қаржы тапшылығынан істен шыққан күріш су жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары қолға алынады. Қажырлы іс қызметі Укімет тараапынан жоғары бағаланып, үш рет Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы орденімен марапатталады, Қазақ ССР Жоғарғы Кенесіне (тоғызыншы шақырылған) депутат болып сайланады. Одақтық дәрежедегі зейнеткер атанады.

Алексей Гребенщиков (1928-2000 жж)

Алексей Степанович Гребенщиков 17.11.1928 жылы Алматы облысының Қапал селосында дүниеге келген. Еңбек жолын қатардағы жұмысшыдан бастаған Қапал педучилищесін, Алматы қаласындағы жоғарғы партия мектебін бітірген. Ұзак жылдар партия және Кенес органдарында басшылық қызметтер атқарған. А.С.Гребенщиков 1974-1985 жылдары Қаратал ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін абырайлы атқарады. Ауданның өндіріс кәсіпорны мен ауыл



шаруашылығында, құрылыш пен транспорт, байланыс және білім, мәдениет пен спорт, денсаулық саласында айтарлықтай даму мен ілгерілеушілік байқалды. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне екі рет депутат болып сайланады. Қос мәрте Еңбек Қызыл ту және екі бірдей «Құрмет белгісі» орденінің, алты медальдің иегері. Облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметінен зейнеткерлікке шығады.

Юрий Кузнецов

Комсомол мен партия органдарында жетіліп өскен Ю.И. Кузнецовтың басшылық еткен жылдары қоғамдық өмірге жариялышың пен демократиялық үрдістерді енгізген М.С. Горбачевтің заманы дәуірлеген кезеңге тұспа тұс келді. 1986 жылдың желтоқсанында Алматыда бұрқ ете қалған Желтоқсан көтерілісінің ықпалы мен дүмпүі ауданда демократиялық жаңғыртуларға жол ашты. Кремльдің қитұрқы саясатын жүзеге асыруға жанталасқан республика басшысы Г.В. Колбиннің жергілікті жерде сойылып соғуға ұмтылған аудан басшысының асыра сілтеуден тұратын іс-әрекеті көпшіліктің көңілінен шықпады. Ю.И. Кузнецов ауданын басшылық тізгінін 1985-1991 жылдар аралығында ұстап, қоғамдық қозғалыстардың бет қаратпас екпініне шыдай алмай, амалсыздан орынтағынан босауына тұра келді.

Анатолий Степанищев (1947-1993 жж)

Жоғары білімді мал маманының еңбек жолы Қаратал ауданының шаруашылық тарапынан басталды. Совхоздың бас зоотехнигі, директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқарған А.В. Степанищев туған өніріне қайта оралады. Алдымен аудандық партия комитетінің хатшысы, 1992 жылы аудандық Советтің төрағасы қызметінabyroylыш атқарды. Оның басшылығымен аудандық мұсылмандар мешіті мен Ескелді әулие кесенесі құрылды екпінді жүргізілді. Араға бір жыл салып, оған жоғары сенім көрсетілді. Қызмет бабымен өсіп, облыс әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. Алайда тосыннан жабысқан кеселді дерт 1993 жылдың маусымында арыс азаматты алып жықты. Қасиетті Қаратал топырағы оның мәнгілік тұрағына айналды.

Төлеужан Садықұлов

Еліміздің егемендік алыш, тәуелсіздікке қол жеткізген, Президенттік басқару жүйесі қоғамдық өмірімізге енген тұста 1992 жылдың 16 акпанында аудан әкімшілігінің басшысы болып Төлеужан Садықұлов




(1992-1994 ж.) тағайындалды. Бұған дейін Алматы және Талдықорған облысының шаруашылық, партия және Кеңес органдарында Орталық Комитетте басшылық қызметтер атқарған сарабдал басшы көп ұлтты ауданға қазақы рухты өзімен бірге алып келумен қатар ұлттық салтдәстүр мен туған тіл, имандылық пен діліміздің орнығы жолындағы игі істердің үйіткесі бола білді. Аудан экономикасы даму қарқынының бәсендемеуі жолындағы қажырлы қымылды жандандыра түсуде ілкімділік танытты. Демократиялық жаңғыртудың әсерінен ауданда кең қанат жайған азаматтық қозғалыстар, қоғамдық үйымдар мен партиялар бөлімшелерінің іс-әрекетін үйлестіруде шеберлік танытты.

Аудан әкімі Т.Садықұловтың басшылығы түсінде ел ардақтысы Ескелді би, әулиенің кесенесі бой көтеріп, мерейтойы республикалық денгейде аталып өтті. Қаржылық жағынан кешеуілдеген аудандық мұсылмандар мешітінің құрылышы жеделдетілді. Сенгірлі сексенді бағындырған Т.Садықұлов ағамыз бүтін де Алматы қаласында тұрады.

Керімтай Әбдірахманов

«Жас келсе іске» дегендегі, 1994 жылдың наурызында ауданың басшылық тізгінін Москва мал дәрігерлік Академиясының түлегі Керімтай Әбдірахманов (1994-1999 ж.) ұстады. Жылдар бойы қалыштасқан Кеңестік жүйенің нарықтық қатынастарға көшу түсіндағы өтпелі кезеңнің қыындығын жеңе білуде іскерлік танытты. Аудан активінің күш жігерін ізгі мұратқа, ортақ мақсатқа шебер жұмылдыра білудің арқасында ауданың көп саласы экономикасы жана экономикалық реформа кезінде тап болған қыындық атаулардан сүрінбей, күйзелмей аман-есен шыға білді. Әртүрлі денгейдегі басшылық құрылымдарына жергілікті іскер кадрлар орнықты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудың арқасында халықтық іс шаралар кең қолдау тапты, руханият саласы өркендеді.

Іскер басшы К.Әбдірахмановтың түсінде Жетісу ардақтылары: Балпық әулие, Жолбарыс пен Мықтыбек батыр, Айту би кесенелері, Жәлменде би мен Пышан сазгердің ескерткіш белгілері бой көтерді. Аруақтарына арналып ас берілді. Имандылық үйі-мұсылмандардың орталық мешіті өз жұмысын бастады. қаласында республикалық корей фестивалі күндері салтанатты жағдайда аталып өтті. Қала орталығында Ескелді мен Балпық бидің бюсті орнатылды. Қаладағы білім мекемесінің біріне қаламгер К.Тоқаевтің есімі берілді. Мұнан кейінгі жылдары К.Әбдірахманов Ескелді, Еңбекшіқазақ және Көксу ауданының әкімі қызметін мінсіз атқарды. «Құрмет» орденінің иегері.



Роман Ким

Қаратал топырағының тумасы, мамандығы мал дәрігері. Заман талабына сай кәсіпкерлік саланы, бизнесті ерте және еркін менгерген. Ауданға ғасырлар тоғысында басшылық жасаған үш жылдың жүзінде аудан экономикасының тығырықтан шығып, дамуы бағытында сырттан көптеген инвестициялық қаржы тартуда іскерлік танытты. Осының арқасында бұрынғы жұмысы тоқтап қалған ірі өндіріс кәсіпорындары онтайландырылып, өзінің жұмысын бастады. Шағын және орта бизнестің кең қанат жайып өркендеуіне даңғыл жол ашылды.

Роман Ухенович Кимнің тұсында Қарымбай әулие кесенесінің құрылышы басталды. Орталық саябақта Оңтүстік Корея мемлекетінің қаржылық көмегімен саяси қуғын-сурғын құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш ашылды. Мұнан кейінгі қызметін Р.У.Ким Қазақстан корей Ассоциациясының төрағасы болып жалғастырды. Бүгінгі таңда Республика Парламенті Мажлісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі.

Серікжан Бескемпіров

Үштөбе қаласында дүниеге келген, Қараталдың төл перзенті, орта мектепті, жоғарғы оқу орнын үлгілі аяқтағаннан соң еңбек жолын Үштөбе ет комбинатында қатардағы маманнан бастайды. Қызмет бабында сатылап өседі. Өндірісте шыңдалған іскер жас өзінің кабілет қарымын коммерциялық салада сынап көреді. Асығы алшысынан түсіп кәсіпкерлікті, бертін келе бизнесті шебер менгереді. Болашағынан мол үміт күттіретін жігерлі жасқа мемлекеттік басқару құрылымында қызмет етуге үлкен сенім көрсетіледі. Алдымен аудан әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары міндетін мінсіз атқарады. Келісті сипат, кемел қасиетіне, көркем мінезіне, ұйымдастырушылық қабілетіне, ар тазалығына орай аудан басшылығының тізгінін 2004 жылға дейін берік ұстайды.

Серік Іслемұлы Бескемпіровтің басшылық еткен тұсында аудан экономикасына инвестиция тарту, орта және шағын бизнестің дамып, қарыштап алға басуы байқалды. Қарымбай әулие кесенесінің құрылышы аяқталып, рухына арап ас берілді. К.Тоқаев атындағы ОМ қаламгердің бюсті орнатылды. Мұнан кейінгі жылдары С.Бескемпіров Панфилов ауданы мен Текелі қаласының әкімі, облыстық мәслихаттың хатшысы қызметтерін атқарды. Бүгінгі таңда облыс әкімінің орынбасары.



Қайрат Досаев

Талдықорған қалалық әкімінің орынбасары қызметінен өсіп, аудан әкімі лауазымын иеленген Қайрат Эскербекұлы Досаев бір жылға толар-толмас кезеңде жастыққа тән жігер танытты. Алайда ойға алған игі шараларды жүзеге асыруға уақыт тапшылығы мұрсат бермеді. Қ.Досаевтің басшылығы тұсында ауданда Ұлы Отан соғысындағы Женістің 60 жылдығы кең сипатта аталып өтті. Қазақстанның халық артисі, жерлесіміз Қанабек Байсейітовтың жүз жылдық мерейтойын өз деңгейінде өткізудің дайындығы қолға алынды. Қала мен ауылды абаттандыру, елді мекендерді көркейту мен көріктендіру бағытында да біршама игі шаралар атқарылды. Шалғайда орналасқан, елдің шетіндегі, желдің өтіндегі Қаракұм ауылы тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ететін қажетті автокөлік бөлінді.

Қыдыркелді Медеуов

Республика бойынша еліміздің экономикалық серпінді дамуы белен алған тұста басшылық тізгінің ұстаган Қыдыркелді Өміржанұлы Медеуовтың (2005-2011 ж.) үйітқы болумен ауданда Үкіметтік зор маңызға ие болған «Жол картасы», «Ауыз су», «Сыбаға» бағдарламасы және тұрғындарды жұмыспен қамту жемісті жүзеге асыру барысында айтартықтай игілікті істер жасалынды. Шаруа қожалықтарын тиісінше қолдап, қуаттаудың нәтижесінде егіншілік өнімдері ұлғайып, мал басы көбейді. Шағын және орта бизнестің өркендеуі байқалды. Аудан әкімі Қ.Медеуовтың басшылығы тұсында ауданда көптеген жаңа нысандар пайдалануға берілді. Қазақстанның халық артисі Қ.Байсейітовтың ғасырлық тойы, ауданың шаңырақ көтеруінің 80 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Қыдыркелді Өміржанұлы мұнан кейінгі қызметін Райымбек, Іле ауданында жалғастырды.

Сұлтан Дүйсембінов

«Әке көрген оқ жанады», «Өмірлік тәжірибесі бардың - ісі орнықты», - дегендегі, келісті сипатты, кемел қасиетті, көңілін кеңге салған Сұлтан Мырзабекұлы іс қызметінің (2011 жыл) алғашқы күнінен-ақ сарабдал қымыл, сырбаз мінез танытты. Жергілікті басшы қызметкерлермен ортақ тіл табысуының арқасында аудан активін өрелі істерге, мемлекеттік бағдарламаны бірізділікпен жүзеге асыруға жұмылдырды. Көп салалы, кең тынысты аудан 2012 жылдың экономикалық және әлеуметтік даму қорытындысы бойынша облыста алғашқы жетіліктің қатарынан көрінді.



Аудан әкімі С.Дүйсембіновтың басшылығы кезінде ауданда күрделі жөндеу жүргізіліп, қазіргі заманға сай жабдықталған «Жастар» стадионы, мерекелік шаралар өтетін орталық алаң, Қанабек ауылындағы Мәдениет үйі т.б. нысандар пайдалануға берілді. Бүгінгі таңда ол облыстық мәслихаттың хатшысы міндетін мінсіз атқаруда.

Қайрат Бисембаев

Қараталдың төл перзентіне айналған сырына сымбаты сай, тал бойына бірнеше өнерді тоғыстырған Қайрат Әшірәліұлы қызыр қонып, бақдарыған өңірдегі іс-қызметін осының алдында (2005ж.) аудан әкімінің орынбасары (идеология мен құрылым саласына жауапты) кезінен бастаған болатын. Оның жанды басшылығы арқасында аудандағы мемлекеттік тіл мен ономастикалық ахуал (елді мекендердің тарихи атауының қалпына келуі, білім мекемелері мен көшелерді жаңаша атау т.б.) жақсарды. Өнер өркендең, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайы жақсарды. Ауданың 80 жылдығы жоғары серпін туғызып, республикалық дәрежедегі ақындар айтысы өтті.

Аудан әкімі Қ.Бисембаевтың (2015-2017ж.) басшылығы тұсында Талдықорған-Үштөбе-Жаңаталап бағытындағы автожолы күрделі жөндеуден өтті. Үштөбе қаласында «Балбебек» бөбекжай – бала бақшасы, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаңа ғимараты, басқадай да көптеген әлеуметтік – тұрмыстық бағыттағы нысандар салынып, пайдалануға берілді. Қаланың батыс жақ бөлігіндегі тұрғын үйдің құрылышы басталды. Егіншілік пен мал шаруашылығы (оның ішінде қант қызылшасы егістігі), құрылым инфрақұрылым, жұмыспен қамту, «Ақ бұлак» бағдарламасы бойынша да біршама істер жүзеге асырылды. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жергілікті жерде жемісті жүзеге асуына, республикалық, облыстық дәрежедегі 100 жаңа есімнің анықталуына үйітқы болды. Мемлекет пен ел алдындағы ерен енбегі жоғары бағаланып, Үкіметіміздің «Құрмет» ордені иегері атанды.

Бүгінгі таңда аудан әкімі қызметі тізгінін жалындаған жас Рауан Рақымбеков сенімді түрде ұстап, қуатты құлшының танытуда.



Бел – белесті он жыл (2008-2018 ж.)

2008 жыл


- 2008 жылдың 17 қаңтарында етек-жені кең Алматы облысындағы іргелі Қаратал ауданының шаңырақ көтергеніне 80 жыл толды.
- Арнасымен күндіз күміс, тұнде алтын аққан ауданының сексен жылдығы Қаратал өңірінде 2008 жылдың 17-18 қазанында облыс әкімі С.Умбетов пен ҚР Парламенті Сенатының бір топ депутаттарының қатысуымен дүркіреп өтті. Республикалық ақындар айтысына қатысқан 12 ақын бақ сынасып, бас жүлдені адуынды ақын Жандарбек Бұлғаков жеңіп алды. Бура сан палуандар күш сынасты. Бағы жаңып бабы келіскендер аламан бәйгеде жүлдегер атанды. Қазақстанның халық әртісі А.Қоразбаев бастаған бір топ өнер жүлдyzдары Қаратал аспанын әнге бөледі. Ауданының 80 жылдық тарихи кезеңдеріне арналған «Қасиетті Қаратал» кітабы жарық көрді.

2009 жыл

- Кеңестік кезеңдегі кеудемсоқ басшылардың ұстанған солақай саясатынан келіп, интернационалдық борышты өтеу деген желеумен Ауғанстан мемлекетіне еріксіз енгізілген Кеңес әскерінің шектеулі контингентінің шет жерде опа таптай кері қарай қайтқанына, Отанына оралғанына 20 жыл (1989-2009 ж.) толды.
- Арынды ақпараттар ағынына орай Тәуелсіздіктің арқасында жергілікті басылымның қатарына қосылған қоғамдық-саяси апталық «Бастау» газетінің жарық көргеніне (28.06.1999ж.) он жыл толды.

2010 жыл

- Облыс әкімдігінің 2010 жылғы 13 қазандағы № 48 қаулысы және облыстық мәслихаттың аталған кезеңдегі № 37 шешімімен бұрынғы Қаращенгел ауылдық округінің атауы Жолбарыс батыр ауылдық округі болып өзгертілді. Осы айтулы оқиғаға орай Жолбарыс әулие, би, батырдың жер-жердегі ұрпақтары мен ауылдастарының бас қосу жиыны өтті.
- Аудан аумағында Кеңестер Одағы үшін екінші дүниежүзілік



соғыстың женіспен аяқталуының 65 жылдығы кең сипатта аталды. Кеңес Одағының батыры И.Косенков бастаған бір топ майдангерлер мен тыл ардагерлеріне асқан құрмет пен ілтипат көрсетілді.

- 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Астанада Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі үйымға (ЕҚЫУ) қатысушы елдер мемлекет және үкімет басшыларының Саммиті өтті.

- Талай жаутанқөз бұлдіршінге пана болған Үштөбе балалар Үйінің ашылып, жұмыс істегеніне (1945ж.) 65 жыл толды. Қазір ол тарап, басқа құрылымға қосылды.

2011 жыл

- 2011 жылдың қаңтар айында төрт жылда бір оралып келетін VII қызы Азиада ойындары Астана – Алматыда өтті. Оған Азияның 27 мемлекетінің спортшылары қатысты. Нәтижесінде Қазақстан спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медальді женіп, көш басынан көрінді.

- Облыс әкімінің өкімімен басқа қызметке ауысуына байланысты аудан әкімі Қыдыркелді Медеуовтың орнына Сұлтан Дүйсембінов аудан әкімі болып тағайындалды.

2012 жыл

- 2012 жылдың Рамазан айында Лондонда өткен жазғы Олимпиада ойындары дүние жүзі назарын өзіне аударды. Онда Қазақстанның көк туын көкке желбіретуге Алматы облысының атынан үкілеп қосқан Жетісұлық үш ауыр атлетші: Зулфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подебедова алқа тағып, ел мерейін асқақтатты.

- Жарты ғасырдан астам уақыттан бері газет пен баспа өнімдерін шығарып, байырғы кәсіпорын ізін сақтаған тарихы әріде жатқан Қаратал аудандық баспаханасының (1932ж.) ірге тасы қаланып, жұмыс істегеніне сексен жыл толды.

- 2012 жылы 14 желтоқсанда Астанада ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» бағдарламасы жарияланды.

- Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік



Еңбек Ері Дінмұхамед Қонаевтың тұғанына жүз жыл толып, өз дәрежесінде аталып өтті.

2013 жыл

- Жаңа оқу жылы қарсаңында Оян ауылындағы белгілі себептермен құрылышы бұған дейін тоқтап қалған толық емес орта мектептің жаңа ғимараты құрылышы толықтай аяқталып, салтанатты түрде ашылды. Пайдалануға берілді. Қазіргі таңда аталған білім мекемесі орта мектеп деңгейіне көтерілді.

- Аудан әкімі С.Дүйсембіновтің білдірген ұсынысымен ұлтжанды кәсіпкер Қ.Жұлдыновтың басшылығы арқасында «Гүлім және компания» ЖШС-нің көмегімен 2013 жылдың қыркүйегінде қасиетті Балпық әулиенің кесенесіне толықтай қурделі жөндеу жүргізілді. Тарихи маңызы бар ескерткіштің архитектуралық келбеті жақсарып, шырайлана түсті.


- Қаратал ауданының маңтандышы, қазақ сахнасының саңлағы, Қазақстанның халық әртісі Бикен Римова (1923-2001ж.) мен қазақ әдебиеті детектив жанрының көшбасшысы, қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың (1923-1986ж.) тұғанына 90 жыл толды.

2014 жыл

- 2014 жылдың қыркүйегінде Көксу ауданының орталығы Балпық би кентінде ынтымағы жарасқан Қаратал, Ескелді, Көксу ауданы жүртшылығының біріккен Мәдениет күні болып, онда Қараталдың өнерпаздары мен қол өнер шеберлері өміршең өнерлерін жарқыратада көрсетті.

- Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көрсетілген «Жүз мектеп, жүз аурухана» бағдарламасы аясында жыл басында Сарыбұлақ ауылында толық емес орта мектептің құрылышы аяқталып, пайдалануға берілді.

- Қазақ кино өнерінің санлағы, атақты кинорежиссер, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты Шәкен Аймановтың тұғанына жүз жыл толды.



2015 жыл

- Облыс әкімінің өкімімен басқа қызметке ауысына орай аудан әкімі Сұлтан Дүйсембіновтің орнына Қайрат Бисембаев аудан әкімі болып (23.03.2015ж.) тағайындалды.

- Аудан аумағында, онда да қала мен ауылдар қоғамында, округтерде, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық үйлімдерда, этно-мәдени бірлестіктерде қазақ хандығының құрылудының 550, Женіс мерекесінің 70, жаңа редакциядағы Ата заңымыздың қабылдауы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылудының 20 жылдығы кең сипатта аталды.

- Тамылжыған тамыз айында облыс орталығы – Талдықорған қаласында ауданның Мәдениет күні өзінің сән салтанатымен өтіп, құт береке дарыған Қараталдың сан-салалы экономикасы мен әлеуметтік, мәдени, спорт саласының жетістіктері көпшілік назарына ұсынылды.

- Жыл соңында жерлесіміз Қазақстанның халық әртисі, сахна саңлағы Қанабек Байсейітовтің туғанына 110 жыл толу мерейтойы Алматыдан арнайы шақырған өнер тарланының ұрпактары мен қарымды қаламгерлер Б.Нұржекеұлы мен Қ.Кұрманғалиевтің қатысуымен жоғарғы деңгейде тойланды.

- Сол жылдың күзінде академик Е.Ерғожиннің тікелей үйіткы болуы және қалталы азаматтардың қаржылай қолдауы арқасында Ескелді әулиенің кесенесі күрделі жөндеуден өтіп, толықтай жаңартылды. Ал келесі жылды оның тәңірегі көркейтіліп, абаттандырылды.

2016 жыл

-2016 жылдың 20 наурызында ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар сайлауы өтті. Оның нәтижесінде аудандық мәслихатқа әр салада еңбек ететін 13 депутат сайланды. Ізінше болған аудандық мәслихаттың бірінші сессиясында мәслихат хатшысы болып депутат Б.Смаилов сайланды.

- 2016 жылы Аспан елінің астанасы Бейжінде откен XXXI жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, Қазақстан құрамасы қатарында білек күшін сынаған ядро лақтырушы Үштөбелік Иван Иванов пен ауыр атлетші Маргарита Елисеева жастықта тән жалын танытты. Болашағынан мол үміт күттіретінін көрсетті.



- 2016 жылдың қараша айының соңында Үштөбе қаласының 9-шы мөлтекауданында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай жаңа үлгідегі 320 орынды «Балбек» бебекжай-балабақшасы облыс әкімі А.Баталовтың арнайы қатысуымен салтанатты жағдайда ашылды.

- Аудан аумағында егемен ел, тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығы жоғары қоғамдық – саяси өрлеу жағдайында аталып өтті. Ауданың экономикасы мен рухани саласын өркендетуге үлес қосып жүрген бір топ азаматтар Үкіметтік мерекелік медальмен марапатталды.

- 2016 жылдың 23 қыркүйегінде Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық мерекесі құрметіне арналған Қаратал ауданының Мәдениет күні ұзақ жылдардан соң өз топырағында – Үштөбе қаласында өтіп, өзіне лайықты сән-салтанатымен ерекшеленді.

- Білім мекемелеріндегі тәрбие сағатына көзі тірісінде «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», - деп серт берген Алаш қозғалысының кесемі, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бекейхановтың туғанына 160 жыл толуы (1866-1937ж.) арқау болды. Қала мен ауыл кітапханаларында Алаш қайраткерінің іс-қызметіне, әдеби мұрасына арналып, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2017 жыл

- 2017 жылдың 12 сәуірінде мерзімді баспасөзде мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың ұлттық бірегейлікті сақтауға, білімнің салтанат құруына, сананың ашықтығына, тұған жерге ту тігуге, рухани құндылықтарды қастерлеуге бағытталған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарық көріп, шартарапта, жер-жерде кең қолдау тапты.

- Тұған республикамыз Біріккен Ұлттар Ұйымы қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде екі жылға сайланды.

- Алматы қаласында қыскы Универсиада ойындары өткізілді.

- Жазда Астана қаласында бүкіл әлем көз тіккен дүниежүзілік ЭКС-ПО-2017 көрмесі өтіп, еліміздің мәртебесі тағы да асқақтай түсті.



- Коңыр күзде облыс орталығында ел ардақтысы Ескелді бидің туғанына 325 жыл толуына арналған тарихшы ғалымдардың қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

- Желтоқсан айының үшінші онкүндігінде Үштөбе қаласының батыс бөлігінде спорттың екі түрінен шұғылданатын (бокс, жеңіл атлетика, волейбол мен баскетбол) аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

- Өнір басшысының 28.12.2017 жылғы өкімімен басқа қызметке ауысуына байланысты аудан әкімі Қайрат Бисембаевтың орнына Рауан Ракымбеков аудан әкімі болып тағайындалды.

2018 жыл

- Қаратал ауданының шаңырақ көтеруіне 90 жыл толған жылдың көктемінде КР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясындағы «Туған жер» бағдарламасын ілгерілету мақсатындағы жер-жердегі перзенттерінің басын қосқан «Қаратал жомарттары» жерлестер форумы тәрбиелік мәні және тағылымдылығымен ерекшеленді.

- Ағымдағы жылдың шілдесінде Арқа төсінде бой көтерген, еліміздің бас қаласы Астананың салтанат құруының 20 жылдығы кен сипатта мерекеленді.

- Тамыз айының 7-де Алматы облыстық корей этномәдени бірлестігінің үйымдастырымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында корей мәдениетінің фестивалі өтті. Оған корей республикасының бас консулы Джон Сын Мин мен Қазақстан корейлері Ассоциация қауымдастырының төрағасы С.Г.Огай қатысты.

- Қазан айының басында қарымды қаламгер, қазақ детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаевтың (1923-1986 ж.) туғанына 95 жыл толу құрметіне орталықта кіші саябақ салынып, еңселі ескерткіш белгі бой көтерді.




Алдыңғы толқын ағалар...

Тұңғыш хатыны

Откен ғасырдың басында көкмайсалы Көксу өңірінде дүниеге келген, жаңа дәуірдің талабына сай алғашында бастауыш, кейінде кәсіби білім алған, іскерлігі арқасында ревком хатшылығынан сол тұстағы Қазақ КСР юстиция халық комиссары (қазіргі министр) дәрежесіне дейін көтерілген Баймұхамбет ағаның (кейбір деректе Баймұхамет) өнегелі өмірі мен жарқын іс-қызметінен хабардар болу үшін ең алдымен «Жетісу» энциклопедиясына (А. «Арыс», 2004 ж.631-бет) жүгінейікші. «Шағыров Баймұхамбет (22.08.1902. Қаратал ауд.-26.09.1986. Алматы)-қоғам қайраткері. 1919 ж. Талдықорған а.ш. мектебін, 1926 ж. Мәскеудегі БКП (б) ОК жанындағы партия қызметкерлерінің курсын бітірген. 1919-22 жж. Талдықорған уезі Күшік болысының а-дық ревком хатшысы, Балғалы болыстық партия к-тінің және Қаратал аудандық партия к-тінің хатшысы. 1923-25 ж. Талдықорған уездік к-ті «Қосшы» одағының төрағасы. 1925-31 ж. Алматы обл-ның Лепсі, Малайсары, Еңбекшіқазақ ауданында, сондай-ақ Орал, Қостанай облысында партиялық, шаруашылық органдарда лауазымды қызметтер атқарды. Кейін Қазақ КСР жабдықтау халкомында (1931-32), Алматы қалалық, Маңғыстау аудандық партия к-терінде, т.б. қызмет істеді. 1937 ж. Қазақ КСР юстиция халық комиссары қызметіне тағайындалып, 1938ж. КСРО Жоғары сотына мүше болды. 1939 ж. «Халық жауларын іздестіруде табансыздық танытып отыр» деген же-леумен тұтқындалып, қызметінен алынды. 1953 ж. 30-желтоқсанында Шағыровтың ісі тоқтатылып, толықтай ақталды. 1954-62 ж. «Қазақ қорғасын барлау» комбинатының құрылыш басқармасында, Қазақ КСР Мин. Кенінің шаруашылық басқармасында кадр бөлімін басқарып, Одақтық дәрежеде зейнеткер ретінде демалысқа шықты. «Құрмет белгісі» (1957 ж.) орденімен марапатталған».

Үкімет тарапынан селкеусіз сенім көрсетіліп, республикалық деңгейде жоғары лауазымды қызмет атқарған Б.Шағыров қанқүйлі отыз жетінші жылдың қызыл жалыны қалайша шарпығаны жайлыш шежіреші ақсақал Р.Толқымбекұлы (1914-2008 ж.) өз жазбасында былайша өрбітеді. Онда: «Қызыл жағалылар жездесі Қыдырбек (ша-



руа адам) Қытайға өтіп кеткен деген желеу сөздермен Б.Шағыровты «халық жауы» ретінде ұстап, тексерусіз, сотсыз Қыры Шығыстағы Колма өзені бойындағы лагерьге жіберіп, 18 жыл бойы тұтқында ұстайды. Тек 1956 жылы ақталып, елге оралады. Оның отбасы мүшелері қуғынға ұшырайды, қаладағы үйінен, ал балалары мектептен шығарылады. Тұрмыс қыындығына тап болған жары үш баласымен Алматыдан Көксу топырағына арып-ашып оралып, әупірімнің күшімен жан бағады. Қара жұмыс істейді. Бауырының отбасына көмектесуді үйғарған Ізбасар (Баймұхамбеттің інісі) Мәскеуге дейін арыз жазып, араша сұрайды. Оның өтініші «Әкесі үшін баласы жазықты емес», - деп қанағаттандырылады. Жергілікті өкімет тарапынан Б.Шағыровтың отбасына аз да болса көңіл бөлінеді. Көп ұзамай (1956 ж.) Баймұхамбеттің өзі де ақталып, шығады», - деп жерлестерін біраз жайдан хабардар етеді.

Ақиқатына жүгінсек, аға және орта буынның өкшесін басқан біздің ұрпақтың Жетісу өніріндегі тамыры терең, тарихы кенен ауданның тұнғыш басшысы Баймұхамбет ағаның есімімен қанығуымыз өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы. Сол тұстағы аудандық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Қаратал») газетінің жарық көруінің жарты ғасырлық (1932-1982ж.) мерекесін облыстық деңгейде атап өтудің дайындығы қызу қолға алынған болатын. Көне көздердің ақыл кенесі бойынша газет редакторы Мәкен апай және редколлегия мүшелерінің үйғарымымен астанамыз – Алматыда тұратын ауданның алғашқы басшысы Б.Шағыровты іздең тауып, сұхбат алу көзделді. Ақылдаса келіп аса маңызды бұл шаруа редакцияның адамдармен шебер тіл табыса билетін, тілі мен қаламы жүйрік әдеби қызметкери Әміре Әріновке (Ол сол жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқитын. Автор.) жүктелді.

Арада бір ай уақыт өтер-өтпестен Әміре қыскы сессиядан көңілді оралды. Сынақ пен емтиханын ойдағыдай тапсырыпты, миллионға жуық тұрғыны бар үлкен шаһардың ішінен Баймұхамбет ағасын да көп қиналмай тауыпты. Қараталдықтарға сыйға тартқан фотосуретін табысталды. Қалай жолығып, екеуара қандай әңгіме өрбігенін айтты. Көп ұзамай газет бетінде көлемді мақала жарияланды (Басылымның сол саны сақталынбағаны өкінішті-ак!). Есімде еміс-еміс сақталғаны – ағамыз Жастар одагына мүше болған жылдары Ресейдің орталық өнірінен ығыса-ығыса келіп, Жетісу арқылы Қытайға өтпекші болған жергілікті тұрғындарға қысастық көрсеткен атаман Анненковтың қанқуйлы әскерін талқандауға қатысқанын, Қаратал ауданының іргетасын қалауда қандай шаруаларды қолға алғандығы және зейнетке



шыққаннан соң Алматы қаласы ардагерлер Кеңесі құрамында атқарған қызметі жайлы айтқаны ғана (Өкінішке қарай, жоғары басшылық тарапынан ағамыздың 1986 жылы дүниeden озуы жайлы хабары бізге жетпеді. Газет арқылы қазанама да берілмеді). Сол жылдың (1982ж.) мамырында басылымның жарты ғасырлық мерекесі өз дәрежесінде аталып өтті. Сэтін салғандығы болар, ағамыздың Әміреге табыстаған ескерткіш фотосуреті менің жеке архивімде сақталыпты. Жаутар дүние қашан да құнын жоймайтыны мәлім ғой. Мандайы жарқыраған, жүзінен мейірім тәғілген ағамыздың сол суреті 2015 жылы облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген «Қаратал ақтандары» тарихи-танымдық кітабына (А. «Тоғанай Т», 2015 ж.) енгізілді. Аудан әкімдігінің екінші қабатындағы фойедегі ескерткіш тақтадан орын алды. Қалай десек те, ел ардақтыларына көрсетілер мемлекеттік және халықтық құрмет кемімеуі, көмескіленіп ұмыт қалмауы тиіс-ақ! Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы да осындай игі істерге жетелейді.

Халқымыздың «Жақсының аты өлмейді», «Болар істің басына, жақсы келер қасына»,-деген мақаласына сай осыдан тоқсан жыл бұрын бой көтерген ауданымыздың тұнғыш басшысы, көрнекті қоғам қайраткері Баймұхамбет Шағыровтың талайлы тағдыры, жарқын іс-қызметі турасында азды-көпті сөз еттік. Оның тақырыптық аясын кеңейту, мазмұнын байыту алдағы күннің еншісінде.

Азапты 1166 күн мен түнге сыр бермеген

Отken ғасырдың отызыншы жылдының басында Қаратал ауданының басшылық тізгінің ұстаған Шеген Қодамановтың 1938 жылдың аты-шулы қызыл зұлматында азапты 1166 күн мен түнді қалайша көтере білгендігін әңгімелемес бұрын, қайсар тұлғаның бұған дейінгі және одан кейінгі өмір жолына, қызметіне қысқаша тоқтала кетейікші. Шеген Ермұхамбетұлы Қодаманов 1901 жылы 21 наурызда, бұрынғы Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Шиелі болысына қаасты Ақмая деген жерде дүниеге келген. Кедейшілік оны бала кезінен-ақ өз бетімен күн көруге мәжбүр етті. Ауылда ескіше хат таныған ол Қызылорда қаласында оқып, теміржол депосында жұмыс істейді. Қазан көтерілісінің жеңісінен кейін, 1921-1925 жылдары Түркістан Республикасындағы жергілікті ұлт жастары үшін Ташкентте ашылған төрт жылдық теміржол техникумында оқиды. Өзінің бойындағы зор



ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Ш.Қодамановқа техникумды бітірген соң Ленинградтағы Свердлов атындағы Күншығыс еңбекшілерінің университетіне оқуға жолдама беріледі. Мұнда да ол өзінің алғырлығымен, табандылығымен көзге түседі. 1929 жылы окуын үздік бітірген Шеген Ермұхамедұлы, небәрі 28 жасында, Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Ал 1930-1931 жылдары ол осы облыстың Төңіз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, аудан экономикасын көтеру жолында көп еңбек сінірді. Мұнан соң 1931-1932 жылдары оған үлкен сенім білдіріліп, Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Бұл кезең ел басына ауыртпалық түскен жылдар еді. Партия тапсырмасы қашан да бұлжытпай орындалуы тиіс. Партия Шеген Ермұхамедұлын ең артта қалған ауыр аудандардың экономикасын көтеруге жұмсан отырды.

Ол 1934-1937 жылдары Алматы облысы, Қаратал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, сонаң соң Алматыдағы Қазақстан кант тресінің басқарушысы болып қызмет атқарды. Алайда 1938 жылы 25 наурызда адал азамат Шеген Ермұхамедұлы Сталиндік репрессияға ұшырап, өмірінің 17 жылын азаппен өткізді. Денсаулығынан айырылды, әйтсе де қатарынан қалған жоқ. 1955 жылы елге оралып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Тасты кеңшарында, ал 1959 жылдан өзінің туған жері Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Төңкеріс» ұжымшарында еңбек етіп, туған жердің тұтінін тұтетіп, оның гүлденіп, көркеюіне барынша қызмет етті. Шебер ұйымдастырушының қашанда тыңнан жол сала білетіні анық. 1960-1961 жылдары мал өсіру фермасын ұйымдастырып, мол өнімнің негізін қалауға ықпал ете білді. Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер бола жүріп аудан, облыс, республикамыздың қоғамдық өміріне белсене араласты. Бір кездері өзі еңбек етіп, оның өркендеуіне үлес қосқан «Төңкеріс» кеңшары бұл күндері – Шеген Қодаманов есімімен аталады. Шаруашылықта Шеген Ермұхамедұлының әулетінен тұлеп ұшқан 51 жан қызмет етіп, абзал азаматтың абырайын асқақтатып отыр. Ол өмірден 1974 жылы өтті. Құрделі дәуірдің іргелі міндеттерін арқалап, уакыт жүргін қайсарлықпен көтерген айбынды тұлға ұрпағының дені жоғары білімді азаматтар. Бұл күндері Тельман, Эрнст, Лазарь, Бақытжандар әке аманатына адалдықпен қарап, туған жерінің гүлденуі жолында ел қатарлы еңбек етуде. Өз атын жақсылықтың мәңгілік тақтайына өз қолымен жазып кеткен, рухы мықты абзал азаматтың ерлік істері ұрпақ есінде мәңгілік сақталары анық.



Бұл дерек «Қазақ жерінің зиялды азаматтарынан» /Дәуір, 2004, 424 бет. – Ғұмырнамалық жинақтар сериясы, 9-шы кітап/ алынды.

Ал, енді, қайсар мінезді ер азаматты қайғы-қасіретке ұрындырған, айрандай үйіған отбасын сергелденге салған (жұбайы мен төрт боласы болатын) ай мен күннің аманында жазықсыз азап шектірген зіл батпан 1166 күн мен түннің (білдей үш жыл, 71 күн) тарихына үнілейікші. Қараталда шындалған ол қызмет бабымен өсіп, республика астанасы Алматы қаласындағы қант заводының директоры кезінде қанды қасап 1938 жылдың 23 наурызында «Халық жауы» деген желеумен (алты бірдей басшы азаматпен бірге) тұтқындалады. Олар: Алматы облысы, Кеген, Аяқөз, Шелек аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары – Ф.Сұлтанғалиев, Р.Хайруллин, Б.Байғанаев, Қазақстан КОКП баспасының бас редакторы Х.Өзденбаев, Алматы облысы жер бөлімінің бастығы Р.Сырғабаев, Қазақ бас сауда мекемесінің экономисі М.Дәuletқалиев болатын. Жетеуіне бірдей «Совет өкіметінің дүшпандары» деген айып тағылды да, «Қылмыстық әрекеттері» бойынша 1938 жылдың 23-наурызынан бастап №11384-ші іс түзеледі. Шеңген ағаға нақақтан тағылған кінәнің бірі – Қараталда хатшылық қызмет атқарған тұста, ауданға ел жағдайын білу үшін іссапармен келген, кейінде «халық жауы» деп танылған лауазымды басшылар О.Исаев және Ж.Сәдуақасовпен табақтас әрі ымыралас болдың деуі еді. Тіпті оны айтасыз, оларды «Қарулы көтеріліспен СССР құрамынан Қазақ КСР-ін бөліп алу мақсатында контрреволюциялық ұлтшыл болған», - деген қысынсыз жала жабылды.

Содан не керек, Алматының тар қапасты абақтысында жатқан жеті азаматтың үстінен алдымен төрт, кейін алты том материал жинақталады. Осының негізінде 1939 жылдың 10 наурызында 37, ал 1941 жылдың 11 ақпанында 8 парап айыптау қорытындысы облыстық НКВД мен прокуратура арқылы облыстық сотқа тапсырылады. Көп ұзатпай облыстық соттың көшпелі сессиясы жоғарыдағы № 11384-ші істі 1938 жылдың 18-23 сәуірінде жабық түрде Үштөбе стансасында қарайды. Алайда, білімді, заңнан хабары бар жеті азамат та өздеріне қысынсыз тағылған айыпты мойындармайды. Олардың бұл уәжін қаперіне де алмаған облыстық сот заңды белінен басып, РСФСР қылмыстық кодексі 58-бабының 2,7,11 тармактары бойынша Шеген аға мен серіктепі Б.Байғанаев, Р.Хайруллин, Р.Сұлтанғалиевті қылмыскер деп танып, әрқайсысын 20, ал Р.Сырғабаев, Х.Өзденбаев, М.Дәuletқалиевті 15 жылдан бас бостандығынан айырып, түрмеге қамауға үкім шығарады. Эйтсе де жазықсыз жазғыруға көнбекен қайсар жандар 1939 жылдың



23 сәуіріндегі үкімнің әділетсіздігін дәлелдеп республика мен Одақтың бас прокурорына, тіпті «Халықтар көсемінің» өзіне дейін әлденеше рет шағым арыз жазады. Мәселеге Қазақ КСР жоғарғы сот алқасы мен республика прокуратурасы араласқаннан кейін 1941 жылдың 15 акпанында №11384-ші іс қайта қаралып, жетеудің екеуі қамаудан босатылады. Қалған бесеуі (қатарында Ш.Қодаманов бар) КСРО НКВД-сы жанындағы айрықша кенеске дейін шағымданады. Айрықша кенестің пәрменімен облыстық сот 1941 жылдың 28 тамызында аталған істі түпкілікті қарап, Ш.Қодаманов пен жанындағы серігінің әрқайсысын бес жылға сottайды. (Х.Өзденбаев тұрмеде отырған мерзімі есепке алынып, қамаудан босатылады). Нақақтан нақақ жала жабылған, бас бостандығынан айырылған Шеген аға бұрынғы партия қызметкери ретінде тиесілі жазасын Ресейдің Свердлов облысындағы саяси тұтқындарға арналған лагерьде өтейді. Араға төрт жыл салып, Женістің құрметіне орай Ш.Қодаманов сынды бір топ саяси тұтқындарға кешірім жарияланады. Бостандыққа шыққасын Шеген аға Созақ жағында қызмет атқарады. Тұған топырағына оралады. Мұнда да қыр ізіне түсіп, кудалау жалғасады. Ақыры 1955 жылы жылымық желі жеткесін барып, еркіндікті сезінеді. Қашан өмірден өткенге дейін (1974ж.) туып, өскен Төңкеріс ауылында (қазіргі Ш.Қодаманов) еңбектен қол үзбейді. Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер атанады. Өнегелі үл, қыз тәрбиелейді. Немере сүйеді.

Зерделеп қарасақ, Шеген ағамыздың Қаратал ауданына басшылық жасаған уақыттан бергі кезеңнің өзіне сексен жылдан асыпты. Оны көріп, қызметтес болғандар жоқтың қасы. Тек олардың кейінгі ұрпағының бірлі-жарымы ғана «Әкелеріміз айтып отыратын», - деп сұыртпақтап жеткізетін. Солардың бірі Сарыбулақ ауылының тұрғыны, 85 жастағы Рубай ақсақалды 2000-шы жылдары жолықтырғанымда: «Шеген есімімен бала кезімізден қанықпыз. Атқа мініп алып, колхоз егістігін жиі аралайды еken. Бірде ол терең сіңірлімей топырақтың бетінде қалған тұқымды байқап қалып, мамандарға ескерту жасайды. Жіберген қателіктен дереу қорытынды шығарған колхозшылар танаптың үстімен отарлы кой жүргізіп, тұқымды оның тұяғымен топыраққа сіңірсе керек. Ол тұстағы ауданың ауқымы кең болатын. Қазіргі Көксу ауданының тең жарымы бертінде ғана бөлініп шыққан еді. Елдің игілігі үшін жар құлағы жастыққа тимей қызмет еткенін аға ұрпақ өкілдерінің көбі сүйсініп айтатын», - деп сыр шерткені бар. Мұндай деректерді күні кеше арамыздан өткен Сейдахмет ақсақал Жөкен апай, бүтінгі күні арамызда жүрген, сексеннен асқан жасы бар




Балтабай қария да жеткізе білді.

Сүйсінерлігі сол, 2014 жылдың қарашасында Алматы қаласында Шеген ағаның ұрпақтары «Береке» мейрамханасында ағайынтыстың басын қосып, ардақтысын еске алып, аруағына арнап құран бағыштады. Оған өз кіндігінен тараған ұл-қызы: Лазарь мен Бақытжан, қызы Жәмила, бір топ немерелері мен шөберелері қатысты. Онда Шиелі топырағының тумалары Төлеген мен Эбу аға, күйеу баласы Ермек, нағашы жағынан Нариман т.б. артына өнегелі ұрпақ, жарқын із қалдырған Шеген ағаның мағыналы ғұмыры жайлы естеліктер айтты. Қалай десек те, туған жердің ғұлденуі үшін аянбай тер төккен, білімі мен қайрат жігерін сарп еткен, қызыл империяның тозақ отынан аман оралған қайсар тұлға Шеген Қодамановтың өмір жолы мағыналы да тағылымды.

Алғашқы редактор

Откен ғасырдың алғашқы ширегінде Ресейді үш жұз жыл билеген Романовтар әулеті тақтан еріксіз тайдырылған соң билік басына келген (1917ж.) большевиктер партиясының жетекшісі «Газет-коллективтік насиҳатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен бірге коллективтік ұйымдастырушы», -деген ұран тастаған болатын. Демек, ол заманда қағаз күйінде тасқа басылып шығатын газет-журналға айрықша көніл бөлінген. Осы қағидамен, осы ізбенен 1932 жылды (күні мен айы белгісіз) Қаратал аудандық партия комитетінің органы болып табылатын «Екпінді еңбек» газеті жарық көреді (қазіргі «Қаратал» газетінің ізашары. Автор). Сол тұстағы ахуалға, қаржы мен полиграфиялық жағдайға орай көлемі бір беттік, таралымы небәрі 750-1000 дана құрайтын басылым алғашқы күннен-ақ жаңа заман мен социалистік құрылыштың жетістіктерін насиҳаттауды, ел-жүртттың жаппай саятуын арттыруды басты мақсат тұтады. Кемшилік атаулыны да қалыс қалдырмайды.

Араға екі жыл салып 1934 жылды аудан орталығы іргедегі Шұбар ауылынан Түркісіbtің бел баласы – Үштөбе станциясына көшіп келеді. Бұған дейін Талдықорған ауданының (қазіргі Ескелді ауданы) «Колхозшы» газетінің жанындағы шағын баспаханада басылған басылым енді Үштөбенің өзінен шығатын болады. Қызықты қараңыз, алғашқы күннен жаңалықтың жаршысы болған «Екпінді еңбектің» әу басындағы штаттық кестесі бір ғана редактордан тұрған. Осы бір абыройлы міндетті мінсіз атқарған Исағұл Атамқұлов ақсақал



(екінішке қарай туған, қайтқан жылды, мамандығы, іс-қызметі жайлар деректер жоқтың қасы) өзі тілші, өзі таратушы болған. Ол торы қасқа атының бөктеріндегі қоржынға салынған газетті жақын төніректегі ауыл-ауылға таратады екен. Бір жағынан келесі жарық көретін газетке қажетті материалды (ақпаратты) жинақтаған. Өмір көші алға қарай ілгерілеп, ел басына күн туған қызын шактар: қазақ даласын жайлаған ашаршылық, құғын-сүргіннен түрған қызыл репрессия, қыруар ер азаматтан айырған екінші дүниежүзілік соғыс т.б. кейінде қалады. Ел еңсесі көтеріліп, сұрапыл соғыстың зардабы жеңілдеген тұста, яғни 1957 жылдан бастап «Екпінді еңбек» газеті енді «Социалистік еңбек үшін» деген атпен қазақ және орыс тілінде шығарылады. Араға алты жыл салып, 1963 жылдың бірінші мамырынан оның атауы «Коммунизм жолы» - «Путь к коммунизму» болып өзгеріледі. Аптасына үш рет, төрт бет болып, қос тілде Қаратал аудандық баспаханасында басылып, тарайды. Қызметкерлерінің саны (жергілікті радио хабарын таратуды қосқанда) жиырма үшке дейін жетеді. Жариялышы қале есіп, Тәуелсіздікке қол жетер тұста мұнартқан сағымдай болып көрінген «Коммунизм» елесінен біржолата арылып, ұзын аққан Қаратал өзенімен бірге тыныстайтында жаңа атауға ие болады. Бергінде оның катарын өзініз тұщынып оқытын дербес «Бастау» газеті (1999ж.) толықтырды.

Аудан өмірінің айнасы, жылнамалы шежірешісі бола білген, сексен бес жылдық тарихы бар басылымның алғашқы редакторы И.Атамқұловтың күні бүгінге дейінгі ізбасарлары қатарынан И.Сатаев, Ш.Піралин, Ж.Тыналин, Қ.Нұсіпов, Ж.Бағжанов, М.Серғалиев, Ә.Іскабаев, М.Өсербаева, Бақытжан мен Сәкен Құйқабаевтар, Н.Естаев пен оның бүгінгі басшысы А.Өмірбаев көріне білді. Сүйсінерлігі сол, басылымның әр жылдағы Алаш қайраткері, ұлт ұстазы, ағартушы ғалым А.Байтұрсынұлының «Газет-халықтың көзі мен құлағы Һәм үні», -деген қагиданы ұстанған редакторлары арасынан өзінің іскерлігі арқасында облыстық, тіпті респубикалық деңгейдегі басшылық қызметке жоғарылатылғандар да болды. Ал қаламгерлік қабілет қарымымен танылған қарымды журналист М.Серғалиев артына көркемдік деңгейі жоғары «Замандастар» романын (А. «Жазушы», 1983ж.) қалдырды. Қаламы жүйрік журналист Эли ағамыз балалар ақыны атанумен катар көпшілік сұранысқа ие болған «777 жұмбактың» көсегесін көгертуі. «Қазастанның құрметті журналисі» атағын иеленген Мәкен апайымыз бірнеше тарихи-танымдық кітаптың авторы. Асхат ініміз болса көркем прозалық шығармасымен әлденеше рет облыстық, респубикалық конкурстардың лауреаты атанды.



Облыс пен республика орталығындағы әдеби ортадан шалғай жатқандығына қарамастан осы бір шағын басылым кадрлар ұстаханасына айналып, оның қабырғасынан есімі елімізге танымал ақын, жазушылар, драматург пен журналистер түлеп үшты. Осы орайда жазушы С.Мұратбеков, Н.Кабак, журналист-драматург Т.Әбдуәлиев, Т.Әліпбаев, ақындар: О.Кендірбаев, А.Баққожаев, Ә.Әрін, Қ.Әлімбеков, Г.Тұстікбаева т.б. есімдерін ілтипатпен атаған жөн. Газеттің беделді қызметкерлері атанған В.Сергиенко, Ж.Майтжанов, А.Әлмесов, Л.Нагибин, Б.Ким, О.Голубенко, К.Құсайынов, Ф.Шаяхметов, В.Вольвач, К.Демешов, О.Петрунько, Т.Скворцова және басқалар басылымның мерейін асыра білді. Бұл топты газеттің жер-жердегі ондаған белсенді қоғамдық негіздегі авторлары (штаттан тыс тілші) толықтырды. Басылымның берік тірегі, сенімді серігі полиграфия саласында ұзақ жыл басшылық қызмет атқарған Р.Бейсембаев ата мен С.Бейсеков және оның ізбасарлары басқарған Қаратал аудандық баспа-ханасы болды. Өз басыма келсек, басылымның қызметкери болғанымды (1976-1990 ж.) әркез мақтаныш тұтамын.

Қанабекті қатерден құтқарған

Қазақтың үлттық театрының негізін қалаушының бірі, Қазақстанның халық әртісі, жерлесіміз Қанабек Байсейітовтің «Құштар көңіл» мемуарлық кітабын (А. «Жалын», 2004 ж.) оқыған көзі қарақты оқырманның есіне салар елеулі бір оқиға бар. Қанабек ағамыз он тоғыз жасында (1924 ж.) іргедегі уездік бағыныстағы Қарабұлаққа (Ескелді ауданының орталығы) милиция бастығы болып барады. Ал оны мекендейтін казак-орыстарының біразы дерлік жаңа өкіметті мойында-май, тәртіп бұзуға бейім тұратындар болатын. Соларды жөнге салмақшы болған Қанекенің батыл қимылы олардың ашу-ызасын тудырады. Тіпті ұйымдастып, оны үйінде түнмелікте өлтірмекке оқталады. Бұдан хабары бар ағамыз жанындағы үш серігімен қарақшылық ниеттегілерді қасқая қарсы алады. Қорғанып, жан сактау үшін қаранғыда терезені бұзып, ішке енген балталы біреуді қолындағы алтыатарымен жобалап бір-екі рет атады. Оқ тиіп шыңғырган дауыстан тайсақтап қалған екі серігі есіктен кері қашады. Нәтижесінде екі содыр казак ажал құшады. Құтпеген адам өлімі Қанекене қырсық болып жабысады. Уездік ми-лиция бөліміндегілер оны жанындағы үш серігін кінәлі деп тауып, қамауға алады. Талдықорған түрмесіне отырғызады. Сондағы тағылған кінә-алдымен ескеरту оғын атпағаны. Ал оның аяғы ушығып, бас



бостандығынан айырылып, тіпті сотталып кету қаупі төнеді. Міне, осы қатерден сол тұстағы Талдықорған волкомының бастығы, КирЦик-тің мүшесі, ауылдасы, әкесінің танысы Қатқылбай Байсақов (1888-1955ж.) құтқарады. Бұл турасында аталған кітапта былайша баяндалады:

- Өрімдей жасқа араша түсуші Қатқылбай аға милиция бастығы Королевке: «Тап күресі әлі тоқтаған жоқ, өзің білесің. Кісі өлтірді дейсің. Кім кісі өлтірмепті? ... Соғыс бітті деп пе ең? Өлгеннің бірі ақ бандалардың отрядында болыпты. Ал егер олар келіп, сол түнде мұны өлтіріп кетсе қайтер едік? Тек мұның қателігі-ескерту оғын атпаған. Балтамен біреу өзіне тұра ұмтылса, ескертуді есептеп тұрармысың? Тергеу бітпей босатып жібере алмайтыныңды түсінем, оған қақын жоқ, бірақ сен бұл баланы маған кепілдікке бер», -дейді. Королевтің келісімінен соң ол Қанабекті ауылға алып қайтады. Кейін Талдыкорғанға қайта шақыртып, алтыншы көшедегі татар жастары мектебінде окуға көмектеседі. Осы окудың көмегімен Қанекен 1925 жылы Алматыға аттанады. Педтехникумға окуға түседі. Арада екі ай өткесін Талдықорғандағы болған соттың шешімін Қатқылбай ақсақал Алматыға келіп, Қанабекті милиционер Жидебай арқылы өзіне шақыртып алып: «Бала, сотыңа қатыстым. Шешімі міне, әдейі әкелдім, өзің оқып көр. «Өлмегенге өлі балық кезігеді» деген. Қазақстанның бес жылдығына байланысты амнистияға іліндін. Бір ай түрмеде жатқандығынды есепке алып, жазадан босатты. Сотталдың, ақталдың. Құтты болсын, соны айтқалы шақырттым», -дейді.

Байқалып отырғандай, ел ағасы Қатқылбайдың өмір жолын жаңа бастаған тұста күтпеген қатерге тап болған Қанабектей жас жігітке араша түсіп, сотталудан аман алып қалуының өзі шынайы адамгершілікке толы ізгі қасиет саналса керек. Егер де сол кезеңде қарақан басын ғана емес елдің, онда да жастардың қамын ойлайтын Қатқылбайдай жастың шыр жан болмаса болашағынан мол үміт күттірген Қанабектей жастың шегуі әбден мүмкін еді. Ал Қеңестік жүйенің тәртібі бойынша сотталған адамның арнаулы немесе жоғарғы оқу орнына қабылдануы, әжептәуір қызметке ілігуі екіталай болатын. Демек Қанекенің әрі қарай оқу оқып, білім алуы, студенттердің ойын-сауығын үйымдастырып, көзге түсуі, жұмысшы жастар театрының белді актері, бертінде казак сахнасының саңлағы, Қазақ КСР халық әртісі, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атануы, казақ музыка театрының негізін салушының бірегейі болуы да неғайбыл еді. Ал мұның аяғы қазақ өнерінің айтарлықтай зардал шегуіне әкеліп соктырар еді.



Көне көз қариялар Ояндық Баймұқа Мұсанов, келіні, Үштөбелік (Тәттібайдың жұбайы) Уызбала Әбдірахманқызы (марқұм) мен қазіргі Бақтыбай ауылының байырғы тұрғыны, тоқсаннан асқан жасы бар Әбен Сайланбайұлының бізге жеткен деректеріне сүйенсек, Байсақұлы Қатқылбай 1888 жылы бүтінгі Айдар өнірінде кедей отбасында дүниеге келген. Анадан алтау болып, өсіп жетілген. Заманың ағымына бейімделе білген Байсақ сол тұстағы зіл батпан тұтін салығын ауырсынып, балаларының болашағын ойлап, Гавриловкіге (Талдықорған) аңшылықта танысқан орыс достарын арқа тұтып, көшіп барады. Байларға жалданып егін егеді. Қолының ұсынақтылығы арқасында етік пима жамаған. Бәйбішесі Рысалды кенептеп жалшылар киетін жұқа сырт киім тіккен. Қатқылбай 16-17 жасында осындағы жүн заводында жұмыс істейді. Орысша сауатын ашып, хат танитындей, жатық сөйлейтіндей дәрежеге жетеді. Ізіне жұртты ерте алатын басшылық және үйымдастырушылық қабілетімен танылады. Кеңес үкіметі 1918 жылы Талдықорғанда орнағаннан соң жаңа өкіметтің жергілікті жерде орнығына белсене атсалысады. Іскерлігінің арқасында 1920 жылы Қапал уезі, 1924 жылы Талдықорған ревкомының төрағасы болады. КирЦик-тің мүшелігіне сайланады.

Ал 1925 жылы сол тұстағы астана - Қызылорда қаласында өткен өлкелік партия конференциясына Жетісу өнірінен делегат болып қатысады. Ресейден қашып Жетісуды сағалаған, тұрғылықты халыққа зорлық-зомбылық көрсеткен атаман Анненковтың отрядын талқандауға, оларды Қытай асыра қууға қатысады. Әр ауылдан қызыл әскер отрядын үйымдастырады. Біршама жылдар жақын төніректегі аудандарда басшылық қызметтер атқарады. Жоғарғы үкімет басшылығының үйғарымымен ол 1929 жылы онтүстік өніріндегі (қазіргі ОКО) «Күйік» совхозының директоры болып тағайындалады. Жаңа совхозды құрып, аяғынан тік тұрғызған, бес жыл басқарған соң Мерке ауданында қызмет атқарған. Мұнан кейін өз сұрауы бойынша елге оралады. Алғаш ауылға келгесін алдымен ауылдық Кеңестің төрағасы, ал соғыс жылдарында Көкбастау (Көксу ауданы) мен «Красный восток» колхозының (Қаратал ауданы) төрағасы, Айдардағы сиыр фермасының менгерушісі қызметін атқарады. Кейінде 1950 жылы зейнеткерлікке шығады. Әулетті жалғастырған ұлы Қасымхан соғысқа қатысып, Кронштадттағы әскери-теңіз флотында теңізші қызметін атқарады. Майданнан аман оралып, ұзақ жыл «Кәлпе» совхозында агроном болып еңбек етеді. Кіндігінен төрт қызы, екі ұл тарайды.

Жаңа дәуірдің бір ғана Қараталда емес, барша Жетісу өнірінде



орнығуы жолында елеулі еңбек сініріп, қажырлы қайрат танытқан Қ.Байсақовтың жемісті іс-қызметі өкімет тарапынан лайықты бағасын алады. Жоғары марапатқа - «Құрмет белгісі» (1949ж.) орденіне ие болады. Елге сінірілген еңбегі ескеріліп, кезінде немересі Б.Байсақовтың қозғау салуымен, Үштөбе қалалық Кеңесінің шешімімен аудан орталығындағы бұрынғы Деповская көшесіне оның есімі берілді. Ауылдастары да ел ағасына құрмет көрсетіп, өздеріндегі бір көшені Қатқылбай аға атымен атады. Қанабектей жалынды жасқа жанашыр болған, өмірі өнегеге толы, жарқын күрескер жанның туғанына биыл 130 жыл толуы қабырғалы ауданымыздың шаңырақ көтеруінің тоқсан жылдығымен тұспа-тұс келуі де тарихи сабактастықтың жарқын бір көрінісі деп бағаласа ешбір артықтық етпейді.

Ауылдағы ғылым докторы

Әдетте қай саланың ғалымы болса да Алматы мен Астанада, не месе облыс орталықтарында тұратыны белгілі. Солардың бірі ғалым-селекционер, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, агроном, білікті басшы Николай Александрович Пак жайлы әңгімелекпін. Күріштің атасы атанған ғалым бүгінгі таңда Қаратал ауданы Үштөбе қаласының шығыс беткейінде орналасқан Тәжірибе ауылының тұрғыны.

Жетпістің белесінен асса да енбектен қол үзбеген Николай Пак қазіргі кезде «Тәжірибе» өндірістік коперативі төрағасының селекция және тұқым шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып қызмет аткарады. Көп жылдан бері күріштің жаңа сорттарын Жетісу жеріне жерсіндірумен шұғылданды. Төгілген тер мен ғылыми ізденістің арқасында Қаратал маржанының «Пак-Ли» сорты өндіріске енгізілді. Балқаш өңірі мен Қызылорда облысының теріскейіне арналған жаңа «Заря», «Опытное» және «Суаг» сорты көпшіліктің көnlінен шықты.

Табаның жерге, мәндейін күнге қыздырып, басты байлық – нан деп түсінетін ол жастайынан диқандық кәсіпке қызығып өсті. Өсімдік атаулысын күтіп-балтауды жаны сүйді. Орта мектепті тәмамдаған соң «Ленинский путь» колхозының көкөніс өсірушілер звеносының құрамында еңбек етті. Жұмыста шындала жүріл ысылып, жастар звеносының жетекшісі болды. Білімін шындау мақсатында қазақтың ауыл шаруашылығы институтының агрономдық факультетінде сырттай оқыды. Қоғамдық өмірге белсене араласа жүріп, ұйымдастыруышылық қабілетімен ерекшеленіп, 1961-1967 жылдар аралығында аудандық ком-



сомол комитетінің бірінші хатшысы міндетін атқарады. Талдықорған облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінде нұсқаушы да болады. Егінші қауыммен қоян – қолтық араласып, үнемі қайнаған еңбектің ортасында жүрді. Атағы дүркіреп, «Кұрмет белгісі» орденді «Правда» газеті атындағы совхоздың бас агрономы қызметін де қалтқысыз атқарады. Жетекші ғалымдар бекітіп берген кандидаттық диссертацияны да сәтті қорғады. Жүрек түкпіріндегі арман орында-лып, ауыл шаруашылығы ғылыминың кандидаты атанды. Тәжірибелі ғалым-агрономға күріш өсірумен айналысатын «Үштөбе» совхозына басшылық ету міндеті де жүктелді. Біраз жылдан соң облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімінің мендерушісі қызметін атқарады.

Биік мансапта отырса да ауылдың жұпар иісін аңсайды. Кейіннен туып өскен жері Қаратал ауданымен қайта қауышады. Содан Фрунзе атындағы тәжірибе шаруашылығы совхозының директоры болып қызмет ете бастайды. Еңбек ете жүріп, қазактың егіншілік ғылыми – зерттеу институты ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Институт тәжірибе алқабының бірі болғандықтан мұнда күріштің «Үштөбе», «Алакөл», пияздың «Қаратал» сорты, масақты дақылдар мен жонышқа өсіріліп, оның жоғары өнім беретін элиталы тұқымы жер-жердегі шаруашылықтарға сатылады. Егіншілік мәдениетінен хабары бар ғалым басқарған щаруашылық мамандары мен егінші-механизаторлары ғылымның соны жетістіктеріне негізделген агротехникалық шараларды, ауыспалы егіс жүйесін өндірісте кеңінен пайдаланудың нәтижесінде біраз жетістікке жетеді. Тағы бір айта кетерлігі, сол жылдарда өзге өнірдегі шаруашылықтар үшін жоғары түсімді күріштің элиталы тұқымын сату жоспары жыл сайын екі есе асыра орындалды. Ал «Қаратал» сортты пияздың тұқымы Кеңестік Одақтың 33 облысина тарады. Сол жылдары Талдықорған өнірі еңбеккерлерінің тыныс-тіршілігін көруге келген Дінмухамед Қонаев та Николай Александрович басқаратын шаруашылыққа арнайы атбасын бұрып, күріш егістігінің жай-жапсарымен таныса отырып, атқарылған іске ризашылығын білдірген еді.

Тағы бірде жүртшылықпен кездесу өткізген космонавтың бірі егістік алқабына көз жүгіртіп, тізеден келетін суда жайқалған күрішті көріп: «Ойпырмай, суда есіп тұрған мына дақыл, қалайша шіріп кетпей тұр екен?!», - деп таңданып, қызығушылық танытқан болатын. Ал мамандар жағы әлгі ғарышкерге бұл дақылдың тоқсан күн суда тұрып өсіп-жетілетінін түсіндіріпті. Еңбек ете жүріп, ғылымнан қол



үзбеген ол көп жылғы зерттеулерінің негізінде 1999 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданының Алмалық кентінде орналасқан қазақтың дақыл және егіншілік ғылыми – зерттеу институтында «Қазақстанның онтүстік-шығысындағы күріш егістігінің арам шебіне қарсы күрестің интеграциялық жүйесі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Осылайша елімізге сінірген ерен еңбегі жоғары бағаланып, «Еңбекте үздік шыққаны» және «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері, «Қаратал ауданының құрметті азаматы», атағын иеленді.

PS. Селекционер – ғалым Н.Пак 2014 жылы өмірден озды.

Тоқсан бестің толғауы

Кең байтақ қазақ даласының әр өнірінде қасиет - қазынаға айналған, аталы сөздің абызы атанған, тоқсаннан асқан жасы бар, көпті көрген басы бар қазыналы қарттарымыз некен-саяқ болса да, үшырасады. Солардың бірі емес бірегейі - құт-берекелі Қаратал ауданының қақпасы – Қаражиде ауылының байырғы тұрғыны, бір ғана Қараталдың емес, күллі Жетісудың кеудесі данғыл, қазыналы, аныз да шежірелі қариясы Сейдахмет Қосжанұлы ата. Алланың берген күш-куаты, ризығы, өз басының саламатты өмір салтын берік ұстағаны, ой еңбегінен қол үзбегені, құтты шаңырағының жан жылуы, өмірлік жары Нұрғамиламен бірге есейтіп, қатарға қосқан, тоғыз ұл-қызынан тараған отыз алтыдан асқан немере мен нақ осыншалықты шөберенің тілеуі бοлар, қадірменді ағамыз 2015 жылдың желтоқсанының ортасында екінің бірінің пешенесіне жазылмаған тоқсан бес деген (Құдайым көптік етпесін) белесті бағындырды.

Сәлем - сөздің атасы. Уақыттан бұрын қымылдауға, оқиғаның алдын алуға дағыланған журналист деген қауымның өкілі болғандықтан, Сейдіаганың отбасы келісімін алғаннан кейін газет редакторы Сарқыт қарындастыммен бірге желтоқсаның сегізінде Қаражиде ауылына жол тарттық. Болаттай берік ағамыздың кейінгі екі айда сырқаттанып қалғанын, топырлаған көп адамды үната бермейтінінен хабардар болсақ та, өтініш білдіріп, қазыналы қартымызға сәлем беруді, хал-жағдайын білуді үйгарған едік. Белгіленген уақыт түскі сағат он екі. Эйтсе де



редакцияның күнделікті қарбалас шаруасы уәде берген уақытта баруға қол байлау жасады. Қалай болғанда да уәдеде тұруға тырысқан біз үмтүлышп-ақ бақтық...

Аскар таудай ағаның құт-берекелі шаңырағына ендік. Сыртқы есіктен кіре бергенімізде бізді зейнет жасындағы қызы Гүлдана мен келіні Гуля жадырай қарсы алды. Сырт киімімізді шешіп, табалдырықтан аттай бергенімізде замандасымыз Гүлдана: «Көкем сіздерді тағаттыздана күтіп отыр», - деді. Темір тәртіпке, ұқыптылыққа дағдыланған ағамыз әлгінде ғана үйдегілерге: «Сағат он екі болды ғой. Келемін деген қонақтарың кешікті ғой. Хабарласып, жағдайды біліндер», - деп дегбірсізденсе керек. Осы сез күлағымызға тиісімен сол жақтағы Сейдіаганың бөлмесіне «Ассалаумағалейкүм! Саламатсыз ба, ата», - деп ендік. Өзінің таққа бергісіз среслосьында міз бақпай отырған ақсақал біздің даусымызды естіп, дидарамызды көргеннен кейін алға үмтүлышп, қозғалақтап қалды. Қолын алдық, хал-жағдайын сұрадық. Жанына орындық қойып, жайғастық. Қабырғада әулие бабалар мен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың портреті. Ел ағаларымен түскен суреті. Бұрыштағы жазу үстелінің үсті кітап пен мерзімді басылымға толы. Сарқыт қарындастым фотосуретке түсіремін дегесін киім шкафындағы сәнді костюмі мен түріктік ұлғідегі қалпағын киді. Шақырмай келген ауруы құрғырдың ағамыздың денсаулығына біршама батқандығы байқалады. Баяғыдай емес арыған, көз жанары шүнірейген. Эйтсе де сергектігі сол қалпында. Сөздің тиегін ағытып жіберді.

— Қарақтарым, амансындар ма?! Соңғы екі айда аталарыңа мына бір сыркат жабысып, сол қолым мен аяғыма салмақ салып тұр. Аяқ пен қолды, тілді алғысы келеді. Эйтсе де көкірегім сайрап тұр. Оңайшылықпен берілгім жоқ. Екеуің де газет саласының қызметкерісіндер. Елдің көзі мен құлағы, әрі сезін жеткізушісіндер. Өз басым журналист, ақын, жазушыларды жақсы көрем. Мен жалпы өміріме ризамын. Бұгінгідей тоқсан бес жасқа келгенге дейін бір адам туралы ғайбат сез айтпадым. Жасаған күнәсі болса сол адамның өзі көтереді. Өтірік пен өсектен аулак жүрдім. Ұрпағымды да осыған тәрбиеледім.

Жетісудың ел ардақтылары Ескелді, Балпық, Қарымбай әулие, Жолбарыс, Мықтыбек батыр, Жәлменде, Айту би сыңды қасиетті аталардың жаршысы болдым. Солардың есімдерін ауызға алдым. Қазыналы қарттардан олар жайлы есіткенімді, ұлағатты сөздерін елге тараттым. Күш-қуатым барда Сақбай, Оразалы үшеуіміз алғашқылардың



бірі болып, көптің басын қосып құдайы тамақ бердік. Есекенің «Жез қармағы» мен «Ой ойласаң, кең ойла» әңгімесін Оразға айтып (О.Смаилов), қағазға түсірттім. Бапекенің: «Дүниенің қызыы күннен, киімнің қызыы жүннен. Қараңғыны қаралап қайтеміз, жұлдыздың жарқырауы түннен», -деген ғибратты сөзін елге тараттым. Асан қайғы бабамыздың: «Ой түбінде жатқан сөз, шер толқыса шығады», -дегеніндей ұзак жыл жинақталған аныз әңгімелердің басын құрап, «Жиған - терген қазынам» атты кітап етіп шығардым. Қоржынымда әлі де біраз жарамды дүниелерім бар. Әттең екеуінде кейінгі ұрпақтың кәдесіне жарайтын айтар әңгімем көп-ақ. Бірақ мына ауруы құрғыр кеңінен көсілдірмей, шаршап қалған жайым бар, -деп сәл саябырсыды.

Сейдіағаның өсиеті. Орынсыз тықақтап атамыздың мазасын алмайық дедік те сәл-пәл дамылдадық. Бойына күш жинап алды-ау деген сәтте тіл ұшына оралған: «Ата, кейінгі жасқа берер ақыл-кенесініз, айтар өсиетіңіз қандай?», - деген сауалды алға тарттық.

-Абай атамыздың: «Дүние шалқар көл. Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер. Кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», дегеніндей халқымыздың болашағы саналатын жастарға айтар аталақ ақылым: Ұятты, арлы, білімді, зерек, намысты, рухты бол. Талапшил, ізденгіш, еңбекқор, іскер бол. Ізетті, кішіпейіл, парасатты, пайымды бол. Атамыз қазақтың қасиетті тілін терең таны, менгер, қадірлеп өс дер едім. Бұған қоса айтарым, өмір сабағынан алған: «Жақсылықты қызғанба, барлығына жетеді. Татулықпен бір жүрсөн, өмір қызық өтеді. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек аздырмайды адамды. Алтын сақинадан жарқын жүзік артық», - деген өсиетімді қайталағым келеді.

Ізет білдіре келген екеуінде айтарым: еңбекте абырайлы, ағайынтуыс арасында сыйлы болындар. Халқыма тілерім – ырысқа, бақ-берекеге кенеліп, ынтымақ бірлігің нығая берсін. Байлығың оргаймасын, пейілің тарылмасын. Айбының асқақтасын, абырайың артсын. Көк байрағымыз көгімізде қыран болып қалқысын. Ұлы даланың Мәңгілік елі болуға ұмтылайық. Қастерлі де, әулие ұғым Тәуелсіздікті сақтап, нығайта түсейік!

Бізді көріп, көңілі шалқыған атамызды одан әрі шаршатпайық деген ниетпен: «Сейдіаға, қанатсыз құс, армансыз адам болмайды. Накосы белеске көтерілген сәттегі арманыңыз қандай?», -деп түйінді сауалымызды қойдык.

– Тірі адамның, өмірге құштар, жарық дүниені сүйетін адамның ең жоғарғы арманы таусылған ба, тәйірі? Бұл турасында ризашылықтың



ең жоғарғы белгісі саналатын 2010 жылғы «Тәуба» өлеңімде: «Жалынамын, жалбарынып бір Аллаға, тұбіне бұл жалғанның жеткен бар ма?! Тоқсанды тон ішіне қаусырмалап, жүзді де көрсем деген бар ойымда», - деп жеткізген едім. Бәрі бір Алланың қолында ғой, қарақтарым!

Тоқсан бесінде де тозбаған, толғатып сөз қозғаған, сүйегі асыл, аңыз да абыз қариямызды одан әрі шаршатпаудың қамын жасадық та: «Ардақты ата, жапырағын жайған бейтерек ағашындай ортамызда алтын діңгек болып жүре беріңіз. Жаратқан Алла жар болсын», - деп қимай қоштастық та келесі бөлмедегі кең жайылған дастарханға бет алдық.

«Келген қадамдарыңа гүл бітсін», - деп аталы сөздің абызы атанған ақсақалымыз бізге ақ батасын беріп, көзімен ұзатып, шығарып салды. Атамыздың бұған дейін халқына берген: «Ел-жұрттыма нәсіп бер, аналарға бесік бер. Елім деген ерлерге, құдірет бер, қуат бер», - деген ақ батасы ойға оралды.

PS: Абыз атамыздың жүрегі 2016 жылдың көктемінде соғуын тоқтатты.

Батыр өтті өмірден...

Иван Васильевич Косенков өткен ғасырдың ортасына таяу бұрқ ете қалған, миллиондаған адамның өмірін жалмаған екінші дүние жүзілік, ізінше Отан соғысы атанған қанды майданның жауежүрек батыры еді. От жалынды Отан соғысына (1941-1945ж.) қатысып, Кеңес Одағының батыры атағына ие болған Қазақстандық 580 «Алтын жүлдіз» иегерінің кешегі Женістің 70 жылдығы мерекесіне дін аман қатысып, той дастарханынан дәм татқан, Женіс құрметіне орай атылған отшашудың, мемлекеттің қатары сиреген майдангерлерге көрсеткен қамқорлығын сезінген кеудесі күрыш, тау мұсіндердің бірегейі болатын. Мына бүгінгі бейбіт заманда тоқсан деген белесті бағындырған, тоқсан екі жасқа қадам басқан қарт жауынгер екінің бірінің бойында ұшыраса бермейтін адамгершілік пен қарапайымдылық деген ізгі қасиеттің жарқын үлгісі саналды. «Мұз жастанып, қар жамылған, белуардан қан кешкен, ажалмен бетпе-бет келген батырмын», - деп кеуде қаққан, дандайсыған, міндетсінген, салмақ салған кезі болған емес. Намыстың қамшыгері, ардың құлы болды. Мағыналы ғұмыр кешті.

Сұрапыл соғыста алған үш бірдей жарақатынан емделіп, жазылғаннан соң 1951 жылы кіндік қаны тамған Семей өнірінен



қасиетті Қаратал жеріне қоныс аударып, ірге тепті. Алматы ағаш көшеттерін отырғызу дистанциясында шебер болып еңбек етті. Алтын асықтай ұл мен қыз өсірді. Бертінде олардан төрт немере, бес шебере сүйді. Қазақ темір жолының «Құрметті теміржолшысы», Қаратал ауданының құрметті азаматы атағын иеленді. Көзінің тірісінде-ақ, Үштөбе қаласындағы көшенің біріне батыр есімі берілді. Тәу етер Тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен бергі кезеңде даңқты батыр Иван Васильевичтің жастарды Отансүйгіштікке баулып, патриоттық тәрбие берудегі және Отан алдындағы өлшеусіз еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланды. Жауынгерлік наградасының қатары туған мемлекетіміздің «Құрмет», екінші дәрежелі «Барыс» ордені және «Ерен ерлігі үшін», «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен толықты. ТМД елдері майдангерлеріне арналған «Жуков» ордені тағы бар.

Озбайтын өмір, тозбайтын темір жоқ екені белгілі. 2015 жылдың 18 қыркүйегінде қарт жауынгердің отты көріп, оқты сезінген жүрегі соғуын тоқтатты. Жиырмасыншы қыркүйекте Алматы облысы мен Қаратал жұртшылығының өкілдері, Үштөбелік жерлестері соғыстың соңғы батыры Иван Косенковтың ақтық сапарға қимастық сезіммен шығарып салды. Үштөбе қаласы орталық демалыс саябағындағы Данқ мемориалы жанында қаралы митинг өтті. Батырмен қоштасуға арналған жиынды аудан әкімі Қ. Бисембаев ашып, марқұмның жауынгерлік және еңбек жолына тебіреністі жағдайда қысқаша тоқталды. Даңқты батырды соңғы сапарға шығарып салуға арнайылап келген облыс әкімі А.Баталов Кеңес Одағының батыры Иван Васильевичтің қазасы облыс жұртшылығы үшін орны толmas қаза екендігін айта келіп, оның отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көніл айтты. Соғыстағы және бейбіт замандағы ерен еңбегіне тоқталып өтті. Алматы қаласының әкімі Б.Байбек пен Республикалық «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары А.Мырзахметовтің көніл айту жеделхатын оқып берді.

Мұнан соң ҚР Қарулы күштері ардагерлері Кеңесі облыстық филиалының тәрағасы, запастағы полковник Ж.Мұхаметқалиев, аудандық ардагерлер Кеңесінің тәрағасы С.Беков, Үштөбе гарнizonының бастығы полковник М.Байсейітов пен батырдың немересі А.Черемных тебірене сөз сөйледі. Осылайша Қараталдықтар баршамызға бүгінгідей бейбіт күн сыйлаған, еліміздің айбыны мен ерліктің туына, мактанышына айналған ардақты азаматын гүл шоғына орап, ақтық сапарға қимас көнілмен шығарып салды. Батыр өзінің мәнгілік тұрағын қасиетті Қаратал топырағынан тапты. Топырағын-



торқа, иманың көміл болсын, күркіреп күндей өткен, лаулаған отты, атылған оқты екінші дүниежүзілік соғыстың қазақ топырағындағы соңғы батыры! Бакұл бол!

Сурет шерткен сыр

Заманында екінің бірінің қолы жете бермейтін КСРО және Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, алдымен республика, со-сын араға бес жыл салып (1980 ж.) КСРО халық әртісі атағын иеленген, театр мен кино тарланы Асанәлі Әшімовтің есімі барша республика, қала берді алыс және жақын шет ел көрермендеріне кеңінен танымал. Сан қырлы талант иесінің әр жылдары түсірілген «Қызы Жібек» кинофильміндегі сомдаған Бекежан, «Атаманың ақырындағы» - атаман Дутовтың көзін жойған чекист Қасымхан Шадияров, «Жаушыдағы» - Қаражал, «Сіз кімсіз, Ка мырзадағы»-Ка мырза т.б. бейнелері (бұған театр сахнасындағы күрделі кейіпкерлер қосылады) қазақ киносы мен театрындағы сом тұлғалар, тозаң тұтпас жауһарлар.

Жұырда Алматыдағы М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында аңызға айналған сахна саңлағының мерейтойлық кеші мазмұнды әрі әсерлі өтті. Кешке арнайы қатысқан республика Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы театр тарланына Елбасымыз Н.Назарбаевтың құттықтау хатын табыстады. Ал Елбасының 2017жылғы 18 мамырдағы Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Біз де орайы келгесін қазағымыздың театр мен кино өнерінің мақтанышы Асанәлі ағамыздың осыдан отыз алты жыл бұрын қасиетті Қаратаң өніріне ат ізін салуын айғақтайтын, жеке мұрағатымда сақталған тарихи мәні мен маңызы жоғары фотосурет жайлы кейінгі жастар біле жүрсін деген мақсатпен азды-көпті сыр шерткенді жөн са-надым.

Откен ғасырдың сексенінші жыларының басы. Коммунистік партияның дәуірлеп, Ұлттық болмыссымызға орыстық сана мен салт-дәстүрдің терең ендең тұрған шағы. Қазақтың өнер саңлағы деп ауыз толтырып айтуға жасқаншақтап, бірыңғай Мәскеулік әнші мен артистерді аспанға көтеріп, үлгі ететін тұс. Мен онда аудандық қос тілде (қазақша, орысша) бөлек болып шығатын «Коммунизм жолы» (қазіргі «Қаратаң») газеті редакторының орынбасары кезім. Редакто-рымыз бүгінгі танымал журналист, қаламгер Мәкен Өсербаева апай. Негізгі міндеттіммен қатар қоғамдық негіздегі редакция мен баспаха-



на бастауыш партия үйімінің хатшысымын. Оң мен солымды та-
нып, ауданның қоғамдық-саяси өміріне араласа бастаған тұсым. Бірде
ауданымызға шығармашылық іссапармен халқымыздың мақтан етер,
ардақ тұтар перзенті, театр мен киноның маңдай алды актері, республи-
ка халық әртісі Асанәлі ағамыздың келетіндігі, онымен аудан активінің
кездесуі өтетінінен хабардар болдық. Өзімізше іштей арқаланып, шат-
танып, марқайып қалдық.

Қыраулы қыс айының ортасы сыңайлы. Бұғінгідей емес, ол
тұста қыс қарлы, аязды болғандықтан аудан тұрғындарының дені
қыскы киімді көбірек тұтынады. Атағы жер жарған актермен кез-
десу жұмыс аптасының соңында (жұмада) түстен кейін бұрынғы
Үштөбе жөндеу-механикалық заводының «Машиностроитель»
Мәдениет сарайында (қазіргі аудандық Мәдениет үйі) өтті. Қазіргідей
жариялық пен ашықтыққа қол жете қоймаған кез. Бәрін де билеп-
төстеуге дағыланған, сауықаннан сақ партия өзінің қысандығына
басты. Асанәлі ағамыздың жаңа бір режиссерлік қырын танытатын «Қазақфильм» киностудиясының көмегімен Жаркент өнірінде
түсірілген «Аждана жылы» (орыс тіліндегі баяндалуы «Год гадюки»)
фильмі көрсетілерден бұрын сахнаға кеш иесі мен жанындағы серігі
оператор Игорь Вовъянко, Талдықорған облыстық партия комитеті
үтіт-насихат бөлімінің менгерушісі П.И.Метельский мен аудандық пар-
тия комитетінің бірінші хатшысы А.С.Гребенщиков көтерілді. Облыс
орталығынан келген өкіл сөз алып, көрермен назарына ұсынылғалы
отырған фильм туралы қысқаша әңгімеледі де сөз кезегін Асекенінің
өзіне берді. Артық сөйлеменіз деп тежеп, күні бұрын құлағына құйып
тастағандықтан шығар, ағамыз тартыншақтан аз сөйледі. Жаңадан
ден қойған режиссерлік қызметін одан әрі жалғастыру мақсатында
Жетісу өлкесінде тарихи «Шоқан Уәлиханов» фильмін түсірудің
әзірлігін жасап жүргендігінен азын-аулақ хабардар етті. «Сіздердің
назарыңызға оператор досым Игорь екеуіміз түсірген тырнақ алды
көркем фильмімді ұсынамын. Бағасын өздеріңіз бере жатарсыздар», -
деді де әңгімесін аяқтады. Залда отырған көрермендер тарапынан сұрақ
қойылмады (рұқсат етілмеді десе жарасады). Ізінше он тоғызынышы
ғасырда халқымыздың басынан өткен тарихи шиеленіске толы оқиғаны
бейнелейтін, жоғарыда аталған фильм көрсетілді. Көркем туындыны
тапжылмай отырып тамашаладық.

Откенғасырдың тарихи кезеңінің мазмұнын ашуда батыл қадамдарға
барған фильмді сүйсіне көріп болған соң көппен бірге сыртқа бетtedік.
Көшілік жүрт тараса да жаңалыққа жаны құмар журналист ағайындар



Қаратал ауданына 90 жыл



ғимараттан шығатын сыйлы қонақтарды тапжылмай тұрып күттік. Көп ұзамай олар бізге жақындай түсті. Редакторымыз Мәкен апайымыздың басшылардан рұқсат алысымен Мәдениет сарайының кіре беріс аузында Асанәлі ағамызды ортаға алып суретке түстік. «Шырт еткізіп» түсіруші газеттің фототілшісі Серік Жанғабылов. Осылайша Қаратал өніріне сәтін салып, ат басын бұрған Асанәлі ағамыздың мағыналы өмір жолының бір сәті фотокадрдың көмегімен мәңгілік ескерткіш болып қалып еді. Сол тұста қырықтың белесіне көтерілген ағамыздың жайдары жүзі жан дүниесінің байлығын, рухының мықтылығын айғақтаса керек. Міне, содан бері арада отыз алты жыл өте шығыпты. Қайта оралмас қайран уақыт десенізші! Мың болғыр Асекен сондағы бір жолғы сапары мен көркем туындысы арқылы көпшілігіміздің бойымызда ұлттық рухты оятып, ұлттық өнерімізді қастерлеуге шақырған екен-ая!

Қарааша Қараман.





Балықшы колхоздың басқармасы

Қасиетті Қараталдың «Қаңғай» түбегінде дүниеге келген, Фалымбай Жылқайдарұлы (1919-2001ж.) «Сарыесік» балықшылар колхозының мүшесі. 1938 жылы колхоз басқармасының бастығы Кенебай Байсеркеұлының қолдауымен Талғар қаласындағы жұмысшылар факультетіне (рабфак) окуға жіберіледі. Талғарда оқып жүргендеге Фалымбай әкеміз 1939 жылы Армия қатарына шақырылады. Сол кеткеннен мол кетіп, фин. соғысына, Ұлы Отан соғысына қатынасып, шайқасты женіспен аяқтап, Қызыр Шығыс шекарасынан жеті жыл деңгендеге 1946 жылы аман-есен елге оралады. Арада аз уақыт өткен соң әскерден жаңа ғана оралған мінезі жайсан, соғыстың тауқыметін тартып, он мен солын ерте таныған, білімді Фалымбай Жылқайдарұлын колхоз председателі есепші етіп тағайындейді. Галекен әкеміз бұл істе де жаңа қырымен, сегіз қырлы, бір сырлы мінезімен танылады.

- «Балықтың құйрығы жылмағай, оны аулаған адам тынбағай» - деп біздің бұрынғы балықшы ағаларымыз айтпақшы тыным көргенім жоқ. Балықшылар су үстінде болса, мен де солармен бірге су үстінде болдым, қырға шықса менде қырда болдым. Аулаған балығының, атқарған басқа да жұмыстарының есебін алғып, соны балықшылардың өздерінің көзінше күнбе-күн қойын кітаптарына жазып беріп жүрдім. Еңбегінің нәтижесін қолма-қол білген балықшылар ертеңіне бұдан да бетер құлшынып, жаңа жігермен жұмысқа кірісіп жүрді. Осы менің балықшыларды жігерлендіре білгенімді байқаған колхоз партия үйымының хатшысы: «Бәрібір балықшылармен күндіз-түні бірге жүресін, солардың арасында үгіт-насихат жұмысын қолыңа ал, үгітшілік міндетті қоса атқар», - деп қогамдық жаңа жұмыс жүктеді», - деп есіне алғып отыруши еді Галакен.

«Жері байдың, елі бай», «Сулы жер-нулы жер», «Кел ырысы-ел ырысы» деген мәтелдер Галекенің аузынан түспеуші еді. Сулы, нулы жерде өсіп, жастайынан шаруаның ебін, балық аулау кәсібін мол игерген біздің кейіпкеріміз тек есепші емес, үгітші ғана емес сонымен қатар судың сырын ішінен білетін, теңіздің мінезін сырласындағы түсінетін кәсіби маман. Елу жылдан астам су тамырын ұстап, жүрек соғысындағы тындалап келген Галекен теңіз бетінде қашан дауыл болады, қандай



мерзімде балықты қай айдыннан аулау керек екенін болжап айтып отыратын. Ұдайы балықшылармен бірге жүріп, балықшы тәжірибесін бір адамдай менгерген іскер басшы балықшыларды әсіресе қыркүйек, қазан айларында балық аулауга жұмылдыратын. Себебі Ғалекең біледі осы айларда ірі балықтар айдында жөңкитінін. «Қажырлы қайратты осы кезге салу керек. Мамыр айында жүретін майда балықты аулау әрбір болбырдың да қолынан келеді» - деп балықшылардың жігерін қайрап отыратын.

1956 жылы жоғарыда айтылған алты колхоз ірілендіріліп, екі колхозды құрайды. Киров атындағы колхоз, «Жаңаөндіріс» және «Көпбірлік» колхоздары біріктіріліп, Киров атындағы колхоз болып қайта ұйымдастырылады. Орталығы - Көпбірлік ауылы. Ал Фрунзе атындағы, «8 март», «Қызыл Октябрь» колхоздары біріктіріліп, Фрунзе атындағы колхоз болып қайта құрылады.

Іріленген Киров атындағы колхоздың басқарма бастығы Шоқбай Тәттібаев, ал бас бухгалтері болып он жылдай есепші болып тәжірибе жинақтаған, балықшылармен қоян-қолтық жұмыс істеп, еңбекте шындалған Ғалымбай Жылқайдарұлы тағайындалады. Сонымен қатар Ғалымбай Жылқайдарұлы аудандық партия ұйымының шешімімен Киров атындағы колхозы партия ұйымының хатшысы болып бекітіледі. Ғалекең қоғамдық партия жұмысында тәжірибелі басшы ретінде «ұршықша иіріп», партия мүшелерін, комсомол жастарды екпінді еңбекке жұмылдыра білді. Колхоздың Ғалекең басқарған бастаушы партия ұйымы кеңейтілген мәжіліс өткізіп, колхоз басқармасы төрағасын тындалап, алдағы алынатын асуларды межеледі.

Балықшылардың талап-тілегіне байланысты басқа да пәрменді шаралар жүзеге асырыла бастады. Он күн сайын және әр айдың аяғында хабарлама бюллетендер шығарылып, көрсеткіш тақталары толтырылды. Балық аулау озаттарының еңбек жетістіктері арнаулы стендіде, қабырға газеттерінде эсерлі баяндалатын болды. Жарыс жүлдегерлеріне ауыспалы Қызыл тулар мен жалаушалар, ақшалай және заттай сыйлықтар тапсырылды. Ғалымбай Жылқайдарұлы басқарған колхоз партия ұйымы жарыстың жариялышығына, оның тиімділігі мен пәрменділігіне, нәтижелілігіне баса көніл бөлді.

Сол жылы колхоз балық аулау жоспарын орындалап шықты. Ал келесі жылдың бес айында 1240 центнер балық ауланды. Тек бір айда мемлекетке жоспардан тыс 270 центнерден астам балық өткізілді. Осындағы еселі еңбектің, жұмысты жақсы ұйымдастырып, жолға қоюдың нәтижесінде 1972 жылы колхоз бойынша 12557 центнер балық аула-



нып, жыл соңы таза пайдамен аяталды. Ақ жал толқынмен алысқан, ақ қар, көк мұзда талмай еңбек еткен он бес еңбек майталманы ордендермен және медальдармен марапатталды. Тәжірибелі балықшы Момыш Жұмашев - Ленин орденін, теңіз тарланы Сердәлі Жексенбаев - Еңбек Кызыл Ту орденін омырауына тақты. Колхоз басқармасының төрағасы Мазабеков Ғалымбай Жылқайдарұлы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» атағына ие болды. Осыдан екі жыл бұрын Киров атындағы балық колхозының жалпы жиналышында бұрынғы партия үйыминың хатшысы, колхоздың бас бухгалтері Мазабеков Ғалымбай Жылқайдарұлы колхоз басқармасының төрағасы болып бір ауыздан сайланған еді.

1972 жылды сәуір айы болатын. Енді бір айдан соң балықшылар жаппай балық аулауға кірісу керек. Сол науқанға дайындық мәселесі жан-жақты қаралып, колхоз басқармасының төрағасы колхоздың жалпы жиналышында жастарды балық кәсібіне тарту мәселесін көтерді. Рас, балықшылар арасында бірді-екілі жастар еңбек етіп жүр. Солардың қатарын көбейту абзал. Колхозшылардың жалпы жиналышында «Орта мектеп бітірушілердің колхозшылар қатарына келіп қосылуына жақсы жағдай жасалсын», - деген қаулы қабылданды.

Мектеп бітіруші жастармен кездесуге ардагер, Ленин және Октябрь революциясы ордендерінің иегері Момыш Жұмашев та қатынасып, жастардың жалын атқан көздерінен жігерленіп, колхоз басқармасының кабинетіне келді. «Ғалымбай інім, жұмыссыз екі қолым алдыма сияр емес, мені теңіз төріне қайта шығаршы. «Тере берсе, тезек те қызық», - деген екен бұрынғылар. Сөйтіп, өзі тіленіп, жастар бригадасына Момыш қарт ұстаздық етуге келді. Мекен басқарған ұжым сол жылы мемлекетке 7119 центнер су маржанын өткізді. Бұл жоспардан 2100 центнер артық өнім тапсырылды деген сөз.

Галекен басшылық еткен жылдары республикамыздағы балық шаруашылығы колхоздары арасында алдынғы қатарға шығып, миллионер колхоз атанды. 1970 жылдан бастап ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы өсіп-өркендей бастады. Ауылда жаңа құрылыштар пайда болды. Балықшылар жаңа үйлер салып қоныстарын түзетті. 1981 жылы 320 балаға арналған жаңа мектептің ғимараты, ауыл орталығында мәдениет ошағы бой көтерді. 1981 жылға дейін ауылда электр жарығы трактор двигательінің күшімен (двигок) күн батқаннан түнгі сағат 11-12-те дейін ғана жарық беретін еді. Енді ел жарық қуатын құндіз-түні пайдалатынға жетіп, ауылда тоңазытқыштар, шансорғыштар пайда болды. Әсіресе телевизор көріп, ел жаңалықтарымен, әлемдегі



жаңалықтармен сол сағатта таныс болуға қол жеткізді.

1984-1985 жылдары ауыл әлеуметінің жақсаруының бір белгісі ретінде бұрын тек фельдшерлік пункт болса, осы жылдары 25 төсектік аурухана пайдалануға берілді. Ауылда су құбырлары тартылып, телефон жүйесі іске қосылды. Қоғамдық монша жұмыс істей бастады. Көпбірлік ауылы мен Үштөбе қаласы аралығына тас жол салынып, автобус қатынасы жолға қойылды. Ауыл тұрғындары аудан орталығы Үштөбе, облыс орталығы Талдықорған қаласына тұрақты түрде қатынасып тұруға қол жеткізілді.

Мәскеу қаласындағы «Несие және қаржы» институтын сырттай бітірген Фалекен зейнетке шыққаннан кейін де ел игілігіне қызмет етуін жалғастырып, жасы 70-тен асқанша, тоқсанынышы жылдарға дейін колхозда бас экономист қызметін атқарды. Ұлы Отан соғысының майдангері, көптеген медальдардің иегері, «Қазақ ССР-іне еңбек сінірген өндіріс қызметкері» атағының иесі Фалымбай Жылқайдарұлының ел игілігіне арнаған өнегелі өмір жолы осындай еді.

*Шырақбай Жылқайдаров,
Алматы облысының
құрметті азаматы.*





«Өнердегі жолымды қисса айтудан бастадым»...

Алматыда қазақ киносының корифейі, ай мүйізді серкесі, КР халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Кинематография Одағының үздігі, 150 деңгээстам фильмге түскен, атақ-данқы атан түйеге жүк болар, қабылет-қарымы жалын ұстағандай дарынды талант иесі, жерлесіміз Н.Ықтымбаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

- *Нұржұман ага, сіздің есіміңіз ел азынан түскен емес, атагыңыз шартарапқа жайылды. Мәскеуде откен халықаралық «Сталкер» фестивалінде сіз басты рольде ойнаган режиссер Р.Әбдірәшевтің «Сталинге сыйлық» кинофильмі «Ең үздік» шетеелдік туынды болып танылды. Артынша Орынборда жалауын көтерген «Шығыс-Батыс» фестивалінде Қасым қартты сомдаган образыңыз «Ең үздік роль» номинациясында жеңімпаз атанды. Бұдан басқа да табыстарыңыз ұшан теңіз. Америкада, Ресейде, Францияда, Италияда, Оңтүстік Кореяда киносүйер қауымга танылдыңыз. Мұндай жүлделерге қол жеткізуідің сырты неде? Балалық шаққа, жастық кезеңге шолу жасап өтсек?*

- Балалық шағым ауыр кезеңге тап келді. Сұрапыл соғыстың қарсаңында Алтынемел асуында дүниеге келіппін. Әкем Байжұманның қызметіне байланысты (ол кісі Жетісу жұртына танымал ұстаз болған адам) сәби кезімде Қаратал ауданының «Жетіжал» колхозының (бүгінде Көксу ауданы) бөлімшесі саналатын «Өндіріс» ауылына көшіп келген еkenbi. Содан бал-дәурен шақ сонда өтті. Іргелес Көксу, Кәлпе станцияларында ойынның түбін түсіріп, шаңын қақтым. Соғыстың салған ойранынан біз ерте есейдік, қыншылықты көп көрдік. Майданың қиян-кескі шайқастарынан ата-әкелеріміз елге кеш (1949 – 50 жылдары) оралды. Олардың көңілдерін аулау үшін, ауыл белсендерлері түрмис өте жүдеу болса да «Соғым басы» кештерін ұйымдастыруды қолға алды. Үлкендер небір эпос, қиссаларды («Алпамыс», «Қобыланды», «Мұңлық-Зарлық») таңнан-таңға жатқа жырлайды. Олардан біз де қалыспаймыз. Шаршағаннан көзіміз ілініп, қалғып кетсек те бір сөзін қалдырмай жалғастыра береміз.

1957 жылы «15 – 20 жас арасында, әрнеге жігіт емес талпынбаған»



нақылын ұстасып, тәуекелге бел буа, әншіліктің оқуын іздең, Алматы бардым. «Ән салсаң өзімдей сал дүрілдетіп, сағымдай суға түскен дірілдетіп», - деп сауық-сайранның көрігін қыздырып жүрген кезім, сондықтан болар адасып, шатасып жүріп, хореография училищесіне түсіп кетіппін. Одан кейін музыкалық джаз-эстрада оқу орнына құжатымды тапсырып, 600 үміткердің ішінен 7-дің бірі болып, студент атандым. Айтулы композитор Д.Ботбаев қолымнан жетектеп жүріп, дәстүрлі ән әлемінің алыбы Ғарифолла Құрманғалиевке алып барды. Ұлы ұстаздың алдын керіп, тәліміне ұйыдым. Әннің мазмұнын ашып, ажарын келтіріп, сан толқыта шырқауды ойыма түйдім және де мен ол кісінің алғашқы ресми шәкірті екендігімді мақтан етемін. Атақты өнер иесі Ұлықпан Мұхитовтан қос ішекті, қоңыр ұнді домбырадан төгілетін күй құдыретін бойыма сініріп, күйшілік шеберліктен сабак алдым. Мұның бәрі әншілік, күйшілік қабылетіме он әсер етті. Ән салсам ел сүйсінетендей дәрежеге жетуге ықпалын тигізді.

- *Ал кинога қалай келдіңіз ?*

- 1962 жылы алғаш рет киностудия табалдырығын аттадым. М.Бегалиннің «Тұлпардың ізімен» фильміне байқау жүріп жатыр екен, соған Сара Жорабаева сынды толған айдай толықсыған көрікті келіншек ертіп барды. Бірақ қалмадым, қашып кеттім, себебі түсірілімдегі адамдардың (еркегі, әйелі бар) бүркіратып темекі шегетін әдеттері көніліме қонбады. Жаркент педучилищесін бітіріп, 1966 жылы сонда қурсес, бокстан жаттықтыруышы болып қызмет істеп жүргем. Қаламызға А.Қарсақбаев бастаған «Мазасыз тан» фильмін түсірушілер келді. Сонда Сара апаймен қайта кездесіп қалдым. Бұл жолы ол кісі мені мықтап қолға алып, шідерлеп ұстады. Әрі атақты өнер қайраткері Қ.Байсейітов ағам болмыс-бітіміме көнілі толды ма Абдоллаға «Эпизодтық рольге түсіріп көрсөнші» деген өтінішін айтқан көрінеді. Тырнақалды қадамым сэтті етіп, «Қазақфильм» кинстудиясының штатына актер бол қабылдандым. Осылайша, кинодағы жолым Әбекенің «Қызы кезеңіндегі» алғашқы рөлім Қапаннан басталып, ары қарай жалғасып кете барды.

- *Содан Ресей астыңыз ?*

- Иә, солар шақырып 18 жылдан аса Мәскеуде «Мос.Лен фильмде» киноға түстім. Олар еңбегіме жоғары дәрежелік ставкамен ақы төледі. Хакас, ненец, якут, жапон, кәріс т.б. азия ұлттары кейіпкерлерінің образын сомдадым. Абырой-атақтан кенде болмадым. 1980 жылы «Нанның исі» фильмі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алдым. Әр жылдары «Адал жүрек», «Жол қараушы» фильмдерінің Бас жүлделерін



иемдендім. 1986 жылы КСРО кинематографиясының үздігі атандым. Мен атақты Голливуд студиясында фильмге түскен алғашқы қазақпен. «Коян-қолтық соғыс» картинасының түсірілімінен кейін американлық актерлер таңқаласып: «Қай жақта оқығансың?»-деп сұрады. Мен: «Қазақтың кең даласында оқығанмын», - дедім. Бұкіламерикалық өнерді қолдау қауымдастырының арнайы жүлдесімен марапатталдым. Мұхиттың ар жағындағы әріптестеріме, осылай, қазақ өнерінің мықтылығын мойындағым.

- Елге қашан оралдыңыз?

- 1980 жылдардың бастапқы кезеңінде Мәскеуде Кеңес Одағын құрайтын 15 Республика кинематографиясының фестиалі өтті. Оған Одақ басшылары да қатысты. Менің Қазақстанның емес Ресей фильмдерінен көрінуім Д.А.Конаевтың көңіліне тисе керек. Соңынан мені шақырып алғып, қарағым: «Есі бар жігіт елін табар, есі жоғы жаттың отын жағар», - деген, елге қайт деді. Үлкен кісінің сезін жерге тастамай Отаныма оралдым. Айтқан уәдесінде тұрды. Барлық жағдайымды жасады. Алматыдан үш бірдей пәтер берді. Еш нәрседен тарылтпады. Алаңсыз жұмыс істедім. Шығармашылық табыстарға кенелдім.

- *Кеңес заманында қырғыз фильмдерінің шоқтығы биік болды, олар басқалардан бір бас жоғары тұрды десек артық айтқандық болмас. Сізді олар да менишіктеп алды ғой ?*

- Ия, көршілес бауырлардың 8 фильміне тұсу бақытына ие болдым. Қалап шақырған соң бардым. Болат Мансұров, Төлемуш Өкеев бастаған өнер қайраткерлері қырғыз киноөнерін биік белестерге көтеріп, өзіндік мектептерін қалыптастыруды. Бұл жерде Шыңғыс Айтматовтың шығармалары да орасан зор роль атқарғанын айта кеткен орынды болар. Қырғызстанның «Ақілбіріс» ұлттық киножүлдесінің лауреаты атандым. «Әлемдік кинематографияға қосқан үлесі үшін» арнайы жүлдесімен марапатталдым.

- *Кинода қосалқы құрамның (дублерлардың) ойнайтын: бұла күшті, қайса мінезді, көк бөрідей жүректілікті, гимнастикалық шеберлікті, акробатикалық етпілікті, небір айла-шарғыны т.б. қасиеттерді қажет ететін аса қауыпты трюктарды әлем жүлдышдары Брюс Ли, Ван Дам секілді өзіңіз орындағыңыз. Шынын айтыңызы, қорықпадыңыз ба ?*

- Мәселе қорку-қорықпауда емес, образды табиғи қалпында, нағымды шығару үшін қолдан келсе трюкті өзің орындағаның дұрыс. Болмаса шикілігін көрініп қалады. Иә, зардабын көп шектім. Айлап ауруханада жаттым, жылдан мазасыз күй кештім. Таудан тасқа да, құздан



кияға да қарғыдым, үш қабатты үйден де үш рет секірдім. Үш жігіт көтерер тасты да жерден қозғап лақтырдым. Басына құрық тимеген асай аттарды да жуасытып, ауыздықтадым. Аш бөрінің адымын аштырмаған Құлагердей өрен жүйріктермен де тау мен тастың арасында жауға шаптым, не олардан қаштым. Алпыс шақырымға жаяу да жүгірдім. Атысшабысқа, тәбелеске толы көріністерде қарсыластармен тау соққандай майдандастым. Үш қабырғамды, екі омыртқамды сындырдым. Тұла бойымда сау-тамтық жерім жоқ десем де болады. «Нар түйеге оқ тисе, жәй түйедей бақырмас, артқы аяғын бір сілкір», - деп Құлнияз ақын айтқандай қатты ауырсынып тұрсам да шыдамдылық танытып, көрініс айталғанша қиналғанымды білдірмеуге тырыстым.

- «Жүйріккебәрі бірдей ылди-өрі, ол шапқан сайын көсіледі» демекші, кино айдынында көк бөрідей жортып, алдыңызға қара салмадыңыз Саланың жілігін шағып, майын іштіңіз. Қазіргі киноның қазанында да қайнап жүрсіз. Актерлік мансабыныңда «Тарлан» сыйлығын, «Парасат» орденін алдыңыз. Шен тағып, шекпен кимей таза өнер ісімен айналыстыңыз. Айтыңызы, бұғінгі қазақ киноөнерінің даму барысына көңіліңіз тола ма?

- Кеңес кезінде цензура қалай болғанда да дамуды тежеп отырды. Соған қарамастан тамаша көркем туындылар дүниеге келді. «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа», «Шоқ пен Шер», «Мәншүк туралы жыр» т.т. Ш.Айманов, А.Қарсақбаев, М.Бегалин, С.Қожықов, Қ.Қасымбеков секілді ірі тұлғалы, кесек мінезді режиссерлар болды, Қ.Жандарбеков, Қ.Байсейітов, Н.Жантурин, Э.Молдабеков, Ы.Ноғайбаев сынды өресі биік, салмағы ауыр өнер жұлдыздары тұлпар аттай ойқастады. Оларға тең келетін актерлер қазірде жоқ. Парасатты жандар жақсыдан ғибрат алады. Өз басым олардан актерлықтың қыр-сырын, адамгершіліктің қағидаларын үйрендім. Мысалы, «Махаббат туралы поэма» туындысындағы Жантурин сомдаған Қодар образы «шедевр» деген теңеуге лайық. Шеберлік деген сол, содан үлгі-өнеге алуымыз керек. Бұлқынған өрен жүйріктер жастардан шығады. Соларға көңіл белінуге тиіс. Даму жоқ емес-бар, бірақ ойдағыдай деп айта алмаймын. «Қарғаны қайырғанмен бүркіт болмас, жабыны жемдегенмен дұлдул болмас», - деген. Тума таланттарға назар аударған жөн. «Мыс алтынға, қарға қыранға теңелген» жайлар да кездесіп қалады. Ұсақталып бара жатқандаймыз. Ірілік жетіспейді. Кинода театрландыру элементтері қылан берे берген соң, актерлердің сөзі мен үні де жасандылыққа ұрынды. Қаржының талан-таражға салынуы, мәдениет пен өнер саласындағы лауазым иелерінің келенсіз қылыштарға баруы



біраз дау-дамайға тұздық болып, кино мен театрдың беделіне нүқсан келді. Танымал атанамыз деп ұлтты қорлайтын фильмдер де түсіріліп кетті. Дегенмен, болашағынан үміт күттіретін жаңа буын шоғыры өсіп келеді. Алдыңғы толқын режиссерлер Дамир Манабай, Сатыбалды Нарымбетов, кейінгі толқын Рустем Эбдірешев, Сәбит Құрманбеков, Серікбол Өтепбергенов, Жәнібек Жетіруов, Болат Шәріп және актерлер Болат Қалымбетов, Дұлыға Ақмолда, Саят Мерекенов т.б. айтары мен салған сүрлеулері бар, қолтаңбалары қалыптасып келе жатқан өз ісінің білікті мамандары деп білемін.

- Қолыңыз бос уақытта не оқисыз, немен айналысасыз ?

- Әлем және қазақ тарихының аргы-бергісінің ұнғыл-шұнғылына үңілемін. I.Есенберлиннің шығармаларын оқуды ұнатам. Қолөнерін жақсы көремін. Зергерлікпен және күмістен белбеу соғумен айналысам. Сонымен қатар, қолыма домбыра алып, ән айтуды жаным сүйеді.



- Отбасыңыз туралы айта кетсеңіз ?

- Менің ыстық-суығыма көнген жарым Шолпан жеңгенмен елу жылдан астам бұрын отасып, уш баланы өсіріп жеткіздік. Олардан өрбіген немерелер бар, солардың қызығын көріп жатырмыз. Ұрпағымның қазақы ортада өскенін қалаймын. Дәстүр мен әдет- ғұрыпқа жетік болса еken деймін.

- Нұреке, тартымды сұхбатыңызга Қаратал жүртты атынан көп рахмет айтамын. Эңгімеңің иін қандырып, әннің шырайын келтіріп айтады екенсіз, роликтеріңіз болса дайын, тек елге келуіңіз қалды. Ел-жүртпен жүздесіп қауышыңыз. Халық сізді қошаметпен қарсы алады.

- Ниеттерінізге рахмет. Дәм тартса, сәті түссе барып қалармын.


Эңгімелескен Жексенбек Сұлтанбеков



Жолбарыс пен Сәдуақас (Әңгіме)

Жаз айының шілінгір ыстық күндерінің бірі еді. Дүние төңкеріліп, аспан жерге төңгендей апшыны қуыратын алапат күннің жалыны сайын даланы мол сағымға бөлеп, төңіректің бәрін отқа орағандай, табиғаттың тынысын тарылтып жібергендей болды. Елдің басын айналдырып жіберер бұз тауқымет түріне күле қарағандай, ұзын акқан Қаратал өзені шолпысын сылдырлатып, құдды ерке қыздың сыңғырындағ мөлдір әрі тұнық құлқісімен сықылықтап күле береді. Тәйірі, қасиетті өлкеде күндіз - күмістен, түнде – алтыннан шашбауын өрген бұз өзен бойында қоныс тепкен елді мекендердегі халықтың дені абыржып, пәс көңілге түскелі қашан. Ұлы аштықтан арып-аршыған жұрттың өзен жағасын паналап, болмашы нәпақа тапқанына арқа-жарқа болысып, қарапайым тірліктің тауқыметін кешіп жатқан болатын. Эйтсе де, нәубеттен есін енді жиып, еңесін тіктеген халықтың бойын сұмдық бір қорқыныш билеп алған еді.

Қараталдың оң қапталы – жасыл желеекке оранған, ұзынан-ұзақ созылған кең алқап. Көгерे толқындалған шалғынды ойпаң. Өзен тасыған соң қалған қазан шұңқырдың кей тұстары әзір құрғай қоймаған жалтыр оймақ. Көктемде мұнда жайын, табан балық секілді балықтар қайрандал қалған кемедей тыптырышып, шоршып жататын. Ойпаңның әр басында шок-шок ши, бетегелі бұта көрінеді. Мол сулы езенді өрлей, бітік өскен жиде, ешкі тал, қарағаш. Мұнда көз тоқтатар шағын ауыл қоныстанған. Сонау жиде, сәмбі талдың аргы жағындағы томпешікте шошайған молалар сағымдана бұлдырайды. Жақын биіктікте баяу қозғалған ақ ноқаттар сол тәмпешіктің үстін қори түскен. Өзен үстінде, жайылма бетінде сымпылдай үшқан үйрек дауысы естіледі. Әнеу жerde ауыр қалқитын қаз, тәменіректе созыла сыңсыған жұп акқу, тіпті шүрегей мен бір топ шіл топтаса шүркүрасқан. Қамыс арасында тоят та-



уып, тыныстап жатқан су тышқаны байқалады. Сол жақ қаптал – бертін келе көк шалғын кілт үзіліп, құмдауыт шағылға ауысады. Құмдауыт дөңнің үстінде көзге қоян, қарсақ, түлкі кездеседі. Құм күрсауына қулаған жалғыз аяқ жолдың екі жағында жыңғыл, сексеул, тораңғы самсал тұр. Әне, сонынан шиырлап із салып кеткен ирек жылан мен төрт табандап зымырайтын кесірткенің жолы көзге шалынады.

Осындай мамыражай қалып кілт бұзылғандай болған. Көкше теңіз бойын мекендеген алып жолбарыстар келгелі жұрттың бойына қорқыныш пен үрейді күн өткен сайын індете түсті. Жұртшылық бұл алып тарғыл жыртқыштар мал бағып жүріп ақырып қалғанда қашып кететін қасқыр емес, малшының өзіне үлкен қауіп төндіретінін жақсы түсінетін. Ауыл адамдары сактық жасап, аса қауырт шаруа болмаса аң-құс атуға, отын жинауға орман-тоғайға бара бермеді. Тіпті, жоғалған малын іздел шыққандар да жолда жолбарыспен бетпе-бет кездесіп қалам ба деп, бойын сенімсіздік билеп, сезіктеніп жүретін.

- Эй, байқап жүріндер, жолда ит-құс болады, - дейтін ана ересек балаларын орманға отын теруге жіберерде. Қасқырды аузына алуға корқады.

- Е, көрмей жүрген қасқыр ма? Одан да зорғысы шығыпты ғой.
- Тәйт әрі!
- Апа, шын айтамыз, орманда Жолбарыс жортып жүр екен!
- Эй, онда алысқа ұзап кетпендер! – деген ана жанұшыра. – Балаларын қолдарында болсын!

Ауылда қалған аналар отағасы мен балаларының аман-есен қайтуын тілеп отыратын болды. Жұрт бұл зауалдан қалай құтыларын білмей, басы қатты. Жүрегінің түгі бар аңшы жігіттердің өзі түз тағысын аулауға батылы бармады. Әркім ауыл ішінде гу-гулеген алыш-қапша әңгімелерді естіп, орман-тоғайға баруға қаймықты. Мекендеген жерін жайлап, малды түтел тауыспайынша тыншымайтын хайуан кім-кімді болсын әбігерге салатын. Бұл жағдай жұртты әбден ығыр етіп, дүрліктіріп әкетті.

Кенес өкіметінің қолдан жасаған нәубеті елді есенгіретіп тастаған еді. Аштық кезінде көрген қынышылық пен қорлық сүйектен өтердей болып, халық қорқынышты түстен жаңа оянғандай көпке дейін бұл сүмдықты ұмыта алмады. Бұл -жұрт алапат аштықтан енді есін жиып, ел тұрмысы түзеле бастаған кезең. Қараталдың төменгі сағасы – Балқаш көлі бойын жайлаған Арықтыным-Бәйшегір ұрпактары қос



бірдей қыншылықта тап болып, ата қонысында екі бүйірден қысылды. Жолбарыстардың емін-еркін жорттың қолда қалған азық-аулак малина ауыз салуы Сәдуақас аңшының жанына да қатты батты.

Қырықтың қырқасына шыққан Сәдуақас талай жылғы аңшылық тәжірибесінде мұндай анды аулап көрмепті. Әйтпесе, тұлкі, қасқырды талай соқты емес пе? Ұзақ күн ойланып, тәуелkelге бел буған аңшы бір тоқтамға келген. Дереу іске кірісіп, жолбарысты ауламақ ниетімен орыстардан аюдың қақпанын сұрап алған. Ұзақ жыл аң аулаған кәнігі шебер із кесіп, ұзақ торылдаумен болды. Міне, көп ұзамай аюға арналған қос басты қақпанға жолбарыстың бірі кеп түсіпті. Мұны аңшы алыстан құлақ түріп, қамысты жайпаған тарғыл аңының ақырған дауысынан білді.

Сәдуақас жақын келіп, қақпанда тулап жатқан жолбарысты көрмек болған. Тарғыл түсті шұбардың дене тұрқын көрген Сәдуақас аңшы сәл абыржып, таң қалып, орнынан қозгалмай қалып еді. Ғұмырында мұндай алып жолбарысты алғаш рет көріп тұрғаны осы. Түрінен адам шошитын тарғыл тағы жан-жағына алақ-жұлақ етіп, қақпанинан босай алмасын білгендей ызбарлы, ашулы, күркіреген дауыс шығарады. Сәдуақас бас-аяғы есік пен төрдей жыртқышты жайратып көрмек болған. Аңшы оң қолына тоқпағын алып, сол қолымен қамысты жарып ашып, таяқ тастам жерде жатқан тағыға жақындай бергені сол еді, жолбарыс аса ептілікпен қарғып, бұған қарай атылды. Қас-қағым сэтте алып аң өзіне ақырып атылғанда Сәдуақас тоқпағын сермен қалды. Дәл тигенін біледі. Бірақ өзі қорғанаар жер таппай, қас пен көздің арасында суға секіріп кетті. Көлдің жағасы болған соң қамысқа қарай шыға алмас та еді. Ашуға булыққан жолбарыс әбжіл құмылмен екпіндете аңшы тұрған жерге дөп келіп түскен. Сәдуақас басын шайқап, «Өй, мынаның әлдігің қараши, тоқпағым аздау болды ғой» деді іштей күбірлеп. Бір жағынан аңды тоқлақпен соғып ала алмасын білгендей, қаны қарайып, басына шапты.

Сәмбі тал жапырактарының арасынан сығалаған күн сәулесі аңшының тұтігіп кеткен ашулы жүзін анық білдірді. Тас төбеден құлаған көленкеге таласқандай құла қасқа бие талға тақай түсіп, осқырынып қояды. Қол созым жерде қол бұлғап тұрған ауылды көз шалса да, өне бойы терге малшынып, ентігіп кеткен аңшы Сәдуақас өзен бойындағы талдың саясына отырып, сәл тынығып алды. Тап сол заматта сары қамыстың арасынан бір құбыжық шыға келердей көрінген. Көз алдына



жаңағы жолбарыс атылып, бұған тақай тұскендей секілденеді. Алып жыртқышты қалай соғу керектігін сан рет ой елегінен өткізді. Аңшы ентігін басып, азырақ дем алған соң көп кідірмей биесін ерттең, үйіне қарай тартты. Көнілінде әлдебір үміт сәулесі мен қорқыныш дірдегі қатар алмасып, жанын толқытып, екіудай күйге түсірген. Әлдекім ілесіп келердей артына жалтақтай қарал, аттың жүрісін ширата түсті. Құннің аптап ыстығында үйге аптығып кеткені де осы болатын.

Ескілеу, қоңыр төбел үйіне Сәдуақас тұнеріп, тұтігіп кірді. Бейне бір сұмдықты көргендей екі беті сұрланып, қабағын қарс түйіп алыпты. Жайшылықта айбатты көрінетін айбынды жүзі бүгін тым сұық, қаһарлы. Отаяғасының ұшқын атқан сұсты көздерін, ашулы кейпін көрген үйдегі адамдардың бірде-біреуі жағдайды сұрауға батылы бармады. Сәдуақас көп сөйлемейтін біртоға адам еді, көпке дейін тіл қатпады. Үйде Сәдуақастың әйелі Қалима мен балалары Қасен, Бижан, Кәріжан, Исағали бар еді. Сәдуақастан тараған он үш баладан қалғаны осы төртеуі ғана. Қалима отаяғасының қас-қабағына қарап, ұнсіз да-стархан жайды. Әйтеуір бір кілтипанның барын анық сезген. Аңшы да ұнсіз. Төрге жайғасқан күйі балбал тастардай қалшиып, босағаға қараған күйі ұзақ ойға шомып отырды. Бұйрықты күтпей-ақ лезде шай жасалып, дастархан үстіне қолда бар азық атаулы тегіс қойылды. Ашуға мінген хан тәрізді тұнере тұскен Сәдуақас сөз тізгінін ұстағанда үйдегілер кенеттен шошып, селк етті.

- Ең жақын адамым, туған апамның күйеуін шақырып келіндер!
- деп бұйырды. Өзі терлеп-тепшіп кеседегі шайды аз-маз сораптаған күйі ел қамын, жолбарысты жайратудың амалын ойлап кеткен. Отаршыл өкіметтің жандайшаптары маімен күн көріп отырған ел-жүрттың нәпақасын өрістен айдап әкетіп, дорбадағы бір уыс дәнге қол сұғуын, ауылдастарының іштей күйзеліс, қиналысын еске алды. «Жалғыз өзім басқыншыларға не іstemекпін? «Көп корқытады, терең батырады» деген. Саны көп жауға жалғыз төтеп берер дәрмен қайда? Тым құрыса тұз тағысымен жекпе-жекке шығып, елді бір қындықтан болса да құтқару керек» деп іштей бір байламға келді.

Адам қолымен жасалған қастандықаздай, Қекше теңіз жағасындағы ит тұмсығы батпайтын ну қамысты мекендең, құркіреген үнімен алыс-жақын төніректі тітіркенткен, елдің үрейін алып, зәре-құтын қашырған қос бірдей жолбарыстың адам мен малға бірдей ұрынуы катты соққы болғанын Сәдуақас Отарбайұлы әу баста анғарған еді. Ауыл



ақсақалдары қос жыртқыш Іле өзені бойынан ауып келген десті. Ел басына күн туғанда жауды бес қарумен жайпаған Тілеуқұл батырдың шөбересі, аңшы Сәдуақас тәуекелге бел буып, жыртқышты ауламақ әрекетке көшкені де тегін емес. Тек бұл жайында ешкімге тіс жармады. Бабасына тартқан ержүрек, батыл әрі қайратты Сәдуақас аңшылықтың қыр-сырын жастайынан әбден менгерген мерген болатын.

Үйге сұыт хабаршы келгенде тірлік қамымен жүрген Дәрекей мен жұбайы Талжібек тіксініп қалған. Сырттан келген хабаршы бала аңшы ашулы екенін, тездетіп жетуді бұйырғанын айтқан.

- Жайшылық па? – деді Талжібек бір сұмдықтың болғанын сезгендей. Отағасына жанарын барлай қараған.

- Е-е, бауырыңың мені көргісі келген де. Басқа не шаруа болушы еді? – деді Дәрекей жайбақаттық танытып.

Шай қайнатымда сырттан тықыр естіліп, іле-шала үйге сау етіп Дәрекей кірді. Кіре сала амандық сұрасқан жездесі жайшылық хабар емесін сезгендей, аңшының жүзін ұзақ барлай қарады.

- Эй, не болды? Түрін жаман болып кетіпті ғой! – деді аңшыға тіке қарап.

- Эй, отыр, отыр!

- Айтсаншы, не болғанын?

Қабағы тұксиген қаһарлы аңшы:

- Не білгенін бар, осы жолбарысты қалай соғады? – деп тосыннан сауал тастанды.

- Ей, сен бірдеңені бұлдіргелі отырсың ғой! – Дәрекей бір бәленің ұшы шыққанын сезіп, тіксініп қалған.

- Қақпанға жолбарыс түсіпті! Соны соғуымыз керек! – деді Сәдуақас болмашы мекіреніп.

Жездесі жолбарыс атауын іштей қайталап жібергенін аңғармай, тосырқап қалған. Алып жыртқышты қалай соғу керектігін білмеймін десе, Сәдуақас аңшының сенбейтінін андал, әрі мінезі тұйық, алған бетінен қайтпайтын қайсар, қағілездігін сезіп:

- Бабаларымыз жолбарысқа шаңырақ тігіп, нағыз тілеуқор ағайындарын ертіп барады екен, - деді.

- Ендеше сенен артық жанашыр да, жақыным да жоқ екенін білесін. Шаңырақты өзің көтересің! - деді Сәдуақас аңшы сұнқардай санқ етіп. Жездесі тіл қатпады. Өтініш те, бұйрық та, байлау да осы болды. Өйткені өзімен бірге туыс еркек кіндіктілерден ешкім жоқ еді.



Түнде Сәдуақас жездесі Дәрекей екеуі жолбарысты жайратудың қамына кірісіп, шойынан егелеп, оқ жонды. Сарыауыз мылтыққа қажетті оқ-дәріні сайлап, ертеңгі ұрысқа әзірленді. Алып анды қалай соғу керектігін ақылласып, кеш жатқан.

Аңшы Сәдуақас – Тілеуғұл батырдың ұрпағы. Сарыесік-Атырау өнірінде аты анызға айналған Тілеуқұл батырдан – Жұрқаш, одан Отарбай туған, Сәдуақас міне, осы Отарбайдың бітім-болмысы ерекше баласы болатын. Өзі көп сөйлемейтін, міnezі тұйық жан еді. Сәдуақас жастайынан аңшылыққа үйір болып өсті. Мұны байдың баласы деп соғысқа алмады, комсомол қатарына да қабылдамады, жөні түзу қызмет те ұсынбаған. Балхаш көлі мен Қаратал өзенің бойында аң аулап күн кешті. Таң бозынан үйден ұзап, аңшылық қылып, жол-жөнекей тұзак, қакпан құрды. Аштықтан арып-аршыған елге, жоқ-жітімге көмек қолын созған. Асыраушысы жоқ мұқтаж адамдармен олжасын бөлісіп, аулаған қоян-қырғауылдарын тарататын. Ауылдың асыраушысы болды. Қабан шошқа атып алса, сол кезде қазақ жеріне ентелей кірген орыстарға «түген жерде шошқа жатыр, барып ал» деп тегін бере салатын. Өзі шошқа еті харам деп жемейтін. Орыстар бір соғым алғандай қарқ болып, қарымта ретінде көкөнісін, балығын, қолда барымен бөлісетін. Сәдуақас аңшылық құрғанда үй іші ғана емес, ауыл-аймақ таршылық көрмей күн кешті. Тіпті, Балқаш көлінің аргы беттінде тұратын ағайындар қыста мұздың үстімен келгенде жинап қойған мөшек-мөшек қояндарын беріп жіберетін.

Таң атқан. Аппақ атқан. Таңертең күн шыға салысымен ауа ыси түскендей, солтүстіктен жып-жылы майда жел соқты. Аспан шайдай ашық. Эні, таңғы асын ішкелі жатқан ауыл жұртының қазан-ошағынан кепкен қу тезектің таза, көк тұтіні аспанға өрледі. Сәлден соң ит үріп, бала шулап, азан-қазан болып кетті. Бұл - ауылдағы еркек кіндіктілердің қолда бар қаруын асынып, орманға беттеп бара жатқан сәті еді.

Ағайын-туыс, ауылдас азаматтар тегіс жиылып, шаңырақ көтеріп, қақпанға түскен жолбарыска қарай қара бұлттай жөнкілді. Қос жолбарыстың мал мен адамға еш тыным бермей, ауыл-аймақты ұлардай шулатқаны жұртты әбден зәрезәп қылған. Сондықтан жігіттердің ешқайсысы ортақ жауды енсеруден бас тартпады. Олардың арасында жиырмадан жаңа асқан түбіт мұртты жігіттермен қатар, жасы елуғе тақаған мосқал азаматтар да бар. Сәдуақас бұл кезде қырықтың ішіндегі қылышылдаған, буыны бекіген жігіт ағасы болатын. Өкіметі



жандайшаптары малды тып-типыл етіп тартып алған соң белді ат болмай, Жолбарысқа қарсы құла қасқа биесін мінді.

Таяқ тастам жерде қақпаннан босана алмай тулап жатқан алып шұбарды көздері шалып қалған азаматтар абдырап қалды. Айнала ну қамыс. Қозыкөш жер қалың тоғай. Егер жолбарыс босанып кетсе, адамдарды жарып, бой тасалап кетері сөзсіз еді. Күнге күйген сарыала қамыс жолбарысты жартылай жасырып, ұрыс салуға онтайлы жағдай бола қоймады. Осыны аңғарған жігіттер қамысқа өрт қойды. Шұбар жатқан жердің айналасы түгел өртелді. Жолбарыс жатқан жер тапталып қалғандықтан, бір киіз үй тігілетін орын ғана отқа оранбай қалған.

Сәдуақас құла биесінен секіріп түсіп, талға байлай салды да, иығындағы қаруын сайлады. Осы кезде жігіттер киіз үйді құрды да, төбесін жаппай, алдын ғана бүркемеледі. Сосын киіз үйді жолбарысқа қарай жылжыта түсті. Сәдуақас үй ішінде тұрып, қаруын кезенді. Атқан оғы ұшқан құс, жүгірген анды құр жіберменеген мерген қапы қалмады. Эпсәтте аңның мандайын дәл көздел, сарыауыз мылтығының шүріппесін басып, шойын оқты атып кеп жібереді. Ып-ыстық оқ жолбарыстың денесін күйдіре жарагағанымен, бірден өле қоймады. Қайта шұбар арсалана қақпанды бар пәрменімен жүлкып, қаһарлана айбат шегіп, киіз үйдің қабырғасына ұмтыла берді. Сәдуақас аңшы Балқаш өнірінің жолбарысын екі атты, үш атты... Оқ-дәрісі осал тарты ма, үш рет дәл тигізсе де бір тамшы шықпады. Тұз тағысы тағы тулап кетті. Кенет Сәдуақас жолбарыстың жанарына ұңілгенде оның бойын кернеген ашу мен ыза, қайсарлық пен жанкештілік, тіпті жалыну мен үміт сәулесі маздағандай болды.

«Кайран, тұз тағысы! Сен еркіндіктің пырағы едің! Шіркін, енді жерді жалпағынан басып, алансыз жортар күн қайда? Жер бетінде жүгіре зымырып, самғап ұшар мезеттің біткенін білмедің-ау!». Соңғы жолбарыстың соңғы арманы тілінде емес, жанарында жасында жарқырап өткен еді. Жолбарыс екеш жолбарыс та Жаратушы Алла ерік берген осынау сайын далада еркін сайрандауды, ұрпағының өніп-өскенін қалады ма екен? Әлде мына жалған дүниеге адамдар мен андардың сыйыспай, симай кетіп бара жатқанын мензеді ме? Әлгінде ғана қабағын қалың ой мен арман басып, қорғанbastan Балқаштың нар қамысын тұмсыққа алып, маң-маң басқан келе жатыр еді... Міне, енді қақпанда қансырап, қорғасын оқ жауғанда қанша ойланып, канша аунап тұрганын білмей аласұрды. Тұз тағысы соңғы рет ышқынып жан



шакырды да, ең соңғы арманына жете алмасын білгендей балқыған қорғасынға тұра ұмтыла берген еді.

Төрт жасар тарғыл түсті жолбарыс киіз үйге қайта шабуыл жасап, бар пәрменімен соққы бергенде шаңырақты бақанмен көтеріп, әупірімдеп ұстап тұрған Дәрекей жездесінің қос бірдей қабырғасы мортсынып кетті. Ер-азаматтарabyржып, киіз үйді артқа жылжытты. Алып жыртқышқа бата алмай, жүрексініп қалған. Осыны сезген ержүрек Сәдуақас құла биесін қарғып мініп, беліне кәдімгі ағаш жаратын сабы ұзындау жасалған балтаны қыстырыды. Шұбарды жайратуға шешімтал қимылмен кірісті.

- Эй, мынау болмайды, - деді Сәдуақас басына шайқап. Сарыауыз мылтыққа тағының өле қоймағанына таңырқаған. Жауды қапысыз соғуды ұйғарды. Осы сәтте Алладан пәрмен сұраған, Тілеуқұл батыр бабасына тартып туған батыл Сәдуақас құла биесімен құйғындана келіп алып жыртқышты балтамен соқты. Жолбарысқа қарапайым балтамен шабуылдау қалың әскерге жалаң қолмен ұрыс салғанмен бірдей еді. Жүзіне өткір әрі ауыр балта тиғен шұбар ышқынып, қайта арсаланды. Әлсіреле де қайта жағаласардай қарғыды. Осындай оңтайлы сәтте аңшы жанын шүберекке түйіп, қаруын қайта сермен, елдің үрейін ұшырған жолбарысты жайратып салды. Қас пен көздің арасында мал мен жанға ауыз салған шұбар осылай ажал құшты.

Ауыл тұрғындары алып аңды көргенде таңырқап, бастарын шайқады. Жолбарысты атан түйеге артып келгенде тұмсығы мен қүйрығы жерге салбырап жатты. Жұрт иығынан ауыр жүк түскендей терең тыныс алды. Сыңарынан айрылған тұз тағысы шошып қалды ма, көпке дейін көзден тасаланып, елсізге жортып кеткен еді. 1930 жылдың бел ортасында ойран салған тағылар осылай тыншыды.

Балқаш көлі жағалауын кезген жолбарыстан қысым көріп, аштықтан азып-тозған жұртты ауыртпалықтан құтқарған Сәдуақас батырдың ерлігі ауыздан-ауызға тараپ, сол кездегі астана - Алматыдағы басшыларға дейін құлақтанған еді. Дала тағысымен бетпе-бет келіп, оны қарапайым аңшылық әдіс-айламен соғып алған жүргегінің түгі бар Сәдуақас батырды үкімет адамдары Алматыға алдырып, жолбарыс терісінің жанына фотосуретке түсірген. Шұбардың алыптығына күмәнданды ма, сол кездегі Балқаш қаласындағы аңшылар қоғамы Сәдуақасты арнайы іздел келіп, жолбарыстың дене тұрқын қайта өлшеп, таң қалысты. Міне, ғажап! Тарғыл түсті тұз тағысының тұра



салмағы - 210 килограм, тұмсығынан құйрығына дейінгі ұзындығы 4 метр 12 сантимер екен!

Сәдуақас дүниеден өткенге дейін сүйікті кәсібін тастамады. Оның ерлігін ауыл-аймақ көпке дейін аузынан тастамай айтып жүрді. Ескерткіш суретті батыр ұрпақтары көзінің карашығындай сақтап, сандықтың түбіне сұнгіткен.

...Тағы да мамыражай жаз келді. Алқаны қептірген, ауылдың шаңын көкке көтерген ыстық жел соқты. Сарыесік-Атырау өнірінің шалғайында, Балқаш көлінің құяр тұсында ірге тепкен Көпбірлік ауылының құн батысындағы кішігірім шоқыға бір топ жеткіншек мақтаныш сезіммен қарап, зиярат етті. Бұл кезінде тарғыл түсті жолбарысты Балқаш бойынан тұқымын тұздай құрту үшін емес, еркіндік сүйгіш, бейбіт ғұмыр кешкен халық өміріне қауіп-қатер төндірген жыртқышты жекпе-жекке шығып соғып алған Сәдуақас батырдан қалған белгі - «Сәдуақас шоқысы» еді.

Асхат Өмірбаев.





Түйін

Сәтін салып, қолдарыңызга тиіп отырған, Отанның оңтүстік-шығысындағы іргелі ауданың арғы тарихынан, негізінен кейінгі он жылдағы тыныс-тіршілігінен, өсіп-өркендеуінен бір қыдыру хабардар ететін тарихи-танымдық кітаптың Алғы сөзінде айтып өткеніміздей, ақ пейілді аудан тұрғындары мен оның сыртқары аймақтары ұл-қыздарының тұган ауданының асқаралы тогызыныши белеске жетуі, оған күәгер болуы, сөз жоқ, өрісті өңір тарихы мен оның жасамаң адамдары үшін аса бір елеулі оқиға болып табылады. Әдетте қазақ атамыз бұл күнге жеткен де бар, жетпеген де бар деп тәубешілік, шүкіршілік етіп жататын. Расында да байырғы ауданың тоқсан жылдық торқалы тойына күні кешегі Кеңестік дәуірде өмірдің небір тауқыметті сынына мұқалмай төтеп берген, шар болаттай шыңдалған, ардақ тұтар аға буын өкілдерінің келмestің кемесіне мініп, бұл мереілі күнге жеткені аз да, жетпегені көп. Ал жағада кезек күтіп тұрғандары қашама? Қайтеміз, біздің қолдан келер қайран жоқ екені белгілі. Өмірден озған сол аға, апаларымыздың үрпақтары қашан да жақсылықтың күәгері бола берсе екен деген ниеттеміз. Өмір көші тоқтауды білген бе, тәйірі?

Ұлттымыздың мұзбалақ ақыны Мұқагали «Қазақ жері» атты өлеңінде бабадан қалған Атажұрт жайлы:

«Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өскен жер,

Тұлпарлар дүсірлеп төккен тер.

Ғашықтар бір-бірін өткен жер,

Сарылып сал-сері жеткен жер,

Бас иіп, иіскемей топырагын,

Тағым жасамай кетпендер!», - деп тебірене толгайды. Иә расында да байырғы атақоныс Қаратал қадірін біліп, қасиетін танығанга киелі десең киелі жер. Оның арғы-бергі тарихында шашақты найза үстап, ақ берен сауыт киген, дүрілдеп өткен батырлары, тұягынан от шашқан, ерге серік болған тұлпарлары, бір-бірін ынтыға сүйген гашықтары, ән мен күйді серік еткен, жүрген жерінің гүлі болған сал-



серілері аз болмаган. Бұған қолаң шаш, кермиық сұлулары мен қияқ мұртты, еңсегей бойлы бозбаласын, қазына кеуделі қарттарын, ақ кимешекті, ізгі тілекті аналарды қоссаның ажары көріп, келбеті шырайланып, болмыс бітімі байи түседі.

Жерлес ақын замандасымыз Сайлаубай Тойлыбаев туган жердің ерке сылқымы Қаратал жайлы әсерленген сәтінде «Күмістей күліп, сарқырапт аққан, қуанам көріп Қараталымды»,- деп тебіренгені бар. Ұзын аққан Қараталымыз аргы-бергі замандағы Атажүрт, атақонысты жайлалған елдің ризығы, ырыс көзі. Қаратал өңірінің егіншілігі суармалы алқапқа (бұл жалпы Талдықорған өңірінетән қасиет) жатқандықтан несібе мен байлықтың дені судың көмегімен алынады. Ал осы құтты өзен атауымен аталатын ауданның бай тарихы сонау ықылым заманнан басталатынын сөзіміздің басында айқанымыз бар. Әйтсе де тарихтың кезеңіне, уақыттың бізбенделуіне орай әрбір он жылдық белескे қайта оралып, жаңа есімдермен, соны оқығалармен жаңартып отырудың титімдей де әбестігі жсок. Даңғайыр этнограф, өнер зерттеушісі, жазушы Ақселеу Сейдембековтың тарлан тарихтың тагылымы туралы: «Тарихты білудің, ұрпақтар санаына тарихи зерде ұялата білудің, айрықша тәрбиелік мәні бар»,- деп терең, мән бере бағалауы (А. «Күңгір-күңгір күмбездер» 1981 ж.) біздің бұл бағыттагы іс-әрекетіміздің дұрыстығы мен айқындығын айғактаса керек. Қалай десек те, өткендерін еске алған өскендіктің белгісі болады, бола да береді.

Тарих қай заманда да тұтас бір ұлтты қалыптастыру мен тәрбиелеудің басты құралы болды, бола да бермекші. Келешегі кемел ел боламын деген ұлт ата-бабаларымыздың мыңдаган жылды басынан өткізген тарихынан, оның күңгей мен көлеңкелі беттерінен тарең тагылым ала отырып, бүгінгі іс қарекетін, тірлігін, болмыс бітімін жақсартып, жетілдіріп отырганы абзal. Бұл тұрасында академик Қаныш Сәтбаевтың: «Туган жердің тағдыры толғантпаган, жсаны тебіреніп, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туган жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес», - деген ұлагатты әрі намысты оятатын жалынды сөзі дәтке қуат береді. Көкірек көзі ояу, ар мен намысты, адалдық пен әділдікті серік еткен әрбір азаматтың Отаны қастерлі отбасы мен ауылынан, ауданынан басталады. Осы бір дәстүр сабактастығы біздің баршамызды жарқын келешекке бастайды. Тарих тагылымы арқылы туган жерін, сүйікті елін, ана тілін, асыл



дінін, ата салт-дәстүрін сүйе білген, оның тағдырына алаңдаушылық білдірген, жаманынан жиренуге, жақсысына ұмтылуға ынтыққан, құлышынган азамат гана елге тұтқа, жерге пана, халқына қадірменді бола біледі.

Көгамымызда үлкен серпіліс тұғызыған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы өзін білімді, мәдениетті, зиялы, іскер санайтын әрбір азаматты тұган жерді қастерлеуге, туыңды тұган жерге тігуге, тарихыңды құрметтеуге, рухани тұргыдан жаңғыруға міндеттейді. Демек біз де осы биіктен, осы талап тұргысынан көрінуге тиістіміз. Халқымыз «Елу жылда ел жаңа, жуз жылда қазан», - деп текке айтпаса керек.

Сөз соңында айтпағымыз, байтақ өңірде жеке шаңырақ көтеріп, аудан атанғанына табаны күректей тоқсан жыл толып отырган қабыргалы Қаратал өңірінің соңғы он жылдағы тарихы мен жеткен жетістігі жайлы әңгімелеген тұста бәрін бірдей, моншақты жілке тізгендей етіп түгелдей қамтыдық деген ойдан мұлдем аулақтыз. Көш жүре түзеледі дегендей, аудан тарихы болашақта да зерттеле, жаза отырып толығады. Бұл бағыттагы иғі шара мұнымен тоқтап қалмайды. Алла сәтін салса, енді арага он жыл салып, құт мекеннің гасырлық тойы да табалдырықтан аттайтын болады. Уақыт алға жылжыған, мемлекетіміздің күш қуаты артқан сайын қасиетті әулиелер мен батырлар мекені саналатын, қызыр дарып, бақ қонған Қаратал өңірі де гүлденіп, ел жұртының тұрмысы жақсарып, әл-әуқаты арта тусеріне бек сенімдіміз. Мұндай нық сенімді қабыргалы ауданың басынан откерген тоқсан жылдық тарихындағы атқарылған жасампаз істері берік ұялатады. Күніміз жарқын, болашағымыз баянды, ынтымағымыз жарасты, достығымыз берік болып, бақ дәuletіміз арта берсін, агайын!



Мазмұны

Сөз басы.....	4
Ежелгі Қаратал өңірі	7
Асқаралы тоғызыныш белес.....	23
Аудан туралы аз дерек.....	26
Қаратал – ел ардақтылар мекені.....	30
Қаратал десек.....	31
Халық сенімінен шығу – басты міндет.....	36
Беделі биік «Нұр Отан».....	39
Он округ – он отау.....	44
<i>Ескелді ауылдық округі.....</i>	44
<i>Балтық ауылдық округі.....</i>	46
<i>Жолбарыс батыр ауылдық округі.....</i>	49
<i>Айту би ауылдық округі.....</i>	55
<i>Тастөбе ауылдық округі.....</i>	61
<i>Бастөбе ауылдық округі.....</i>	65
<i>Елтай ауылдық округі.....</i>	69
<i>Бәйшегір ауылдық округі.....</i>	73
<i>Қызылбалық ауылдық округі.....</i>	80
<i>Үштөбе қалалық әкімдігі.....</i>	83
Карттарым – қазынам.....	88
Ауған соғысының ардагерлері.....	90
Білім – болашаққа бастайды.....	91
Балалар шығармашылық орталығы	101
Бастөбе сервистік - техникалық колледжі.....	103
Мәуелі мәдениет	104
Аудандық Мәдениет үйі.....	107
Спорт – намыс жебесі	111
Тарихи келбеті жаңарған Қаратал.....	115
«Тіл» оқу – әдістемелік орталығы.....	119
Қаратал аудандық орталық ауруханасы.....	120
Бірлігі бекем, достығы дархан – Қаратал.....	122
Алғыс айта білу - адамгершілік.....	125
«Жерүйық» фильмі – Қараталда.....	127



Өнеркәсібі бар елдің - ырысы мол.....	129
Болат жолым – мақтанным.....	135
Ауыл шаруашылығы - жетекші сала.....	142
Қаратал қарбызы.....	145
Сұлы жер – нұлы жер.....	146
Еңселі кесенелер ел назарында.....	147
Ескелді әулие кесенесі сәүледтенні.....	149
Елдіктің еңселі ескерткіші.....	151
Қаратал сипаты бабалар аузымен.....	153
Мешіті көп ел – иманды ел.....	155
Қаратал қажылары	157
Ақындар Қараталды жырлайды.....	159
Жұз жаңа есім	164
Ел құрметіне бөленигендер.....	170
Ардақ тұтар жандар.....	177
Ауданың әр жылдағы және қазіргі басшысы.....	178
Бел - белесті он жыл.....	188
<i>Алдыңғы толқын агалар.....</i>	194
<i>Тұңғыш хатшы.....</i>	194
<i>Азапты 1166 күн мен түнге сыр бермеген.....</i>	196
<i>Алғашқы редактор.....</i>	200
<i>Қанабекті қатерден құтқарған.....</i>	202
<i>Ауылдағы ғылым докторы.....</i>	205
<i>Тоқсан бестің толғауы.....</i>	207
<i>Батыр өтті өмірден.....</i>	210
<i>Сурет шерткен сыр.....</i>	212
Балықшы колхоздың басқармасы.....	215
Өнердегі жолымды қисса айтудан бастадым.....	219
Жолбарыс пен Сәдуақас.....	224
Түйін.....	233

Қараша Қараман, Асхат Өмірбаев
АЙНАЛАЙЫН АТЫҢНАН, ҚАРАТАЛЫМ

Жоба авторы – *Қараша Қараман*
Редакторы – *Сарқым Дәркенбаева*
Компьютерде терген – *Гауһар Құатбекова*
Фотосуреттерді топтаған – *Александр Булавин*
Беттеген – *Виктор Стенякин*

Басуға 24.09.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 70x100 1/16

Шартты б/т 21,29

Есептік б/т 16,5

Таралымы 1411 дана

Тапсырыс 1223



**«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды
Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі 223 “В”
тел.: 378-42-00, 378-40-08**